Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ӘОЖ 94 (574.1):28-725 Қолжазба құқығында

**САБЫРҒАЛИЕВА НАЗГҮЛ БАҚТЫҒАЛИҚЫЗЫ**

# Қазақстанның батыс өңірлеріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани-ағартушылық қызметі (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы)

6D020300-Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
т.ғ.д., доцент Нұртазина Н.Д.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Хажеттепе университетінің
профессоры Сейфы Иылдырым

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

## МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| | **БЕЛГІЛЕУЛЕРМЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**.................................... | 3 |
| | **КІРІСПЕ**.......................................................................................... | 4 |
| 1 | **РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ӨЛКЕДЕГІ ИСЛАМҒА ҚАРСЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ДІН ТҰЛҒАЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**.............................................................................. | 38 |
| 1.1 | Ресей империясының исламға қатысты ұстанымдары................... | 38 |
| 1.2 | Аймақтағы дін басылардың ресми діни атақ алуы және патшалық биліктің құқықтық шектеулері..................................................... | 57 |
| 1.3 | XIX ғасырдың 50-жылдары Бөкей Ордасындағы қазақ молдаларының рухани-мәдени қызметі............................................. | 72 |
| 2 | **ЖӘДИТШІЛДІК ҚОЗҒАЛЫС ШЕҢБЕРІНДЕ ИСЛАМ МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ҮЙЛЕСІМІ ҮШІН ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КҮРЕСІ**........................................................ | 86 |
| 2.1 | Жәдитшілдік әрекетінің өрістеу жылдарында жаңа әдісті мектеп пен медреселердің түлектері ........................................................... | 86 |
| 2.2 | Ахун Ғұмар Караштың діни және ұлттық бірегейлік ұстанымдары........................................................................................ | 102 |
| 2.3 | Ғабдолғазиз Мұсағалиев – халықаралық діни-реформаторлық жәдидизм ағымының көрнекті өкілі............................................... | 126 |
| 3 | **ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨҢІРЛЕРІНДЕ БЕЙРЕСМИ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН «ХАЛЫҚТЫҚ ИСЛАМ» ӨКІЛДЕРІ**......... | 144 |
| 3.1 | Өңірдегі мешіт, медресе мен мазарлар – діни тұлғалар қызметі нысандары ретінде зерделенуі........................................................... | 144 |
| 3.2 | Батыс Қазақстанның қажылық қозғалысы....................................... | 162 |
| 3.3 | Халық жадындағы танымал молда, ишан және хазіреттердің рухани қызметі (этнографиялық, далалық материалдар негізінде)............................................................................................ | 173 |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ**.......................................................................... | 189 |
| | **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**.......................... | 193 |
| | **ҚОСЫМШАЛАР**....................................................................... | 217 |

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | |
|---|---|
| АН РТ | Академия наук Республики Татарстан |
| АН СССР | Академия наук Союз Советских Социалистических Республик |
| АОММ | Астрахань облыстық мемлекеттік мұрағаты |
| БАҚ | Бұқаралық ақпарат құралдары |
| БҚО | Батыс Қазақстан облысы |
| БҚ ОММ | Батыс Қазақстан облысының мемлекеттікмұрағаты |
| БҚОТӨМ | Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі |
| Хан Ордасы музей-қорығы | БҚО Хан Ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнографиялық музей-қорығы |
| БР ҒАОҒМ | Башқұртстан Республикасы Ғылым академиясы орталығының Ғылыми мұрағаты |
| БР ОМТМ | Башқұртстан Республикасы Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты |
| ИОГҚ | Императорлық Орыс география қоғамы |
| КСРО | Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы |
| ҚазҰУ Хабаршысы | Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы – Тарих сериясы |
| ҚР | Қазақстан Республикасы |
| ҚР ОММ | Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты |
| ъҚМДБ | Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы |
| ОҒК | Орталық Ғылыми кітапхана |
| ОҒМК | Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы |
| ОМДМ | Орынбор Мұсылмандарының Діни Мекемесі |
| ООММ | Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты |
| ОҒКҚҚ | Орталық Ғылыми кітапхана ... қоры |
| ПСЗРИ | Полное собрание законов Российской империи |
| РҒА | Ресей Ғылым академиясы |
| РКФСР | РесейКеңестікФедеративтікСоциалистік Республикасы |
| СЗРИ | Свод законов Российской империи |
| СССР | Союз Советских Социалистических Республик |
| ТОУАК | Труды Оренбургской ученой архивной комиссии |
| ІІМ | Ішкі Істер министрлігі |

# КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Қазақстанның батыс өңірі басқа аймақтарға қарағанда өзіндік ерекшелігі бар, стратегиялық маңызы жоғары болып табылатыны сөзсіз. Бірінші кезекте географиялық орналасуына байланысты аймаққа ірі мұсылмандық орталықтары болып табылатын Қазан мен Уфа медреселерінің ықпалы және жәдидшілдік қозғалыстың халықаралық сипатын, екіншіден, мұрағаттық деректердің молдығы мен аймақтан шыққан діни өкілдері қызметінің дербестігін атаған абзал. Осы кезде өңірде белсенділік танытқан татар молдаларының мұсылмандық әсері әлсіреп, сауатты қазақ діни тұлғалардың саны артты, олар өз кезегінде Алаш зиялыларымен бірігіп, ұлт-азаттық күресті күшейтуге үн қатты. Патшалық, сонан соң Кеңестік отаршылдық биліктің езгісіне қарсы төтеп берді, Ресей Думасы мен Орынбор мұсылмандары діни басқармасының (бұдан әрі –ОМДМ) бюрократияланған жүйесін ашық сынады. Сондықтан, бұл диссертациялық жұмыс XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстанның батыс өңіріндегі дәстүрлі ислам діни өкілдердің рухани-ағарту саласындағы қызметін жаңа тарихи ұстаным тұрғысынан зерделеуге арналған.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Тәуелсіздік алған кезден бастап халқымыздың рухани мұрасын зерделеу арқылы  рухани санамыз жаңғыра түсті.Ғасырлар бойы сақталған ислам құндылықтарыныңарқасында қазақ халқы отаршылдық тұсында өзінің ұлт ретінде болмысын, мәдениеті мен рухани құндылықтарын сақтап қалды. «Жаңғырған қоғам жат әдеттерден біртіндеп арылуы керек» деген ойын білдірген Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев ел ішіндегі діни-рухани мұраны қаншалықты ой елегінен өткізу керектігін айқын көрсетті [1]. Осы тұрғыда діни ағартуды мақсат еткен XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы жәдидтік әрекетінің өкілдері мен Алаш зиялыларының ұлт-азаттық күресін жаңа деректермен зерттеу күн талабынан туындап отыр десек қателеспейміз. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде зерттеу нысанына айналған Батыс Қазақстан өңірінің діни тұлғалары бір жағынан кереғар қалған патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына, екінші жағынан большевиктердің «қызыл қырғын» идеологиясына қарсы табанды күрес жүргізді. Олар халықты имандылық пен ізгілікке шақырып, мұсылмандық ілімін  нығайтуға және ұлттың рухани мәдениетіне зор үлес қосқан. Хазірет, ишан, ахун, абыз (хафиз), қалпе, дамолла, молда, қары (қари), имам, мүфти, т.б. діни деңгейіне жетіп, халықтың санасында қалған діни тұлғалар туралы естеліктер мен шежірелер немесе сол кезеңнің мерзімді басылымдары мен мұрағат құжаттары, ұрпақтарының берген мәліметтері бүгінгі таңда баға жетпес деректер болып табылады. Осылардың арасынан далалық  зерттеу барысында анықталған батыс өңіріндегі атақты Досжан хазірет, Едіге ишан, Жұмағазы хазірет, Ержан хазірет, Жұбан молда, Бекмұхаммед қалпе, т.б. сынды тұлғалар Ресейдің діни мекемелерінен тыс қызмет еткенін атауға болады.

Соңғы жылдары отандық тарих ғылымында дәстүрлі ислам діни өкілдері тақырыбын зерттеуге арналған жұмыстар кенже қалғаны белгілі. Қазақстанның батыс өңірінде зерттеу дәуірінде қазақтың тағдыры үшін қызмет етіп, діни-ағарту саласында аянбай қызмет еткен тұлғалардың саны мол. Діни қайраткерлер мешіт-мектептер мен медреселер салып, ислам дінінің тұрақтылығына, жас буынның сауат ашуына қызмет етті, халықтың шежіресін жинақтауға өзіндік үлес қосты. Діни тұлғалар қажылыққа барып, алыстағы Мекке-Мәдина, Мысыр, Ыстамбұл, Петербург, Қазан, Уфа, Орынбор, Хиуа, Бұхара қалаларындағы мектеп-медреселер, сондай-ақ діни өкілдерімен кездесті, олармен ел ішіндегі діни сауаттылықты реформалау бағытында ойларымен бөлісті.

Отандық тарих ғылымындағы «тұлғатану» бағытында маңызды рөль атқарған діни тұлғалардың қызметін ой елегінен өткізіп, ғылыми-танымдық және қоғамдық практикалық тұрғысынан алғанда маңызды болып табылады. Дәстүрлі исламдағы діни көшбасшы тұлғаларының рөлі мен орнын, қызметін және ұлт-азаттық күресін насихаттау, сондай-ақ ел ішінде қалай үлгі болу қажеттілігін өскелең жас ұрпаққа жеткізу аса маңызды тақырыптардың бірі екендігіне ешкім күмән келтірмейді. Қазіргі таңда кейбір топтар жалған экстремистік бағыттарға еріп келеңсіз жайттарды туындатып отыр. Ол туралы ел Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев «қаңтар оқиғасында» ашып айтып, «Жаңа Қазақстан» құрудың тетіктерін айқындап берді. Осы орайда жас ұрпақ діни ұстаздарын дәстүрлі исламдағы құндылықтарды бойына сіңірген өз халқының, ата-бабаларының арасынан іздеп, үлгі тұтып, ата-дәстүрінен алыстамағаны абзал.

**Диссертация жұмысының зерттелу деңгейі.** Зерттеу жұмысының зерттелу деңгейі үш топқа бөлініп қарастырылды. Алғашқы топ – Ресей империясы кезеңіндегі отаршыл әкімшілік өкілдерінің, әскери шенеуніктер мен мүфтилердің есеп-жазбалары, мерзімді басылым деректері және заңнамалық құжаттар құрайды. Екінші топқа кеңестік дәуірде жүрігізілген зерттеу жұмыстары жатады. Үшінші топқа тәуелсіздік жылдары жарияланған отандық және шетел ғалымдарының зерттеулері қамтылды.

**Революцияға дейінгі зерттеулер.**Қазан төңкерісіне дейін Ресей үкіметі мен мұсылмандар арасындағы өзара байланыстарына қатысты көлемді зерттеулер жүргізілмеді деуге негіз бар. Дегенмен, мәселенің кейбір аспектілеріне арналған этнографиялық және этно-мәдени сипаттағы зерттеулер бар. Олардың арасында, XIX ғасырдың екінші жартысында В.В. Григорьевтің Қазақ даласындағы исламның даму ерекшеліктеріне арналған мақаласын атауға болады [2]. Сол кезде Императорлық Орыс география қоғамының (ИОГҚ) төрағасы, генерал-майор Л. Мейердің еңбегінде қазақ халқының рухани-мәдениеті туралы көлемді еңбек жарық көрді. Ол осы еңбекте қазақ халқының арасында білімді мұсылман дінбасылары бар екенін атап көрсетті [3].

Ағартушы және этнограф Мұхамед-Салық Бабажанов өз еңбектерінде қазақ даласындағы исламның нығаюын және мектеп-медреселердің рөлін анықтады. Ол татар молдаларының қазақ даласына келуі мен қазақ халқы

арасынан оқыған имам-молдалардың саны артқандығы туралы мәліметтер береді [4].

Қазақтың ұлы ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов өз еңбектерінде қазақ далаларындағы исламның орны туралы өзіндік ой қозғаған. Ғалым орыс өкіметінің қазақтарға қатысты діни саясатын, олар арасында исламның таралуына, діни насихатпен айналысқан әкімшілікті, мұсылмандық мектептерді, татар молдаларының қызметін сынға алған. Автор қазақтардың еуропалық өркениетке жетуіне татар ағартушылығынан қазақтардың ой мен сезімнің дамуына кедергі болатын өлі схоластикадан басқа ештеңе күтуге болмайды деген [5]. Осы тұрғыда Ш.Ш. Уәлихановтың кейбір пікірлерімен келіспеуге болады. Қазіргі заманғы американдық антрополог Д.Девис Шоқан Уәлихановтың қазақ көшпелі қоғамдағы исламның рөлін төмендетіп көрсетуіне күмәнмен қарайтынын тілге тиек еткен. Ағартушының қазақ даласындағы мұсылмандыққа деген ұстанымы патшалық биліктің «тапсырысы» іспетті болуы да ықтимал деген ойды түйген Д.Девис, ел ішіндегі исламның рөлін дәстүрлі нанымымен байланыстырған [6]. Осы ойға салыстырмалы түрде патшалық биліктің сойылын арқалап жүрген және ел ішінде мұсылмандыққа қарсы күрес жүргізген миссионер Н.И. Ильминскийдің [7], Н.П. Остроумовтың [8] және С.М. Граменицкийдің [9] еңбектерін атап кеткен жөн. Олар мұсылмандық діни өкілдеріне империя мүддесі тұрғысынан баға беріп отырған және қазақ далаларында татар мен өзбек молдалардың қызмет етуіне шек қою керек деп есептеген.

Қазақтардың сауаттылығын арттыруда жаңа үлгідегі оқу ордалардың қажеттігін түсінген Ы. Алтынсарин мұсылмандық мектептердегі ескі дәстүршіл жүйенің артта қалуын сынаған. Ол зайырлы білім алуды қолдаған және діни пәндерге жаңа дүнияуи пәндерді қосып оқыту мұсылмандардың сауаттылығын арттырады деген көзқарасты ұстанған [10]. Зерттеу тақырыбына тікелей қатысы бар діни қайраткер Құрбанғали Халидидің пікіріне қарағанда XIX ғасырда татарлар мен башқұрттардың көші-қоны олардың қазақ жеріне қоныс аударуына түрткі болған. Ал бұл үдеріс өз кезегінде Ресей билігі діни саясатының дұрыс жүргізілмеуіне тіреген деген пайымды болжамдарды жасаған [11]. Қайткен күнде де татар дін өкілдері ел ішінде өзіндік мұсылмандық саясатты дәріптегіні белгілі. Салыстырмалы екі автордың ойларын сұрыптайтын болсақ, Ы. Алтынсарин зайырлы білім үлгісін орыс тілін меңгерумен байланыстырса, Қ. Халиди жәдидік қозғалыстың тамырында татар молдалары тұрғанын алға тартқан.

Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының (ОҒМК) мүшесі, патшалық әкімшіліктің тапсырмаларын бұлжытпай орындаған А.Е. Алекторовтың еңбектерінде мұсылмандық ағартудың ерекшеліктері мен оған қарсылық білдірудің әдістері жан-жақты берілген. Батыс Қазақстан мен Бөкей Ордасында халықтық училище инспекторы қызметін атқарып, қазақ даласындағы ағарту саласын зерттеген миссионер-ғалым қазақ тілінде емін-еркін сөйлеп, тарихын жақсы білген. Автордың жұмыстарынан патшалық биліктің өңірдегі исламға

қарсы күресін аңғара отырып, мұсылмандық діни өкілдердің қызметі мен мектеп және медреселердің санын көруге болады [12].

Сонымен қатар А.Е. Алекторовтың еңбектерінің ерекшелігі, ол өңірдегі діни қызметкерлердің дәрежесін анықтай келе оларды өзара категорияларға айырған. Осыған сәйкес Сырдария облыстық статистикалық комитетінің төрағасы И.И. Гейер де, қазақ даласындағы рулар «ишан» мен «қожа» топтарын өздерінше пірге балап, оларды бір-біріне ұқсас деп қабылдады деген ойын білдірген. Оның пайымына қарағанда, ірі ишандар қожалардан шыққан [13, с. 57-59].

ОҒМК мен ИОГҚ мүшесі қызметін атқарған және еліміздің қалалар тарихына мән берген А.И. Добросмысловтың ойынша, қазақ даласындағы исламның күшеюіне тосқауыл қою және мұсылман дінбасыларын бақылауға алу мақсатында ОМДМ-нің құрылғандығы ерекше рөль атқарды. Автор патшалық Ресейдің жүргізген реформаларын қасақана саяси әрекетке негіздеп, қазақ даласында орыстар жүргізе алмаған ықпалды саясатын, татар молдалары табысты жүзеге асырды деп тұжырымдайды [14]. Ол елдегі татар молдалардың ықпалын әлсіретудің тетіктерін ойластырып, жергілікті патшалық әкімшілік өкілдеріне мұсылмандыққа қарсы күрестің сатылы әдістемесін әзірлеген.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі Ресей мұсылмандарының қоғамдық-саяси өмірінде үлкен із қалдырған, мұсылман мәдениетінің ірі өкілі, ағартушы және дінтанушы, революцияға дейінгі «Шура» журналының редакторы Ризаэтдин Фахретдин ислам дінінің және оның институттарының тарихы жайында деректерді жинастыруға зор үлес қосқан. Оның «Асар» (Естеліктер) атты тарихи еңбегі Бөкей Ордасының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өмірі туралы мәліметтермен құнды болып табылады. Әсіресе Жәңгір ханның билігі кезіндегі Бөкей Ордасындағы рухани-діни өмір туралы, Хан ордасындағы алғашқы ахун Жабир Хамадов жайлы құнды ақпараттар кездеседі [15].

Мұсылмандық молдалардың өмір тіршілігі туралы очерк жазған православтық миссионер Я.Д. Кобловтың еңбегінде мұсылман дінбасыларының қоғамдық өмірі туралы тарихи ақпараттар берілген. Бұл еңбекте, ол әсіресе молдалардың діни тұрғыдан атқарған қызметтері туралы мәліметтер ұсынған [16].

ХХ ғ. бас кезіндегі «Алаш» қозғалысы өкілдерінің қазақ руханиятына көңіл бөліп, өздері шығарған «Қазақ», «Айқап» сынды ұлттық баспасөз беттерінде мүфтият мәселесін, діни ағартушылыққа қатысты ойларын жариялап отырды. Сонымен қатар, ұлт зиялылары мен консервативтік дінбасылар арасында белгілі қарама-қайшылықтар туындағанын да атап өткен жөн. Қадимшілер мен жәдитшілер арасындағы әйгілі диспуттар қазақтың дәстүрлі діни қызметкерлерінің тарихына да қатысты болды. Осы жерде М. Дулатов, Ғ.Караш, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов сынды қазақ зиялыларының публицистикасы мен азаматтық поэзиясында дәстүрлі исламның белгілі дағдарысқа ұшырауын да көруге болды. Алайда, қазақ зиялыларының

модернистік ұстанымы соншалықты зайырланған емес еді деген қорытынды жасауға әбден болады.

**Кеңес өкіметі жылдары.** «Исламға қарсы синдром» үстемдік құрған осы дәуірде дін мен діни тұлғалар тақырыбын объективті зерттеуге тыйым салынғаны белгілі. Діни тұлғалардың өзі жаппай саяси қуғын-сүргін саясатының құрбаны болды. Соған қарамастан кеңестік биліктің алғашқы жылдары, кейін 1960-шы жылдардан бастап тарихтың рухани-мәдени мәселелеріне көңіл бөліне бастады. Осы қилы кезеңде тақырыпқа қатысты орыс, қазақ, татар-башқұрт, орта-азиялық, түрік, еуропалық және т.б. ғалымдардың еңбектері де басылып шыққан. Олардың арасында В.В. Бартольдтің еңбегінен Қазақ даласының рухани-мәдени өмірі туралы кең мәлімет алуға болады. Әсіресе, мұсылмандық мектептермен бірге жаңа әдісті мектептердің кеңінен ашылып, ондағы білім беретін қазақ мұғалімдерінің артқанынан ақпарат кездеседі. В.В. Бартольд Ресей билігінің мұсылмандарға қатысты жүргізген діни саясатының қателіктерін, себептерін ашып көрсеткен. Қабылданған реформалардың сәтсіздігінің себептерін ол Қазақ даласы заңын білмей үкімет тарапынан асығыстық жасауынан деп тұжырымдады. Ол өз еңбегінде патшалық Ресейдің Қазақ даласындағы отарлау саясатын жүзеге асыруда татар молдалар мен мешіттерді қазақ даласына өтуге тиіс өткел ретінде пайдаланды деп бағалаған.

В. Бартольд өз зерттеулерінде ишандар туралы «олар суфизм жетекшілері, Түркістан өңірінде бұл атау «шейх, пір, ұстаз (яғни оқытушылар) және ізбасарлар «мүрид» мағынасында қолданылған» деген анықтама берген. Одан әрі ғалым «ишан» – Орта Азиядағы суфизм жетекшілеріне берілетін атақ екенін, ол мұрагерлік ретінде әкесінен баласына өтіп отыратындығын айтады. Ал басқа зерттеушілер оларды Құранның басты мәнінен хабардар молдалар деп, екіншілері философиялық-дүниетанымдық көзқараспен байланыстырып, тақуалыққа ұмтылған жандар ретінде сипаттайды [17].

Кеңестік идеология тұрғысынан жазылған жұмыстардың тағы бірі – Л.И. Климовичтің монографиясы. Онда шығыстанушы және исламтанушы автор Ресейдің мұсылман халқына қатысты діни саясатын талдауға таптық көзқарасты тұжырымдаған.Зерттеушінің пікірі бойынша, ислам дінбасыларының өкілдері «империя мұсылмандарының діни санасын қанаушылар» рөлінде әрекет еткен және осылайша орыс қоғамының өзіндік реакциялық тобын бейнелеген.Оның ойынша мемлекет мұсылман дінбасыларына сауатсыз мұсылман халқының діни надандығын пайдаланып, алдын ала сөз байласу арқылы көмектескен.

Кеңестік идеология тұрғысынан жазылған жұмыстардың арасында Л.И. Климовичтің монографиясы бірқатар мәліметтерді ұсынуда. Онда автор Ресейдің мұсылман халқына қатысты діни саясатын талдауға таптық көзқарастың орын алғанын алға тартқан. Зерттеушінің пікіріне сүйенсек, мұсылман дінбасыларының өкілдері «империя мұсылмандарының діни санасын қанаушылар» рөлінде әрекет еткен және осылайша орыс қоғамының өзіндік реакциялық тобын бейнелеген. Ол мемлекет мұсылман дінбасыларына сауатсыз

мұсылман халқының діни надандығын пайдаланып, алдын ала сөз байласу арқылы көмектескен деген ойларын ортаға салған.

Зерттеуші исламға қарсы репрессиялық санкцияларды ұлттық мәдениеттердің, тілдердің, әдебиеттің дамуына қарсылық, конфессиялық мектептің дамуына шектеулер, мұсылман дінбасыларына қатысты қамқорлық саясатымен түсіндіруге тырысқан. Автор ОМДМ-нің діни қызметкерлерін үкіметтік қанаушы тапқа айналды дей келе, олардың қызметін тек бір жақты көрсеткен [18, с. 85-92].

Осыған сәйкес М.П. Вяткинның зерттеуінде ОМДМ-нің қызметіне патша билігінің мұсылмандарға қатысты жүргізген конфессионалдық саясаты туралы дәлелді факторлар ретінде келтіруге тырысқан. Ол, ОМДМ-нің муфтилері жоғарғы билік мүдделеріне қарай қызмет жасап отырған дей келе, М. Хұсейіновтың Кіші жүзге сапарын сипаттап көрсетеді. Қазақ даласына ОМДМ-де сынақ тапсырып, діни атақпен барған молдалар патша билігінің отарлау саясатын жүзеге асыруына тиімді әдіс болған деп тұжырымдайды [19].

Бөкей Ордасындағы діни ахуал және ОМДМ-не қатысты маңызды ой-пікірлер академик С.З. Зимановтың еңбегінде нақты келтірілген. Ғалымның зерттеуінен татар молдаларының ислам дінінің нығаюы мен рухани-ағарту саласының дамуына әсер еткенін тың мәліметтерінен көре аламыз [20, с. 218-219].

Кеңестік дәуірде Ғұмар Қараштың мұрасы жайында алғашқы зерттеулер жарық көре бастады. Ғұмар Қараштың діни қайраткерлігін Кеңес кезеңінде тіс жарып айтуға ол кезде болмағандықтан, отандық авторлар әдеби, қоғамдық көзқарастарын, ақындығына қатысты материалдарды жинап, болашақта жариялауды көздеуді ойлаған. Мәселен Қабиболла Сыдықов 1959 – 1985 жылы Атырау, Маңғыстау, Орал, Ақтөбе, аймақтарын аралап, халықтың әдеби-мәдени мұраларын жинағанда, Ғұмар Қараштың рухани мұрасын зерттеді. Ал 1959 жылы «Қазақстан мұғалімі» журналында М.Ысмағұловтың Ғұмар Қараштың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері атты мақаласы жарық көрді.

**Посткеңестік және тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулер**.XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның рухани-ағарту саласындағы даму тарихын зерттеудің ғылыми-танымдық маңызы зор. Тәуелсіз Қазақстан бұл кезеңдегі қазақ халқының мәдени және рухани даму бағытын жаңаша зерттеуге мүмкіндік берді. Осы топтағы еңбектерді отандық, ресейлік, орта-азиялық республикалар мен шетелдік ғалымдардың зерттеулері деп бөліп қарастыруға болады.

**Ресейлік және ТМД ғалымдары еңбектері.**Татар молдаларының Қазақ даласындағы аудармашылық және хатшылық, соның ішінде батыс аймақтарда исламдану үдерісінің кең қанат жаюына шетелдік, әсіресе, ресейлік ғалымдар қаламға алған. Осылардың арасында Ресей мұсылмандарына қатысты жүргізілген патшалық биліктің конфессияналдық саясатын қаламға алған Р.Г. Ланданың монографиясын ерекше атауға негіз бар [21].Автор тұтас түрде Ресей мұсылмандарының отарлық езгіге қарсы әрекетін сипаттай келе, қазақ далаларындағы мұсылмандықтың жағдайын түсіндіруге тырысқан. Бұл

монографияның ерекшелігі – революцияға дейінгі жалпы елдегі исламның ахуалын айқындай келе Ресейдің исламға қарсы ұстанған саясатында жатыр.

Зерттеу жұмысында тарихнамалық негізді қалыптастыруда өзбек ғалымы А.М. Худайкуловтың жұмысын атауға болады. Автор түркі халықтарын біріктірген жәдидизм ағымының негізгі бағыты халықтық ағарту саласы екендігіне мән берген. Жәдиттер қозғалысы Еуропа мен Ресей билігі әсері күшті болып отырған кезде пайда болды. Бұл ағартушылық ағым барлық мұсылман дінбасыларын, көшбасшыларын біріктіріп, мұсылмандардың рухани өмірімен ағарту саласына жаңадан бетбұрыс жасауға мүмкіндік берген еді деген ой қорытқан [22].

Сонымен қатар Р.Р. Фахрутдинов та XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы мұсылмандардың қоғамдық-саяси өміріндегі жәдидизм ағымының реформаторлық пен ағартушылық қуатының идеялық және әлеуметтік-мәдени күші жоғары екендігін атап өткен. Оның ойынша, бұл ағым мұсылмандардың интеллектуалды элитасының қалыптасуына ықпал етті және құрамына мұсылман дінбасыларының прогрессивті «ағартушы» мүдәрістері мен татар кәсіпкерлерінің серпінді бөлігі болған деп сипаттайды [23].

Осы орайда башқұрт тарихшысы Д.Д. Азаматов Орынбор ОМДМ-нің нақты ұйым ретінде бой көтермегендігін айта келе, діни мекеме мен аймақтағы мұсылман дінбасылардың арасында үлкен алшақтық көрінгендігін жазған. Діни мекеменің жергілікті ахундарға ықпалы нашар болды, сол үшін көп жағдайда жергілікті билік арқылы әрекет еткен деген ойын тұйықтаған [24]. А.Ю. Хабутдинов болса өз еңбегінде ОМДМ-нің аясында қызмет еткен мұсылман дінбасылары мен олардың діни өмірдегі рөлі кеңінен баяндалған. Оның монографиясында патшалық Ресейдің діни қайраткерлерге ОМДМ-сіарқылы қатаң бақылау орнату жүргізгендігі көрсетілген [25, с. 17-20].

Татар молдаларының аудармашылық және хатшылық жұмыстарының Қазақ даласындағы исламдану үдерісінің кең қанат жаюына ықпалын тигізгендігі туралы бірқатар еңбектерде айтылған. Бұл еңбектердің арасында И.А. Ермаковтың жұмысын жатқызуға болады. Автор ОМДМ-нің қызметі мен діни атақ беру арқылы оларды тағайындау ерекшеліктерін жан-жақты айқындай білген. Сонымен қатар зерттеуші діни лауазымды қызметте отырғандарға түсініктеме жасап, ахун, мүфти, мүдәрріс, молда, имам және мұғалімдердің жұмыстарын зерделеген [26].Әрине, осы іспеттес ТМД ғалымдары зерттеулерінде қазақстандық материалды тарту жеткіліксіз екені түсінікті. Осы жайтты ескеріп, бұл зерттеу жұмысында Орынбор мүфтиятына қараған батыс-қазақстандық молда-ахундарға айрықша көңіл бөлуге тырыстық.

Дінбасылардың ресми діни атақ алуы мен олардың тағайындалуында Ресей империясының қадағалау мекемелерінің орны ерекше еді. Мысалы, белгілі ресейлік ресми қайраткер және ғалым Р.Г. Абдулатипов сол кезеңдегі діни орындардың құзыреті мен ислам конфессиясына байланысты өз ойларын кеңінен білдірген [27].

Оған қарсы Т.В. Карпенкова патшалық Ресейдің құрамындағы мұсылман дінбасылары халыққа деген ықпалын арттыруға тырысқанын және биліктің

оған төтеп беру үшін мол шығынға ұшырағандығын атап өткен. Сол себепті молдалардың шығындарын өтеуді қарапайым мұсылман халықтарына артқан. Ғалым патшалық Ресей мұсылмандарының мәдени және рухани өмірінде жүргізген саясатында ислам басты идеология болып қалуына, олардың дәстүрі мен әдет-ғұрпының сақталуына, мектеп-медреселердің саны өспесе де, ағарту бағытындағы желісінің артуында мұсылман дінбасыларының әсері зор болғанын баяндайды [28].

Диссертация мазмұнында жалпымұсылмандық үдерістерді зерттеуге арналған жарияланымдар тарихнамалық негізді қалыптастыруға мұрындық болды. Т.О. Батыркаев Еділ-Орал аймағындағы мұсылман қауымының өміріндегі Құранның орны мен рөлін анықтап, XVIII - XX ғасырдың басындағы ұлттық-діни қозғалыс кезеңін Ресей мұсылмандарының жаңару кезеңі деп көрсетеді. Зерттеуші XVIII–XIX ғасырларда өмір сүрген «накшбандия» бауырластығын құрған Еділ-Орал өңірінде өмір сүрген теолог, ислам реформаторларының исламды тазарту жолындағы діни қозғалыстарына тоқталған. Ханафи мектебінің Нақшбандия сопылары, ұлы имамдары қатал түрде шоқындыру саясаты мен муфтияттың құрылуына қарсылық танытқан. Себебі, муфти Ресей үкіметіне қызмет етіп, ел ішіндегі мұсылмандардың өмірін бақылап отырған.

Діни реформаторлар жергілікті тұрғындармен ынтымақтастық іздеген, сенімсіз, әрі өзімшіл орыс билігіне қызмет жасап, саудагерлерге жақын болған, орыстарға еліктеген мемлекеттік молдаларға қарсы шығып отырған деп көрсетеді. Атақты ислам реформаторлары кейбір сопылардың өз қатарларына қосылуға, тазаруға шақырған. Олардың арасында кейбіреулері Құран мен дінге жаңашылдық әкелеміз деп жүріп, керісінше, дінге қайшы жаңалықтар енгізген деседі. Ал діни реформаторлар жаңалықтардың аясында Құранды негізге ала отырып, түсіндіруге тырысуын алға тартып отырған. Т.О. Батыркаев мұсылман елдеріндегі отарлық тәуелділікке қарсы күресті алып келді деп, осы жолдағы исламды жаңартуға шақырған батыл идеялар мен жаңашылдықты көрнекті діни реформаторлардың пайда болуымен байланыстырады [29].

Р.Ф. Курмакаев өз зерттеуінде Ресей қоғамында жәдитшілдер мен қадімшілер арасындағы таласты тудырған мәселе ретінде мектеп жүйесі мен ағартудағы жаңашылдықты көрсетеді. Ал ағарту-рухани саласында қызмет еткен мұсылман дінбасылармен бірге мектеп пен медресені жаңа дыбыстық жүйемен дүнияуи пәндерді енгізу, ескі жүйені сақтау арқылы реформаламалауға шақырған жәдитшілдерді – дәстүршілдер деп санауға болады дейді. Қадімшілердің ішінде кейбір жәдитшілдерді қолдамауынан, Ресей үкіметіне сеніммен қарап, тіпті адал қызмет атқаруға бел буып, жәдитшілдер туралы ақпарат беру кездескен дейді. Зерттеуші жәдитшілдердің қозғалысы XX ғасыр басында өз жемісін бергенімен, Ресей үкіметінің мұсылман дінбасыларының діни, ағарту саласында қызмет етуі үшін орыс тілін меңгеруіне шарт қоюы олардың қарсылығын тоқтатпаған деп пайымдайды [30]. Осы тұрғыда Г.В. Савицкий мұрағат деректеріне сүйеніп, Қазақ даласындағы мектеп пен медреселер санын көрсеткен. Оның зерттеулері исламның етек жаюынан

сескенген үкімет мектепті Халық ағарту министрлігі арқылы мұсылмандық мектептер мен мұсылман дінбасыларын бақылауда ұстауды мақсат еткен дегенді меңзетеді [31].

Аталған тақырыпты зерттеуде профессор Д.Ю. Араповтың еңбегі маңызды үлес қосты. Ол империя мұсылмандарына қатысты негізгі заңнамалық актілерді, мұрағаттық құжаттарды, статистикалық мәліметтерді публицистикалық шығармалармен жинақтап, патшалық Ресейдің мұсылмандардың өзара байланысын ғылыми тұрғыдан тануға мүмкіндік жасады. Көптеген заңнамалар іс жүзінде орындалмай, қағаз жүзінде қалып қойып отырғанын мәлімдейді. Мәселен, ОМДМ-де мұсылмандардың жергілікті рухани өмірін ұйымдастырудың «екі деңгейлі» (ахун (үлкен молда) – молда құрылымы болғанмен, іс жүзінде бұл жүйе толығымен дамымаған деп сынға алады [32].

Т.М. Голубкина болса өз зерттеуінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ресей діни саясатының мұсылман дінбасыларына қатысты ашық қудалау жүргізбеу себебі, олардың наразылығынан қорықты дей келе, жалпы мұсылман көшбасшыларына қатысты заңнамалық шешімдер қабылдаған жоқ деп сипаттайды. Автордың еңбегінде мұсылмандарға қатысты ұлттық саясатты іске асыру барысындағы Ресей үкіметі мен шіркеудің қатынасы туралы мәлімделеді [33].

Ресей өкіметінің мұсылман, еврей және католиктерге қатысты жүргізген діни саясатында А.К. Тихонов өз жұмысында аталған конфессиялардың дінбасыларының рөліне ерекше назар аударған. Автордың ойынша, Ресей билігі ислам діні ортақ болып келген барлық мұсылмандардың бірігуінен, ислам дінінің күшеюінен және қоғамдық өмірдегі оны насихаттайтын мұсылман дінбасыларының ықпалының артуынан қорықты деп ой тұжырымдаған. Алайда, Ресейге тәуелді болған ислам дінін ұстанған бұл халықтардың психологиялық құрылымы, тіпті, олардың мәдениеті де әртүрлі болып, сондай-ақ Ресей мұсылмандарының дәстүрі мен әдет-ғұрыптарында ислам түрлі әсер етіп, көрініс тауып жатқанын сипаттаған. А.К. Тихонов XIX ғасырдың аяғындағы қабылданған діни реформаларға байланысты Ресей империясы панисламизм идеяларының таралуына мұсылман дінбасыларын негізгі насихаттаушылар деп кінәлағандығын тілге тиек етті. Ресей әкімшілігі қажылыққа барып, қайта оралған ауыл молдасы болған дінбасыларды қатаң бақылауға алып отырған дейді. Сондай-ақ автор қажылықтан келген мұсылмандар халық арасында құрметке бөленіп, ел арасына Осман империясын қолдауға шақырды, панисламизм идеяларын насихаттап, жалған қауесет тарату арқылы империя саясатына қарсы шығуда деп сескенген Ресей билігін ашық көрсетеді [34; 35].

Бұл бағытты зерделеген А.В. Ремнев болса XIX ғасырда исламға қатысты империядағы қайта құрулар барлық мұсылман халқын қамтыған деген ойын саралап, патшалық әкімшіліктің тосқауылды ұстанымдарын сипаттаған [36].

Татар ғалымы А.М. Абзалетдинова өз еңбегінде Ресей империясының мұсылман дінбасыларына қатысты жүргізген діни конфессионалды саясаты туралы тың мәліметтер келтірген [37].

Зерттеуші Р.Р. Нуреев болса өз диссертациясында дәстүрлі діни тұлғалар тек ауыл мешіттерінде ғана емес, сондай-ақ орта-азиялық білім және ғылым орталықтарына айналған мектептер мен медреселерде сабақ берді дейді. XX ғасырдың басында-ақ жаңа бағыттағы мектептер саны көбейіп, ондағы жәдитшілдік дінбасылардың саны артқанын мәлімдейді. XVIII ғасырда бұхарлық білім беру жүйесі татарларға үлгі болса, енді татарлар арқылы бұл жүйе қазақ даласына келді деген ойын ортаға салды. Астрахань губерниясына қарасты Бөкей Ордасында 1912 жылға қарай 96 мектептің ішінде тек 8 мектеп жәдитшілдік бағытта болғанын, мұндай жағдайға губерниялық биліктің ықпалы артқанын нақты деректерге сүйеніп саралады. Ресей билігінің татар молдаларының қазақ даласына келуіне қарсы жүргізген саясатына татар молдалары еш қарсылық көрсете алмаған дейді [38].

Қазақстанның діни ағарту саласына қатысты Ресейлік ғалымдар бірқатар диссертациялық жұмыстарды арнаған. Солардың арасында О.Н. Сенюткинаның докторлық диссертациясында Бүкілресейлік мұсылман съездерінің жұмысын жан-жақты талдаған. Ол әсіресе, түркі мұсылман көшбасшыларының жұмыстарына баға беріп, Ресейдегі түрікшілдік қозғалысының саяси дамуының кезеңдеуін жасаған. Бұрын соңды ғылыми айналымға тартылмай келген бірқатар мұрағат құжаттарына сараптама жүргізіп, талдау жасаған [39]. Бұл зерттеудің диссертацияда діни-реформаторлық ағымның мазмұнын пайымдауда теориялық маңызы жоғары. Дәл осы іспетті жұмыстардың қатарында И.К. Загидуллиннің тарихнамалық талдауы назар аудартады. Автор өз еңбегінде мұсылман дінбасылары қызметін бақылау және білім беру саласындағы діни-саяси аспектілері, мұсылмандардың қайырымдылық жасау әрекеттері сияқты мәселелерді көтерген [40].

Автордың басқа да еңбектерінде мұсылмандық фактордың қоғамдық-тарихи өмірге тигізген әсері жан-жақты талданған.

Заңгер ғалым М.Н. Фомичев Ресейдің мұсылмандық діни саясаты XIX ғасырдың аяғынан бастап, тіпті, мұсылман дінбасыларының әскердегі рухани қажеттіліктеріне қызмет көрсетуге арналған шағын штатын да тоқтатқандығын жазған. Діни қызметкерлерді неғұрлым мектеп, рухани білім беру саласынан аластату, оларды бақылауға алудың астарында жаппай орыстандыру саясаты жатқанын мәлімдеген. Ғалым сол кезде діни саясатқа қарсы тұра білген жәдитшілдер мен діни реформаторлардың орнын ерекше атап өтеді. Діни жүйедегі жаңашылдыққа қарсы кәдімшілер арасында да қарсылық туындап отырғанын көрсеткен [41].

Татар дінтанушысы А.М. Шакирова өзінің зерттеуінде мұсылман дінбасыларының ОМДМ-мен қарым-қатынасын деректік материалдарға негіздеп зерделеген. Сондай-ақ мұсылман қауымының патша әкімшілігіне тәуелділік дәрежесін мұрағат құжаттарына сүйене ашуға тырысқан. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей билігінің Ұлттық саясатында

ОМДМқызметі мен оны басқару түгелдей мемлекеттік мүддеге бағынды. Автор өкімет билігінің ең басты міндеті - мұсылман дінбасыларын бақылау мен мұсылмандарға қатысты түрлі жарлықтар шығарған деген. Алайда, Ресей үкіметінің түрлі конфессиялардың діни қызметкерлеріне арналған әртүрлі құқықтарды шығарғанмен, олар мұсылмандардың көпшілігінде іс жүзінде орындалмағанын сипаттайды [42].

Патшалық Ресейдің мұсылмандық саясатына қызығушылық танытқан Д.Н. Денисов мұсылман дінбасыларының қызметі мен діни міндеттерін талдауға тырысқан. Ол ОМДМ-нің мүфтиінің өмірбаянын зерттеу арқылы қазақ-орыс қатынастарындағы мұсылман қауымының өмірін толық түсінуге тырысқан [43; 44; 45].

Зерттеуге арқау болған кезеңге байланысты Н.И. Таиров Қазақстанның батыс аймағына жақын орналасып, исламның халық арасындағы ықпалына Еділ-Орал татарлардың қызметін айғақтауға тырысқан. Олар жәдидизм дәстүріне негізделген жаңа мұсылмандық білім беру жүйесін қалыптастырудың қорғаушылары мен жақтаушылары ретінде сипаттаған. Татар кәсіпкерлерінің мұсылмандардың ұлттық интеллигенция өкілдерімен тығыз байланыста болып, мұсылмандық элитаның қалыптасуына жол ашқан деген. Татар кәсіпкерлері мұсылмандардың ұлттық мәдениетінің дамуына, қолдау мен қайырымдылық арқылы маңызды шешуші рөл атқарып отырғанын айқындады. Аталмыш зерттеуінде тарихшы жаңа ресейлік, аймақтық және жергілікті деңгейдегі құжаттық материалдар легін ғылыми айналымға тарта білген [46].

Саясаттанушы Н.В. Семенов зерттеуінде Ресей билігі мен исламның арасындағы байланысты талдап, оның дамуын кезеңдерге бөліп қарастырған. Ол мемлекеттің исламға қатысты саясаты екі жақты сипатта болды дей келе, бір жағынан, үкімет мұсылмандарға төзімділік, жұмсақтық және белгілі бір деңгейде қамқорлық танытты, ал екінші жағынан, билік мұсылман дінбасыларын бақылауға алу арқылы, белгілі бір дәрежеде әлсіретуге тырысты деген. Сондай-ақ Н.В. Семенов ислам халықтың қоғамдық-саяси өмірінде және санасында өзінің орнын тұрақты иеленіп, кез келген саяси режимдер кезінде әртүрлі формада әрекет етті деген тұжырымға келген [47].

Татарстан Республикасы Ғылым академиясы жанындағы Исламдық зерттеу орталығының ғылыми қызметкері И.А. Мухаметзарипов XVIII ғасырдың басы мен XX ғасырдың басы аралығындағы Ресей мұсылмандарының патшалық Ресейдің заңдары аясында күнделікті өмірде отбасылық, мүліктік және діни қатынастарын шариғат ережелері аясында жүзеге асыру бағыттарын жіктеп зерделеген. Дегенмен, шариғат нормаларын Ресей мемлекеті мойындағанына қарамастан, шариғат бойынша неке қиюдың кейбір ерекшеліктері бар екендігі белгілі. Ресей құрамындағы мұсылман дінбасылары түркі-мұсылман халықтарының отбасы құру туралы некені куәландырып, метіркелік жүйені енгізді. Осыған қарамастан шариғат бұл жаңалықтан бас тартты. Оған қоса шариғат бойынша неке жасына елеулі өзгерістер енгіліді. Егер шариғат 15 жастан бастап ерлер мен 9 жастан жас қыздар үшін некеге тұруға рұқсат берсе, Ресейде 1835 жылдың 22 наурызынан

бастап Сенаттың қабылдаған жарлығына негізделіп, мұсылмандарға неке жасының талаптарын 18 жас ерлер және қыздар үшін 16 жас болып өзгертілді. Мұсылман дінбасылары Ресей заңдары аясында шариғат ережелерін өз деңгейінде орындады. Заң бұзушылық болып, кінәлі тұлға анықталған жағдайда Ресей үкіметі заңы шеңберінде жазаға тартылып отырды. Автор осы мәселеге мән беріп, мұсылман дінбасыларын қатаң қадағалап отырған ОМДМ-нің қызметін саралады. Ол некеге тұру кезінде діни міндеттерін атқарған имамдардың жұмысын талдап, атқарған қызметін талдады. Осы кезде имамдардың некеге тұрушылардың келісіміне, олардың жасына, туыстық-қан дәрежесіне көз жеткізуге міндетті болғанын атап көрсетіп, мұсылмандарға бағытталған жаңа ресейлік заңдардың ұтымды жақтарын айқындады [48].

Уфалық зерттеуші А.З. Кулбахтина өз еңбегінде мұсылмандық конфессионалдық мектептерде ұрпақты исламдық діни дәстүрлер рухында тәрбиелеу мен рухани мектептерде білім беретін шәкірттерді даярлауда және қосымша рухани-ағартуға шақыруда қызмет атқарған мұсылман дінбасыларының орны ерекше екенін баса көрсеткен. Молдалар мен имам-хатибтар мектепте сабақ берумен бірге, ауылдағы діни рәсімдерге қатысты көптеген мәселелерді шешіп отырған. Зерттеуші ХІХ ғасырдың аяғында аймақта 4 549 мұсылман дінбасылары болған деген дерек ұсынды. Түркітілдес қоғамда негізінен мұсылман дінбасылары интеллигенция өкілдеріне жатқан. Ал бұл тек жалғыз мұсылман дінбасылары үшін барлық Ресей мұсылмандарының қоғамдық-саяси өміріне елеулі ықпал ету ауыр жүк болды деген саралы ойды ортаға салған. Мәдени элитаның дамуына патша саясаты кедергі келтіріп, осылайша консервативті дінбасыларды қолдайтын үкімет мұсылман қоғамының дамуына жол бермеген. Мұсылман мектептерін еуропалық үлгідегі жаңаруға алып келіп, реформалар енгізген жәдитшілдердің орнын өз еңбегінде ерекше атап өткен. Орынбор, Уфа губерниялары жәдитшілдіктің орталығына айналып, атақты медреселерде көршілес өзге аймақтан шәкірттер білім ала бастаған. Соның ішінде Қазақстанның батыс өңірі жақын болғандықтан Қарғалы, Стерлибаш, Орынбор, Уфа, Усмания, Хусайния, Расулия, Ғалия медреселерінде оқып, елге келіп жәдитшілдік бағытта білім беріп, халықты рухани-ағартуға шақырған көптеген қазақ зиялыларын айтуға да болады [49].

Алтай ресми университетінің профессоры Ю.А. Лысенко Қазақ даласындағы миссионерлік құрылым мен қоғамның қызметтерін архив деректері негізінде, жаңа тың мәліметтермен ғылыми айналымға енгізген. Жергілікті әкімшілік пен епархиалды биліктің бұл мәселеге қатысты конфессионалды саясатын және азаматтық пен шіркеу билігінің ықпалын талдаған. ХІХ ғасырдың 60-80-жылдарынан бастап қазақтар ОМДМ-нің қарамағынан шығып қалғанын, жергілікті ауыл молдаларына, соның ішінде, тікелей азаматтық басқарма мен ІІМ-не тәуелді болғанын архив құжаттары арқылы тың деректер келтірген. Молдалар метіркелік кітаптарды толтырудан аластатылғанын, салық төлеуге міндеттелгенін, тіпті, молдалардың діни міндеттері де анықталмағанын, олар қарапайым халықпен тең болғанын жазған [50].

Ресейдің империялық саясаты мәселесіне қатысты Ю.Ф. Сулейменованың зерттеуі де диссертация барысында талданып, сараптама жүргізілді. Автор Орынбор губерниясы аймағындағы татар, қазақ, башқұрттардың шоқынуын үш кезеңге бөліп қарастырған. Орынбор әкімшілігі жүйелі негізде губерниядағы қазақ тұрғындарының молдаға сұранысын қанағаттандырып отырған. Зерттеуші 1791-1865 жылдар аралығында молдалардың саны 39 есеге өскен деп көсеткен (19-дан 733 адамға дейін). Мұның өзі Ресей әкімшілігі саясатының діни қызметкерлер арқылы өз позициясын тек қазақ жерінде емес, тіпті, Орта Азияға нығайтуды да ойлағандығын атаған. Ресей билігі қазақтардың Еділ-Орал мұсылман дінбасылары арқылы исламды нақты ұғып, шариғатқа бет бұрғанын айқындаған [51].

Зерттеу жұмысында лауазымды діни тұлғалардың категгориялары мен қызмет мазмұнын ашу барысында татар тарихшысы Д.М. Усманованың еңбектері кеңінен пайдаланылды. Оның жұмысында берілген деректер мен теориялары диссертациялық жұмыста талданып, қорытынды жасалды. Д.М. Усманова жұмыстарында мұсылман дінбасыларының тікелей міндетіне кірген метіркелік кітапты жазудағы ерекшеліктері мен ОМДМ және Еділ-Орал аймағындағы исламдық институттарын өзгеруіне түрткі болған Ресейдегі революциялардың әсері талданып, ұтымды тұжырымдар жасалған [52, 53].

Тарихнамалық талдау тұрғысынан ресейлік зерттеушілердің басым көпшілігінің еңбектерінде еліміздің аймақтық ерекшеліктері толық ескерілмейтінін, сол сияқты ОМДМ-нің қызметінің тарихи маңызын біржақты қарастырылатыны айқын болды. Осыған қоса, Татарстан тарихнамасында қадимші молдаларды белгілі мағынада «ақтап алу» үрдісі де байқалады.

**Алыс шетелдердің ғалымдары.** Диссертациялық жұмысты жазу барысында кең көлемде алыс және жақын шетелдегі зерттеушілердің еңбектері назардан тыс қалмады. Шетелдік ғалымдардың антисоветтік идеология тұрғысынан жазылған жұмыстарында Ресей империясының, сонан соң большевиктік биліктің түркі-мұсылман халықтарына бағытталған саясаты барынша негативті жағынан көрсетілген. Әрине оның өзіндік себептері орын алған. Атап айтқанда, КСРО-нің тұсында деректерге деген қолжетімділік мәселесі бірінші кезекте келеді. Екінші жағынан екі континенттің арасындағы «қырғи-қабақ» соғысы да өзіндік әсерін тигізген. Дегенмен, Совет өкіметі ыдырағаннан кейін көптеген шетелік ғалымдар бұрын «аса құпия» белгісі басылған деректерге қол жеткізіп, жаңа теориялық-әдіснамалық еңбектерді жазған. Осы тұрғыда зерттеу жұмысында мәселеге қатысты объективті көзқарасты айқындау мақсатында шетелдік ғалымдардың жұмыстары салыстырмалы түрде ой қорытуға өзіндік үлесін қосты деуге толық негіз бар деуге болады.

Батыс зерттеушілердің арасында бірінші қатарды А. Беннигсен мен Ш. Лемерсье-Келькеженің Еділ бойы, Кавказ және Түркістан өңіріндегі түркі-мұсылман халықтарының жаңашылдық әрекеті мен оқу-ағарту саласындағы қайта құрулары назар аудартады. Авторлар мұсылмандық модернистік әрекетінің ықпалын кең көлемде қарастырып, осыған сәйкес жәдидтік

қоғалыстың ішкі мазмұнында патшалық биліктің отарлық езгісінен мәдени-ағарту күресі жатқандығын тілге тиек еткен. Олар Ресей мұсылмандарын модернизациялаудың екі кезеңін нақты анықтаған: 1) белгілі модернист теологтар ұсынған ислам дінінің интеллектуалды артта қалуын жоюға және оны алдыңғы қатардағы либерализмге оралуға бағытталған діни реформалар; 2) дәстүрлі ислам мәдениетін түбегейлі өзгерту әрекеті, оның ішінде әдеби тілдерді жаңғырту, білім мен тәрбие реформалары, яғни жәдидизм қозғалысына сәйкес келуі[54].

АҚШ-тың Принстон университетінің ғалымы Мустафа Озгюр Тунның көптеген орыс және түркі дереккөздеріне негізделген монографиясы XVIII ғасырдың аяғы мен 1914 жылдар аралығындағы империялық Ресей мұсылмандары арасындағы әлеуметтік және мәдени өзгерістерге негізделген. Онда, автор Еділ-Орал аймағы мен Қазақстан және Орта Азиядағы мұсылмандардың жағдайына ерекше назар аударған. Бұл зерттеуде ең алдымен, патшалық Ресейдің ислам дінінің инфрақұрылымына, күнделікті өмірі мен мұсылман қауымы қызметіне араласуына қатысты мәліметтер бар [55].

Еділ бойындағы татарлар және олармен байланыстағы басқа түркі-мұсылман халықтарының Ресейдің отаршылдық саясаты мен шіркеуі арасында исламдық сәйкестіктің сақталуы туралы Айша-Азаде Рорлихтың зерттеуін ерекше атауға болады. Орыс және басқа түркі тілдерін жетік білетін, қырым татарының отбасынан шыққан американдық тарихшы сол кездегі Батыс елдерінен ғана емес, сонымен қатар КСРО-дан алынған, Ресей империясының соңғы кезеңіне жататын барлық құнды мұрағат деректері мен арнайы басылымдардағы материалдарды жұмысында пайдаланған [56].

Американдық зерттеуші А.Дж. Франктың берген теориялық ойларына сәйкес қазақтар XVIII ғасырдан бастап, исламдық трансформацияға ұшыраған. Ол Бөкей Ордасындағы рухани құрылымның қызмет етуін талдау барысында көбіне ОМДМ-нің үлгісін басшылыққа алып, басқару жағынан ұқсайды деген тұжырым жасаған. Франктің ойынша, Бөкей хандығы Жәңгір ханның өліміне дейін тек атаулы түрде осы жиынға тәуелді болып тұрған. Зерттеуші ОМДМ-нің қалыптасуымен аймақтағы мұсылмандық бірізділіктің құрылуы арасындағы байланысты анықтаған. Франк алдымен Еділ-Орал өңірін, содан кейін қазақ даласының шығыс бөлігін зерттеу арқылы ОМДМ-сі қалыптасқан соң ұлттық және әлеуметтік діни негіздер туралы идеялар сәйкестігі күшейе бастаған деп түсіндіреді [57, 58]. А. Франк Орынбор муфтиятының, жалпы Ресей империялық конфессиялық саясатын, соның ішінде Ішкі ордадағы діни үдерістерді тереңталдаған.

Швейцарлық зерттеуші Андреан Каппелер болса өз еңбегінде Ресейдің мұсылмандарға қатысты діни саяси тарихын сипаттау барысында көпұлтты империя ретінде қарастырған. Ол «халықтар түрмесі» атанған Ресей империясындағы мұсылман халықтарының байланыстарының күрделі табиғатын зерттеуге күш салған [59].Француздық тарихшы С. Дудуаньон мұсылман дінбасылары мен православиялық христиандық мәртебесін, стратегиялары мен дискурстарын Ресей империясының XIX ғасырдың екінші

жартысы мен XX ғасырдың басындағы дәуірдегі ОМДМ-сы мысалында талдаған [60].

Диссертациялық зерттеу барысында американдық профессор Е. Кэмпбеллдің ғылыми тұжырымдары пайдаланылды. Автор діни қызметкерлердің шенеунік іспеттес жаңа тұлғасын «үкімет агенттіктері» деп сипаттаған. Оның ойынша ОМДМ жоғары дәрежедегі мұсылман шенеуніктерін даярлауға жүйпелі қадамдар жасаған [61, р. 8-29].

Мұрағаттық дереккөздер мен арнайы әдебиеттер негізінде американдық тарихшы Пол Верт 1827-1905 жылдары Еділ-Кама аймағында патшалық Ресейдің реттеу, басқару жүйесін және этноконфессиялық саясатын объективті түрде көрсетеді. Сонымен қатар зерттеуші Ресей империясының мұсылмандарын, соның ішінде жергілікті қазақтарды басқаруда османдық және православиелік үлгілерінің симбиозын ұстанғандығын дұрыс және орынды талдаған [62, 63, 64].

Анкара университетінің профессоры Ибраһим Мараштың түркі дүниесіндегі ислам дінін, институттары мен білім беру мекемелерін зерттеуде ғана емес, сонымен қатар Еділ-Орал аймағындағы жәдидизм – исламдық реформизмнің даму тарихына да белгілі үлес қосқандығы қызығушылық тудырады. Ол жергілікті исламдық мұраны зерттеу барысында олардың арасындағы – ең алдымен, татарлардағы, сондай-ақ оларға жақын басқа түркі этникалық топтарындағы жаңарту қозғалыстың бірнеше бағыттарын – теологиялық және ағартушылық, батыстық және ұлттық құндылықтар мен ұстанымдарды бірдей меңгеруге насихаттағандарын объективті түрде көрсете білді [65].

Стэнфорд университетінің профессоры Роберт Круз өз монографиясында көшпелі қазақтардың ОМДМ-нің қызметі негізінде исламға және сонымен қатар империялық құрылымдарға интеграцияланғанын арнайы зерттейді. Автор зерттеуінде ОМДМ-нің қалыптасуындағы қызмет еткен мүфтилердің мұсылман қауымымен байланысы өз деңгейінде жүзеге асырылмады деп көрсетеді. Көп жағдайда мұсылмандар Діни мекемеге сене алмай, өз арыздарымен жергілікті немесе орталық органдарға жүгініп отырған. Ислам дінбасылары мұсылман қауымының сұраныстарын қанағаттандырмаған деген қорытынды сағана [66, р. 14-26]. Осыған сәйкес Ч.Р. Стейнведель XIX ғасырдың екінші жартысындағы ОМДМ-сі мүфтиінің қазақтарға қатысты ресми саясатты жүзеге асырудағы рөлінің нақты себептерін түсіндіруге тырысып, олардың арасындағы дінге байланысты ойлары сәйкес келмейтінін атап өткен [67].

Еділ өңірінен келген миссионерлердің өркениеттік қызметін мойындай келе, Р. Круз Ресей өкіметі кейіннен атап айтқанда XIX ғ. 80-90- шы жылдары татар молдаларына қарсы жартылай астыртын саясатқа көшкенін ашып көрсетеді. Ал қазақтар 80-шы жылдардан Далада дербес мүфтият құру идеясын қолдай бастады деген ойын алға тартқан [66]. Роберт Круз сынды авторлардан айырмашылығы жоғарыда атап өтілген Аллен Дж. Франк Қазақ Даласы татар молдалардан бұрын да толыққанды мұсылман өлкесі болғанын негіздейді.

Амстердам университетінің профессоры М. Кемпердің посткеңестік кезеңдегі іргелі жұмысының арқасында исламтану саласында исламның орны туралы әртүрлі деңгейдегі біртұтас көрінісі қалыптасқан. Оның ойынша, мемлекет пен мұсылмандық қауымдастық арасында, ислам әлемі мен Ресей империясы мұсылмандары арасында түрлі ерекшеліктер қалыптасқан деген түсінік берілген. Осы ерекшеліктерге назар аудару арқылы мұсылман қоғамдарында оқшаулану мен интеграция тенденциялары қалай орныққанын, мұсылмандардың өмірінде империялық биліктің орын алғандығын сипаттауға тырысқан. Михаэль Кемпер татар деректеріне сүйене отырып Орынбор мүфтилері мен қазақ элиталары, мұсылман дінбасылары арасындағы қатынастарды тың деректермен толықтырған [68].

Зерттеу тақырыбының жәдидтік және ұлт-азаттық күресі мен ұлттық бірегейлік мәселеріне сүбелі үлесін Жапонияның Орталық Азияны зерттеу қоғамының ғалымы Томохико Уяма еңбектері қосты. Бұл, ең алдымен, оның қажетті және құнды деректерді пайдалана отырып, жапон, ағылшын және орыс тілдеріндегі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының патша самодержавиесіне қарсы ұлт-азаттық көтерілісіндегі исламның рөлін анықтауы болып табылады. Осыған қоса оның қазақ зиялы қауымының және Алашорда өкілдерінің ислам дініне, мұсылман дінбасыларына, дәстүрлі шариғат пен адатқа қатысты ғылыми ізденістерін айтуға болады [69, с. 143-148; 70, с. 296-301; 71, с. 271-287].

**Отандық ғалымдар.** Дәстүрлі ислам өкілдері – молда-ишан, хазірет, ахун, қалпе туралы еліміз тәуелсіздік алған жылдарынан бастап кеңінен зерттеле бастады. Ә. Дербісәлі, Ә. Нысанбаев, Ғ. Есім сынды жетекші отандық исламтанушылар, шығыстанушылар мен философтар өз еңбектерімен діни тұлғалардың, ғұлама-теологтарды зерттеудің теориялық-методологиялық негіздерін салды, дәстүрлі ханафи мазхабындағы діни формалардың ерекшеліктерін зерттеді. Диссертацияда осы бағытта отандық тарихшылар, этнограф, өлкетанушы, әдебиеттанушы және т.б. салалардағы жазылған соңғы жылдарда жарияланған бірқатар басылымдар да қамтылды.

Патшалық Ресей құрамындағы түркі-мұсылман халықтары, әсіресе дінбасыларды ОМДМ-сі арқылы қатаң бақылап отырғаны белгілі. Осыған байланысты зерттеулер мен ізденістерде аталған мекемеге тәуелді діни қайраткерлер қызметі барысында алатын орны туралы, соның ішінде патшалық Ресейдің қазақ халқын рухани отарлау арқылы діннен ажырату саясатын ұстанғаны туралы түрлі пікірлер басылып шыққан. Осы тақырыпта жазған зерттеулердің ішінде С.Қ. Жақыпбектің мақалаларын ерекше атауға болады [72, 73].

Дәстүрлі ислам тұжырымдамасы және қазақстандық мұсылман қауымының генезисі туралы Н.Д. Нұртазинаның зерттеулерінде жан-жақты көрініс тапқан. Автор қазақ даласындағы ислам дінінің таралуының үш кезеңін көрсетеді. Н.Д. Нұртазинаның ойынша, қазақ халқының толыққанды мұсылмандық дәстүрінің пайда болуын исламданудың нәтижесі деп қабылдауға болады. Зерттеуші өз ізденістерінде сопылықтың және оның көрнекті

өкілдерінің рөлін көрсету арқылы қазақ даласындағы ислам дінінің таралуын және рухани-ағарту саласындағы қызметтерін ашқан. Сонымен қатар ол қазақтар арасында мұсылмандық дәстүрінің пайда болуын исламданудың нәтижесі деп санайды. Ғалым негізгі теориялық және әдіснамалық тәсілдерді тұжырымдай отырып, Қазақстан тарихындағы діни тұлғалар тақырыбын жан-жақты зерттеу қажеттілігін негіздейді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақ даласындағы исламдық ағартудың жаңа толқынының пайда болуына Еділ татарларының ықпалы болды деп, жәдидизмнің даму бағытын ашып көрсетеді. Сондай-ақ Қазақ даласындағы қажылардың рөліне тоқталып, өз басылымдарында ислам теориясын терең талдайды [74, 75, 76, 77, 78].

Діни тұлғалардың қоғамдық-саяси өмірдегі орнын талдауға С.К. Рүстемовтің зерттеулері аса маңызды болып табылады. Өз жұмысында мұрағаттық деректер негізінде ғасыр басындағы Ресей империясын шарпыған мұсылмандық қозғалыстың Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі орнын қазіргі заман талабына сай және тарихи шындық пен объективті тұрғыдан жан-жақты талдаған. Тың деректердің ғылыми айналымға ену нәтижесінде қазақ зиялыларының мұсылмандык қозғалысқа қатысуын дәйекті түрде баяндаған [79]. Осы сынды зерттеулердің қатарында Г.Р. Мұхтарованың жатқызуға болады. Автор өз ізденістерінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ даласының әлеуметтік-саяси өміріндегі ислам дінінің рөлі мен маңыздылығын ашып көрсеткен. Айналымға енбеген, тың деректер мен мұрағат құжаттары негізінде Г.Р. Мұхтарованың басшылығымен еліміздегі XIX–XX ғасырдың басындағы көрнекті дінбасылар мен қажылар, Мекке мен Мединаға зиярат жасаған тұлғалар туралы көлемді ғылыми еңбек жарық көрді [80, 81].

Диссертациялық жұмысқа тікелей қатысы бар А.К. Сұлтангалиеваның зерттеулері де зерделенді. Оның жұмыстары Қазақстанның батыс өңіріндегі мұсылмандық әрекетімен байланысты. Монографиясында еліміздің революцияға дейінгі кезеңдегі ислам дініне арналған құнды мәліметтер, оның ішінде жергілікті қазақ халқының осы конфессияға арналған басты мәдени-тарихи компоненттері көрсетілген. Екіншіден, ғалым патшалық Ресейдің Қазақстанның негізгі аймақтарындағы діни саясатының бағыттары мен бейтараптық араласпаудан қатаң әкімшілік реттеуге дейінгі мәселелерді объективті түрде талдай білген. Үшіншіден, аталмыш зерттеуде Ресей империясының басты мақсаттарының бірі болып табылатын ислам дінінің қызметін қатаң бақылауда ұстау және миссионерлер арқылы жергілікті халықты шоқындыруға бағытталған саясатын түпкілікті талдай білген [82].

Отандық ғалым Г.С. Сұлтанғалиева сонымен қатар қазақ даласының этномәдени байланыстарын жүйелі түрде зерделеп, Еділ-Орал төңірегіндегі түркі-мұсылман халықтарының мәдени-рухани байланыстарын мұрағат құжаттары негізінде сараптаған. Өз еңбектерінде еліміздің батыс аймағындағы татар молдалары мен зиялыларының жәдитшілдіктің өрістеуіне, ағарту саласының дамуына ықпалы болды деп, қазақ жеріндегі қызмет еткен мұсылман дінбасыларын анықтап, мұсылман қоғамдастықтарының қызметіне кеңінен сараптама жасауға тырысқан. Ол, Ішкі Ордадағы молдалардың саны

мен мешіттердің статистикалық есебін жүргізе отырып, олардың қазақ қоғамында алатын орнын саралаған [83; 84, с. 148-159; 85, с. 481-496].

Тақырыптың мұсылмандық архитектурасына қатысты зерттеулерді, аймақтың өзара этникалық байланыстардың ерекшеліктеріне үлкен мән берген С.Е. Әжіғалидың еңбектерінде көрініс тапқан. Революцияға дейінгі Орал, Торғай облыстары мен Маңғыстауды қамтитын Арал-Каспий аймағының әйгілі мемориалдық және ғұрыптық ескертіштерге қатысты пікірлері зерттеу жұмысында орын алған мұсылмандық құрылыстың жүйелеуіне елеулі үлесін қосқан. Ғалымның жоғарыда айтылған аймақтың ірі қазақ дін қайраткерлерінтанымал етуге қосқан сүбелі еңбегін атап өткен жөн [86, 87].

Батыс Қазақстандық материалдарға сүйене отырып мұсылмандық мәселелерге назар аудартқан А.М. Нұрғалиеваның монографиясын атауға негіз бар. Автор молдалардың рөлін анықтаудағы маңызды еңбек болып табылады. Ол конфессиялық саясаттың ерекшеліктеріне сипаттама бере отырып, Ресей билігі және оның қазақтың рухани дамуына әсері, қоғамдағы діни-ағартушылық, Бөкей хандығының билеушісі Жәңгірдің саясаты, құрылыс мәселелері, мешіттер, мұсылман әдебиетін шығару сияқты бағыттар туралы құнды мәліметтер берген [88, 89]. Зерттеушінің ислам қазақтар арасында тек Ресей өкіметі тұсында орнады деген кеңестік концептуалдық тұжырымын да атаған абзал.

Қазақстандағы жәдидтік және патшалық әкімшіліктің орыстандыру саясатына З.Т. Садвокасова үлкен мән берген. Оның зерттеулерінде Ресейдің Қазақстандағы діни саясаты мұсылмандардың санасын жаулап алу арқылы оларды орыстандыру және орыс халқымен интеграциялау мәселелері жан-жақты қаламға алынған. Ғалымның пікірінше, орыстандыру негізінен білім беру саласында орыс тілін енгізу мен кеңінен тарату зорлық-зомбылық жасау арқылы жүзеге асырылған [90]. Сол сияқты зерттеу жұмыстарын жүргізген Р.Т. Айтбаеваның кандидаттық диссертациясында Ресей отаршыл билігінің исламға қатысты ресми саясаты мен XIX ғасырдағы Қазақстандағы Орынбор мүфтияты қызметі арасындағы байланыстар кеңінен қарастырылған. Оның зерттеуіндегі мұсылман институттарының өсуі мен ықпалына тосқауыл қоюға бағытталған революцияға дейінгі Қазақстанның кейбір аймақтарындағы әкімшілік мекемелердің цензурасы және мүфтияттың мұсылман қауымдарының мүдделерін қорғаудағы көмектері өзара үндестік тапқан [91].

Тұрмыстық және күнделікті ислам өмірін зерттеген Р.М. Мұстафина докторлық диссертацияның бірінші тарауында Қазақстан аумағындағы ислам дінінің таралуын, соның ішінде XIX ғасырдағы көптеген ой-пікірлерін жан-жақты жеткізген. Көлемді зерттеуде автор патшалық Ресейдің соңғы кезеңіндегі жергілікті қазақ халқының күнделікті өміріндегі мұсылман дінбасылары мен тиісті діни ұйымдардың рөлін нақты көрсете білген. Автор еңбегінде мектептер, медреселер мен мешіттер сияқты мұсылман мекемелерінің қызметін және ондағы ислам дінбасыларының рөлін мағыналы сипаттаған [92, с. 22-57]. Алайда, зерттеу негізінен Оңтүстік Қазақстан

материалдарын қамтығандықтан диссертацияда автордың ишандар мен тәуіптерге қатысты жалпы заңдылықтары есепке алынды.

Ғылыми ізденістермен бірге танымдық бағытта жергілікті өлкетанушы С. Салқынұлының еңбектері қарастырылды. Автор XIX ғасырда өмір сүрген Досжан хазіреттің өмір жолын көрсетуі арқылы қазақ жеріндегі исламның таралу жолын және қажылық мәселесін қарастырды. Сондай-ақ өлкетанушының «Сырдың дүлдүл діндары Қалжан ахун» деп аталатын танымдық тағылымдық еңбегі Қазақстанның батысы мен оңтүстігін салыстырмалы түрде талдау жасау үшін қаралды. С. Салқынұлы еңбегінде Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі діндар ғұлама ғалым Қалжан ахунның қазақ халқын білім мен ғылымға жетелеудегі қадамын және ахунның исламды өркендету бағытында жазылған еңбектерін талдайды [93].

Ресей империясының рухани отарлау саясаты, соның ішінде батыс өңірдегі қазақтардың орыстандыру саясатына қарсы табанды күресі отандық тарих ғылым саласында жан-жақты зерттелген тақырыптардың қатарына жатады. Осы мәселеге қатысты А.С. Байболсынованың еңбегінде Ресей империясының рухани отарлау саясаты және Батыс Қазақстандағы ағарту саласындағы зиялылар өкілдерінің рөлі сипатталған. Бірқатар мұрағат құжаттарын пайдаланған автор жұмысында жәдидтік қозғалыс пен орыс мектептерінің өзара айрылмашылықтарын және оқыту әдістерінің тетіктерін қаламға алған [94]. Осы бағытты жалғастырған Б.С. Әбенова XIX ғасырдың аяғындағы енгізілген жаңа реформалардың қазақ халқына, мұсылман дінбасыларына қатысты отарлық қанауды күшейту мақсатында енгізілгенін деректер арқылы растауға тырысқан. Ол, бұрын соңды ғылыми айналымға түспеген мұрағат құжаттары негізінде ОМДМ-нің қазақ қоғамының саяси, мәдени өмірінде алатын орнын шынайы ғылыми тұрғыдан ашып көрсетуге талпынған. Ресей билігі мұсылман дінбасыларын өз бақылауына алу арқылы оларды сыртқы-ішкі саясаттың құралына айналдырғанын деректер келтіру арқылы айқындаған [95, 96].

Дінтанушы А.К. Алитурлиева болса өз зерттеуінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы ОМДМ-нің емтиханынан өтіп, бұйрық алып, қазақ даласында ресми түрде діни басқарма қызметтеріне тағайындалған молдалар туралы тың мәліметтер берген [97].

Қазақ қоғамындағы исламның рөлі мен халық арасындағы дәстүрлі мәдениеттің саласын Г.М. Раздыкова зерттеген. Ол, XIX–XX ғасырларда ислам қазақ даласында этно-конфессионалды біріздділікпен, рухани мәдениеттің және ұлттық өркендеудің басты факторы ретінде талдайды. Қазақ даласындағы мұсылман дінбасыларының ішінде құрметке ие, рухани-ағарту саласында қызмет еткен молдаларға тоқталған. Әрине, революцияға дейін жазылған еңбектерде молдалар туралы қарама-қайшылықты пікірлер бар. Үкіметке қызмет еткен молдалар мен жеке молдалар қазақ даласында бірдей діни міндеттерді атқарып, халық арасында құрметке бөленіп отырғанын автор мұрағат деректері арқылы талдаған. Алайда, XIX ғасырдың аяғына таман қазақ даласындағы молдалардың этникалық құрамы әртүрлі болғанмен биліктің

қыспағынан татар, башқұрт немесе Орта Азиялық молдалар едәуір азайып, қазақ молдаларының саны артқанын айқындады. Сондай-ақ қазақ қоғамындағы тұлғаның рухани дамуына дәстүрлі этно-педагогиканың әсерін ашып көрсетеді. 1874 жылы Ресей билігі мұсылман дінбасыларына рұқсатсыз мұсылмандық мектеп ашуға, онда сабақ беруге тыйым салған. Тіпті, орыс тілін білетіндігі туралы куәлікті талап еткен. Ал заңға бағынбай куәлік алудан бас тартса, молдалар 5-15 күн аралығында қамаққа алынып, өмірлік сабақ беру құқығынан айырылған. Мұсылман дінбасыларын үйездік басқарма мен жергілікті билік тексеріп, қатаң бақылауға алса да, қазақ даласындағы шәкірттердің сауаттылығының артуына молдалардың үлкен ықпалы болған дей отырып, олар тарапынан мектеп ашып, білім беру тоқтамады деген ойын алға тартты [98].

Хронологиялық шеңбер бойынша зерттеу жұмыстарының басым бөлігі мәдениетаралық байланыстарға да арналған. Әсіресе, Қазақстанның батыс өңірі қазақтары мен башқұр-татарлардың арасындағы қарым-қатынастарына арналған ғылыми ізденістерді жүргізген Г.Б. Избасарованың жұмыстары ерекше көзге түседі. Автор, Орталық Еділ мен Оңтүстік Орал мұсылмандарының қазақ халқымен, соның ішінде Батыс Қазақстанмен территориялық байланысының әртүрлі уақыттық-кеңістіктік бөлінудегі ықпалын қарастырған [99, 100].

Діни-реформаторлық бағыттағы медресе түлектері мен зиялыларды зертттеу бағыты бойынша тарихшы Б.С. Боранбаеваның зерттеулері маңызды орынға ие. Автор жәдитшіл қайраткер Ғұмар Қараштың қоғамдық-саяси өміріне кеңінен тоқталған. Аталмыш тұлғаның қоғамды өзгерту жөніндегі идеяларын руханият пен өркениетке жету арқылы діни құндылықтар мен шариғат заңдарына негізделуін көздегені туралы тиісті тұжырым жасалған [101, 102]. Сол іспетті В.З. Галиевтың каламынан шыққан қазақ даласындағы ислам мен мұсылмандық мектептердің ашылуына, мешіттердің салынуына әсер еткен татар молдаларының қызметі маңызды ғылыми еңбек болып табылады [103].

Тақырыпқа қатысы бар А.С. Тасмағамбетовтың Қазақстанның діни кеңістігін жүйелі түрде талдауға бағытталған жұмысы да назардан тыс қалмады. Еңбекте ислам мен шоқындыру саясатының ерекшеліктері, таралу және ұйымдастыру жүйесі қарастырылған. Зерттеуші Қазақстан тарихындағы отаршылдық кезеңін, діни-мәдени бағыт дамуының жаңа сапалы кезеңі деген қорытындыға келеді. Бұл ислам дінінің институционалды дамуымен, оның ішінде Ресей империясының мұсылман институттарын белсенді реформалауымен, сонымен қатар Орыс православие шіркеуі институттарын құрумен, аймақтағы позицияларын белсенді шоғырландырумен, қалыптасуымен байланысты болды деп есептейді. Оның ойынша татар молдалары мен Орта Азиялық мұсылман дінбасыларының қазақ даласындағы ықпалы да діни конфессионалдық саясаттың толықтай жүзеге аспауына әсер етті деген тұжырымға келген. Сондай-ақ ғалымның жұмысынан Бөкей Ордасындағы исламның таралуы мен даму тарихы туралы кең ақпараттар берілген [104].

Орынбордың қазақ тарихында алатын орны ерекше екенін, әрі осы қала арқылы патшалық билік өзінің қараңғы саясатын жүргізгені баршаға аян. Зерттеу жұмысына арқау болған Ф.А. Адилованың ғылыми зерттеуінде Орынбор мүфтилігінің тарихы мен қызметін және оның қазақ қоғамының саяси және қоғамдық-рухани өмірінде алатын орнын осы күнге дейін ғылыми айналымға түспеген мұрағат құжаттары мен деректері негізінде талдауға тырысқан. Орынбор мүфтилігінің қазақ даласындағы діни-ағартушылық қызметі мен Ресей өкіметінің отаршылдық саясатына объективті баға берген. Оның ойынша, ОМДМ-де емтихан тапсырып, губерниялық басқармадан арнайы бұйрық алған ресми молдалар жұмыс істеген. Қазақ даласына келген ресми молдалар ортодаксальды исламды насихаттаумен бірге, өз діндестерін Ресей билігіне берілген және заңға бағынушылық рухта тәрбиелеуге міндетті болған деп атап өтеді. Сонымен бірге зерттеуші ресми молдалар мен жеке молдалардың қызметтерін ашық сипаттап көрсетуге тырысқан [105].

Оңтүстік Орал мен Батыс Қазақстан аймағындағы Ресей діни конфессионалдық саясатына қарсыласқан мұсылмандық қозғалысты жан-жақты талдаған Ж.Т. Төлепбергеннің зерттеу еңбектері де диссертациялық жұмыста қамтылған. Автордың пайымына қарағанда, батыс өңіріне татар, башқұрттардың көршілес орналасуы олардың етене жақын болуына алып келген. Нәтижесінде XIX ғасырдың аяғында мектептегі білім беруді реформалау қозғалысы негізінде мұсылмандардың бірігуі қалыптасқан және Қазан, Орынбор, Троицк, Уфада мәдени және қайырымдылық қоғамдары құрылған. Аталмыш қорлардың құрылуына атсалысқан татарлардың ауқатты көпестері мен молдалары Батыс Қазақстанда да мұсылман қоғамдарын құруға бастама жасаған. Зерттеуші аймақтағы жәдидизм үшін күрес барлық мұсылман лидерлерімен дінбасыларды біріктірген түркі-мұсылман зиялыларының консервативті-схоластикалық бағыттағы православтық дінбасыларына қарсы бірлескен қозғалыстарының алғашқы кезеңі болды деп тұжырымдады [106 ].

Қазақстанның барлық өңірінде діни тұлғалар қызмет еткені белгілі. Мәселен, Сыр өңірі бойынша авторлардың «Сырдария» атты ғылыми, тарихи-танымдық біріккен еңбегі жарық көрген. Н. Мыңжасов жазған бөлімінде Сырдария аумағында дүниеге келіп, халыққа қызмет еткен ахундар мен ишандар баяндалған. Әсіресе, олардың рухани-ағарту саласындағы атқарған қызметтері, өмірбаяндары туралы деректер мен мәліметтер кеңінен берілген [107].

Тарихшы-дінтанушы П.С. Шаблей ОМДМ-сі мен ресми молдаларды қазақ даласындағы дипломатиялық тапсырмаларды орындап, үкімет үшін жұмыс жасаған деп баға берген. Өз зерттеуінде автор Қазақ даласындағы мұсылмандардың қоғамдық-саяси, діни өміріндегі ОМДМ-нің қызметі туралы толық мұрағат құжаттары арқылы тың деректер берген. Қазақ даласындағы дінбасылар саны мен мешіттер туралы сақталған мәліметтер аз болғанына қарамастан, автор ОМДМ-гі ахундар мен имамдардың хат алмасулары арқылы, жергілікті халықтың тарихи жазбалары, саяхатшылардың, шенеуніктердің

пікірлері, арнайы комиссиялар мен экспедициялардың мәліметтері арқылы қазақ даласындағы мұсылман дінбасыларын анықтауға күш салған [108].

Жергілікті өлкетанушылардың, журналистердің діни тұлғаларға арнап жазған танымдық, ғылыми-көпшілік жарияланымдары да осы зерттеу жұмысында кеңінен пайдаланылды. Оның қатарында Қаратөбе өңірінің тумасы ишан, молда әулие Едіге Шымырұлы жайлы жазған өлкетанушы, Қазақстанның құрметті журналисі Қ. Хасановтың [109], өлкетанушы-журналист Ө. Әлімгереевтің Азғыр өңірінің қазіргі Атырау облысында мектеп-мешіт ашқан қалпе, молда Б. Айтбайұлының өмірі мен атқарған қызметіне арнап жазған «Бекмұхамбет қалпе» деген еңбегін атаса болады [110].

Ақтөбе өңіріндегі өмір сүрген діни қайраткерлер, молда-ишандар, хазірет, ахун, қалпелер туралы тәуілсіздік алған уақыттан бері алғаш жинақталып жазылған «Ел иесі, жер киесі..» деген танымдық-этнографиялық бағыттағы құнды зерттеудің авторы – өлкетанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдени қайраткері Р.І. Ілиясова болып табылады. Зерттеушінің бұл еңбегінде Ақтөбе өңірі бойынша әулие, емші-көріпкел, бақсы-сынықшылық қасиеті дарыған молда-ишан, хазірет, қалпелер туралы ел аузынан алынған естеліктер мен өзі жинаған мәліметтер топтастырылған. Бұл жинақ ұмыт болған ақтаңдақтарды ақтап алып, оны рухани жаңғыру кезінде жас өскелең ұрпаққа насихаттаудағы құнды еңбектің бірі болып саналады. Р.І. Ілиясова осы еңбегінде Ақтөбе өңіріндегі діни қайраткерлер туралы жазып қана қоймай олардың тізімдерін де беріп, әлі де зерттеудің қажет екенін ескерткен. Жинақта дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани-ағарту саладағы атқарған қызметтеріне баға берген [111].

Қазақстандағы ислам тарихын зерттеу нәтижелерін Н.Нұртазина былай тұжырымдайды: «Тәуелсіздік жылдарындағы ғылым идеологиясының қайта қалыптасуында осы кешенді мәселені қайта ойластыру ісінде түбегейлі өзгеріс болды. Қазіргі заманғы сарапшылардың қорытынды пікірінің маңыздылығы, қазақтардың өткен өміріндегі діни көзқарасының дұрыс бағаланбауы рухани «мендігін», яғни этностық танымын дұрыс бағаланбауы деп тануында... кеңестік «синкретизм» және «қосдінділік» тұжырымдамаларын сунниттік-ханафиттік ислам мен суфизмнің жүйе құраушы рөлін мойындайтын «қазақ мұсылмандық дәстүрінің» салмақты тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр» [112].

Осыған сәйкес Д.А. Аманжолова өз еңбегінде Ресей патшалығы кезіндегі қазақ даласындағы рухани орталық ошағына айналған мешіттер мен оның жанынан салынған мектеп-медреселердің жұмыс істеу ерекшеліктеріне талдау жасаған. Сондай-ақ XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ даласындағы рухани өмірге жүргізген патшалық биліктің діни саясаты аясындағы молдалардың қызметін ерекше сипаттаған. Автор азаматтық орган тағайындаған мұсылман дінбасылары – ахун, молда-имамдардың, азаншылардың, т.б. қазақ молдаларының есімдерін мұрағат құжаттарына сүйене отырып қалпына келтіруге тырысқан [113].

Соңғы жылдары елімізде ауыздан ауызға жеткен мәліметтер кеңінен пайдаланылып көптеген пәнаралық жұмыстар жарық көрді. Атап айтқанда Ә.Ғ.

Хамзаұлы өз атасы Әйіп қажы Бекенұлы жайындағы «Кемеңгер» атты тарихи-танымдық еңбегінде өз заманында мешіт ашып, кейін мешітті мектепке айналдырып, тек діни емес, сондай-ақ жәдитшілдік бағытта ілім берген діни қайраткердің рухани-ағарту саласындағы қызметіне тоқталған [114].

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыстың тарихнамалық негізін қалыптастыру барысында, патшалық Ресейдің билік құрған жылдары Қазақстанның батыс өңіріндегі діни-конфессиялық үрдістердің мазмұнына әсіресе діни тұлғалар тарихына қатысты көптеген шешілмеген мәселелер әліде бар екенін көрсетті. Бұл мәселені ғылыми тұрғыдан ашу мақсатында пәнаралық әдісті қолдану көзделді. Сондықтан зерттеу барысында этнография, дінтану, әдебиеттану, ғылыми исламтану бағыттарының жетістіктерін синтездеу, өзара салыстыру мен далалық экспедиция материалдарын талдау сынды әдістер диссертациялық еңбекте пайдаланылды.

**Диссертацияның мақсаты**:Отан тарихындағы «тұлғатану» бағытында маңызды рөль атқарған XIX екінші жартысы - XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстанның батыс өңірлеріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани-ағартушылық қызметін зерттеу және осыған байланысты олардың жәдидтік қозғалыстың өрістеуіне қосқан үлесі мен Алаш зиялылары арасындағы байланысына ғылыми баға берудің теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастыру мәселелері осы диссертациялық жұмыстың басты мақсаты болып табылады. Аталған мақсатқа қол жеткізу бағытында төмендегі **міндеттерді** жүзеге асыру тетіктері қарастырылады:

–Батыс Қазақстандағы дәстүрлі ислам субъектілерінің қызметін талдаудың теориялық ұстанымдарын негіздеу және олардың топтарын сұрыптап, жетекші тұлғалардың қызметіне басымдылық беру;

– отандық және шетелдік мұрағаттық құжаттармен далалық экспедиция негізінде жиналған ауызша мәліметтерімен салыстыру және Қазақстанның батыс өлкесіндегі діни қайраткерлердің тарихи рөлін анықтау;

–қазақ халқының рухани өміріндегі патшалық билік тарапынан тағайындалған молдалардың қызметін сұрыптау және ОМДМ-нің өлкеге деген ықпалын анықтау, сондай-ақ мұсылмандық мекемелердің ел ішіндегі діни тұлғалардың жұмыстарына араласу мәселелерін айқындау;

– Бөкей Ордасы, тағы басқа аймақтардың мысалында діни ахуал мен ресми діни лауазымдарға талдау жүргізу арқылы, олардың діни қызметінің бағыттарын талдау;

– қазақтың діни қайраткерлерінің өмірін, халық арасындағы қызметін, мешіттер мен медреселердің қазақ қоғамындағы рөлін анықтау мақсатында далалық экспедиция материалдарын пәнаралық әдістермен саралау;

–дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани-мәдени, ағарту саласының дамуына ықпал еткен еңбектеріне, білім-ғылым деңгейіне тарихи тұрғыдан баға беру;

– ишан, хазірет, қалпелер, діни-рухани салада атқарған қызметтерінің мазмұнын ашу үшін сирек қолжазба материалдарын, мұрағаттық құжаттар мен авторлық этнографиялық зерттеулерді салыстырмалы ғылыми талдау және осыған сәйкес сұрыптау;

– аймақтағы қажылық үдерісі мен оның империя тарапынан бақылау орнатуын, дін насихаттаушыларына жатқызылатын қажылардың қазақтың ұлт-азаттық қозғалысындағы орнын зерттеу және Алаш зиялыларымен өзара байланысын сараптап, кешенді зерттеу жүргізу;

– XX ғасырдың бірінші ширегіндегі жәдитшілдік қозғалыс шеңберіндегі өңірдің діни тұлғаларының ұстанымдарын және қазақ қоғамындағы діни-ағартушылық қызметінің ерекшеліктері мен рөлін айқындау.

**Зерттеу жұмысының негізгі нысаны –** XIX ғасырдың аяғы мен XX бірінші ширегіндегі Қазақстанның батыс өңірлеріндегі дәстүрлі ислам діні өкілдерінің негізгі топтары, тарих субъектілері болып табылатын руханият өкілдерінің тұлғалары.

**Зерттеудің пәні** ретінде дін адамдарының (ресми және бейресми өкілдер) XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі атқарған ағартушылық, мәдени-рухани қызметінің мазмұны, басты сипаттары мен үрдістері және қызметтің институционалданған формалары болып анықталды.

**Диссертацияның хронологиялықжәне территориялық шеңбері**XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басын құрайды. Бұл кезең – Қазақ даласының қоғамдық-саяси өмірінің, рухани-мәдени бағытының жаңаруға басымдық танытқан кезеңі. Себебі қазақ халқының рухани-ағарту саласында дәстүрлі ислам өкілдерінің, ұлттық интеллигенция өкілдерінің ықпалы өте зор болды. Ресей империясының діни саясатына қарамастан осы кезде өмір сүрген діни қайраткерлер исламның кеңінен таралуына, қазақ шәкірттерінің білім алып, мешіт ашып, оның жанынан мектеп-медресе салып, жаңашылдыққа бет бұрды.

Қазақстанның батыс аймағы ежелден өзінің Еділ Бұлғария, Кавказ, Қара теңіз бен Иран, Хорезм сияқты дамыған мұсылман орталықтарымен тығыз тарихи-мәдени байланыстарымен ерекшеленді. Әсіресе аймақтың XVIII соңы-XIX ғасырдың басы кезеңінде кіші жүз қазақтары патшалық Ресей тарапынан отарланып, ары қарай империяға бейімделу негізінде Еділ-Орал өңірімен рухани-мәдени байланыстары күшейді. Бұл өңірде ислам дінінің өзіндік қарқынды дамуына қолайлы тарихи жағдайлар қалыптасты. Сондықтан тақырыптың географиялық шеңбері Қазақстанның батыс аймақтарымен (қазіргі Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Орал) белгіленді.

**Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізі.** Ғылыми жұмыста қалыптасқан тарихнамада бұрмалауға тап түскен дін тарихын шынайылыққа жетелеудің кешенділік, сұрыптау, салыстырмалы және компаративті зерттеу әдістері пайдаланылды, оған тарихи принциппен қарауға мейлінше талпыныс жасалды. Маркстік-лениндік тарихнамада ел ішіндегі діни тұлғаларға аса мән берілмей келді, керісінше олар кертатпалық саясатты ұстанып, коммунистік идеологияға қарсы халықты «ортағасырлық» дәуірге жетеледі деген пікір қалыптасқан-ды. Қазіргі жаңа әлеуметтік тарих әдістемесі «тарихтағы адам» мәселесін зерттеу объектісі ретінде таңдалып, «тұлғатану» ұстанымы негізінде Батыс Қазақстанның діни қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғау үшін белсенділік танытты деген пікірді ортаға салу әдісі пайдаланылды.

Зерттеуге арқау болған тақырыптың мазмұны қазақ халқы өз басынан мәдени және рухани гүлденген кезеңдерін де, құлдырау шағында өткізіп, бірнеше саты арқылы дамып отырғандығын айғақтайды. Осы негізде көрсеткен дамудың қайталанбалы эмпирикалық заңдылығы теориясын ұсынып, оның негізгі қозғаушы күштері ағарту саласының жаңашыл реформаторлары мен зиялы өкілдері, діни қайраткерлер деп анықталды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақ даласындағы исламның даму формаларын, дәстүрлі ислам тұлғалары қызметін анықтау үшін пәнаралық әдіс және «аймақтық ислам» теориясы пайдаланылды. Осы арқылы әр аймақтағы дәстүрлі мәдениеттің түрлілігін, ерекшелігі байқалды және исламнің жергілікті формалары теңқұқылы деген ой-тұжырым негізге алынады. Сондықтан диссертацияда Қазақстанның батыс өңіріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани-ағарту саласындағы қызметін зерттеу барысында жаңа методологиялық тұжырымдама ретінде С.М. Прозоров, С.Н. Абашин, сол сияқты Девин Де Виз, Джон Фрэнк Аллен, А.К. Муминов сынды қазіргі заманғы исламтанушылардың ұсынып негіздеген «аймақтық ислам» теориясы басшылыққа алынды.

Зерттеушілердің пайымы бойынша бұрынғы кеңестік дәуірде орнаған «әлсіз ислам», діни синкретизм концептнің орнына сопылық пен басқа ғұрыптарды ислами өркениеттің құбылыс ретінде қарау арқылы Орталық Азия, Еділ өңірі, Кавказ халықтарының мұсылмандық дәстүрі кең ауқымда қаралып, олардың аймақтық ислам орталықтарына жататына негізделеді [115, 116, 117, 118]. Осы тұжырымдамаға сәйкес және жеке зерттеулер нәтижелерін негізге ала отырып XIX-XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының ұжымдық діни-өркениеттік бірегейлігі мұсылмандық сипатта болғандығы жайлы тезисті осы диссертацияда қолданып заңды қорытындыларға қол жеткізілді. Бұл пікірталастың мәніне келсек, ұзақ уақыт академиялық әдебиетте қазақ көшпелілерінің ислам дініне немқұрайлығы «үстірт ислам» және олардың мәдениетінде шаманизм іздерінің ықпалы болғаны жайлы пікір үстемдігі себебінен қазақ халқының діни идентификация (бірегейлену) проблемасы күрделі және қайшылықты мәселеге айналғаны белгілі. Әйткенмен соңғы онжылдықтар ішінде қазақ халқының мұсылмандық бірегейлігі туралы жаңа көзқарасты жақтайтындар саны едәуір артты. Діни бірегейлену мәселесіне қазіргі заманғы әдістеме бойынша, әсіресе индикаторлардың құрамында қауымның өзін-өзі бірегейлендіру көрсеткішін алға тарту арқылы жүзеге асырады.

Кеңестік тарихнаманың таптаурын пікірлеріне, атап айтқанда, исламды тек отырықшы халықтармен байланыстыру, суфизмді исламға жат құбылыс деп қарайтын ескі дағдылар жатады. Алайда, тарихи ақпарат көздерінің баламалық дереккөздері болып табылатын қазақ этнографиясымен және дәстүрлі ауызша тарих материалдарына арқа сүйенсек, жаңа замандағы қазақ қоғамының мұсылмандық сипаты туралы пікірді негіздеуге болады [119]. Сонымен қатар ғылыми жұмыстың міндеттерін шешу үшін өркениеттілік және проблемалық тұрғылар қолданылды. Өркениеттік тұрғыдан Қазақстан ислам макро-

өркениетінің шеткі аймағына жататын көшпелі, түркітілді субмәдениет ретінде ортағасырлық дәуірдің өзінде Дар ул-исламға интеграцияланған деген тезисті ұстанамыз. Өйткені, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы Қазақ даласында еуропалық өркениетке бет бұру мен жалпы сауаттылық деңгейінің артуы қазақ қоғамындағы мұсылман дінбасыларының және зиялы өкілдердің рөлін арттырды.

Осы кезде көршілес аймақтармен тығыз байланыстар орнап, нәтижесінде жәдидизм ағымы қазақ даласында да кеңінен етек алды. Осы жағдайда зерттеуге тұжырым жасауда қойылған міндеттерді шешуде А.Дж. Тойнбидің ұсынған өркениеттілікке тән рухани-мәдени, ағартушылық факторларын ескере сипаттауда сол кезеңнің діні, мәдениеті, білімі қарастырылды [120].

Зерттеу жұмысында Қазақстанның ислам өркениеті және дін тарихына іргелі еңбектерімен зор үлес қосқан профессор Әбсаттар Дербісәлінің қазақ руханиятына қатысты ой-тұжырымдары негізге алынды. Мәселен, бұл тарихта, түркі-мұсылман әлемінде имам, ғұлама тұлғасының қаншалықты қадірлі болғанын негіздейтін құнды пікірлерді жатқызуға болады. Шын мәнінде кейінгі дәуірлерде Қазақстанның әртүрлі аймақтарында ағартушылық қызметпен айналысқан имам, хазірет, мүфти, ахун, ишандарды классик-ғұламалар – Қожа Ахмет Яссауи, Әбу Насыр әл-Фарабилердің тарихи мұрагерлеріне жатқызуға болады. Сол сияқты Ә. Дербісәлі мұрасында мешіттер мен медреселерді руханият субъектілерінің қызметімен тығыз байланыстырып қарастыру әдісін қолданды [121, 122].

Зерттеудің методологиялық негіздерін тарихилық, объективтілік, жүйелілік, пәнаралық синтез, антропологизм сияқты ғылыми таным принциптері құрайды. Тарихи құбылыстар, оқиғалар диалектикалық тұрғыдан қарастырылып, ғылыми зерттеудің анализ және синтез, индукция және дедукция, жалпы логикалық және сияқты әдістері, сонымен бірге деректерді ғылыми тұрғыдан сараптауда тарихи-салыстырмалылық әдісі, салыстырмалы талдау, типологизация, диахрондық тарихи салыстыру тәсілдері қолданылды.

Ғылыми жұмысты жазу барысында әртүрлі терминдерді қолдануда олардың түрлеріне және шығу тегіне аса мұқият карауды мақсат етілді. Орыс тілінде кездесетін кейбір ұғымдар мен мұсылман мәтіндеріндегімен, қазақ тілін нормаларымен де нақты сәйкестендіру үшін арнайы ізденіс жасап корреляция жүргізілді. Осы жерде «Оренбургское Магометанское Духовное собрание» ұйымы атауына қатысты түсініктеме беріп кету орынды болады. Батыс Қазақстан өңірі мұсылмандары қарамағына қараған осы діни-әкімшілік ұйымның патша заманындағы ресми атауы «Оренбургское Магометанское Духовное Собрание» болса, зерттеу барысында оның татарша, мұсылманша «Махкам-и шариййа исламиийа» деп аталғаны анықталды. Осыны негізге ала отырып диссертация мазмұнында құзыретті діни басқарманың атауын қазақ тіліне «Орынбор мұсылмандарының діни мекемесі» (ОМДМ) деп аудару дұрыс деп шешілді. Осыдан бұрын қазақ тілді зерттеулерде кең тараған «Орынбор мұсылмандарының рухани жиналысы» термині орыс-шіркеулік лексикадан тікелей аударылған сөзжасамдық калька екенін түсіну қиын емес. «Орынбор

мұсылмандарының діни басқармасы» деген мұсылманша «махкама» терминіне де, қазақы лексикалық тілдік нормаларға да толық сай келеді.

**Диссертация жұмысының деректік негізі.** *Деректердің бірінші тобына* Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мұрағаттарынан алынған құжаттар жатады. Атап айтқанда:

– Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының (ҚР ОММ) «Орынбор қырғыздарын (қазақтарын) облыстық басқару» қызметіне қатысты 4-қорынан, «Орынбор генерал-губернаторының кеңсесінің» 6-қорынан, «Торғай облыстық басқармасының» 25-қорынан, «Закаспий облыстық Маңғышлақ үйездік басқармасының» 40-қорынан, «Жетісу облыстық басқармасының» 44-қорынан, «Ішкі Қырғыз (Қазақ) Ордасын басқару туралы уақытша кеңестің» 78-қорынан, «Дала генерал-губернатор кеңсесінің» 64-қорынан, Е.С. Ысмайловтың жеке 1985-қорынан құжаттық деректер алынды.

– Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатындағы (БҚ ОММ) сақталған Бөкей облыстық Кеңесі атқару комитетінің 312-қорындағы ахун Ғұмар Караш туралы құжаттар, Бөкей губерниялық партия комитеті мен Бөкей облыстық съезінің 17-қорындағы хаттамалар мен баяндамалар және Ғ. Караштың Кеңес үкіметі тұсындағы өз қолымен толтырған тіркеу куәлігі пайдаланылды.

– Ресей Федерациясының Башқұртстан Республикасы Орталық мемлекеттік тарихи мұрағатының (БР ОМТМ) «Орынбор мұсылмандарының діни мекемесі» 295-қорындағы 10 мың беттік құжаттары мен метіркелік кітаптары тақырыпқа сай зерттеліп талданды. Онда 1871, 1890 және 1894 жылдары Бөкей ордасы бойынша мешіттер саны мен олардың қай уақытта салынғаны, қызмет еткен дінбасылар, жаңадан бекітілген имам-хатиб, молда, ахун, азаншылар тізімі; Уфадан діни сынақтан өткен дінбасылар; Орынбор мүфтилігіндегі Қазан төңкерісінен кейін қази қызметін атқарған ахун Ғ. Карашқа, әр ауылдағы халықтың саны, туу, өлім, некеге тұру, ажырасуға да байланысты бұрын ғылыми айналымға түспеген тың деректер қажетке асырылып диссертацияда пайдаланылды.

– Башқұртстан Республикасы Ғылыми академия орталығының Ғылыми мұрағатының (БР ҒАОҒМ) «Р. Фахретдиннің жеке мұрағатының» 7-қоры пайдаланылды.

– Ресей Федерациясының Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағатының (ООММ) «Орынбор әскери губернаторының кеңсесі» 6-қорындағы, «Орынбор губернаторының кеңсесі» 10-қорындағы, «Орынбор діни басқармасы» 172-қорындағы, «Орынбор және Орал епископының кеңсесі» 174-қорындағы, «Орынбор діни семинариясы» 177-қорындағы материалдар қарастырылды.

– Ресей Федерациясының Астрахань облыстық мемлекеттік мұрағатының (АОММ) «Мезенск земство сотының» 1632-қорының мәліметтері алынды.

*Деректердің екінші тобын* Ресей империясының XIX ғасырдың бірінші ширегі мен XX ғасырдың басындағы конфессиялық қатынастар саласындағы ресми жарияланған заңнамалық және басқа да нормативтік-құқықтық актілерінің жинақтары құрайды. Оның ішіндегі ең ерекше маңыздысы – осы

отаршыл мемлекеттің заңдарының толық жинағы болып табылады. Бұл қолданыстағы ресми жинақ алғаш рет 1832 жылы басылды және 1833 жылғы 31 қаңтардағы № 3 «Ресей империясының Заңдар кодексін жариялау туралы» Манифестпен заңның жарамды қайнар көзі болып бекітілді. Осыдан кейін шыққан заңдар 1916 жылға дейін жалғасын тапты.

Бұл құжаттарда империяның мұсылман тұрғындарының құқықтары мен міндеттерін бейнелейтін заңнаманың жеке баптары ерекше қызығушылық тудырады, атап айтқанда: 1) «Христиандар мен бөгде сенімдерінің діни істері жөніндегі Басқарудың жинағы мен ережелерінің» бірінші бөлігіндегі «Мұсылмандардың рухани істерін басқару туралы» бөлімдегі шетелдік конфессиялардың ішкі өмірі туралы құқықтық мәртебе мен жалпы құқықтық ережелерді анықтайтын материалдар [123]; 2) ОМДМ-нің қызметін реттейтін Заңдар кодексінің жеке бөлімдері [124, № 5033]. Православиелік емес христиандық сенімдерге, солардың ішіндегі мұсылмандарға қатысты заңдар Жинақтың басқа да бөлімдерінде де бар. Мысалы: а) мүліктік туралы заңдар басқа діни өкілдерінің құқықтарын анықтады [125]; ә) азаматтық заңдарда әртүрлі конфессиялардың арасындағы ерлі-зайыптылардың неке құру тәртібі белгіленді [126]; б) паспортқа байланысты Ережеде православие емес діни құрамдарға, оның ішінде Мекке мен Мәдинаға қажылық сапарына баратын мұсылмандарға төлқұжат беруге қатысты Ереже [127]. Ресми діни қатынастардың ескі үлгісі 1903-1905 жылдары түпкілікті өзгеріске ұшырады. Сонымен, 1905 жылғы 17 сәуірдегі «Діни төзімділік бастамасын нығайту туралы» негізгі Жарлықтың бірқатар баптары мұсылмандардың діни өміріне қатысты құқықтық актілерді қайта қарау қажеттілігін мойындады [128, с. 710-712].

*Деректердің үшінші тобын* біздің диссертация тақырыбымызға қатысты XIX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында жарияланған құнды құжаттар мен әр жылдары жарық көрген үзінділер жинақтары қамтиды, сонымен қатар олар патша өкіметі мен мемлекеттің ислам дініне қатысты саясатының ерекшеліктерін анықтайды [129, 130, 131, 132, 133, 134,135].

*Деректердің төртінші тобын* зерттеп отырған кезеңдегі мерзімді баспасөздер құрайды. Оларға 1) 1908-1917 жылдары Орынбор қаласында жарияланған ислам діні мен білімге, ұлттық мәселелерге арналған бірінші татар әдеби «Шура» журналы; 2) 1911-1915 жылдары Троицкіде шыққан ұлттық-демократиялық бағыттағы, сонымен қатар қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени саласындағы қазақ тілінде алғашқы жарық көрген «Айқап» журналының номерлеріндегі біраз мақалаларда діни сенім бостандығын қамтамасыз ету туралы талаптар ұсынылған; 3) 1911-1913 жылдары ағартушылық және демократиялық бағыттағы Орда мен Орал қалаларында қазақ, орыс және татар тілдерінде жарияланған «Қазақстан» газеті; 4) 1913-1918 жылдары Орынборда басылған жоғарыда көрсетілген салаға жақын «Қазақ» газеті; 4) 1917-1918 жылдары Хан Ордасында аптасына екі рет шығып тұрған «Ұран» газеті. Олардың беттерінде қажылар, ахун, хазіреттер туралы құнды ақпараттар жарық көріп тұрды.

*Деректердің бесінші тобына* жарияланған статистикалық мәліметтер, әсіресе 1897 жылғы Ресей империясының Батыс Қазақстандағы Орал облысын және оның барлық үйездерін қамтитын бірінші Бүкілресейлік халық санағы, соның ішінде халық саны, ана тілі мен діні туралы туындылар [136, с. 4-5, 50-57] кіреді.

*Деректердің келесі тобын* Орал облысының «Естелік кітаптары мен адрес-календарлары» құрады. Бұл құжаттардан ғылыми ізденіс тақырыбын тереңірек ашу үшін көп қырлы мағлұматтар алуға болады. Онда жарияланған мақалалар мен мәліметтерде облыстың саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени жағынан хабар жазылса, ал «Мекемелер және тұлғалар» тарауынан оқу-орындары мен діни қайраткерлер туралы ақпарат аламыз. Әр жыл сайын шығып отырған мәліметтер бізге діни тұлғалардың қызметтерінен, оқу-орындарындағы мектеп пен медреседегі бала санынан ақпар беріп статистикалық жүйе жасауға көмектесті [137].

*Деректердің жетінші тобын* жергілікті музейлердің мәліметтері:а) Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің «М. Ысмағұлов қорында» тарихи тұлғалар Ғұмар Караш пен Ғабдолғазиз Мұсағалиевтың қоғамдық өмірлеріндегі, әсіресе рухани-ағарту саладағы қызметін саралайтын дерек көздері; ә) діни тұлғалардың қызметін кеңінен ашуда Батыс Қазақстан облысының Хан Ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнографиялық музей-қорығы қорынан табылған мемлекеттік молдалардың төте жазу арқылы метіркелік кітаптарында қиылған неке туралы толық ақпараттары құрайды.

*Деректердің сегізінші тобын* діни тұлғаларды зерттеуде кітапханалардағы сирек қолжазбалар бөлімдеріндегі құнды құжаттар құрады. Атап айтқанда: 1) ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым Комитеті «Ғылым ордасы» ШЖҚ РМК-ның Ғылыми кітапханасындағы XVI-XX ғасырларды қамтитын бірегей сирек кітаптар, қолжазбалар мен әдебиет қорларындағы Ғ. Қараш туралы сақталған Х. Әжікеевтің, Ө. Бекетовтың, Ш. Бекмұхамедовтың естеліктері; 2) ҚР Ұлттық кітапханасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әл-Фараби кітапханасы, ҚР Орталық Ресми музейінің, сонымен бірге Н.К. Крупская атындағы Орынбор облыстық ұлттық кітапханасы және Х. Ямашев атындағы кітапхананың сирек қорлар бөлімдеріндегі мәліметтері дерек ретінде пайдаланылып, молынан қолданысқа түсті.

*Деректердің соңғы тобына* автордың ел арасынан жинаған этнографиялық мәліметтері және ауызша деректер негізінде дәстүрлі ислам өкілдерінің ұрпақтарынан сұхбат алу кіреді. Бұл мәліметтер негізінде ақтаңдақтардың рухани-ағарту саласындағы қызметі айқындалып, жаңа тың деректер алынды. Қазақстанның батыс өңірлерінен ел арасынан, жалпы саны 20 шақты тұлға-информаторлардан жинаған мәліметтер негізінен Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе, Жымпиты, Бөкей Ордасы, Казталовка аудандары, Орал қаласы (2017-2021 жж.); Атырау облысынан Атырау қаласы мен Жылыой ауданы (2017 ж.); Маңғыстау облысының Ақтау және Жаңаөзен қалалары (2019 ж.); Ақтөбе облысының Байғанин, Қобда және Темір аудандары

(2018-2019 жж.); Алматы қаласы бойынша (2017-2020 жж.) құнды ауызша деректер жиналып, тың мәліметтер алынды.

**Диссертацияның ғылыми жаңалығы.** Зерттелген кезең ішіндегі Қазақ даласында, атап айтқанда, оның батыс аймақтарында ислам мен дәстүрлі дін өкілдеріне қатысты іске асырылған империялық саясатты белгілі бір дәрежеде қайшылыққа толы деп анықтауға болады, яғни онда империяның либералды саясаты мен ислам дініне қарсы ресми-конфессиялық саясатының тетіктері мен қағидалары бір уақытта жүзеге асырылғаны айқындалды. Соған қарамастан жалпы қазақ қоғамында мұсылмандықұжымдық бірегейліктің жоғары дәрежеде қалыптасқаны, ислам дінін насихаттаушыларға қоғамдық сұраныс артып әрі жәдидизм ықпалымен діни-ағартушылық жаңа сапалық деңгейге көтерілгені анықталды. Нақты айтқанда:

1.Арнайы әрі жан-жақты зерделеу арқылы аймақтағы мұсылмандардың діни-рухани өмір тынысы империядағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар контексінде қарастырылып, Ресей империясының ОМДМ (Орынбор Мұсылмандары діни басқармасы) арқылы жүргізілген саясатының мазмұны Батыс Қазақстандық аймақтарға қатысты жаңа мұрағат материалдарын ғылыми айналымға енгізу арқылы тереңдетіліп ашылды.

2.Аймақтағы діни-рухани үдерістер мен дәстүрлі ислам өкілдерінің қызметін нақтылау барысында олардың шартты түрде ресми және бейресми топтар деп бөліп қарастыру сыннан өтті (апробацияланды). Дін қызметшілеріне, облыс, губерниялар, уездер мен қазақ ауылдарында молдалардың оқу-ағартушылық, шариғи үкімдерді орындау, т.с.с. қызметіне қатысты ҚР, Ресей Федерация мұрағат қорларындағы құжаттар жинағы мен сирек кітаптар мәліметтері мемлекетшіл молдалардың қызметін нақтылауға негіз болды.

3.Бөкей ордасындағы діни кадрлардың ерекшеліктері, олардың саны мен қызметі бағыттары, мешіттер жайлы құнды мәліметтер жинақталып, Ішкі ордадағы ықпалды ахундар топтары алғаш рет зерттелді. Өз кезегінде, бұл жайт аталған аймақтағы діни тыныс-тіршіліктің өзге аймақтармен салыстырғанда, ерекше болғандығы, яғни ислам дінінің халықтың арасында қарқынды түрде жайылғаны туралы пайым жасауға мүмкіндік туғызады.

4.Дәуірдің өтпелі сипатына байланысты дәстүрлі діни кешеннің біртіндеп діни-реформаторлық кешенімен алмастырылуының заңдылықтары зерттеліп, діни және зайырлы білімнің ортақ құндылықтары айқындалды. Жаңа медреселер түлектерінің, яғни жәдитшіл тұлғалардың есімдері мен саналуан қызметі тарихи зерттеулер мен дереккөздер, соның ішінде араб харпіндегі «Қазақ», т.б. ұлттық басылымдарда жарияланған материалдар негізінде нақтыланып, жүйеленді.

5.Діни-реформаторлық бағытты ұстанған Ғұмар Караш және Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің өмірбаяны мен қызметі жаңа ракурспен, атап айтқанда, мұсылмандық қозғалыс, мектеп-медресе реформасы, халықаралық мәдени байланыстар контексінде қарастырылып кеңейтілген тарихи баға берілді. Башқұртстан мемлекеттік тарихи мұрағатындағы «Орынбор мүфтилігі» қоры

мен БҚ ОММ қорларындағы құжаттарды салыстырмалы талдау Ғ. Караштың ұлт тарихындағы рөлін нақтылауға негіз болды, халықаралық ғылыми ортаға тұлға жайлы жаңа тұжырымдар ұсынылды.

6.Қазақстанның батыс аймақтарындағы «халықтық ислам» өкілдерінің жеке тұлғаларын зерттеу аймақтық ислам туралы тезисті нақтылауға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан этнографиялық және мұрағаттық материалдар негізінде өңірдегі медресе мен мазарлар тарихын діни қызмет нысандары ретінде зерттеу нәтижесінде бірсыпыра жаңа фактілер мен заңдылықтар ашылып, мешіттерде қызмет кеткен тұлғалардың саны, лауазымдары, түркі-мұсылман халықтары арасындағы мәдени байланыстар, т.с.с жөнінде қорытындылар жасалды.

7. Қажылардың ағартушылық рөлі талданып, Қазақ даласының батыс аймақтарынан қажылыққа бару мәселесі империя саясаты және «қазақ көзқарасы» тұрғысынан да зерделенді. Мұрағат қорларындағы көптеген құжаттар мен қазақтың дәстүрлі дереккөздер материалдарын салыстырмалы талдау қажылардың исламның дәстүрлі және белгілі бір дәрежеде реформаторлық бағыттарын жақтаушылар әрі насихаттаушылар болғаны жайлы жаңа ғылыми тезисті алға тартуға мүмкіндік береді.

8. Қазақ ауылдарында қызмет еткен ишан-хазіреттердің өмірбаяны, дүниетанымы, шариғат пен сопылықты насихаттауы, тәуіптік (емшілік), әлеуметтік-психологиялық, ұстаздық, қоғамдық-саяси қызметі мазмұнына қатысты жаңа авторлық этнографиялық материалдар ғылыми айналымға енгізілді. Діни көшбасшының жиынтық портреті мен рухани қызметін қалпына келтіруге бағытталған зерттеу тәжірибесі ұлт тарихын шынайы тұлғаландыру («антропологизациялау») бағытындағы жаңа мүмкіндіктерді ашып көрсетті.

**Жұмыстың ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы.** Диссертация жұмысы материалдарын қазақтардың жаңа кезеңі тарихын және XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының рухани-мәдени, ағарту саласын зерттеу барысында пайдалануға болады. Сондай-ақ, диссертацияның ғылыми нәтижелерін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДМ) қызметкерлері, сол сияқты дінтанушы мамандар, оқытушылар рухани ағартушы саласында жүргізілетін арнайы дәрістер мазмұнында қолдана алады.

**Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар**. XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның батыс өңіріндегі дәстүрлі ислам діні тұлғаларының рухани-ағарту саласындағы қызметін зерттеуге байланысты дисссертацияда негізделген тұжырымдар:

1.Ресей патшалығының «Орынбор мұсылмандары діни басқармасын» («Махкам-и шариййа исламиийа») Қазақ даласына мұсылман дінбасыларының ықпалын күшейту құралы ретінде пайдаланып ол арқылы өзінің стратегиялық мақсаттарға жетуді көздегені қазіргі заманғы тарихнама контексінде зерттеліп, осы саясаттың қайшылықты болғаны анықталды. Кейіннен, әсіресе XX ғ. 80-90-шы жылдардан бастап өкімет қазақтарды Орынбор мүфтиятынан шығарып тастап өзінің миссионерлік саясатын жүзеге асыруға көшті. Осы тұрғыдан татар молда-ахундарының Қазақ даласында діни қызметінің қайшылықты тұстарына

қарамастан жалпы алғанда, түркі-мұсылмандық құндылықтарын нығайту тұрғысынан ОМДМ маңызды тарихи рөл атқарды.

2.ОМДМ-нің заң аясында мұсылман дінбасыларына ресми діни атақ беруде қазақ қоғамында алатын орны мен қызметі аймақтық тарих материалдарымен бағамдалды. Нөмірі 295 «Орынбор мүфтилігі» қорында (Уфа, Башқұртстан) ашылған Батыс Қазақтандағы діни қызметкерлерге қатысты тың мәліметтер, олардың іс қағаздары, «метрике» құжаттары, неке-отбасы мәселелерін реттеу, т.с.с бағыттағы жұмыстарды мұқият атқарғанын ашып көрсетеді.

3.Зерттеу барысында Бөкей Ордасындағы діни үдерістердің, конфессиялық құрылымдардың ерекшеліктері анықталды. Жәңгір хан негізін салған дәстүрлі исламды қолдау саясатының маңызы өңірде мешіт-медресе салу, молдаларды, соның ішінде қазақ қожаларынан шыққан діни тұлғаларды белсенді қолдау, мемлекет саясат, ұлттық ерекшеліктер мен заманауи талаптарды бірдей ескере отырып этноконфессиялық бірегейлікті нығайту болды. XIX ғ. екінші жартысына қатысты осы аймақтағы мешіттер саны, діни тұлғалар санының, категорияларының өсу динамикасы байқалды.

4.XX ғ. бас кезінде мұсылмандық жәдитшілдіктің таралуының тарихи маңызы зор болды. Батыс Қазақстан аймағымен көршілес Қырым, Кавказ, Еділ-Орал өңірімен, тіпті Стамбул, Каир сияқты алыстағы ислам орталықтарымен ежелден орнаған тарихи байланыстары мұсылмандық реформаторлық қозғалыстың кең таралуына негіз болды. Осы кезеңде қауымның діни-конфессиялық өмірінде қадимшіл (дәстүрлі) және модернистік үрдістер бір уақытта орын алып бір-бірімен диалектикалық байланыста дамыды. Дегенмен қазақ ауылдарында дәстүрлі құндылықтарды жақтаушы діндарлар басым болды.

5.Аймақтан шыққан белгілі зиялы тұлғалардың жәдидизм аясындағы ағартушылық қызметі өзгеше рухани құбылыс деп бағаланады. Олардың ішінде Ғ. Караш, Ғ. Мұсағалиев сынды тұлғалардың өмірі діни-реформаторлық үдерістер контексте қайта қарауды қажет етеді. Осы күнге дейін Ғ.Караш пен Ғ.Мұсағалиевтің мұрасы көбінесе әдебиет, журналистика, философия аясында зерттеліп келді. Мұрағат құжаттары Ғұмар Караштың діни маман, ахун ретіндегі қызметінің, сонымен қатар «Алаш» қозғалысының құндылықтарын ислам дінімен синтездеуі, заман талабына сай мұсылмандардың өмір салтына сыни тұрғыдан қарауды ұсынғаны ұлттық мұраға қосқан теңдесіз үлесі болып табылады. Шариғат білгірі, Каирдағы «Әл Азһар» теологиялық университетінде оқыған Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің мұрасы фактографиялық және теориялық жағынан жан-жақты зерттелуі тиіс. Диссертацияда қайраткердің шығармашылығын ислам өркениеті контексінде қарастыруға жаңа ракурс апробацияланды.

6.Дәстүрлі ханафи исламының өкілдері «указной»/«указной емес», яғни ресми лауазымы бар және бейресми «халықтық ислам» өкілдері болып екіге бөлінуі отарлық саясаттың салдарынан туындаған еді. Халық арасынан шыққан аймақтағы ишан, хазірет, қалпелердің қызметтері әсіресе мешіт-медресе және

қасиетті саналатын мазарлармен тығыз байланыста болғаны дәлелденді. Аймақтағы мешіттер мен медреселерге қатысты тарихи-этнографиялық материалдар діни қайраткерлердің халықтың тарихи жадында өшпес із қалдырғанын ашып көрсетті. Әсіресе сопы-ишандардың беделі ерекше жоғары болғаны расталды. Дегенмен, дін қызметкерлерінің саны, лауазымы, өзара және зиялылармен қарым-қатынастары, этникалық, әлеуметтік мәселелері әлі де тереңірек зерттеуді, нақтылауды қажет етеді.

7. Қазақ қажысын потенциалды бейресми дін насихаттаушысы ретінде қарастыру әдістемесі Ресей патшалығының мұсылмандарға қажылық парызын орындауларына тосқауыл қойғандығын, алайда Мекке-Мединеге бет алғандардың саны жыл сайын арта түскені, сол сияқты жеке қажылардың ел ішіндегі абыройы биік болғанын көрсетеді. Өңірден қажылық сапарға аттанған мұсылмандар азаматтық белсенділігі жоғары, саналы тұлғалар ретінде танылған. Дәстүрлі ислам құндылықтарын Қазақ Даласында кеңінен насихаттау бағытында аймақтан шыққан әйгілі Досжан қажы сынды тұлғалардың қызметі қоғамдық-идеологиялық сипатқа ие болу белгілерімен ерекшеленді.

8. Есімдері аңызға айналған Ержан-ишан, Досжан-ишан, Жұмағазы-хазірет, Жұмағали ахун, Бекмұхамет қалпе, Әйіп қажы сияқты діни тұлғаларды толыққанды тарих субъектілері ретінде бағалауға ғылыми негіз жасалды. Қазақстанның батыс аймақтарында ислам дінінің аса ықпалды және интегративті фактор болғаны одан әрі негізделе түсті. Пәнаралық зерттеу халықтық ислам өкілдерінің санқырлы қызметін ашып көрсетеді. Олар шариғат үкімдерін орындаумен айналысты, халықтың сауатын ашып, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие берді, мешіттер мен мектеп-медреселер ашу және кейде оларды басқару, қаржыландыру ісін де атқарды, діни тақырыпта қолжазба, кітаптар жазу, емшілік-тәуiптік қызмет көрсету, қайырымдылық жұмыстарды ұйымдастыру, сол сияқты ишан-хазіреттер мұсылман қауымының бірлігін қамтамасыз ету мақсатында мәмілегерлік, медиация қызметін де атқарғанын да (мысалы, «Алаш» қозғалысын қолдау.) тарихи мағлұматтар растайды.

**Диссертациялық жұмыстың нәтижесін апробациялау.** Диссертация тақырыбы бойынша 14 мақала жарыққа шыққан. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары 2017 жылы «Ғасырлар тоғысындағы Алаш идеялары» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы материалдарында, 2018 жылы өткен «ІІІ-і Арғынбаев оқулары. Қазіргі заман этнография ғылымы және оның қоғамдық жаңғырудағы рөлі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында, 2018 жылы «Қазақ тарихына жаңа көзқарас» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағында; 2018 жылы Түркия Республикасы Балыкесер қаласында өткен «Uluslararası Türk kültürü ve medeniyeti kongresi»атты халықаралық симпозиум ғылыми конференциясында; 2019 жылы Түркия Республикасы Балыкесер қаласында өткен «Kuva-yı mılleye-şehrı uluslararası sempozyumu»атты халықаралық симпозиум материалдары жинағында; 2020 жылы Анкарада өткен «Uluslararası Kültür ve Sanatı sempozyumu» атты халықаралық симпозиум материалдары жинағында; 2020 жылы Анкара қаласындағы «Türk Yürdü»ғылыми

журналында, сонымен бірге «ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы», «БҚМУ Хабаршысы. Тарих сериясы», «ҚазҰПУ Хабаршысы. Тарих сериясы», «Отан тарихы» сияқты БҒСБК тізіміндегі республикалық журналдарда және«Milli Folklor», «Gazi Akademik Bakış Dergisi» атты Скопус базасында (SJR 0.123) тіркелген халықаралық журналдарда жарияланды.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлдануы:** Диссертацияның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары ғылыми мақалалар түрінде жарық көріп, бірнеше халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалды. Зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетініңҚазақстан тарихы кафедрасында дайындалды.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы:** іріспеден, әрқайсысы үш бөлімнен құралған үш тараудан және қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

# 1 РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ӨЛКЕДЕГІ ИСЛАМҒА ҚАРСЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ДІН ТҰЛҒАЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

## 1.1 Ресей империясының исламға қатысты ұстанымдары

Қазақстанның батыс өңірі XIX ғасырдың екінші жартысында әкімшілік-территориялық жағынан Ресей империясының шеткері отарлық аймағына айналғаны баршаға аян. Отаршылдық саясатының салдарлары ретінде тұтас қазақ даласы әскери-саяси бақылау торабына еніп, Батыс Қазақстан өңірі Орал мен Орынбор әскери шептеріне, сонан соң Орынбор шекаралық комиссиясына (1799-1859 жж.) тәуелді етілді. Аймақтың жергілікті халықтарының еңсесін төмендету үшін «бұратана» халықтары деген атау қойылып, рухани-мәдени жағынан империя заңдарына бейімдеу шаралары жүзеге асырылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында саяси-әкімшілік реформаларына байланысты қазіргі Қазақстанның батыс өңірлерін мекендеген қазақтар жаңа әкімшілік құрылымға енді. 1867-1868 жылдарда жүзеге асырылған реформалары отаршылдық әкімшіліктің қазақ даласын қарқынды игеруге, сондай-ақ құрылымдық жағынан патша заңына кіріптар етуге арналды. XIX ғасырдың 90-шы жылдары жүргізілген екінші әкімшілік реформалардың қорытындысы бойынша Қазақстан аумағы әкімшілік жағынан Орынбор (Орал мен Торғай облыстары), Батыс-Сібір, Түркістан генерал-губернаторлықтары, Астрахань губерниясы (Бөкей ордасы енген) мен Кавказ әскери округы (кейін Маңғышлақ приставасы енген Закаспий облысы) арасында бөліске салынды.

Қазақстан жері тұтастай патшалық биліктің еншісіне енгеннен кейін, жергілікті әкімшіліктің міндетіне отарланған халықты рухани тәуелділікке түсірудің әдістері әзірленді, жаппай орыс мәдениетін еңгізу шаралары жүзеге асырылды. Патшалық биліктің мәдени саладағы өзгерістерге қарсы дәстүрлі мұсылмандық білім мен жергілікті халықтың наным сенімдері оғар қарсы қорған іспетті тұрды. Осы жағдайға байланысты жергілікті орыс әкімшілігі исламға қарсы саясатты қатаң түрде жүргізе бастады. Сол себепті бірінші тараудың бұл тараушасында Ресей империясының аймаққа бағытталған исламға қарсы ұстанымдары сараланып, жаңа деректер ғылыми айналымға тартылып талданды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанды басқару жүйесі Ресей империясына интеграциялауға мақсатталған «ерекше» әкімшілік-аймақтық бөлініспен және әкімшілік-отаршылдық аппаратты құрастырудың сәйкес жүйесімен сипатталды. Қазақ далаларының аймақтары басшылықта отаршылдық басқарудың тармақталған аппараты тұрған, өз кезегінде бірқатар әкімшілік-аймақтық бөліктерге бөлінген үш генерал-губернаторлық арасында бөлініске салынып, әрбірі орталықтан келген мәдени заңдарды өз бетінше жүргізді. Бұл реформалар бойынша қазіргі Қазақстанның батыс өңірі екі генерал-губернаторлық арасында, ал қазақтар қоныстанған басқа бірқатар аймақтар өзге әкімшілік құрылымдарға енді. Атап айтқанда Бөкей ордасы мен Маңғыстау түбегі тиісінше Астрахань губерниясы мен Оңтүстік Кавказ өлкесінің арасында бөлінді [138, с. 81].

Қазақстанда (Ішкі Орда мен Маңғышлақ приставствосын есепке алмағанда) облыстардың бас басқармасы (басшылықта генерал-губернатор), облыстық басқармалар (басшылықта әскери губернатор), үйездік және жергілікті басқармалар құрылды. Патша үкіметі Қазақстанда 1867-1868 жылдары жүргізген әкімшілік құрылымның реформасының ресми-саяси мәні өлкені ресейлік капитализмнің отары ретінде біржола заңнамалық рәсімдеуге негізделді [131, с. 291-292].

Қазақ елінің рухани-мәдени, діни-конфессиялық жағынан алғанда жергілікті қазақтар Орта Азиямен тығыз байланыста болып, ханафи мазхабы мен сопылық негізінде дамыды және дәстүрлі ислам моделін ұстанып келді [78]. Ғылыми зерттеулерде аймақтық бөліс жүзеге асырылғаннан кейін, Қазақстанның батыс өңірі діни-конфессиялық жағынан өзіндік ерекшеліктерімен белгіленді. Қазіргі Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарын қамтыған территорияның патшалық кезеңінде империяның саяси орталығына жақындығымен татар, башқұрт, Кавказ, Қырым мұсылмандары орналасқан аймақтармен шекаралас немесе жақын орналасып тығыз қарым-қатынаста болуы бұл өңірлердегі діни дәстүрлерге, сөзсіз, өзінің ықпалын тигізіп отырды [139].

Концептуалдық плюрализмге, көптеген дискуссиялар мен қайшылықтарға қарамастан Ресейдің Қазақстанға қатысты саяси, экономикалық, сол сияқты жалпы мәдени саясаты отандық және шет елдік тарихнамада бірсыпыра зерттелуге арқау болды. Ал, Ресей империясының құрамындағы түркі-мұсылман халықтарына, соның ішінде діни тұлғалар мен дін кадрларына қатысты саясаты әлі де толық ашылмай келеді деген тұжырым жасауға болады. Мәселен, саясаттың қазіргі заманғы Қазақстанның әртүрлі аймақтары тарихына байланысты ерекшеліктері, сол сияқты империяның «өркениетті» ислам моделі мен дәстүрлі қазақы ислам өкілдерінің арасындағы қайшылықтар мәселелеріне толықтай ғылыми баға берілген жоқ десек қателеспейміз.

Алайда, қазіргі заманғы ғылыми зерттеулерде Ресейдің империялық діни саясаты негізінен шекаралас Еділ-Орал өңіріндегі түркі-мұсылман, әсіресе татарлар мен башқұрттардың тарихына қатысты талданып, Қазақстан территориясына жете көңіл бөлінбей жатады. Сонымен бірге қазақ этносынан шыққан бейресми молда-ишандардың, қожалардың империя саясатына көзқарасы және олардың қызметі анықталмай келеді. Айталық, Бөкей Ордасындағы діни-ресми қарым-қатынастар моделі жалпыресейлік ережелерден өзгеше дамыды және дін мен модернизмнің жақындауын жақтаған Жәңгір хан дәстүрлі дін өкілдері – қожалар эгидасымен дамыған орта-азиялық исламды да жоққа шығармай, халықаралық мәдени байланыстарды қолдап отырды.

Ғасырлар бойы ислам Ресей тарихының құрамдас бөлігі болып келді. XX ғасырдың басында Ресейде ислам дінін ұстанатын мұсылмандар саны 25 миллион адамнан астам еді. Олардың арасында бірінші орында қазақтар тұрды, статистикалық есептер олардың санын 3 236 394 деп көрсеткен [89, с. 126].

Патшалық Ресейдің Қазақстандағы дін мен діни қызметкерлерге қатысты саясаты шартты түрде бірнеше кезеңдерден тұрды. Әдетте іргелі зерттеулер мен жинақтарда империялық саясаттың күрделілігі, қайшылығы айтылса да белгілі схематизм үстемдік етті. Ал шын мәнінде Ресейде дін саясаты ешқашан бір бағытты, біркелкі болған емес деп атап көрсетіледі [140, p. 11-12].

Ресей империясының Еділ татарлары арқылы Қазақ даласына ресейлік модельге жақын өркениетті исламды таратып, оны Орта Азиялық дәстүршіл, кертартпа діни модельге қарсы қою керек деп есептеді [85, с. 483-486]. Мұрағат құжаттарының арасынан зерделенген миссионерлердің жылдық есептерінде қазақ елімен қарқынды, ұзақ мерзімді және тікелей байланыс жүргізілгендігі айтылады. Орынбор мұрағатында сақталған деректе Қазақ даласы мен ауылдарына миссионерлік сапарлар кезінде қазақтарды православие дініне кіріптар ету мен қазақ тіліндегі православтық басылымдар пайдаланылғандығы айтылады. Мұрағат деректерінде Ішкі Ордадағы зұлым пікірлерді таратушылар және орыс-православие дұшпандары деп саналған молдалар, ишандар, судьялар, даладағы татар-түрікпен және бұқарлықтардың исламды нығайтуға күш салуда деп атап өтіледі. Мұндай жағдайға сақтықпен қарауды жөн санаған миссионерлер, олармен күрес жүргізу қажеттігін жіті қадағалап отырған [141, 57-п.].

Ресей өкіметіне XIX ғасырда жан-тәнімен беріліп қызмет еткен молдалардың бірі – Батырхан Шағимарданов В.В. Григорьевке жазған рапортында өз сөзімен айтқанда «біріншіден, Бог... екіншіден, .... Пайғамбар .... үшіншіден, Ұлы государь» деген формуланы империяға тәуелді етілген діни қызметкерлер (мемлекеттік молдалар, мүфтий, ахундар) атынан жеткізгендей болды [142, 4-п.]. Осыған сәйкес белгілі ғалым Роберт Круз өзінің «Пайғамбар мен патшаға тағзым» (For Propher and Tsar) монографиясында Қазақ даласындағы діни-конфессиялық саясаттың бір сарынды болмағанын назарға аудартады [66].

ОМДМ-нің 1788 жылы 22 қыркүйекте империялық бұйрықпен Уфада Қазан татарлары молдаларынан тұратын және оларды тағайындау мен қоса діни мансап үміткерлерін тексерумен айналысатын мүфти төрағалық ететін мекеме болып бой көтерді [143, т. XXII, № 16710]. Кейін 1797 жылдан бастап 1918 жылға дейін аталмыш құрылым Орынбор мүфтилігіне ауыстырылды [79, б. 21-23]. Бұл ұйымдарды құрудың мұсылман қауымына және көршілес қазақтарға үкіметтік бақылау құру сияқты саяси есебі және империялық басшылардың ислам мен мұсылман татарларын Орталық Азияға қоныстандыру ниеті себеп болды. Бұл әрекеттер, жалпы, Ұлы Екатеринаның саясатымен сәйкес келді, ол діни төзімділік идеяларына мүмкіндік беріп, сондай-ақ діни өмірге және діни институттарға үкіметтік бақылау орнатуға бағытталды [140, p. 15-16].

Айта кету керек, тіпті ОМДМ-нің тұсында да көптеген өңірлерде үкіметтік мекемелерге тәуелді болмаған және ресми молдалармен қатар өздігінен қызмет еткен молдалар мен ишандар басқарған мешіттер жұмыс істеді. Нұсқауларды орындау үшін орталықтан барон А.О. Игельстром

жергілікті басшыларға нұсқаулық жүргізу үшін өз қызметкерлерін бұхарлықтардың осы жерлерге келуі жағдайында олардың ойларының жүзеге асырылуына жол бермеу мақсатында бағыттады [144, с. 73-74]. Алайда округтардың кең аймағы (XX ғасырдың басында Орынбор мүфтиятының құзыреті Орталық Ресейдің, Орал-Еділ бойы мен Сібірдің 84 губерниясында, 5 облыс, 6 басқарушы қалаларға таралды, ал Таврида басқармасының округтеріне Батыс өлкенің 10 губерниясы, Севастополь мен Керчь-Еникалдық басқарушы қалалар кірді) кейбір мүфтилердің мұсылмандық дін ілімі мен құқығы сұрақтарында білімінің жетіспеушілігі, биліктің жоғары мұсылмандық діни мекемелерге көрсеткен қысымы мүфтияттардың қызметінің тиімділігін төмендетілді [26, с. 281-286].

1822 жылғы Сібір қазақтары туралы Жарғы қазақ қауымына молдалар тағайындау талабын енгізіп, заңдастырды және жергілікті әкімшілікке округтік бұйрықпен мешіттер мен діни мектептердің құрылысын міндеттеді. Патша үкіметі қазақтарды дін істері жөнінен басқаруды Орынбордағы татар мүфтилігіне тапсырды. Патшаның қолдауымен татар молдалары қазақ даласында діни әдебиетті кеңінен таратты. Қазақстанда исламның таралуына ықпал етіп және отаршылдық саясатты өз мүддесіне қарай қолдаған патшалық державасы дінге саяси көзқарас тұрғысынан қарады [145, с. 63-64].

ОМДМ-нің жанында сынақтан өткен молдалар Орынбордағы губерниялық басқарманың жарлығын алғаннан кейін Қазақ даласына жол тартуға рұқсатын алды. Олар империяның мұсылмандық діни әлеуметтік иерархиясында ерекше орынға ие еді. Ресми тіркелген мұсылман діни кадрларды азаматтық шенеуніктер тағайындады, ал Ресейдің ресми өкілдері оны бекітетін. Олардың қызметі дәстүрлі исламды уағыздаумен шектелмеді. Татар молдалары түркі-мұсылман халықтарын заңға бағыну мен ресейлік империялық таққа адал болуға тәрбиелеулері мәжбүр еді.

Этникалық шығу тегін алсақ, ресми қызмет атқарған молдалар негізінен Қазан губерниясы мен Орынбор губерниясының Сеитов посадының татарларынан, жерлері қазақтардың табын, тама, жағалбайлы, жаппас руларының қоныстарымен шекаралас орналасқан 6, 9, 12-кантондар башқұрттардан; 1, 3-кантондар мищарлардан құралды. Орынбор облысының ресми мұрағатында 1800-1820 жылдары Қазақ даласына Орынбор губерниялық басқармасы жіберген молдалардың атаулы тізімі сақталған. Осы құжатқа сәйкес Батыс Қазақстан аймағына мищарлық 3-кантоннан 5 адам, башқұрттық 9-кантоннан 17 адам жіберілген еді [83, с. 147 ]. Осы деректе сүйенетін болсақ аймаққа қарай жіберілген дін қызметкерлері астыртын түрде империяның тапсырмаларын мүлтіксіз орындаған және осыған сәйкес жергілікті халықтың мәдени-саналық деңгейін зерттеп, тиісті әкімшілік органдарға ақпараттық хаттарды жіберіп отырған. Сонда шекаралас аймақтарда орналасқан қазақ ауылдарында жіберілген татар-башқұрт молдалары тыңшылық қызметін қатарынан жүргізді.

Орынбор шекара комиссиясынан жолданған деректерде 1851 жылдың өзінде батыс өлкесінде жиырмаға жуық молдалар болған. Ең көп кездесетіні

Бөкей Ордасында тіркелді және олар рудың санына қарай бөлініп отырды. Мысалы, 16 рулық бірлестікке 1-26-дейін молдалар болды.

Қазақ даласындағы исламның таралуынан бастапқы кезде оның екі тұсын байқауға болады. Ресей әкімшілігі қазақтардың сенімдерінде ежелгі шаманистік діндердің қалдығы мен мұсылман элементінің бар екендігін ұғынып, соған қарай саяси ұстанымын жоспарлады. Л.А. Словохотовтың көзқарасы бойынша қазақтар «өзінің бұрынғы пұтқа табынушылық дінін біртіндеп ұмытып, исламның белсенді жүргізушілерінің бірі – татарлар мен сарттардың фанаттық ықпалымен мұсылман бола түсуде. Исламның бұл қу агенттері айла-тәсілдері арқылы алыстағы қазақ болыстарымен ауылдарына еніп, мұсылман ілімдері бойынша ең жақсы маман ретінде халық арасында үлкен ықпалға ие болды. Қазіргі уақытта ислам Қазақ даласына екі жағынан: Қазан мен Бұхарадан кең толқынмен барады. Оның үстіне қазақтардың мұсылман жоралғылары көптеген жағдайларда пұтқа табынушылықтың қалдықтарымен араласады деген күдікпен діни саясатын жүргізеді» [146, с. 33-34].

Шекаралық комиссияның анықтауынша 1851 жылы Кіші жүз жерінде әр қашықтықта 17-20 молда өз қызметін атқарды [83, с. 149]. 1850-1852 жылдар аралығында Статистикалық кеңесшісінің мәлімдеуі бойынша Бөкей Ордасында діни ахуал туралы былай делінген: «Қазақтар мұсылмандық сенім бойынша сүннит бағытын ұстанады. Барлық Ордада 128 мешіт болса, оларда 1 ахун және 130 молда бар» [147, 28-п.]. Еділ бойындағы татарлар арасынан шыққан Қазақ далаларындағы молдалар XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында шекаралық облыстардағы бірбеткей көшпенділерді «өркениеттендіруге» тырысып ресейлік империялық ықпалды насихаттаушылар қызметін атқарды [63, с. 51].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресейдегі мұсылмандардың өмірін қадағалау ІІМ-нің қарауына қаратылды. Нақты айтқанда 1880 жылы 6 тамызда құрылған бұл мекеме «бұратаналарға» қатысты бой көтеріп, полиция департаменттерінің құзырына жатқызылған. Олардың міндеттеріне мұсылмандар өмірінің барлық мәселелері: ғибадатханалар, көшіп-қону, шетелдік төлқұжат беру, кітап шығару және т.б. кірді. Негізінен үкіметтің дін саясатын жүргізу әр облыстардың губернаторларына тапсырылған еді. Олар үкіметтің дін саясатын ұстанып, исламның нығайып таралуына тосқауыл қойып отырды [88, с. 80].

Құжаттар бекітілген жағдайда Орынбор мүфтияты болашақ діни үміткерге император жарлығына және басқа да талаптарға сүйеніп қажетті куәлікте діни атақпен қатар мүдәрріс немесе мұғалім деген ұстаздық атақ беретін. Осылайша «ресми» және «ресми емес» молда түсініктері пайда болды. Яғни жарлыққа кірмеген молдаларды штаттан тыс шығару туралы өкім берілді. Сонымен, Ресей тарихында алғаш рет ислам мешіттік және мешіттен тыс, яғни ресми және бейресми болып жіктелді. Оның әлеуметтік нәтижелері елеулі із қалырып отырған. Белгілі бір себептермен жарлықты молдалар тізіміне кірмегендер, айталық, Уфаға жетуге қаражаты болмай немесе белгілі бір саяси

себептермен орыс өкіметімен байланыс орнатқысы келмей, қызметін астыртын түрде жүргізуге мәжбүрленді [148, с. 51-52].

XIX ғасырда ресми молдалар мен ахундарды Ресей өкіметі тек дін таратушылар деп қана емес, сонымен қатар оларды тыңшылар, құпия саяси мәліметтер жинауға қойылған шенеуніктер ретінде пайдаланды. Мәселен 1853-1854 жж. Орынбор шекара комиссиясының төрағасы В. Григорьев пен молда Батырхан Шағимардановтың хаттары назар аудартады. Оның негізгі мазмұнында, Б. Шағимарданов өкіметтен үнемі Хиуа жеріндегі жағдайдан, Есет батыр көтерілісі туралы, т.б. құпия түрде қажетті мәліметтер алып тұрған, бұл туралы мұрағат құжаттары растап отыр [142, 6-п.].

Қазақстанның батыс өңірлерін діни-конфессиялық және тарихи тұрғыдан қарастырғанда Бөкей Ордасына тоқталып өткен орынды. Себебі, бұл хандықта белгілі деңгейдегі саяси дербестігіне байланысты империялық діни саясат принциптері толық сақталмады. Жалпы, исламның таралу дәрежесі бойынша Бөкей Ордасы XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанның өзге өңірлері арасында көзге түсті. Әсіресе жергілікті тұрғындардан, қожалардан құралған дінбасыларға негізделген дәстүрлі исламның нығаюы Жәңгір ханның (1823-1845 жж.) кезінен байқалды. Қазақтың атақты ағартушы-ханы Орынбор мүфтиінің қызы Фатима ханымға үйленгені белгілі. Қазақстан мен Еділ-Орал мұсылмандары бір рухани кеңістікке бірігуіне хан әулетінің Ресей мүфтийімен тығыз байланыста болғаны да әдеуір әсер еткен сияқты. Жәңгір хан дәстүрлі исламның құндылықтарына жүгініп, өз билігін нығайтуға тырысты. Жәңгір, Ордаға белгілі татар молдаларын шақырып, бірнеше адамды Астрахань, Қазан мен орта-азиялық хандықтардағы медреселерге оқуға жіберген. Осыған байланысты А.В. Терещенконың «Внутренняя Киргиз-Кайсацкая орда» атты еңбегінде Жәңгір ханның империялық конфессиялық саясатқа толық сәйкес келмейтін өзіндік діни саясаты болғанын былай деп жеткізеді: «Ислам дінін, сүннизм ағымын ұстанатын қазақтар. Ұзақ уақыт бойы оларда бірнеше қазандық молдалардан басқа дінбасыларынан қажетті адам саны жетіспеді, бірақ Жәңгір өзінде қазақтардан дінбасыларын құрау үшін барынша тырысты, сондықтан ол өз Ордасының әртүрлі жерлерінде тұрған балаларды да, ересектерді де Орынбор мектептері мен үздік молдаларға оқуға берді. Жиырма жылдық тырысуы бойында ол мақсатына жетті: киіз үйлер мен басты мешіт жанындағы молдаларды туа біткен қазақтармен алмастырды. Қазіргі таңда Орда жанында бірнеше молдасы бар ахун, ал Ордада 170 үйге бір-бірден 139-ға жуық молда бар» делінген [132, с. 861].

Белгілі тарихи кезеңдерден кейін діннің әлсіреп кетуіне байланысты қазақтардың арасында дәстүрлі исламды орнату үшін Жәңгір халыққа қажетті іс-шаралар жүргізген. Орда жанында ұйымдастырылған жәрмеңкеге көптеп қазақтар жиналғанда Аллаға ғибадатқа баулу үшін хан жасақтарының жергілікті тұрғындарды мешітке күшпен кіргізгенін айту жеткілікті. Сонымен қатар 1850 жылдары осы өңірдегі әр рулардың және олардың әр бөлімшелерінің өздерінің рухани тәлімгерлері немесе молдаларды тағайындағандары белгілі орын алған [3, с. 190].

Хан Ордасында мұсылмандық мектептер көп тараған, әр руда, рудың әр бөлімінде өз молдалары болды. Бұл мектептердің түлектерінің көбі оқуын жалғастыру үшін Бұқара мен Ташкенттегі медреселерге жіберілді. Ханның білім беру тұжырымдамасы тек Бөкей Ордасында ғана емес, бүкіл Қазақстанда 1841 жылы ашылған алғашқы зайырлы мектептен көрініс тапты. А. Евреинов бұл мектепте «татар, араб және орыс тілдерін, арифметика мен грамматиканың бастауыш ережелерін, қысқаша түрде география мен тарих, шешекке қарсы егу ережелерін оқытты..., үздік түлектері Орынборда Неплюев корпусына оқуға түсті», - деп жазды [149, 100-103-пп.]. Батыс өңірде бой көтерген бұл мектеп жәдидтік оқу орнына ұқсас құрылған деуге толық негіз бар.

Мұсылмандық дінбасыларының алым-салықтарының мөлшері туралы мұрағат деректерінде бірқатар мәліметтер бар. Ахун жылына бағалы қағаздармен 4 000 рубльге дейін «сый» алып тұрды. Оның билігінде зәңгілер сияқты қазақтарға жайылымға берген байтақ жерлер де енді. Бұл да ахундарға жылына бағалы қағазбен 1 000-нан 3 000 рубльге дейін қосымша табыс әкеліп тұрды. Молда жылына бағалы қағазбен 500 рубль және одан көп сый алып тұрды. Хан бекіткен молдалардың барлық саны 130 жетті. Демек, молдалардың алған «сыйларының» көлемі жылына бағалы қағазбен 65 000 рубльді құрады. Бұдан бөлек, молдалар жылытылатын киіз үй және қажетті үстелді тегін алып отырды [150, с. 251].

Ішкі Ордадағы алым-салықтарды жіктеу туралы мұрағат деректерінде көрсеткендей Ресми мүлік министрлігінің кеңесшісі полковник Иваниннің ұсынысында: егер алым-салықты малмен есептеп, қазақтардың сіңірген еңбегін немесе қазіргі кездегі қызметін назарға алсақ, сонымен қатар халықтың атаққұмарлығы мен ескішілдігіне кешіріммен қарап, сұлтандарды қарапайым халықтан жоғары қойсақ, ақыр соңында кедейлерге түсіністікпен кешірімділікпен қарап, жетімдерді ескерсек, біз келесі есеп бойынша кейбіреулерін малдың бір бөлігі үшін жарна төлеуден босатуға жүгінер едік: басқарманың екі мүшесіне, ахунды және Кеңестің іс жүргізушісінің қазақ көмекшісін, 60 сайланбалы адамды және 30 көрсетілген ресми молданы деп көрсеттік [151, 20-п.]. Сонымен қатар, ахун – хандықтың басты рухани тұлғасы лауазымы ретінде бекітілді [152, с. 121]. (Қосымша кесте - А.1)

Ордадағы ахун мен молдалар хан берген сыйдан бөлек, жәрдемақымен қамтамасыз етілді. Дінбасылар дәстүрлі исламды насихаттап, діни әдет-ғұрыпты орындауы тиіс болды. Әр қазақ ауырмаған жағдайда күнде мешітке баруы міндет деп саналды. Бас киіммен мешітке барып намазғв жығылатын болды. Құранда «Хақ мұсылман аяғының шаңын сілкіп тастап, оларды былғаныштан тазалап кірсін» деп әмір етілгендіктен, кейбір қазақтар суыққа қарамастан жалаңаяқта барып намаз оқыған.

Субъективтік пікірдегі шетел авторы Ішкі Ордадағы мешітте намаз оқыған мұсылмандар туралы былай сипаттайды: «Суықтан қалтырап жалаңаяқ намаз оқығандардың ішінен баланы да көруге болған. Мешітке кірген адам тікелей жүріп, жан-жағына қарамай, шамамен ортада тоқтап, ішінен намаз оқиды, қолдарын құлағына дейін көтеріп, намаз оқуды жалғастырады, содан

кейін сәждеге барады немесе бірнеше рет иілгеннен кейін тізерлеп отырып, сәжде қылып және дем алып намаз оқиды. Әйел адамдардан ешкім мешітке кірмейді, себебі олар ер адамдар үшін Құдайдан ажыраған және намаз оқуға лайықсыз, олар бүкіл өмірін құлдық пен дөрекілікте өткізеді, олар осындай оймен өмірден кетеді» деп сипатталады [133, с. 861-862]. Шын мәнінде, әрине, әйел қауымы намазды үйлерінде оқуы абзал деген діни қағидадан автордың бейхабар болғаны көрінеді.

Сөйтіп, Жәңгір ханның тұсында Ордадағы діннің реттелуі және исламның күшеюі нақты байқалады. Бірақ, Жәңгір ханның өлімінен соң Ордада хан билігі жойылғаннан кейін діни жағдайдың мәні күрт өзгерді. Сол кездегі қазақ қоғамының исламдануы Ресеймен бәсекелескен орта-азиялық хандықтардың ұстанымын белгілі деңгейде нығайтты. Сонымен қатар, Ресей империясы дәстүрлі ислам мен сопылыққа негізделген діни модель Орта Азия дінбасыларының ықпалын күшейтеді деп қауіптенді. Патша үкіметі осыны көп ұзамай түсініп, ол Қазақ даласындағы исламды қолдаудың бұрынғы саясатын қайта қарай бастады. Өткен ғасырдың екінші ширегінен бастап үкімет молдалардың қызметін шектейтін шаралар енгізді, орта-азиялық хандықтардан шыққан, сондай-ақ бұрын қазақ даласында оқыған дінбасылардың көшуіне тыйым салынады. Мәселен, 1843 ж. Ішкі Ордада Ноғай руынан шыққан әлдебір Тлеуов, оны Жәңгір хан діни оқыту курсынан өту үшін он төрт жылға Бұқараға жолдағаннан кейін ол Қазақстанға оралуға тырысты, бірақ шекара билігі Қазақстаннан кетуді ұсынды, себебі тіпті орта-азиялық хандықтарда діни атақтарға ие болған Ресей бодандарына да Қазақ даласына кіруге тыйым салынған еді [133, с. 225-227].

Подполковник Л.П. Мейер Қазақ даласының батыс өңірлеріндегі діни ағартушылардың жетіспеушілігін алға тартып, «Оралдан тыс далаларында үкіммен тағайындаған молдалар жоқ, мешіттерде қазіргі уақытта салынбаған, бірақ халық арасында өздерін молда деп атайтын бірнеше адам бар. Бұл адамдар татар тілінде біраз оқу білетін, ал араб тілін мүлдем білмейді. Құранның бірнеше аяттарын жаттап алған. Бұл молдалар ауылдарға барып неке қияды және жерлеуге қатысады, бірақ көбінесе екі жағдайда да олар қажет болмайды, себебі қазақ неке қию рәсімінде азаматтық бөлімі, яғни жоғарыда көрсетілгендей мүлік басты рөлге ие, ал кедейлерді жерлеу молдаларсыз жүргізіледі, себебі кедейлерден пайда таба алмайды. Дегенмен, бұл молдалардың арасында Самарқанд пен Бұқарада біраз діни білім алған және халық арасында құрметке ие адамдар бар, бірақ көбісі нанғыш халықтан дуалаушылық пен өзі ойлап тапқан жоралғыларды пайдаланып түрлі пайда табатын білімсіз және арамтамақтар. Жалпы, қазақтар шын көңілімен сиынады, бірақ мешіттерді жек көреді» - деген пікір айтады [3, с. 193].

Империяның татар-шенеунік-молдалары арқылы «еділдік нұсқадағы» исламды тарту саясатына қарамастан XIX ғасырда Қазақстан көшпелі қоғамының діни сауаттылық деңгейі жеткіліксіз болғаны көптеген дереккөздерден белгілі. Мәселен, А.И. Левшиннің Қазақ даласындағы ислам діні туралы пікірі мәлім. Ол қазақтардың «әлсіз мұсылман» деген тезистің

негізін қалаушылардың бірі. Автордың ойынша, мұсылмандықтың парызы – ораза тұту мен ғұсылды қазақтар ұстанбады, ал бес уақыт намаз оқуды олар зеріктіретін іс деп есептеп, мешіттер мен өздері үшін таңдаған молдалары болмады. Кейде намазды қариялар тізерлеп оқыса, көбінесе әрқайсысы қалаған уақытта және қалаған жерде намаз оқыды. Кейбірі тіпті діннің ешқандай жоралғыларын орындамайды. Халық арасында мұсылман саны соншалықты аз, Бұқара, Хиуа мен Түркістаннан келетін діндар мұсылмандарды ресейлік үкімет хандар мен ру басыларға жіберетін, ал хатшы қызметін атқаратын молдалар исламды дұрыс қолдамаған жағдайда бұл діннің жоқ болып кетуі мүмкін еді» - деген [153, с. 314-315].

Дегенмен, бүгінгі таңда ел ішіндегі дінге қатысты мәселелерде жаңа әзірленген әдістемелер «үстірт ислам» пікірін қайта қарауға мүмкіндік береді. Шоқан Уәлиханов, Шахимардан Ибрагимов, Алексей Левшин, т.б. авторлар жеткізген мәліметтерден қазақ қоғамындағы «әлі жетілмеген исламнан» гөрі Алтын Орда мен Қазақ хандығында Ұлы далада орныққан ислам діні мен мұсылмандық сауаттылықтың бірнеше ғасырға созылған әскери-саяси қақтығыстар мен әлеуметтік дағдарыс нәтижесінде күрт төмендеп кеткендігі туралы мәлім [119, с. 110-112].

Император Александр II (1855-1881жж.) басқаруының алғашқы жылдары 1857 жылы орныққан «Бұратана діндерге қатысты департаменттің» арнайы бөлімі мұсылмандарға арналды. Мұсылмандар туралы патшалық жарғылардың көбін талдау XIX ғасырдың екінші ширегінде самодержавиенің исламға деген қатынасын анықтауға, сондай-ақ 1825 жылғы 14 желтоқсаннан Қырым соғысына дейін ресейлік биліктің саясатының жалпы көрінісін көруге мүмкіндік береді [132, с. 22].

Ресей империясының Қазақстандағы дін мен діни қызметкерлерге қатысты саясаты өзара қайшы екі тенденциялармен жүргізілді: 1) белгілі мерзімге шейін ресми исламды қолдау, Қазақ даласында мұсылмандық дінді тарату бағыты; 2) қазақтар арасында христиан дінін тарату бағыты. Себебі, орыстандыру мен шоқындыру ниетінен патшалық ешқашан бас тартқан емес. XIX ғасырдың ортасына дейін патша үкіметі Қазақстанда исламды патша өкіметінің отаршылдық саясатының міндетіне жүктеуге тырысты. Ол белгілі мөлшерде Қазақстанда, соның ішінде батыс өңірлерінде де, мешіттер салып, оларды молда-агенттермен қамтыды, діни әдебиетті таратты. Сонымен қатар, көшпелі аймақтардың исламдық білім-ағартушылық деңгейінің нашарлауын пайдаланып өкімет шенеуніктері мен «ағартушылары» (орыстандыру мен шоқындыру саясатын көздеген) рухани экспансияны күшейтті. Ол үрдіс, әрине әйгілі «бұратаналарды орыстандырушы» Н. Ильминский (1822-1891 жж.) есімімімен байланысты.

Ресей империясына қараған түркі-мұсылман халықтарының арасында сан жағынан басымы да, жер көлемі жағынан үлкені де қазақтар болып келуімен отаршылдар мен миссионерлер санаспай тұра алмады. Бұл кең-байтақ өлкені экономикалық және идеологиялық жағынан жылдам меңгеріп алудың саяси мәні жғары екендігін жақсы түсінді. Мәселен, «аса құпиялы» деген грифпен

белгі соғылған Ақмола генерал-губернаторы жазған ресми қатынас хатында өздерін мұсылман санаған қазақтар күнделікті өмірлерінде Құран мен шариғат ережелерін ұстанбайды, тіпті ислам қағидаларын да қолдануды білмейді. Өздерінің әдет-ғұрпын ұстанған қазақтар мұсылмандық оқуды білмесе де фанатизмге әуес делінген [154, б.16].

1861 жылы Н. Ильминскийге Орал, Сібір, Еділ, Қазақ даласындағы отар халықтарды шоқындыру мәселесі тапсырылды. Ол алдымен татарларға арналған орыс графикасы негізіндегі кирилл жазуының жаңа үлгісін жасап, оны қолданысқа еңгізуді жөн көрді. 1872 жылы Қазан қаласында миссионерлердің рухани орталығына айналған оқытушылар семинариясы ашылғанда директорлыққа Н. Ильминский ұсынылды. Белгілі татар ғалымы А. Каримуллин осы мәселеге қатысыты былай ойын білдірді: «....осылайша миссионер кадрларды даярлау ісі Ильминскийдің қолына өтті... бұл жерде Ресейдің барлық аймақтары үшін әзірленді» деп арнайы назар аударуы арқылы Н. Ильминскийдің миссионерлік жолдағы басты мақсатын ашып беріп отыр [154, б. 39-40].

Н. Ильминский 1870 жылы 26 наурызда үкімет қолдаған бағытты пайдаланып, Еділ бойындағы шағын этностарға, тіпті қазақтарға татар молдаларының ықпалын әлсіретуді қалап, орыс емес халықтардың арасында ана тілін қолдану мәселесін шешуді жалғастырды [155, с. 262-265].

Ресей шенеуніктерінің пікірі бойынша, XIX ғасырдың ортасындағы Қазақ даласындағы исламның таралуы, діни жікшілдік пен татар молдалары және орта-азиялық тақуалардың әрекеттері «дінсіздерге» қарсы мұсылмандық фанатизмге ұласа бастаған. Қазақтарда азаматтық-отбасылық істер жөніндегі би рөліне таласқан діни секталар (Ішкі Орда), диуаналық және мистикалық қоғамдар (Орта жүз) пайда бола бастады. Ол жайында әйгілі ғалым-ағартушы Ш.Ш. Уәлиханов еңбектерінде де айтылады.

Ш.Ш. Уәлиханов Ресей өкіметіне кеңес беріп «Даладағы мұсылмандық туралы» және «Сот реформасы туралы жазба» атты мақалаларында конфессиялық саясатта қазақтар арасында «кертартпа» исламды әлсірету үшін оларды Орынбор муфтиятынан ажырату керек деген ұсыныс жасаған, атап айтқанда. «1-ші. Татарлардан дінді дәріптеуі жағынан айырмашылығы бар халық ретінде Қырғыз даласын Орынбор муфтиі ведомствосынан бөлу және аймақтық ерекше ахун тағайындау, ол ... қырғыздар ішінен шыққан кеңесші сияқты болар еді.

2-ші. Егер халық тарапынан табанды түрде өтініш болатын болса, молда атағына тек қырғыздарды не қырғыз қожаларын бекіту керек.

3-ші. Округте біреуден артық молда тағайындамау, ал болыстықтарда аталған лауазымды қысқарту» [5, б. 80].

Қазақстандағы мұсылман дінінің даму логикасы Ресейдің отаршылдық саясатының мүдделеріне қайшы бола бастады. Осыған байланысты патша үкіметі XIX ғасырдың ортасына қарай исламның қазақ халқына және ислам дінінің көшпенділердің қоғамдық өміріне ықпалын шектеуге шаралар қолданды. Осы мақсатта XIX ғасырдың ортасында Орынбор шекара

комиссиясы татарларға ұзақ уақыт далада молда болуға тиым салып, қазақтарға дәстүрлі әдет-ғұрып бойынша ант беруді енгізді (Құрансыз және молдаларсыз). Сол сияқты өкімет Түркістанға зиаратқа, Бұқара мен Меккеге қажылыққа баруға тиым салды [66, р. 118-119].

Екінші жағынан, ІІ Екатеринадан бері исламды насихаттау империяға күтпеген нәтижелер әкелді. Ресей империясының құрамына Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның кейбір аймақтарының қосылуы да мұсылмандардың империядағы әлеуметін күшейтті. Халықаралық қатынастардың, әлемдегі геосаяси үрдістердің де конфессиялық саясатқа ықпалы болды (мәселен, орыс-түрік соғыстары). Ресей патшалығының саясаты діндар қазақтарды дәстүрлі ишанизмнен, сонымен қатар Түркістан, Бұқара, Самарқанд пен Мекке орталықтарының рөлінен бас тарқызбады. Айталық, қажылық қозғалысы да Қазақстан жерінен, керісінше, дами түскен [156, 100-п.].

Аталмыш дәуірде пайғамбар мен исламды мадақтайтын мұсылмандық хикаяттар мен поэмалар (қиссалар) кеңінен тарала бастады. Олар Қазан, Уфада көптеген тиражбен басылып шығып, қазақ даласына кең тарады [Бабалар сөзі. Қиссалар]. Қазақтардың ортасынан ұлттық діни кадрлар, ресми бағытқа қайшы келетін молдалар шыға бастады. Округтік орталықтар мен басқа қалаларда уақыптық (вакфтық) қорлардан мешіттер мен медреселер салынып жатты, оларға рубасылары, қазақ көсемдері мен зиялылары қолдау көрсетіп жатты. Мешіттер дәстүрлі дінді қолдап, ел арасында діни білімнің таралуының нағыз ошақтарына айналды.

Кейіннен Қазақстандағы патша үкіметінің конфессиялық саясаты уақыт өте келе мұсылмандық мектептерді бақылауға, зиялыларды, басылымның цензурасын қадағалауға және мұсылмандық дін мен ұлттық зиялылар арасынан басқа пікірлерді «исламшылдық», түрікшілдікпен байланыстыру мен үкіметке қарсы әрекеттерге айыптау бойынша қуғындауға әкелді.

Патша үкіметінің бұратана халқын орыстандыру мақсатында қазақтардың арасында христиан дінін таратуға тырысты. Дінді таратушылардың күш салуы мен жаңадан шоқынғандарға үй салуында шіркеудің көмегіне, ашыққандарға көмек көрсетуге қарамастан қазақ-христиандар басқалармен салыстырғанда нашар өмір сүрді [145, с. 83-84].

Қазақ даласында патша билігінің «жаңа низам» ережесін, яғни 1867-1868 жылдары отаршылдық-әкімшілдік реформаны енгізу алдында Ресей империясы қазақ жерін мемлекет меншігі деп жариялады. Қазақ елінің жерінде бір жағынан Қытай империясы, екінші жағынан Ресей империясының шекарасы ресми түрде белгіленіп, картасы сызылып бекітілген соң, патша үкіметі бұрынғы уақытша ислам дінін тарату саясатынан бас тартып, 1862 жылдан бастап қазақ халқын ашық шоқындыру, сол арқылы біртіндеп орыстандыру саясатын ашық жүргізе бастады. Бұл кешенді тұрғыдан қойылған саяси-әлеуметтік әрекеттерді жүзеге асырудың шешуші кілті болды.

Екінші жағы Александр патшаның 1865 жылы 5 шілдеде арнаулы раскриптімен байланысты. Өйткені, ресми саяси құжатты ескеріп осы патша қолымен жазылған раскриптіге сүйене отырып, екі нәрсеге айрықша назар

аударылды. Оның бірі – қазақтардың бәрін бірыңғай билеп-төстеудің жаңаша жүйесін жасап, яғни «жаңа низам» деп аталатын ережені 1867 жылдан бастап өмірге нақтылы түрде ендіру мақсаты көзделді. Екіншіден, қазақтарды келешекте православие дініне ендірудің бар мүмкіндіктерін қарастыру арқылы көзделген орыстандыру саясатының түпкі мақсатына меңзейді [132, с. 13-14].

Сөйтіп, Ресейдің конфессиялық саясаты протекционизмнан бас тартып, исламды шектеу саясатына айналдырды. Мұсылман дінбасылар мәселесі және оның мансабының басшылықпен қарым-қатынасы бірнеше жыл өткеннен кейін басқарушылар ортасында қайтадан талқыланып, императорға жолданған 1865 жылдың ақпаны мен 1866 жылдың наурыз аралығын қамтыған жеке есепте («Всеподданический отчет») және Ішкі Істер министрі Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановскийге жіберілген соңғы нұсқауында бұл мәселе қайта көтерілді. Тұрғындары әртүрлі дінді (пұтқа табыну, ислам, ескі дәстүршіл, ортодокс) ұстанған аймақ басшысы ретінде Н.А. Крыжановский бұл көп діни сенімдерді «зиян» деп есептеді. Әсіресе, ол ислам дінінің таралуынан күдіктенді.

Н.А. Крыжановскийге саяси мақсаттар ислам мәселесін көтеруге себеп болды. Ол мұсылман дінбасылары – «шағын топтың» – мұсылман қауымының санасына ықпалын пайдалану арқылы тұрғындардың Ресей мемлекетінің құрылымына қосылуына кедергі жасайды деді. Ол дінбасылардың әрекеттерін қадағалауды ұсынды, сонымен қатар осы салаға байланысты өз реформасын ұсынды. Оның көзқарасына орай заң шығару үдерісін бақылау үшін ОМДМ-ға Ресей үкіметі шенеунігін тағайындау, оның мүшелігіне орыс тілінде жазу мен оқу білетін және гимназияны тәмамдаған түлектерді тағайындау, приходтық тіркеу журналдары мен ресми хат алмасуды орыс тілінде жүргізу, кейбір мәселелерді коллегиялық қарастыруды басқарушылық әрекеттермен алмастыру, дінбасын сайлау орнында тағайындау, ресми стипендияны барлық дінбасыларына беру арқылы «сиынушылар тарапынан қолдауға тыйым салу» және «молдаларды үкіметке бағынышты ету», башқұрт және татар молдаларына қырғыз (қазақ) тілін оқытуға тыйым салу сияқты басқа да ұсыныстармен нақтыланды. Бұл Александр II (1856-1881 жж.) үкіметінің реформистік қозғалысын көрсетті [140, р. 13-14 ].

Н.А. Крыжановский 1865 жылдың ақпан айынан 1866 жылдың наурыз аралығындағы жасаған есебінде ОМДМ-нен орыс тілін білмейтін дінбасыларды шығару қажет деп мәлімдеген. Онын айтуынша татар мектептерінің арасында Стерлитамак уезінің Стерлибаш селосында ахун Тоқаев басқаратын бір мектеп бар. Ол басқарған мектептің ықпалы тек башқұрттарға ғана емес, сонымен қатар Оралдан тыс Орда қырғыздарына (қазақтарына) да ықпалы бар. Мұсылмандардың білім алатын орталығы болған мектепте 500-ден кем емес оқушы білім алады. Сонымен қатар Н.А. Крыжановский мынадай қорытындыға келеді: «Орынбор өлкесіндегі ислам дінінің жай-күйін осынау қысқаша сызбасынан оның одан әрі дамуы мен нығаюын назардан тыс қалдыру ақылға сыймайды, діни төзімділік қағидасын бұзбай, бірте-бірте оларды

магометандық фанатизмнен арылдыру үшін сынап көрудің уақыты келді деген ой еріксіз туындайды» [157, 54-п.].

1868 жылғы 21 қазанда бекітілген Далалық облыстарды басқару туралы Уақытша Ереже негізінде ОМДМ басқаруынан Орынбор және Сібір ведомстволарының қырғыздарының (яғни қазақтар) аймақтары шығарылды. Аталмыш Ереже бойынша жергілікті халықтың аталған діни істерін жүргізу жалпы азаматтық басқарма мен Ішкі істер министріне бағыну арқылы жергілікті молдаларға жүктелді. Қазақ даласында мұсылмандық насихаттауды әлсірету, қазақтар арасында мұсылмандықтың артуына бөгет жасау мақсатында осындай саясатқа жол берілді, олардың неке және отбасылық істері мұсылмандық діни басқаруынан шығарылып, халық сотына жүктелді; сондай-ақ, далалық облыстарда тағайындалған молдалар лауазымы жойылды [129, с. 271]. Бұл қадам Ресей империясының қазақтарға қатысты діни саясатының түбегейлі өзгеруінің көрінісіне айналды. Әрине, 1868 жылға дейін діни істер бойынша ОМДМ-нің құзырында болып келген қазақтарға бұл ауыр тиді. Соның ішінде, Қазақстанның батыс өлкелерінде бұл шешімге қатты халық наразылығы басталып, тіпті ХХ ғасырдың бас кезінде де қазақтар петицияларға қосылып келді.

Мәселен, 1868 жылы енгізілген Ережеге Орал, Торғай облыстарында молда Ықлас Досовтың көшбасшылығымен қарсыластықтар болған [158, с. 462].

Хазірет Ықлас Досов қолына қару ұстап көтеріліске басшылық жасап, жаңа Ереженің қабылдануына қарсы тұруға қазақтарды үгіттеген. Хазіреттің сөзінше Қазақ даласына енгізілген жаңа ереже бойынша қазақтар ислам дінінен христиан дінін қабылдауға, төзімсіз алым-салықтарға мәжбүр болып, тіпті әскерге алу қаупі төнді [159, с. 3].

Генерал-майор Л.Ф. Баллюзек осыған байланысты дайындаған хатында «Сіз, менің ойымша, халыққа олардың арасында таралып жатқан өсек-аяңның барлық мағынасыздығын түсіндіру үшін шараларды қолданасыз және қырғыз халқын өздері сенетіндерді тыңдауға және ... халық өз молдаларын сайлап, мешіттер сала алатынына сендіреді деп сенемін» деп, Арынғазиев әулетінен шыққан сұлтандарға жаңа Ереже туралы халыққа дұрыс түсінік жүргізуін сұраған. Л.Ф. Баллюзектің хатындағы «...оның тағы бір дәлелі – татарлар мен башқұрттардың жүздеген жылдар бойы өз дінін ұстанып келе жатқаны, үкімет оларды православие дінін қабылдауды ешқашан ойламаған» деген жолдар жағдайды басу үшін жазылған жалған сөздер екенін байқауға болады [159, с. 3-4].

Орынбор генерал-губернаторы жаңа Ережеге орай туындаған көтерілісті басу үшін әскери күш қолдануды және өлкедегі тыныштықтың тұрақтауына Қазақ даласына әскери бекініс шептерін құруды жоспарлайды [159, с. 5]. Сонымен қатар аталмыш Ережеде «Қазақтардың діни істерін басқару туралы» V тараудың 253 бабында «кем дегенде бір болыс құрамындағы қазақ қоғамының бір молдасының болуына рұқсат етіледі»,-деп айтылған [160, с. 88].

Қазақ қоғамының барлық өкілдері «Уақытша Ереженің» туған жерін түпкілікті отарға айналдыруға бағытталғанын түсініп, оның енгізілуіне қарсы шыға білді. Көтеріліс басшылары қатарында сұлтандар Ханғали Арыстанұлы, Беркін Оспанұлы, ағайынды Орманұлдары, Көсепғалиұлдары, әділ билер Әзберген Мұңайтпасұлы, Сатыбалды Марқабайұлы, көзі ашық молдалар Ықлас Досұлы, Абдулхалям Әбдірахманұлы, Жанмұхамед Рысқұлұлы, сонымен қатар Құсбай Айбасұлы, Сейіл Түркебайұлы, Жақсыбай Жылгелдіұлы және т.б. болғаны белгілі [95, б. 46 ]. Бұл жерде тақырыбымызға қатысты XIX ғасырда Батыс Қазақстанда діни қайраткерлердің, яғни қазақ молдаларының дәстүрлі исламды қорғап патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы белсенді наразылығын көре аламыз.

Бірнеше жылдан кейін патша өкіметі көтеріліске қатысқан қазақтардың кейбір басшыларын ақтауға мәжбүр болды. Бірақ молда Ықлас Досұлы мен оның шәкірті Абдулхалям Әбдрахманұлы «Ресей жерінен мәңгіге қуылғандардың» санатында қала берді [95, б. 48].

Отаршылдық бағыттағы реформаға жергілікті қазақтардың қарсылығы Орал, Торғай облыстары мен Маңғыстаудағы ұлт-азаттық халық көтерілістеріне әкелді. Ал осы жерде атап өту керек жәйт: батыс өңірінде көтеріліске қатысушылар діни істердің басшылықсыз қалуына қатты алаңдап, ОМДМ-ға қосылу немесе Қазақ даласы үшін арнайы муфтиат құруды, сол сияқты тек орыс өкілдері емес, мұсылмандар арасынан да үйезд басшыларын тағайындауды және жергілікті билік пен сот органдарын қалыптастырудағы сайланбалы бастауды талап етті [145, с. 28-32].Қазақ жерлерін отарлаушы орыс әкімшілігіне жаңа заңдық негізде 1891 жылы 25 наурызда қабылданған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже» үлкен септігін тигізді.

Айта кету керек, келесі жылдары әкімшілік жүйелерінде кейбір өзгерістер орын алды. Мысалы, 1872 жылы Бөкей Ордасының аймақтары толығымен Астрахань губерниясының құрамына кірді. Маңғышлақ приставствосы 1870 жылы Кавказ әскери округінің басқаруына өтті, біраздан кейін Закаспий облысына енді.

Орал облысына Орынбор ведомствосының қазақтарының, сондай-ақ Орал казак әскерлерінің жерлері кірді. Ол келесі үйездерге бөлінді: Орал, Гурьев, Калмыков, Ембі (Темір), Маңғышлақ түбегі жеке приставство ретінде. Торғай облысының құрамында Торғай, Николаев (Қостанай), Ырғыз, Илецк (Ақтөбе) үйездері болды; 1872 жылға дейін Бөкей Ордасы да Торғай облысына енді. Облыстың әкімшілік орталығы Торғай облысына кірмеген Орынбор қаласында қалдырылды.

Орал, Торғай, Ақмола мен Семей облыстарындағы басқару туралы уақытша Ереже бойынша Қазақстандағы «жергілікті» әкімшіліктің құрылымы бірыңғайланды. Барлық аймақтарда ол әр болыста халық үш жылға сайлайтын 4-тен 8 адамға дейін болыстық басқарушы, ауылдық старшин мен билерден құралды. Ал 1891 жылғы Далалық облыстарды басқару туралы Ереже

«жергілікті» әкімшіліктің құрылымына ешқандай өзгерістер енгізбеді [131, с. 286-288].

Қазақтардың діни істерін басқару туралы «Уақытша ереженің» барлық тараулары олардың тұрмысының шарттарына сәйкес келмеді, осылайша 97 және 99 тараулар бойынша биліктің келісімімен болыста бір молда мен бір мешітке рұқсат берілді. Аталмыш Ереже бойынша метіркелік кітаптарды жүргізу полиция шенеунігі сияқты әрқашан дерлік білімсіз және халық сүймейтін ауыл старшиналардың қолдарында болды. Кейін осы негізде қазақ қоғамында саяси наразылық күшейді. М. Тынышпаев (1879-1937 жж.) атап көрсеткендей, қазақтарға келесі рухани-діни мәселелерде толық еркіндік берілуі қажет: а) олардың барлық рухани-діни істерін түрлі әкімшілік мекемелердің басқаруынан шығарып, басшылығында қазақ мүфтиі бар арнайы қазақ дін істері мекемесіне беру және мүфтилердің әкімшілік мекемелерден, дінді таратушы қоғамдардан тәуелсіздігі; ә) орыс өкіметінің тарапынан рұқсат алусыз мешіттерді, ғибадатханаларды, медреселерді салу құқығы; б) қазақ, араб және татар тілдеріндегі діни кітаптарда цензураны алып тастау; д) метіркелік кітаптарды қазақ діни басқарманың ведомствосына беру; в) дінді насихаттаушылар мен олардың әкімшілігін таратпай қарсы пікірталастарға жол ашу [161, с. 17-19].

XIX ғасырдың 70-жылдарының ортасынан бастап Ресей патшалығы үкіметтің шенеуніктері тарапынан көшпенділердің саяси өміріне татар және орта-азиялық діннің әсерін жоюға бағыт алды. Яғни, енді «дәстүрлі немесе «кітаби, еділдік» және т.б. ұстанымдарға бөліп қарамай исламға қарсы ашық отаршылдық сипаттағы геосаясатты көздеді. 1860-1880 жылдары жаулап алынған Орта Азия хандықтарының мұсылман халқы Ресейдің тең құқылы азаматтары ретінде болмады, олар екінші сұрыпты тұрғындар ретінде қарастырылды [59, с. 132].

Алдымен империядағы көп тілді бұратана халықтарды түгелдей шоқындырып, орыстармен кіріптар ету мәселесіне кірісуге мән берілді, яғни, Ресей империясы оларды тілі мен дінінен ажырату арқылы орыстандыру саясатын ұстануға бағыт алды. Осы мақсат тұрғысынан 1869 жылы Мәскеуде арнайы түрде миссионерлік қоғам ұйымдастырылып, оған осы саяси идеологиялық мәселені жүзеге асыру міндеті жүктелді.

Өзінің 1869 жылғы 16 қаңтардағы миссионерлік қоғамның төрағасына жазған хатында алғашқы түркістандық генерал-губернатор К.П. фон Кауфман басқаратын өлкеде миссионерлік міндеттерді қолданудың мезгілсіз және мүмкін емес болғанын дәлелдеді: «Түркістан өлкесінің халқы арасында орыс миссионерлер Алтай, Байкалдан тыс және Иркутск миссияларымен әрекет еткен халықтармен араластыруға болмайды». Бастапқы кезеңде миссионерлер келесі сұрақтардың жауаптарын іздеді: 1) қазақтар арасында ислам қандай деңгейде дамыған; 2) ислам оларға қайдан және қандай әдіспен енуде; 3) оны қалайша әлсіретуге болады; 4) халықтың қозғалысын тудырмай, қандай шарттар арқылы олардың арасында миссиялар орнатуға болады [90, с. 93].

Миссияны қалыптастыруға дейін көп уақыт бұрын Қазақ даласында православиелік дінбасылардың еңбегінің көмегімен қазақтарды шоқындыру жұмыстары жүргізілді. Мысалы, арнайы миссияның болмауына қарамастан, Тобыл епархиясының миссионерлігінің қысқаша очерктерінде «1860 жылдан 1865 жылға дейін 149 жанның шоқындырылғаны жазылған.

Патша өкіметі отар аймақтардағы мәдени және рухани өмірді қатаң бақылауға алып, оны өз уысынан шығармауға тырысып бақты. Отар елдің ресми рухын қалайда жою ниетінде оның ұлттық санасын тұмшалап, тілінен, дінінен, дәстүр-салтынан айыруға тиіс болатын шараларды жоспарлап, іске асырды. Міне осы мақсатта алдымен жергілікті халықты шоқындыруға, сөйтіп оны ассимиляциалап жіберуге аса үлкен мән берілді. Н.П. Остроумов 1886 жылы көшпелі халықтардың христиан діні мен мәдениетін қабылдау қабілеті төңірегінде ой қозғап, миссионерлердің назарын Қазақ даласына бұру ниетімен былай деп жазды: «Ресей боданы азиялық көшпенділердің адамгершілік, мәдени жағынан өрлеуі және православиялық орыс халқымен бірігуі үшін христиандықты қабылдаудан басқа амал жоқ. Мұнсыз азиялық көшпенділер төменгі даму деңгейінде қалып, мемлекеттің табиғи дамуын тежеп, оның болашақтағы саяси біртұтастығы мен құдіреттілігіне қауіп төндіреді деген [162, б. 155].

1868 жылғы Далалық облыстарды басқару туралы уақытша Ережеде қырдағы мектеп туралы арнайы бөлім болды. 1891 жылғы Ереже бойынша болыстық мектептердің орнына ауылдық мектептерді дамыту белең алды.

XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап патша үкіметі Қазақстанның барлық облыстарына халықтық училищелердің инспекторларын тағайындады. Ресейдің алдыңғы қатардағы өкілдері – ғалымдар, әдебиетшілер, халықтық білімнің ресми лауазымды тұлғалары, қазақ-орыс мектептеріндегі орыс мұғалімдері арқылы Ресейдің Қазақстанға қатысты белгілі мағынада өркениеттік рөлі жүзеге асырылды [144, с. 58-59].

Бұратана халықтардың ішінде сауаттандыру шараларын доғаруды Ресей өзі жүргізіп отырған саясатқа қызығушылықтарын пайдаланды, сол себепті ол мұсылман халықтарына ортақ әліппені орысшаға аудару керек деп есептеді. Орынбор шекара басқармасының басшылық қызметінде болғанВ.В. Григорьев Патшаға ел ішінде сауатсыздың жою арқылы «Азия құрлығын өз баласындай тәрбиелеуді» ұсынған болатын[163, с. 10-11].

Астрахань губерниясының Ішкі Бөкей Ордасының қазақ тұрғындары мен транскаспий территориясы және  Түркістандағы мұсылмандардың діни өмірін реттейтін заң жетіспеді. Транскаспий территориясы үкіметіне қатысты 1892 жылғы Ережесі ондағы мұсылман дінбасыларына ешбір ресми дәреже бермеді, ал неке және мұрагерлік мәселелері халықтық сотқа қарасты болып, әдетке сәйкес шешілді.

Жалпы, Ресей патшасы Александр III басқарған жылдары (1881-1891 жж.) империядағы мұсылман халықтарының құқықтары одан әрі шектеледі. 1891 жылғы 25 наурызда бекітілген Далалық ережені әрекетке енгізуден кейін қазақтардың рухани істерін басқару тәртібі төмендегідей болды делінді. Рухани

істерді жергілікті басқару қоғамдардың билігі бойынша бұратана халықтың арасынан сайланатын молдаларға жүктелді, сонымен қатар сайланған тұлғаны осы лауазымнан алып тастау тек губернатордың қолында болды. Молдалар саны шектеулі – әр болыста бір-бірден тіркелді.

Ресми молдаларды бұл лауазымға үкімет қабылдаған, сондықтан оларға жүгінген адамдардың қорғауымен жасырын түрде әрекет ететін тұлғалармен салыстырғанда ашық әрекет ететін рухани тұлғалардың қызметін бақылау мақсатында тағайындалды. Мешіттердің құрылысына жоғары әкімшілік биліктің рұқсатымен ғана жол берілді. Ертеде әкімшілік тәжірибеде қазақтар арасында мұсылмандықтың дамуына жол бермеу мақсатында әр болыста бір мешіттен артық салуға рұқсат бермеді. 1905 жылғы 17 сәуірде діни сенім бостандығы туралы Жоғарғы жарлық шығарылғаннан кейін Ішкі Істер министрлігі нормадан артық мешіттердің құрылысына рұқсат бере бастады [132, с. 279-280].

Империяның діни кадрлар мен исламға байланысты саясатына қазақ зиялыларының берген бағасын Бақытжан Қаратаевтың (1860-1934 жж.) сөзінен көруге болады. Оның ойынша Н. Ильминскийдің қазақтар мұсылман емес, дінсіз «шаман» халық деуі қазақтардың Орынбор мүфтилігінің қарауынан шығарылуына әсер етті деген. Қашықта орналасқан қазақтар үшін бір болысқа бір мешіт жетіспеу салдарынан діни рәсімдер жасау үшін (бес уақыт намаз, жұма яки басқа намаздарды оқу үшін) мешітке жиналуға мүмкін емес деп күйінген. Қазақтардың рұқсатсыз бір орынға он мешіт салуы, молдалар да бір болыстың өзінде жүз шақты болып көбеюі осы себептен [164, б. 212].

Е. Кэмпбелл атап көрсеткендей, Ресей мұсылман тұрғындары аймақтарын шығыс пен батысқа қоса беруі мемлекеттің мұсылман діни көшбасшыларымен қарым-қатынастың жаңа жолын жетілдіруге әкелді, бұл әсіресе діни басқарманың құзыретіне кірмейтін, арнайы ереже арқылы басқарылатын аймақтар – Дала территориясы, Түркістан, Кавказ аймақтарында жүзеге асырылды. 1891 жылғы 25 наурызда қабылданған Ережеге бағынышты Далалық жерлерде жергілікті басқарма негізінен мұсылман діни істеріне құзыретті болды, ал жергілікті деңгейдегі діни басқарма приходтық қауымдастық емес, шаруа басшыларынан тұратын кантональды (болыстық) конгресс тағайындайтын және губернатор бекітетін молдалардың қолында болды. Ереже дінбасылар істерін жалпы түрде төрт баппен реттеп отырды.

Дін иерархтарының саны қысқартылды, сондай-ақ молдалардың міндеттері мен жеңілдіктері белгісіз күйде қалдырылды. Дала территориясы ережесіне сәйкес, молдалар тек ресми тұлғалар рөлін атқарды. Сонымен қатар, олардың неке және отбасына қатысты мәселелерді қарастыруға құқығы болмады, ондай мәселелер әдет (адат) негізінде қарастырылды. Дала ережесінің татарларға қатысы болмады, олардың приходтық дін басшылары ОМДМ-нің құзыретінде болды [140, p. 21-22].

1897 жылғы Ақтөбелік жәрмеңкеге келген қазақтар мен басқа да мұсылмандар қоғамдық мінәжат етуі үшін уақытша тұратын орын-жайлар ұйымдастыру туралы өтініш берді. Олар өздігінен киіз үйлерін тігуді қалады,

бірақ жергілікті полициялық билік бұған рұқсат еткен жоқ. Өкілетті мұсылмандардың өтінішіне Торғай облысының губернаторы «жайлар уақытша болса да, олардың құрылысына Министрдің рұқсаты қажет екендігін жариялады. Соңында Ішкі Істер министрлігінің басқарушысының бұйрығымен оң жауап берілді. Теріс жауап мұсылмандардың қарсы қимылдарын тудыру мүмкіндігінен қорқып, патшалық самодержавие органдары келісуге шешім қабылдады [90, с. 158-159].

Толеранттылықтан бас тартқан империя шенеуніктері мен миссионерлері ислам туралы жалған ақпарат таратумен, бұрмалаумен айналысты. Отаршылдардың пікірінше, «өркөкірек ислам» діні басқа діндерді жоққа шығарып, христиан дінін қолдамайды. Татарлардан оқып, мұсылманша тәрбие алған қазақ молдалары фанатизмге берілген. Орыс-қазақ мектептеріне мұсылмандықты насихаттайтын молдаларды жібермеу қажет және мазмұны аңызға айналған діни оқулықтарды қолданбау керектігін айқындаған [165, 71-73-пп.].

Патша үкіметі 1890 жылдан бастап Орынборда діни мансапқа ие болу үшін орыс тілін білу қажет деген шарт қою арқылы дін иерархтарын орыстандыруға шешім қабылдады. Бірнеше жылдар бойы, үкімет 1890 жылғы ережені мұсылмандар тұратын басқа аймақтарға да тарату мүмкіндігін қарастырды, алайда бұл идея іске аспады, себебі мұсылман дінбасыларының орыс тілін үйренуге деген құлшынысы болмады және орыс тілінде оқи және жаза білетін үміткерлер санының жеткіліксіз болуы мұсылман қауымының басшылықсыз қалуына әкелуі мүмкін еді [7].

Орынбор мұрағат құжатында қазақ халқымен діни, моральдық және исламның шариғатына қарсы мазмұнда миссионерлер сұхбат жүргізгенін көреміз. Мұрағатта миссионерлердің жеке іссапарларында Қазақ даласында сонымен қатар жергілікті халық көп орналасқан Ақтөбеде саяси сұхбат жүргізгендігі; әсіресе киелі Құран кітап пен Библия негізінде саяси пікірталастар өткізгендігі айтылады [166, 18-п.].

Ислам дініне фанатизммен берілген молдалардың үгіт-насихаты әсер еткен мұсылмандарға 1894 жылы 1 қаңтар айынан бастап Торғай облысындағы мұсылмандарға екі миссионерлік ұстанымды ұстауға 4470 рубль бөлінген. Жаңадан шомылдыру рәсімінен өткендерге белгішелер мен кітаптарды тегін тарату және миссияға кететін басқа да шығындар мен демалыстың жалақысы, миссионерлер мен мұғалімдердің сапарлары үшін 1000 рубль. бөлінгендігін көруге болады. Демек Ресей патшалығы миссионерлер арқылы Қазақ даласын исламнан аластатуды ойлап түрлі бағытта жұмыстар жүргізілгендігін көреміз [167, 58-п].

Орынбор мұрағаты құжатында миссионермен сөйлесу кезінде қазақтардың христиан дінінің ақиқатының түсіндірмесін тыңдауға қатысқаны туралы дерек бар. Құжатта қазақтар миссионерлердің берген кітаптарын рахаттана оқуда делінген. Бірақ бұл әрекет келешекте жақсы жеміс бере ме, жоқ па дей келе священник өз берген есебінде алаңдаушылық білдірген. Өйткені,

қазақтар өз молдалары немесе татарлармен байланыс орнатып кездесуінде олардың көзқарастарына кері әсер етуі мүмкін деп сескенетінін айтып өтеді.

Миссионерлер қазақтарға ұзақ не аз уақыт бойы ықпал ете алмайтындығын жазған. Егер олар қазақтардың ауылына күндіз келген болса, осы уақытта жылқыларды қоректендіріп, шай ішіп, әрі қарай жүру керек, бірақ ауылда бір күн және одан да көп тоқтауға болады, алайда бұған молдалар аса пейіл бермейді, ал содан кейін миссионердің келесі сапарларында бұл ауылда және басқа да көршілес елдімекендерде соншалықты жақсы жылы қабылдамауы мүмкін, себебі бұған әртүрлі хазірет пен қазақтардың әсеріде болады деп мәлімделеді. Демек, миссионерлер қазақ ауылдарындағы діни тұлғаларға сескене, сақтықпен қарап отырған. Әр ауылдағы молдалардың қазақтарға ықпалы берік екенін жақсы түсінген. Бұдан шығатын қорытынды, діни қайраткерлердің исламның нығаюына барынша әсер еткенін байқауға болады [168, 12-13-пп.].

1888 жылғы 16 шілдеде Александр III Діни жиналыстың құзыретімен мұсылмандық дін істері үшін білім беру саласындағы шарттарды бекітті. 1891 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген заң ахун мен хатиб (уағызшы) сияқты діни тұлғалардан орыс тілі білімінің куәлігін, молдалардан орыс тілінде сөйлеу және жазу білімінің куәлігін талап етті, пұтқа табынушылық та 1888 жылғы заңдағы нұсқаулықтардан көрініс тапты [169, с. 106].

Америкалық зерттеуші Кемаль Карпаттың мұсылмандар арасындағы ислам діні туралы: «Ислам ұлтшылдыққа ұмтылысты арттырды, себебі бір тілде сөйлеген, бір дінді ұстанған немесе өздеріне бодан ел немесе екінші сұрыпты адамдар ретінде қарағандарды шыдауға мәжбүр адамдар арасындағы эмоциялық және мәдени жақындықты қамтамасыз етті. Ал ұлтшылдық, өз кезегінде, жаңғыртушылардың идеологиясының басты белгісінің бірі болған жаңа саяси-мәдени мән беріп, мұсылмандардың діни сана-сезімін шиеленістіріп, жаңа деңгейге көтерді», - дегені өте орынды [170, p.122].

Қорыта айтқанда, XVIII-XIX ғасырларда Ресей империясының Қазақстан мен шекаралық мұсылман аймақтарында жүргізген діни саясаты бірнеше ұқсамайтын кезеңнен тұрғанын көреміз. Бірінші кезеңі XVIII ғасырдың соңынан басталып, XIX ғасырдың 70-шы жылдарына дейін жалғасты. Ол дәуірді шартты түрде либерализм саясатына ұқсас деп атауға болады. Орынбор муфтилігінің қызметі, татар ахундарының ағартушылығы белгілі жемісін берді.Бұл Қазақстан жерін толық отарлау барысында дін саясаты өзгеріп, Ресей әкімшілігінің түрлі діни реформалар енгізуімен болды. Алғашында Қазақ даласында мектептер мен медреселер салынып, мешіттердің көбеюі және татар молдаларының келуімен діни ахуалдың күшеюін байқаймыз.

Ал XIX ғасырдың ортасында Ресей империясының құрамы орыс емес этностардың көбеюінен және көршілес мұсылман елдермен арадағы қарым-қатынастың қиындауынан діни салада түрлі айла мен күш қолдана бастайды. Соның ішінде отарланған Қазақстан жағдайына қарай патша үкіметі арнайы жоспар құрады. Қазақ даласына татар және Орта Азия хандықтарының молдаларының келуіне тиым салады. Қазақтардың діни істерін ОМДМ-ден

шығаруы, молдалардың санын шектеуі сондай-ақ мұсылмандық мектептердің санын қадағалауы мұсылман білім беретін мекемелерінің ісіне тосқауыл қоюынан көрінеді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақ даласына христиан діні тарала бастайды. Аталмыш ғасырдың аяғынан бастап православтық миссионерлік саясат толық жүзеге аса бастайды. Қазақ халқынан шыққан діни тұлғалар исламға қарсы бағытталған империя саясатына наразылық білдіріп әртүрлі жолдармен қарсы шықты.

Орыс православие шіркеуі қазақтарды патша билігіне сенімге шақыруда қаражатты кең түрде пайдаланды. Осы орайда ислам дініне қысымшылықтың барлық түрлері болды. Бірақ тарих тәжірибесін ойламаған православиелік уағызшылар діни қудалау мен қысымшылықтың көбінесе керісінше нәтиже беретіндігін есепке алмады. Мұсылмандар осы саясатқа қарсылық ретінде бірікті және бұлпатша үкіметі үшін жаңа проблемалар туғызды. Миссионерлік епархиялардың қызметі жыл сайын әлсіреп, мүшелерін жоғалта бастады. Православие дінінен басқа діндерге өтуге кедергі жасай отырып, шіркеу қызметкерлері православие дінін қабылдауға келіскен қазақтарға үлкен назар аударып қолдау көрсетті. Мұндай бағыт патшалықтың отарлау саясатының мақсаттары және міндеттерімен де тығыз байланысты болды. Алайда қазақ қоғамындағы түрлі қысымшылықтарға қарамастан, ислам діні ұлттық бірегейлікті сақтаудың белгісіне айналды.

Ресей қоғамының саяси жіктелуі XX ғасырдың басында мұсылмандардың екі топқа – либералды және консервативті элементтерге бөлінуіне алып келгені мәлім. Дінбасылары да жаңа бағыттың ықпалына ұшырады. Дегенмен, үкімет мұсылман дінбасыларының басым көңіл-күйі «сөзсіз адалдықтың» бірі екендігін білгенімен, олар «жаңа молда түрі» – саяси және халықтық белсенді тұлғаның пайда болуын қауіпті деп тапты. Либералды немесе соған ұқсас топтың мұсылман дінбасылар арасына еніп кетуі секілді үкіметке қарсы идеялар мазалап, Ішкі Істер министрлігі провинциялық басқармалардан діни лауазымдарға тағайындалған үміткерлердің «Мұсылман қозғалысына» мүше еместігіне жігерлі түрде сенім білдіруін талап етті. Шенеуніктер діни-халықтық «Мұсылман қозғалысын» үкіметке қарсы және мемлекет мүддесіне қарама-қайшы деп бағалады. 1911-1913 жылдары мұсылман дінбасы мүшелерінің көбі панисламдық қозғалысқа қатысы бар деген кінәмен қамауға алынды.

## 1.2 Аймақтағы дін басылардың ресми діни атақ алуы және патшалық биліктің құқықтық шектеулері

XVIII-XIX ғасырлардан бастап патшалық Ресей молдалардың қызметі мен жағдайына ерекше назар аударды. Өйткені, молдалар империядағы мұсылман қауымының барлық өміріне ықпал етіп, қоғамда өзіндік құқықтық тәртіп пен экономикалық қатынастарды орнатуға тырысқан еді. Зерттеп отырған тақырыпқа байланысты Қазақстанның батыс аймағында сол дәуірде дін қызметкерлерінің өзіндік атаулары және соған сәйкес атқаратын жұмыстары болды. Қоғамдық жіктелу мен патшалық биліктің кең өріс алуымен қатар аймақтағы мұсылман қызметкерлердің деңгейлі орны пайда болды. Жергілікті

орыс әкімшілігі оларды өзінің қараңғы ісі үшін пайдаланғысы келгенімен, көп жағдайда мұсылман дін қызметкерлері шариғат заңдарын пайдалнуға тырысты. Әрине, орыс мәдениеті мен тілі жергілікті халық үшін жат болды. Патшалық билік мұсылман дін қызметкерлерін өзінің құрсауында ұстау мақсатында оларға қызметтік атақтар берді, сол арқылы қаржыландырып отырды және өзінің саясатын жүргізуге тырысып бақты. Сол себептен ғылыми жұмыстың ішкі құрылымының мазмұнын ашу үшін бұл тараушада патшалық әкімшіліктің мұсылман дін басыларын атақ беру арқылы пайдалану мен исламның терең таралуына шектеу қою мәселелері кең көлемде қарастырылады.

Қазақ қоғамында әдетте мұсылман дін басыларының қызметі мен мәртебесі және ықпалы екі маңызды мән жаймен анықталды. Молда (парсы тілінен енген) арабшасы маула – «мырза, әмірші, ағзам» деген ұғымды білдіреді. Молда мұсылмандық дәстүр, жөн-жосығының білгірі, дін қызметкері, дін мектебінің ұстазы, білімді, оқымысты адам. Ресей мемлекетінде молда орыстың «священник» немесе «шіркеу қызметкері» деген лауазымына сәйкес болғанымен, құқықтық жағынан терезесі тең болған жоқ [171, б. 116].

1788 жылы 22 қыркүйекте Ресейдің барлық мұсылмандарын басқаратын мүфти қызметі құрылды. 1789 жылды 4 желтоқсанда жасалған ОМДМ-нің Ережесіне сәйкес, бұл ұйым қызметінің жалпы мақсаты мен мүддесі айқындалып, негізгі ұстанымдары жасалып мұсылман дінбасылары бекітілді. Дінбасы болуға «сынақтан» өткен адамдар мүмкіндік алды. ОМДМ-сі сайлаулы орган болды [172, б. 111-112]. Белгілі қағидалар бойынша діни тұлғаларға ол сынақ арқылы ресми діни атақ беріп отырды. Үкімет кеңсе жұмыстарында лауазымды шатыстырмаудың алдын алуы үшін негізгі діни атақтарды бөлуге тырысты.

ОМДМ-нің мүфтиі рухани басшы қызметін атқарды. Осы діни мекеме төрағалық етуші мүфти мен үш мүшеден тұрды және оның жанында өзінің әкімшілік кеңсесі құрылды. Ресей мемлекеті мұсылмандардың діни өміріне түбегейлі бақылау жасауда ОМДМ-ге қоршаған ортаны реттейтін нақты заңдар жасап берді. Діни мекеменің негізгі міндетіне неке қию және ажырасу, туу мен өлімнің тізімдерін жүргізу, өсиеттер мен мүлік бөлу туралы талаптарды қарау, балалардың ата-аналарына бағынбауы және неке адалдығын бұзу мәселелері кірді. Мүфтиді тағайындау Жоғарғы биліктің Ішкі Істер министрлігінің нұсқауы бойынша тағайындалғаннан кейін өз құзыретін іске асырды. Аталмыш діни мекеменің мүшелерін Ішкі Істер министрлігі Орынбор мүфтиінің ұсынысы бойынша тағайындады. ОМДМ-нің қарамағына Таврилік провинция мен Закавказьені қоспағанда, мұсылмандардың барлық діни қызметкерлерін тікелей басқару міндеті болды. Сол себептен мұсылман дінбасыларына ислам заңдарының ережелерін білуге алдын-ала сынақтан өтуге, олардың рухани міндеттеріне байланысты талаптарды орындамаған жағдайда сол үшін жазаны анықтауды жүргізетін діни мекеме болды [173, с. 36].

Мемлекет аясында молдалар казынадан каржыландырылса, барлық шіркеулерде мұндай мүмкіндік болмады. Алғашқы мүфтиге – 1500 рубль жалақы, ал молдаларға – 120 рубль жылына жалақы берілді. 1793 жылғы 17

тамыздағы Сенаттың жарлығымен ОМДМ-ға молдалар әр үш жылда сайланып тұруға шешім қабылданды. XIX ғасырдың бірінші жартысында ОМДМ-нің діни және штаттық қамтамасыз етілуінің заңды жағдайлары өзгерістер мен толықтыруларға ұшырады [172, б. 111-112]. Ал приходтық соборный мешітінде хатиб (молда) имамдар және муаззиндер, ал қарапайым мешітте имамдар мен муаззиндер діни қызмет атқарды. Жоғарғы дінбасылар (мүфти мен ахун) рекруттық және басқа да жазалаулардан босатылды. Мүфтидің шариғат негізінде айтқан шешімі ахунның келісімінсіз жүзеге асырылмайтын болған [123].

1736 жылы 2 ақпандағы Анна Иоанновнаның жарлығы бойынша өлкедегі ахундардың саны төрт есе қысқарды, яғни әр әкімшілік бірлікке бір бірден келді. Дегенмен, ахундарды қызметіне тағайындау кезіндегі сайлау жүйесі сақталып, Уфа қаласында қызметіне бекіту жалғасын тапты. Ахундардың міндетіне патшаға адал қызмет атқару үшін ант қабылдап уәде беру кірді. Патшаға адал қызмет атқару үшін ант қабылдаған соң губернатор ахунды тиісті қызметіне бекітіп, ресми куәлікті берген. Жарлыққа байланысты жаңа мешіт пен мектеп салу үшін рұқсатты әкімшілік орган беру керек болды [174, с. 16-17].

Орынбор аймағында ОМДМ-сі құрылғанға дейін ахундар болашақ мұсылман дінбасыларынан исламның негізгі теориялары аясында емтихан алып отырды. Сондай-ақ ислам дәстүріне сай діни атақтар тағайындады, жұма күнгі намазды «рұқсат етуге немесе рұқсат бермеуге» шешім қабылдады. 1789 жылғы барон О.А. Игельстромның ОМДМ-нің құзыретіне қатысты жобасында әрбір үйезде ахун институты құрылды, ахундарға мешіттер, мектептер мен дін қызметкерлері үстінен бақылау міндеті кірді және мешіт салу құрылысына рұқсат беру ісіне де қатысып отырды [175, с. 223].

ОМДМ-де 1804 жылға дейін бірде-бір діни қызметке орналасуға ниеттенген тұлғалар туралы мәлімет кездеспейді. 1804 жылдан 1830 жылға дейін 2527 адам сынақтан өтіп, діни лауазымды иемденуге талаптанған. Бірақ бұл мәліметтен сынақ тестілеуінен өтіп, діни атақ алғандары ма әлде тек олардың бір бөлігі ме анықтау мүмкін емес [84, с. 197-198].

1833 жылы ОМДМ-нің құзыретіндегі діни лауазымдардың келесі атаулары болған: ахундар (68 адам), хатибтер (100), имамдар (1 792), молдалар (1 164), мұхтасибтар (343), мүдәррістер (439), бірақ муаззиндер болмаған. 1839 жылға арналған статистикалық деректерде муаззиндер жоқ, алайда «молда» және «мүдәрріс» деген діни атақтар жоғалып, керісінше хатибтар (1903 адам) саны бірнеше есеге өскен, имамдар (1185) санында шамамен аз өсім байқалған, ал ахундардың (65) және мұхтасибтардың (258) саны біршама азайған [176, с. 185].

XIX ғасырдың бірінші жартысында ОМДМ-нің діни және штаттық қамтамасыз етілуі заңды жағдайлары өзгерістер мен толықтыруларға ұшырады. Ең әуелі үкімет мешіттік молдалар мен имамдардың сайлауын заңды түрде реттеуді енгізді. Жергілікті жерде мұсылман дінбасыларын сайлау тәртібі 1837 жылғы 21 қазанда шыққан «Мұсылмандардың мешіттерге молдалар

мен діни өкілдер сайлау туралы» заңға сәйкес жүргізілді. XIX ғасырдың ортасында мемлекет төменгі таптан шыққандардың діни қызметін атқаруда негізгі міндеттеме ретінде сауаттылық шарттарын енгізді. 1857 жылы 27 қарашадағы заңға сәйкес төменгі таптан сайланған имамдар ОМДМ-ге барып діни талаптарды орындаудағы сауаттылық сынақтан өтті [172, б. 112].

1847 жылы ОМДМ ахундардың өкілеттілігі мен мәртебесі туралы үкіметке хабар берді. Ахундар ең алдымен имамдардан анықталып, олардың басты міндетіне отбасылық жанжалдар мен қиындықтарды талдау болып кіреді. Приходтық ахун лауазымы орнына имамдар мен муаззиндер сияқты ережелермен сайланды. Ахундық лауазым мұсылмандардың ісін қарауда оларға зор құқықтар берді, сондықтан көптеген имамдар ахун атағына талпынды.

1861 жылғы 26 қазандағы баяндамасында ахун мәртебесін мүфтий Габдулвахид Сүлейманов анықтап берді. Оның айтуынша, «ахун атауы, мысалы мүфтий атауы сияқты приходтық дінбасыларының жеке дара қызметі. Ахун атағы ОМДМ имамның атауынан немесе оған қосылудан бөлек беріледі. Осы діни мекеме ахунның мәртебесін айқындай келе, молдалардың істерін бақылау міндетін тек ахундар, діни қатынас арқылы жүзеге асатынын ескерді. Сол себептен ол ахун атағын кез келген таңдалған немесе өз еркімен қалағанға емес, керісінше әр округке беру керектігін айтты. Мұсылмандардың орналасу ықшамдылығына қарай округке жауапты ахун болу үшін 25-тен 100-ге дейін приход болуы керек. Ахунның міндеттеріне мұсылмандардың дау-дамайларын шешу, мектеп пен медреселердегі оқыту туралы мәселелері және приходтық имамдарға бақылау жүргізуді қамтамасыз ету кірді.

Кез келген Қазақ даласында қызмет еткен ахун жыл сайын Орынборға өз істері туралы есеп беріп отырды. Сонымен қатар ахун қызметіне ереже шарты бойынша үш жыл бойы қызмет ететін тек имамдар мен хатибтар көтеріле алады [24, с. 93-94].

Сынақтан өткен ахун, хатиб, имам және т.б. діни атаққа лайық деп танылған адамдар туралы дәл ақпарат 1836 жылдан бері ғана бар. Осы уақыттағы 53 жыл ішінде сынақтан жалпы 13927 адам өтті. ОМДМ мешіттер салу туралы ісін және оларға діни қызметкерлерді тағайындауды басшылыққа ала отырып, мешіттер мен ондағы діни қызметкерлері туралы мәліметтерді жинап, бұратана діндер істері Департаментіне жеткізу міндеті болған. Мешіттер мен дінбасылар туралы ақпарат тек метіркелік кітаптың ену сәтінен басталады. Ал бұған дейінгі ескі ақпарат сақталмаған [84, с. 197-198].

1889 жылы ОМДМ-нің барлық ведомстволық приходы 4 254 болды, ал ерлер мен әйелдердің барлық саны – 3 405 460; ахундар саны – 65, хатибтер – 2734, мүдәрріс және имамдар – 2621 және муаззин – 1783 болды. Барлық мұсылмандардың губернияларында және облыстарында сондай-ақ приходтарда: соның ішінде Ішкі Орданың Уақытша Кеңесінде 26 576 еркек және 26 400 әйел болса, приход саны – 59; ал Орал облысы бойынша ер адам – 9 605, әйел – 868, приход саны – 14. Тұрғындардың санын анықтау, жынысына қарай бөлу метірке кітабы шыққан кезден белгілі болды [84, с. 197-198].

Алғашқы үш жыл ішінде бір мүше ОМДМ-ден жыл сайын Ішкі Істер министрінің алдын-ала белгілеген кезегіне қарай мүшеліктен босап отырған. Бұл заңдастыру жарияланған күннен бастап алғашқы алты жыл ішінде осы мекеменің мүшелерінің тағайындалуы, олардың орыс тілін білу сауаттылығымен шектеледі [177].

1890 жылы 20 ақпанда 167-бабқа сәйкес Ресей патшалығы Ресми Кеңестің Орынбор мүфтиі мен ОМДМ-нің мүшелері үшін сайлау тәртібіндегі өзгерістер енгізу тәртібі туралы ұсынысын мақұлдаған. 1890 жылы 9 қаңтарда аталмыш Кеңестің Заң департаментінде ОМДМ-нің қарамағындағы мүшелерді сайлау тәртібіндегі өзгерістер туралы пікірін қарады. Бұл өзгеріс бойынша мүфтий қызметіне Ішкі Істер министрінің ұсынысы бойынша тағайындалатын болды. Көрсетілген діни ұйымның мүшелері және үш кандидат Орынбор мүфтийінің ұсынысы бойынша үш жыл бойы Ішкі Істер министрімен тағайындалады [177].

1890 жылғы 18 мамырдағы №2143 ОМДМ-нің тапсырмасы бойынша ахундар әр үйездің мемлекеттік молдасы қайтыс болған жағдайда тез арада осы ұйымға хабар беру керек болды. Метіркелік кітаптар қайтыс болған молданың серіктесіне, немесе муаззинге берілуі тиіс. Егер муаззин де болмайтын жағдайда ахун қоғам мүшелерінің кеңесімен метіркелік кітапты жақын жердегі имамдардың біреуіне тапсыруы тиіс болған [130, с. 21]. ОМДМ-нің 1890 жылы 25 тамызда №3683 Ішкі Орданың барлық ахундарына берген тапсырмасында соңғылар барлық жергілікті қазақтарға хабарламасын жеткізу керек еді. Қазақтар ескі әдет бойынша кәмелетке толмаған жас қыздарын ешкіммен «гакидъ-никяхъ» жасамау керектігі, сол сияқты осындай кәмелетке толмаған жас балалардың да некесіне рұқсат бермеу қажеттілігі талап етіледі. Себебі, кәмелет жасқа жетпегендерге қиылған некеде ерлі-зайыптылар арасында түрлі даулар туындаған. Көп жағдайда қазақтар арасында тұрмыстағы неке жасына жетпеген жас қыз баланы, кейін басқа адамға да тұрмысқа беру жиі кездесіп отырған. ОМДМ 1885 жылы шыққан заңнамаға орай 1563 бабтың 1 бөлімі бойынша кәмелетке толмаған жас жеткіншектердің арасында неке қию туралы қайталанса заңды жауапкершілікке тартылады деп шешті [130, с. 22].

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақ даласында дін қызметшілері тексеруден өткізілгеннен кейін, үкімет тарапынан тағайындалып отырды [178, б. 18]. Осыған байланысты И.К. Загидуллинның мәліметі бойынша ОМДМ-ге қарасты округтерде діни атақтардың әлсіреуінен ахундар санының өсу қарқынынан көрініс тапты. Егер 1856 жылы 37 ахун есептелген болса, 1889 жылы – 65 жетсе, онда 1908 жылға қарай олардың саны екі есе артып, 150 адамға теңелген [178, с. 143]. Ахундардың саны айтарлықтай елеулі болғанымен және оның өсу үрдісі көрініс тапқанымен, қолданыстағы заңдарда олардың құқықтары да, міндеттері де белгіленбеген еді. Атап айтсақ, 1889 жылы Ішкі Ресейде бар-жоғы 60 дін қызметкерлері (молдалардың 1,1 %) ахун лауазымын иеленген болса, 1916 жылы олардың саны 220-ға (3,0 %) жеткен [20, с. 287].

Ахундарды ақсақалдар мен молдалар таңдағаннан кейін, губернаторлар өздері бекіткен. Олар барлық тұрмыстық мәселелерімен айналысып, діни жамағатқа қарасты старшындар және ақсақалдармен шариғат сотына қатысып отырды. Әрине, мұсылман дінбасылары өз қызметіне шектеу қоятын биліктің артық қамқорлығына риза болмады. Сонымен қатар ахундар мен молдалар рұқсат берілмегендіктен мешіттер салуға шешімдер қабылдай алмады [179, с. 190]. Ахундар, әдетте ауылдарға шашыраңқы болып орналасты. Олардың жергілікті билік органдарына, тіпті үйезд немесе губерниялық басшыларындай билік деңгейі мен ықпалы болмады [180, с. 38].

Ахундар, үйездік қадилер және губерниялық жиналыс-мәжілістердің мүшелері, нақты айтқанда мұсылман дін қызметшілерінің орта буынын құраған. Айта кету керек, ертеректе ОМДМ құрылғанға дейін сайланбалы ахундар шындығында ең жоғарғы діни тұлғалар болған және олардың Орал-Еділ тарихындағы рөлі орасан зор еді. Олардың кезінде синкреттік рухани тұлғалары болуы мүмкін, тіпті қазақтың «ақын» сөзі ахун баламасынан қалған деген пікір де кездеседі. Содан кейін Ресейдің ішкі губернияларында ахундардың мәртебесі айтарлықтай төмендеген: алдымен олар жай молдалардың деңгейіне түсті. Шын мәнінде олардың бұрынғы құзіреті (мешіттегі дін қызметшілерінің қызметін бақылау, жаңа мешіттер тұрғызу мәселелерін қарау, билік жүргізуші құрылымдар мен жергілікті мұсылман қоғамы арасында делдал болу т.с.с.) мүфтийлер мен кадилердің қолына ауысып, ахундар соңғылардың мешіт қауымының көмекшілеріне айналды.

Уақыт өте келе сайланбалы ахун лауазымы жойылып (сонымен қатар онда бұрын болған аға ахун, ахун көмекшісі, сондай-ақ мұхтасиб лауазымдары да тарихи алаңнан жойылды), ахундық соборлық бас мешіттердің имамдарына ерекше діни-әкімшілік еңбегі үшін мүфтиат немесе Ішкі Істер министрлігі беретін құрметті атаққа айналды. Бұдан бөлек, олар үкіметтің ең жоғарғы діни мекемесі ретіндегі мүфтиат пен ең төменгі деңгейдегі ауыл дін қызметшілері арасында аса маңызды делдалдық қызметті жүзеге асырды. ОМДМ-нің молдалар мен муаззиндерге қатысты шешімдерін дәл осы ахундар арқылы өткізіп отырды – оларда өзге тетіктер болмаған [20, с. 286-287]. Мысалы, 1891 жылдың 5 мамырында Астрахань губернаторының бекітілуімен Ішкі Орданың Қамыс-Самар бөліміне қарасты Жаңа-Қазан ауылының имамы Ғатауылла Ғалыкеевка ахун діни атағы берілген [20, с. 286-287].

XIX ғасырдың екінші жартысында ОМДМ-нің ахундарды діни істерді басқару жүйесіндегі орта буын институты ретінде нығайту әрекеттері сәтсіздікпен аяқталды. Олардың жағдайлары, құқықтары мен міндеттері ресми түрде реттелмеген еді. Бұл жағдай ахун мәртебесін құрметті діни атаққа айналдырды, көбінесе беделді және білімді имамдарға берілді. XIX ғасырдың аяғында ОМДМ-де емтиханының қорытындысы бойынша тіпті молдалыққа үміткерлерге бұл атақ беру фактілері көп кездескен [175, с. 223].

Қоғамдық топты мұсылман дінбасылары – ахундар, молдалар, азаншылар құрды. Патшалық билік мұсылман дінбасыларын, сондай-ақ православиелерді шіркеу ұйымына бағындыруға тырысты. Молдалар мен азаншылар ауыл

тұрғындарының сауатты адамдарынан сайланды. Дегенмен, губерниялық билік діни қызметкерлердің іс-әрекетін толығымен бақылауға алып, оларды бекітуге провинциялық кеңсеге тағайындауды міндеттеді [181, с. 190]. Көп жағдайда діни лауазымға үміткер азамат сынақтан өтуі үшін ресми өтініш жазған. Ішкі Орданың Қамыс-Самар округі Жаңа-Қазан ауылының қазағы Мұхамедғали Ахметовтың 1896 жылы ОМДМ-ге жазған ресми өтініші мазмұнында былай делінген: «1895 жылы 11 желтоқсандағы үкімді мешіттің түпнұсқасын қоса беріп отырған курстастарымның үкімі бойынша сайланған молда қызметіне мұсылман дінінің ережелерін білу бойынша емтихан тапсырғым келеді. Діни істердің кішіпейілділікпен тестілеуге рұқсат беруін сұрау және сот шешімімен не болғаны туралы куәлік беру құрметіне ие боламын. 29 қыркүйек 1896 ж. М.Ахметов» [182, 3-п].

Болыс басшысы жергілікті халық өкілдерімен келісе отырып, сайланған үміткердің атына куәлік жазған. Куәлік молда қызметіне сайланған үміткердің мінез-құлқын, денсаулығын, жасын, сотталмағандығын және еш тіркеуде жоқтығын көрсете отырып, Уфа қаласына сынақ тапсыруына рұқсат беруін сұраған. Діни тұлғалар ОМДМ тарапынан сынақтан өту үшін болыс басшысының берген куәлігін ала келуі тиіс еді [183, 39-п.].

Аталмыш Қамыс-Самар бөлімінің №11 старшындығының 24 жастағы азаматы Сатығали Юсубалиевке 1904 жылы 24 сәуірдегі №5 бұйрығымен [184, 3-п.] және осы Орданың Торғын бөлімінің № 7 старшындығының 25 жастағы азаматы Құрбанғали Иралиевке 1902 жылы 21 сәуірде №114 бұйрықпен басшыларының берген куәлігі мұрағаттарда сақталып тұр [185, 4-п.].

Болыс басшысы тарапынан берілген қазыналық мөрмен қолы расталған куәлікте мемлекеттік молдаға үміткер азаматтың толық аты-жөні, жасы, молда қызметіне жергілікті халық тарапынан сайланған нақты старшындық атауы, мінез-құлқы мен сотталмағандығы жазылған. «Указды молда» діни атағын алу үшін Уфаға барып сынақ тапсыруына еш кедергі жоқтығы айтылған. Әдетте, үміткердің жоғары моральдық қасиеттерін қоғамның мүшелері сайлауға қатысты шығарған үкіммен растап отырды [186].

Бірақ, үміткерді тексеру барысында полиция қызметкерлері жергілікті жамағат және қоғамдық басқару органдарының шенеуніктерінен жиналған қосымша мәліметті губерниялық әкімшілікке жеткізіп отырған. Себебі, заң бойынша губерниялық басшысы полиция басқармасына үміткерлерден олардың заңға қайшы қоғамға жатпайтын және секталарға қатысы жоқтығы жөнінде мәлімет беруін талап етті. Болыс басшысы үміткерге куәлік берген кезде оның мінезін айқындайтын мынандай мазмұндағы анықтамаларды беріп отырған: «жақсы мінез-құлқы адам сонғы 24 жыл ішінде сотқа тартылмаған», «мұсылмандар арасында және моральдық қарым-қатынаста өте сенімді», «оның жақсы мінез-құлқы бар және денсаулығы жақсы», «оның мемлекеттік қарызы жоқ», «саяси және моральдық жағынан айтарлықтай сенімді тұлға», «адамгершілігі мол, сотта қаралмаған және айыппұл салынбаған», «мінез-құлқы жақсы, қайырымды және аққөңіл» [187, 2-4-пп.].

Губерниялық басқарма сайлауға түскен үміткердің саяси көзқарасы, ұстанымы туралы қызығушылық танытып, осы мақсатта полицейлік жандарм басқармасынан ақпарат алып отырған. Діни тұлғаларды бақылау мүмкіндігінше губернатор тарапынан да, полициялық басқарма тарапынан да өте қатал жүргізілген.

Ал емтихан тапсыруға барған діни тұлғалар қолында имамдыққа жарайтын оқу құжатын шәһадәтнамасын ала барған. Ал шәһадәтнамасы болмаған жағдайда ОМДМ-де емтихан тапсырып шәһадәтнама алған. Нәтижесінде бұл қаулы губерниялық басқарма тарапынан заңға қайшы келмейді деп табылса, имам болатын тұлғаны губернатор ұнатса оны имамдыққа бекітіп, белгілеп қолына жарлығын беретін болған. Діни тұлға туралы журналға толық мәлімет тіркеліп жазылып отырған. Бірақ ОМДМ-де сол күнге дейін емтиханның арнайы жасалған бағдарламасы жоқ болған, әрбір қази өз қалауынша ыңғайына қарай емтихан өткізген [187, 2-4-пп.]. Осыған байланысты мұрағат құжаттарының арасында батыс өңірі бойынша жоғарыда айтылғандай шәһадәтнама үлгілері жақсы сақталған, мысалы, жоғарыда айтылған ахун Ғатауылла Ғалыкеевтің мөрімен берілген құжаттар үлгі бола алады [188, 5-6-пп.].

Молда лауазымына үміткерлер үшін маңызды шарт – ол арнайы діни білімінің болуы еді. Сол себептен ОМДМ сынақтан сәтті өткен үміткерлерге діни білімін дәлелдейтін ресми куәлік берген және оны губерниялық басқарма арқылы беріп отырған [184, 39-п.].

Болыс басшыларының діни лауазымға үміткердің атына жазған куәлігі мен азаматтың өтініші ОМДМ-де қаралып, сынақтан өткен жағдайда бұйрықпен ресми діни атақ беріліп отырған. Молда лауазымына үміткерлер үшін осы ұйымның дәлелдерімен расталған арнайы ресми діни білімінің болуы маңызды болды және бұл ресми куәлік оның бұйрығымен расталды. Ресми куәлік алып, губерниялық басқармамен бекітілген молда өзі тағайындалған ауылда ғана қызметін атқара алатын болды. Сынақтың қорытындысы бойынша ОМДМ діни лауазымға үміткердің діни атағын көрсететін куәлік берді. Әдетте ереже бойынша бір мезгілде хатибқа медресенің жетекшісі, аға ұстаз-мүдәрріс, имамға-мұғалім (ұстаз), муаззинге «мұғалім-сыбиянь» (кішкентай балалар мұғалімі) атағы беріліп отырған.

Сынақ арқылы ОМДМ-сі ұстаздық атақты да берген. Мүдәрріс ең жоғарғы діни атақ мәртебесіне ие болған медресе жетекшісі, аға оқытушы болды. Екінші орында мұғалім – ұстаз болды. Лауазымы бойынша ең төмені жас балалардың ұстазы мұғалім-сыбиянь атағы. Мүдәрріс атағы тек имамдарға ғана берілді. Ал мұғалім және мұғалім-сыбиянь лауазымына муаззиндер бола алатын болды. Айта кету керек діни лауазымдары жоқ адамдар да мұғалім қызметіне тағайындалды [189, с. 144].

Мұрағат құжаттары діни тұлғалардың қызметтеріне байланысты құнды мәліметтер береді. Мәселен, Орал облысы, Темір уезі, Қайынды болысының №6 ауыл азаматы Иманғали Жалғасбаевқа куәліктің келесі нұсқасы ұсынылған: «Бұл анықтама ОМДМ-сі Орал облысы Темір уезінің Қайынды болысына

қарасты № 6 ауылдың тұрғыны Иманғали Жалғасбаевқа, ол Жалғасбаевтың өтініші нәтижесінде Рухани жиналыстың алдында мұсылмандық білім бойынша емтихан тапсырып өзін озат көрсете білді және осыған сәйкес ол Жалғасбаев имам-хатиб және мұғалім бола алды. Бұл білім туралы куәлік оның, Жалғасбаевтың рухани имам дәрежесіне лайықты түрде бекітілмейінше имамдық міндеттерін атқару құқығын білдірмейді. Уфа қаласы, қараша. 19... жыл. Мемлекеттік алым өндірілді [190, 2-п.].

Егер сынақ губерниялық және облыстық басқарма өтініші бойынша жүргізілсе, ОМДМ-сі өз рапортымен (баяндауымен) аймақтық органға оның нәтижелерін жеткізді. Үміткерлерге ол үшін діни қызметкерлерге арналған куәліктер берілді. Білім деңгейіне қарай олардың атақтары ұсынылған бағдарламадан аз өзгеше болуы мүмкін. Олардың өсу тәртібі келесідей ұйымдастырылды: муаззин және мұғалім-сыбиянь (бастауыш сынып мұғалімі), муаззин және мұғалім (орта мектеп мұғалімі); имам және мұғалім, имам-хатиб және мұғалім, имам-хатиб және мүдәрріс (ортаңғы мектептің жетекшісі-медресе) [189, с. 143-144].

Осыдан кейін ғана үміткер молдаға оның лауазымына тағайындалғаны туралы Астрахань губерниясының басқармасы арқылы Ұлы мәртебелі императорлық жарлық бекітілді. Жарлық шығарылғаннан кейін молда қызметіне адал болу үшін ант қабылдады. Мұндай молдаға указной атағы берілді [190, 5-п.].

Демек, Уфа қаласынан сынақ тапсырып, ОМДМ-нің қатал сынынан өткен молдалар ғана діни атаққа қол жеткізген. Губерниялық басқармадан жарлық алды және мемлекеттік молдалар қатарына қосылып Қазақ даласына аттандырылды. Аталмыш басқарма жіберген приходына заңды түрде тағайындағаннан кейін ғана олар діни қызметтерін орындаған. Олар қазақ қауымында айрықша дәрежеге ие болып патша билігі бекіткен және тағайындаған Ресей империясының ресми өкілдері ретінде қабылданып, өздерінің тікелей міндеті діни қызметімен шектеліп қалмады. Керісінше, олардың бұл міндеттері қазақ мұсылмандарын отаршыл мемлекетке жылы қабақ танытуға тәрбиелеуге бағытталды. Молдалар Ресей әкімшілігіне тәуелді болып, олардың қолындағы тіл алғыш қаруға айналды. ОМДМ Ішкі Істер министрлігіне бағынышты болғандықтан, молдалар іс жүзінде патша өкіметінің қызметкерлеріне айналды [172, б.120]. Сонан соң губерниялық басқарма арнайы қаулысымен діни лауазымға үміткерді бекітті. Қосымшада берілген үлгідей шенеунік қызметіне кіре бастаған үміткер «уәде анты» мәтініне сәйкес келетін мәтінмен полиция бөліміне «ант» жасағаннан кейін ғана діни тұлғаның міндеттері айқындалған куәлік (жарлық) берілді.

Бұл жерде ресми (немесе ресми саясат аясында қызмет еткен) молдалар жайлы мәселе қозғалып отыр. Ресми діни қызметкер құқығын алу үшін арнайы сынақ тапсырғаннан кейін (ол сынақтарда исламның теориясы мен практикасы мәселелері қамтылған) молдалардың құжаттары Ішкі Істер министрлігінің жанындағы «шетелдік» («православие емес» мағынасында) яғни «бөгде» діндерге қатысты рухани істерінің Бас Департаменті кеңсесінде

қаралып, содан кейін ең жоғары лауазымды тұлғалардың бекітуіне жіберілетін болған. Айта кету керек, аталмыш Департамент бұратана халықтардың діндерін қатаң бақылауға алып, барлық істерді мемлекет діні болып табылатын православие дінінің үстемдігі тарапынан құжаттар бекітілген жағдайда Орынбор мүфтияты үміткерге ресми куәлік беретін, ол куәлікте діни атақпен қатар мүдәрріс немесе мұғалім деген ұстаздық атақ берілетін. Осылайша «указной» және «указной емес» молда түсініктері пайда болды.

Бұрын молдалар жарлық қабылдамай, өз міндеттерін жергілікті немесе ауыл тұрғындарының өтініші бойынша атқарған. Имам, хатиб, мүдәрріс лауазымына емтихан өткізу және жарлық шығару тәжірибесі ОМДМ-нің билігінде болды [191, с. 60]. Негізінен үміткердің бекітілуі ОМДМ-де сынақ тапсырғанға дейін өтті: губерниялық басқарма оны осы ұйымның сынағына бағыттап іс жүзінде оны діни лауазымға тағайындауға шешім қабылдады. Сынақ тапсыру екінші орында болған еді. Ал әрі қарай үміткерді діни лауазымға бекіту жергілікті биліктің формальды мәселесі ғана болды [192, с. 222].

ОМДМ-сі мұсылмандық діни лауазымға үміткерлерді сынақтан өткізу кезінде олардың жас ерекшеліктерін қатаң заңнамаға сәйкестігін қадағалады. Негізінде шариғат бойынша намаз кезінде алда тұратын діни жетекші (имамдық) ер адамға 15 жасқа толуы талап етілді. Ал азанға шақыру қызметі үшін кәмелетке толмаған жас балаға да рұқсат етіледі; әрине, егер бала жақсыны жамандықтан, дұрысты бұрыстан ажырата білсе ғана [193, с. 66]. Алайда Ішкі Істер министрінің ұсынысы негізінде 1855 жылы 14 ақпанда Ресми Кеңестің пікірімен патшаның бекіткен заңнамасында діни қызметке үміткерлер үшін бұдан жоғары жас мөлшері белгіленді [194, с. 167]. Сөйтіп, 1857 жылғы заңның 1205 бабына сәйкес сынақтан өту үшін ахун, қади, мұхтасибтар және мүдәррістер 25 жастан кіші емес, хатиб, молдалар, имамдар – 22 жастан кіші емес, ал муаззиндерге 21 жасқа толған азамат болуына рұқсат етілген [195, с. 158].

Осы кезден бастап полиция органдары үміткердің көрсетілген жасын отбасылық тізімдер және метіркелік кітап бойынша, туу туралы куәліктері негізінде белгілі бір жасқа жеткенін тексере бастады [196, с. 75].

Сынақтан өту үшін үміткерлердің жасы заңға сәйкес қатаң бақылауда болған. Себебі кейбір мұрағат құжаттарынан көргендей ресми діни атақ алып, лауазымын атқарып жүрген молдалар арасында жас мөлшері заң бойынша сақталмаған. Полиция қызметкерлері тексеруі нәтижесінде кейбір молдалардың жасы заңға сәйкес келмеуінен оларды ОМДМ тез арада қызметінен босатқан. Осындай мысалдар Ресей империясының соқыр бюрократизм мен формализм жайлағанын көрсетіп тұр.

Қазақ халқы кейін ОМДМ-ге тәуелсіз болып, ресми (указной) молданы өздері сайлау арқылы өткізіп отырды. Алайда бұл сайлаулар үнемі әділ болды дей алмаймыз. «Қазақ» баспасында Қызылжар үйезіне қарасты Преснов болысында өткен сайлауда екіге бөлінгеннен бері бұрынғы мемлекеттік молда бөлінген жақта қалған. Ал осы түпкі болыс молдасыз қалған соң 15 мамырда

молдалыққа сайлау өткізілген, бірақ соңында молда сайланбай қалған. Содан бері молда жоқтығы үшін қазақтар үкіметке өкпелейді деп қазақтардың молда сайлауын өткізуін сынаған. Қазақтардың молда қызметіне сайлауды өткізуі мынадай болса деп әділ өткізілмейтін сайлауды жазған. Бұған қарағанда молда қызметіне таласушы діни тұлғалардың көптігін, олардың өз қызметтеріне кейде әділ қарамауы сияқты Қазақ даласына тән жағдайларды келтіруге болады [197, 198].

Орынбор мүфтилігі діни мәселелерге қатысты дауларды имам не ахун арқылы қадағалап, шариғат бойынша шешім шығарып бұйрық беруді талап еткен. Егер дауласқан екі жақтың бірі имамның шешіміне риза болмаса мүфтиге шағымданған. Имам өз шешімін мүфтиге жіберіп отырған. ОМДМ-сі имамның үкімі шариғатқа сай болса бекітіледі. Егер даушылар тарапынан имамға шағым түссе, дәлелді себептері көрсетілсе, бұл істі басқа бір имамға жолдап тергеуге берген. Кей жағдайларда тергеу ісі ұзаққа созылған. Бұл кезде беделі жоғары бірнеше ахун мен имамдар бас қосып тергеген. Егер дауласушы мүфтидің үкіміне риза болмаса губернаторға жүгінген. Губернатор ІІМ-нің карауына жібереді. Сонда да іс аяғында шариғат бойынша хүкім етіледі.

Кейбір жағдайда бір қауымда екі имам болса, имам-хатибтың дәрежесі имам-мұғалімге қарағанда жоғары болатыны байқалады. Имам-хатибтың негізгі міндеті әр уақытта намаз кезінде, хатиба оқу және үгіт-насихат жүргізуі сөйлеуде шарт болған. Ахун дәрежесі имамға қарағанда жоғары құрметтірек болғанмен, ауыл имамынан артық құқыққа ие болмаған делінген. ОМДМ-нің бұйрығынсыз ауыл имамдарын бақылап, ауыл ісіне кірісуге құқығы болмай қалды делінген. Ахунның қызметін имамдарда жасай алатыны айтылған [199].

Имамдар заң жағынан қателік жасаса, оларды орнынан тек губернатор босатқан, соңынан ОМДМ-не хабар берген [200].

Осыған ұқсас мәліметтер деректерде көрініс тапқан. Мәселен, 2-ші Теңіз жағалауы бөлімінің № 6 старшындығының тұрғыны Мұхамеджан Сәрсенов 1906 жылы 18 шілдедегі татар тілінде жазылған қаулысында 30 мамырда қауым мүшелерінің сайлауымен имамдық қызметке өткен. 1896 жылы шыққан XI тармақтың 1424-бабына сәйкес М. Сәрсенов ОМДМ-нен сынақтан өтіп, имам-мұғалім діни атағын алған. Үміткерлер өз қызметтерін губерниялық басқарма бекітіп рұқсат еткен соң орындаған [201, 2-п].

ОМДМ-де 1907 жылдың 15 маусымында Қалмақ округінің № 1 старшындығыныың тұрғыны Ғабдолла Житановтың өтініші негізінде 14 маусымда қаулы шыққан. Қаулы негізінде ол аталмыш старшындықтың 2-ші тұрағындағы имамы Жұрынтаевтың қасына 12 сәуірде муаззин ретінде қызметке тағайындалғандығы мәлімделеді. ОМДМ-де 1907 жылы сынақтан өтіп, муаззин және мұғалім – сыбиань діни атағын алған [202, 3-п]. Осы сияқты тағы бір мұрағат құжатында 1910 жылы 24 ақпанда ОМДМ-нің Ішкі Ордасы Талов бөлімінің № 2 старшындығының азаматы Жұмағали Исмагиловқа молданың ресми куәлігін беру қаулысы қаралған. Олар сынақтан өту арқылы муаззин және мұғалім куәлігін алған [203, 4-п].

Муаззин діни атағын алу үшін үміткерлерден мынадай міндеттер талап етілді: 1) азанның дұрыс жариялануы (азан шақыру); 2) пайғамбарды жұмақтың жоғарғы дәрежесіне жеткізудің бірден бір жолы – намазды оқуы (мешітте намаз басталғаны туралы хабарлау); 3) исламның негізгі қағидаларын (Алла Тағалаға, періштелерге, Қасиетті жазбаларға, пайғамбарларға сену, Қиямет күні және өлілерді қайта тірілту, Құдайдың тағдыры) жинақталған «Аманту билляхи» дұғасын оқу; 4) олардың мағынасын түсіндіре білу; 5) иманның шынайылығын тексеру; 6) Алланың мәні, оның бірлігі (таухид) және (сифат) сипаттарын білу.

Ал имам-мұғалім діни атағын алу барысында үміткер иман-шарт, шариғат пен ақида бойынша сынақ тапсыратын болған [204, 6-7-пп.; 189, с. 142]. Мәселен, Астрахань губерниясы Ішкі Істер басқармасының ОМДМ-не 1906 жылы 29 қарашада №4882 бұйрықпен жазған хатында молда Бижан Шонмұрыновты Қамыс-Самар бөлімінің №5 старшындығы мешітіне имам және мұғалім қызметіне бекітуге кедергі жоқтығын сұраған. Аталмыш жылдың 23 желтоқсанында ОМДМ губерниялық басқармаға Шонмұрыновты молда қызметіне тағайындауға еш кедергі жоқтығын мәлімдеген соң губерниялық басқарма үміткерге қызметін орындауына құқық беріп, бекіткен [205, 6-7-пп.]. 1836 жылғы 23 қаңтардағы Ресми Кеңестің мәлімдемесінде артық дау мен тәртіпсіздікке жол бермес үшін мешітте бір молданың болуы керек деп белгіленді. Бұған қарамастан кейбір мешіттерде екі молдадан болып отырған [206, с. 223-224].

Мәселен, Ішкі Орданың Талов округінің № 7 старшындығы Қара-су тұрағындағы мешітте екі молда қызмет атқарған. Осыдан молдалардың арасында әрдайым бір-біріне деген иерархиясы сақталмаған, бұл әрине олардың арасында түрлі даулар мен қарсылықтарға алып келіп отырған. Егер мешітте бірдей дәрежеде екі діни қызметкер болған болса, ОМДМ олардың арасында ең үлкен молданы тағайындады.

Мұрағатта Ішкі Орда өміріндегі Ғабдырахим Нұрмұхамедов, Мәжит Жақыпов, Ғалымгерей Иламанов сынды діни қызметкерлерге қатысты ақпарат берілген. Астрахань губерниялық басқармасы 1902 жылы 9 қыркүйек № 3160 бұйрықпен ОМДМ-не жазған жауап хатында Ішкі Ордасы № 7 старшындығы тұрғындары Ғабдрахим Нұрмұхамедовты молда, Ғалымгерей Иламановты Қара-су тұрағындағы мешітке муаззин, Мажид Жақыповты екінші молда қызметіне бекітілгендігінен хабар берген. Бір мешітте екі бірдей молданың қызмет жасағанын көреміз [207, 8-п.].

Сенаттың 1835 жылғы 9 желтоқсандағы және 1836 жылғы 23 қаңтардағы қаулыларымен собордағы мешітте әрқайсысы бір хатиб пен имам болуы керек болды. Д.Д. Азаматовтың мәліметтері бойынша негізінде хатиб пен имамның бір бірінен еш айырмашылығы болмаған. Сондықтан губерниялық билік оларды қызметке бекіту кезінде көбінесе «молда» терминін қолданды [24, с. 89].

Исламда намаз кезінде алда тұратын адам, рухани жетекші, мұсылман қауымдастығының басшысы ретінде имамның орны ерекше. Күнделікті өмірде

имам деп мешітте көпшілік болып намаз оқуды басқаратын жетекшіні атайды. Имам қызметін үнемі бір адам атқара беруі мүмкін алайда имам дәрежелі де кәсіп те болып табылмайды [171, б. 62 ]. Хатибтың негізгі міндеті мерекелерде құдайға табыну кезінде хұтба оқу болды. Хұтба деп хатибтың уәзін, уағызын айтамыз. Хұтба негізінен жұма күні, айт намаздың алдында ірі мейрамдар кезінде және ерекше жағдайда оқылады. Хұтбаны имам-хатиб мінберде түрегеп тұрып оқиды [171, 219 б.; 175, с. 224 ]. Діни уағыз айтуға деген шексіз құқығы болғаны еді. Имамнан ресми айырмашылығы хатибтың шені жоғары болуында.

Хатибтер мен имамдардың негізгі міндеттері жүйелі түрде мешітке барып, намазға тұруы тиіс болған, оның үстіне хатибтер уағыз және өсиет айтып, діни орындағы тәртіпті қадағалап отыруы, әрбір мұсылманның өміріндегі ең маңызды оқиғалар (туылуы, кәмелетке толуы, некеге тұруы, өлімі т.с.с.) кезінде діни салт-жоралғылар мен рәсімдерді орындауы керек болған. Сонымен қатар олардың тікелей қызметтік парызына жамағаттың балаларына ислам дінінің негіздерін және рәсімдерін үйрету кірген. Бұдан бөлек, хатибтер, олар болмаған жерде – имамдар өз махалласы шегінде метіркелік кітаптарға азаматтық хал актілерінің жазбаларын жүргізіп, олар бойынша ОМДМ мен басқармалар алдында жүйелі түрде есеп беруді жүзеге асырған [26, с. 289-290].

ОМДМ-сі округінде хатибтар (молдалар), имамдар және муаззиндер төменгі дәрежелі дін қызметшілері болып саналды. Олардың ғибадат ету және діни қажеттіліктерге, неке қиюға және бұзуға байланысты (қатысты) салт-жоралғыларды орындау, метіркелік кітаптарды жүргізу, ата-аналардың балаларына қалдырған мұрасы туралы өсиеттерін, неке адалдығының бұзылуын талқылау жөніндегі істер бойынша қызмет жасауы міндетті болды. ОМДМ және Ішкі істер министрлігі тарапынан имам-хатиб, муаззиндердің атқаратын функциялары заңға сәйкес тәртіппен реттеліп отырды. Өйткені олардың міндеттері заңнамада үстірт жазылған [177].

Мұсылман дін қызметшілерінің ең төменгі сатысында хатибтар, имамдар және молдалар, ал Орынбор және Таврия мүфтияттарының округтерінде – муаззиндер тұрған. Ресейдің заңдары бойынша (1855 жылдың 9 желтоқсандағы, 1856 жылдың 14 ақпандағы және 1886 жылдың 25 қаңтардағы жарлықтар) империяның ішкі губернияларында, сондай-ақ Қырымда әрбір бас (жұма мешіті дейді оны) мешіттің жанында бір хатиб және бір имам (немесе молда) ұстауға рұқсат етілген болатын.

Дегенмен ереже заң жүзінде айқын белгіленбегендіктен, бұл мәселе молдалардың арасында да, жамағат арасында да түсініспеушіліктер мен даулар туғызған еді. Іс жүзінде хатиб көбінесе имамның немесе молданың міндеттерін атқарып жүрген. Шағын махаллаларда бұл тіпті қалыпты әдетке айналған, себебі қаражаттың жеткіліксіздігінен мешіт штаттарындағы бос орындар толтырылмайтын. Атап айтқанда, 1911 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша, ОМДМ-нің 5 771 махалласының 5 409-ында бас жұма мешіт болған, оларда 3 946 хатиб, 3 696 имам және 691 молда діни қызметін атқарған. Бұл дегеніміз мешіті бар әрбір үшінші дерлік махаллада бүкіл қызметті бір имам немесе бір

молда атқарған деген сөз. Оларда «меншікті» хатибты сайлау жағдай жақсаратын күнге қалдырылып отырған [20, с. 288].

ОМДМ-нің қарауына орай мұсылмандық жоғары және төменгі шен қызметшілері діни қызметінен босамай және белгіленген сауда тізімдері (разряды) көрсетілмеген жағдайда, сауда өнеркәсібімен айналысуға құқылы емес [177].

Патшалық Ресейдегі мұсылман діни қызметкерлерінің әлеуметтік статусы мен материалдық жағдай мәселесі де қайшылықты болды. Молдалар мен азаншылар діни талаптарды орындау үшін қосымша табыстар алды, бірақ екінші жағынан, олар шаруашылық, сауда немесе қолөнер еңбегіне толығымен араласпады, қауымның басқа мүшелерімен бірдей міндеттерін атқара алмады, себебі күнделікті бес уақыт намазды дұға етуге, салт-жораларды орындауға, конфессиялық мектептердегі балаларды бақылаумен бос уақыттары да болмады [209, с. 84].

Біз зерттеп отырған өңірде молдалардың қызметтік міндеттері Ресейдің азаматтық құқығымен және шариғат құқығымен реттеліп отырған. Ресми діні православие болған Ресей империясында мұсылман дін қызметшілерінің тар шеңберде мамандану дәстүрі барлық жерлерде дерлік бұзылып, ресейлік молданың қызметі көпсалалы сипатты иеленді. Молда дін басшысы (имам-хатиб), сот (кади), нотариус (мазун), ұстаз (мүдәрріс немесе мұғалім) және ресми қызметші қызметтерін бірге алып жүрген.

Ал мемлекет саясатынан тыс жергілікті жерлерде мұсылман қауымының басшысы белгілі бір сопылық бауырластықтың діни ізбасары (мүриті), тіпті кейде басшысы (шейхі немесе ишаны) болып, Құдай жолында діни-адамгершілік жетілумен жүйелі түрде айналысуы мүмкін болған.

Жекелеген молдалар ең алдымен дәстүрлі медицина негізінде емшілікпен айналысқан. Олардың арасындағы ең қабілеттілері ғылыми-әдеби салада өздерін сынап көрген, яғни белгілі бір дәрежеде діни құқық пен діни шешендікпен айналысатын діни ғұламалардың міндеттерін де атқарған. Жергілікті хатибтер мен имамдардың көпшілігі өздерінің діни және азаматтық парызын ыждағаттылықпен атқарған. Бұл орайда мұсылман қауымы мүшелерінің тарапынан бақылаудың рөлі зор болған және олар өз ісіне ұқыпсыз молдаларды лауазымынан босату мәселесімен мүфтиге жүгінуге құқылы болған.

Алайда мұсылман қауымы басшыларының көбісінің қызметіне түрткі болған ең басты себеп – олардың орасан зор моральдық жауапкершілікті сезінуі және өз халқына қызмет етуге деген талпыныс еді. Дегенмен, XIX –XX ғасырдың бас кезінде көптеген себептермен молдалардың ықпалы айтарлықтай төмендей бастады [26, с. 289-290].Сөйтіп, мемлекеттік молдалар қазақ даласында ерекше орын алды. Бірақ қайшылықты міндет атқарды, себебі олар еріксіз патша өкіметінің қолшоқпарына айналып та отырды (көбінесе Қазақ даласына жіберілген татар молдаларына қатысты). Молдалардың қызметтері тікелей жауапкершілікпен шектелмеді. Олар Ресей үкіметінің тағайындауымен және бекітуімен әкімшіліктің ресми өкілі бола жүріп, өздерінің қолына

маңызды басқару қызметтерін иеленді. Олар Қазақ даласында мұсылман өкілдері ретінде ғана емес, бір жағынан қазақ рулары арасындағы, қазақтар мен орыстар арасындағы дауларды шешудегі төрешілер ретінде, екінші жағынан, жалпы империялық заңдарды түсіндіріп, қазақтарға адал сезіммен қызмет етті [84, с. 158].

Осы кезеңде ислам өркениетінінің жүйелі дағдарысы себепті сауаты төмен, догматик молдалардың құбылыс орын алғаны да рас. Ш. Уәлиханов, басқа қазақ және орыс ағартушылар сондықтан дүмше молдаларды сынады. Қазақ қоғамының мәдени және саяси тұрғыда артта қалғандығын пайдаланып, мал-пұл жинау мақсатында діннен аулақ адамдар өздерін алланың таңдаулы әулиелері ретінде көрсеткен, ал олардың көбісі тек араб жазуының қаріптерін (әріптерін) ғана және Құранның жекелеген қағидаларын білген. Моральдық келбеті төмен діни қызметкерлер байлардың ауылдарын жағалап, балалардың «сауатын ашып», дұға-намаз рәсімдерін жасаған. Молдалар бірте-бірте отбасы-неке және мүлік қатынастарындағы даулар мен арыз-шағымдарды қарауға қатыса бастаған. Уақыт өте келе олар жеке шаруалы болып, мал-мүлік жинап, жерді меншіктене бастаған. Алайда осыдан кейін де дін өкілдері, соның ішінде молдалар қоғамның саяси өмірінде байыпты абыройға ие болмаған [20, с. 223-224].

1891 жылы 20 қаңтарда № 524 бұйрықпен Бұратана діндер істері Департаменті губернаторға жазған хатында: «1890 ж. 11 қазанда мұсылман діни лауазымына Жоғарыдан бекітілген ОМДМ қызметшілеріне білім шектеуін белгілеу туралы ережені қолдану кезінде бір губернияда түсініспеушілік туындаған. Осыған орай діни лауазымға түсініктеме берілген. Молда «молла» сөзі жоғары дәрежелі, яғни мүфтий мен ОМДМ діни қауымның мүшелерінен және төмен дәрежелі атап айтқанда: азаншылардан немесе муаззиндерден басқа барлық дін қызметшілерін көздеуі тиіс. Екіншіден молдалардың санаттарға жіктелуі географиялық тұрғыдан қабылданды, сондықтан қалалардағы діни қауым қызметшілері деген сөз қалалардағы барлық мұсылман дін қызметшілеріне қатысты, ал ауылдағы осы аталған дінді ұстанушылар ауылдық молдалар болып саналуы тиіс. Соңғысы азаншылар немесе муаззиндер молдаларға арнап белгіленген сынақтан өтуге жатпайды және осы соңғылардың бос орындары алмастырылмаған уақытта олардың міндеттерін атқаруға тағайындала алады. Осы орайда олардың осы қызметті атқаруына жарты жылдан астам уақыт берілмеуі міндетті шарт болып табылады» [130, с. 24].

Бұл хатта молда лауазымына түсіндірме берілген. Дінбасылардың қызметтері Ресей әкімшілігі тарапынан үнемі бақылауда болып келді, сонымен қатар олардың жұмысын сол кездегі стандарттар мен азаматтық іс жүргізуге сәйкес метіркелік кітаптарды пайдалана отырып ұйымдастыруға ұмтылды. 1828 жылдан бастап ОМДМ-нің міндетіне: туу туралы, өлім және неке туралы азаматтық актілердің жайын тіркеу жүктелді. Дәл сондай жергілікті мешіттерде метіркелік кітаптарды пайдалана бастады.

ІІМ-гі метіркелік кітаптарды екі дана түрінде, яғни оларды ОМДМ-де губерниялық өкіметке жіберіп, жергілікті мешіт имамдары мен басқа да

діни шендерге таратуға тиісті болды. Метіркелік жіптік кітаптарды жіберу жергілікті қордан, яғни мешіттің кірісінен қаржыландырылды. Ресми қазына әр мешітке кейбір мезгілдік көмек беріп отырды. Жіптік кітаптан түскен қаржыны имамдар мен молдалар ОМДМ арқылы үйездік немесе земстволық соттарға жөнелтті. Жергілікті имамдар мен молдалар жеке кітаптарға сәбидің жынысы мен ата-аналарының аттарын тіркесе; екінші кітапқа қайтыс болған мұсылмандардың жынысын, үшінші кітапқа жұбайлардың аттарын, ата-анасының атын, жолдастарын, некенің басты талабын, сонымен бірге-некенің бұзылу себептерін көрсете отырып, некенің бұзылуын жазып отырды. Жалпы тәртіп бойынша дін өкілдері метіркелік кітаптарды орыс тілінде толтыруы тиіс болды, егер орыс тілін білмесе татар тілінде толтыруға рұқсат етілді. Метіркелік кітап толтырылғаннан кейін бір данасы мешітте қалдырылып, ал екіншісі жақын арадағы үйездік немесе земстволық соттарға жіберіліп, әрі қарай губерниялық билік арқылы ОМДМ тапсырылды [172, б.114].

Қорыта келе ресми дін қызметшісі болу құқығын алу үшін дінбасылар Уфаға барып діни білімдерін сынақтан өткізіп отыруға, көптеген формальды ережелерге бағынуға мәжбүр болды. Молдалардың құжаттары ІІМ-нің жанындағы Шетелдік діндер істерінің Департаменты кеңсесіне, губерниялық басқармаға жіберілу арқылы бекітіліп отырған. Осыдан келіп діни қызметкерлердің міндеті мемлекет қаулыларымен белгіленіп, қызметі шенеуніктердің бақылауында болды. Молда арнайы жарлықпен тағайындалып, мешіттің қарамағына жіберілді. Өкіметтің қолдауымен ашылған мешіттерде метіркелік кітаптар жүргізіп, діни қызметтерін атқарған молдалар ресей әкімшілігінің көзқарасын ұстанумен шектелді.

### 1.3 XIX ғасырдың 50-жылдары Бөкей Ордасындағы қазақ молдаларының рухани қызметі

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ жеріндегі діни жағдай көп жағынан отарлық саясатқа байланысты дағдарыс белгілерімен сипатталды. Тарихи құжаттарға назар аударсақ, сол заманда Қазақстанның батыс өңірлері әкімшілік басқару жағынан ОМДМ-ге қарап, сол мекеме тарапынан нұсқау алып отырғаны байқалады. Мұрағат құжаттары қазақтан шыққан діни лауазымды тұлғалардың есімдерін, ресми қызметтеріне қатысты мәліметтерді, сол сияқты қазақ ауылдарындағы әлеуметтік, рухани мәселелерінің көбеюін аңғартады. Себебі, төмендегі мұрағат құжаттары молдалардың көбінесе отбасы-неке қатынастарындағы дау-жанжалдарын реттеуші қызметін атқаруға мәжбүр болып, өздері де әртүрлі себептермен әлеуметтік қатынастардың бәсеңдетуде дәрменсіздік танытты. Сол себепті бірінші тараудың үшінші бөлімінде Батыс Қазақстан құрамына кірген Ішкі Орданың (Бөкей Ордасы) діни қызметкерлерінің қызметіне, олардың Еділ мен Жайықтың арасында қоныс тепкен мұсалман халықтарына жасаған қызметі айқындауды жөн көрдік.

Бөкей Ордасы патшалық биліктің 1822-1822 жылдары Орта және Кіші жүз хандық билігінің жойылуы тұсында қазақ тарихында хандықты сақтап

қалған еді. Ол 1801 жылы патша жарлығымен бой көтерген еді. Бөкей Ордасы сол кездегі әкімшілік-территориялық бөлініс тұрғысынан алып қарағанда Астрахань губерниясының шығыс бөлігінде Еділдің сол жағалауында орналасты. Солтүстігінде – Самар губерниясы, шығысында – Орал облысы, оңтүстігінде – Каспий теңізі мен батысында Қалмақ даласымен шектесті. Бөкей Ордасы дербес хандық ретінде саналғанымен Ресей империясы үшін әкімшілік жағынан Астраханға бағынатын еді [210, б. 131-132].

Кіші жүз қазақтары үнемі ұлт-азаттық көтерілістерге аттанғанынан шошынған патшалық әкімшілік бұл хандықты сақтап қалды. Мәліметтерге жүгінетін болсақ, 1815 жылы Бөкей хан қайтыс болғаннан кейін аймақтағы саяси тұрақтылық бұзыла бастады. Оның орнына келген Шығай хан айтарлықтай өзгерістер жүргізе алмады. 1823 жылы билікке келген Жәңгір хан мұсылмандықты қолдауымен қатар қазақ даласында халық ағарту ісін қолға алды. Аймақтағы татар молдаларының салмағын әлсіретуге бел бұған Жәңгір хан, қазақ балаларын зайырлы мұсылмандық ілімге тартты. Нәтижесінде қазан татарларының орнына, әр руда бірнеше қазақ молдаларын тағайындады [211, с. 32-35; 214, с. 175].

Осы кезде, Бөкей Ордасындағы ресми тіркелген дін қызметкерлерінің келбетінен, статистикасынан да біраз ақпарат беретін құжаттарға келсек, 1850 жылы 23 желтоқсанда Ішкі Орданы басқару туралы Уақытша Кеңестің Орынбор шекара комиссиясына жазған мәлімдемесінде метірке кітаптары бойынша осындағы молдалар туралы хабарлар беріліп тұрған [212]. Ондағы мәліметтерде Ордадағы әр румен бөлімде діни қызмет еткен 113 молданың тізімі көрсетілген. Бұл құжатқа сәйкес ең алғашқы бекітілген уақыт 1840 жылдың 26 мамырына жатады, ал ең соңғысы – 1845 жылдың 25 маусымына жатқызылған. Сондай-ақ Уақытша Кеңес 1850 жылы 23 желтоқсандағы қосымша жазба хатында Ішкі Ордадағы 113 мұсылман дінбасылары атының тізімін жариялайды [213, 6-7, 11 пп.].

Мұндағы мемлекеттік молдалар тізіміне қосымша енгізіліп, Жәңгір ханның бұйрығымен Байбақты руы қырықтық бөліміне мемлекеттік молда Құрбанғали Есетұлы, № 93 тізімдегі масқар руынан Мұстафа Есімұлы мен № 94 болып енген Халдеш Мәмбетұлының өз қисымдарындағы мешітте имамдық етіп, өз қолдарымен толтырған метірке кітаптары қазақшаға аударылды [214, 75 б.]. Ал сұлтан Әділдің мәлімдемесінде 1845 жылы қарашада құрастырылған 130 молданың тізімі берілген. Одан басқа құжаттарда тағы 3 діни қызметкерлер туралы көрсетіледі. Олар Хан ордасындағы өмір сүріп, Орда мешітінде қызмет етті. Қарап отырсақ Бөкей Ордасында молдалардың саны басқа қазақ облыстарына қарағанда жоғары көрсеткішке ие болған. Салыстырмалы түрде қарасақ, Н.Е. Бекмахsímованың еңбегінде XIX ғасырдың 60 жылдарында Сібір қазақтары облыстарының Қарқаралы округінде 17 болысқа тек 1 молдадан келген деген дерек келтіріледі [214, с. 19]. Деректерге сүйенсек, Жәңгір ханның билігінің ықпалымен Ордада қазақ молдалары саны көбейген. Сөйтіп, 1850 жылға қарай Қазақ даласында әр бөлім не әр қисымда өз рухани тәлімгері – молдалары болған жағдай орнады. Егер XIX ғасырдың бірінші ширегінде

Ордада татарлардан тек 15 молда болса, ғасырдың ортасына қарай ордадағы ресми молдалар саны: И.Ф. Бларамбергке сәйкес (1848 ж.) – 120, А. Евреинов бойынша (1851 ж.) – 126, А. Терещенко бойынша (1853 ж.) – 139-ға жеткен. Мәліметтер бойынша, бұл діни қызметкерлер бұрынғыдай «алдамшы» немесе «еркін кәсіптің» өкілдері болған жоқ. Олар алдын-ала хан Ордасында тексерістен өтіп, өздерінің болашақ қызметіне қатысты тиісті нұсқаулар алды және хан оларды белгілі бір руға немесе бөлімге мемлекеттік молдалар етіп тағайындады. Олардың әрқайсысы молданың халыққа және хан билігіне қатысты міндеттерін анықтайтын «жарлық» немесе «ашық бұйрық» деп аталатын арнайы хан бұйрығын алды. Орынбор мұрағатындағы сақталған құжатта Шекара комиссиясының анықтауы бойынша 1851 жылға қарай Кіші жүздің аумағындағы әрбір қашықтықта 17-20 молда болды [215, 45-п.].

Ханның қол астына бағынышты Ордада ахун, ақсақалдар (қази) мен молдалар болды. Олар халықтың берген сыйақыларымен, Ханның жәрдемақылары есебінен күн көріп, ресми түрде қызметкерлер болды. Ордаға шашырап кеткен аталған ресми (указной) молдалар ахунның қарамағында болды. Өз кезегінде Бөкей Ордасының ахуны ханның ұсынысымен Орынбор мүфтиімен мақұлданды [20, с. 225-226].

Орынбор мұрағаты деректерінде XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ даласындағы исламның дамуына ықпал етіп отырған татар молдалары туралы айтылып өтеді. Әсіресе бұл жағдай қазақ даласындағы басқа аймақтардан ерекше дараланған Ішкі Ордадағы діни ахуалдан көрінеді. Ондағы татар молдаларының келуі бұл алдымен Орынбор әкімшілігінің рұқсатымен іске асады. Олар Жәңгір ханның бастамасы мен белсенді көмегі арқылы қоныстанады. Хан ордасында Жәңгір ханның ықпалымен ахун қызметі құрылғанын мұрағат растайды. Мысал үшін Қазан губерниясынан келген хан Ордасында 20 жылдан астам уақыт қызмет еткен ахун Жабир Хамадовты айтуға болады. Ахун ханның балаларының ұстазы болып араб, түрік және парсы тілдерінен сабақ берген [216, 10-п.].

Ахундардың жоғары мәртебесін ескере отырып, оларға үкімет тарапынан ынталандыру сыйлықтары тағайындалды: 10 жыл бойы шағымдарсыз жұмыс істегендер күміс немесе алтын Анна таспасы медалін кеудеге тақты, 15 жыл – жеке тархандық, 25 жыл – мұрагерлік тархандық, сондай-ақ жеке әртүрлі ресми марапаттарға ие болды. Жергілікті ахундар және еңбек сіңірген молдалар міндеттерін адал атқарғаны үшін ОМДМ тарапынан құрметті ахун атағымен марапатталды. Осы құрметті атаққа ие болған тұлғаларға ОМДМ-нің мәжілістеріне мектеп және медресе мұғалімдерін және шәкірттерді қолдау құқығына және осы діни ұйыммен жергілікті әкімшіліктерге жекелеген дін қызметкерлері мен мұғалімдерді марапаттау туралы өтініштерді ұсыну құқығы берілді [84, с. 61-62].

Жәңгір ханның билігі тұсында Бөкей Ордасында басты рухани тұлға ретінде қызмет атқарған ахун Жабир Хамадовтың орны ерекше болғандықтан арнайы тоқталуды орынды деп санаймыз. Діни қайраткер туралы 1840 жылы 3 маусымда толтырылған формулярлық тізімде оның 50 жаста екені көрсетілген.

Ордада рухани тұлға ретінде ахун және қази дәрежесін иеленген. Ахун Жабир ханның бекітуімен 1824 жылы ахун және қази қызметіне тағайындалып, жоғарғы рухани тұлға ретінде саналған. 1815 жылы 10 мамырда өзінің қажырлы және үздік қызметі үшін хан Бөкейден және 1821 жылғы 1 қазанда Орданы басқаратын сұлтан Шығай Нұралиевтің алғыс хатын алған. Осы деректерде жазылғандай Ж. Хамадов Бөкей ханнан және Шығай сұлтаннан жақсы қызметі үшін марапат қағазын алса, Жәңгір ханның билікке келген тұсында 1824 жылы ахун және қази дәрежесі берілген. 1840 жылы хан Жәңгір Ішкі қазақ ордасының рубасылары мен старшындарынан марапаттауға 17 адамнан тұратын тізімді ұсынады. Оның ішінде 25 жылдан астам уақыт Ішкі Ордада діни қызмет атқарып, бөкейлік қазақтардың діни туралы түсінігін кеңейтуге, жақсы мінез-құлық қалыптастыруға, басшылыққа бағыну, Ресей үкіметіне адалдық танытуға насихаттаған Ж. Хамадовты императрица Аннаның таспалы алтын медалімен марапаттап, тархан атағын беруді сұраған. Жәңгірдің Жабир ахунға қатысты талабы орындалған. Өйткені ОМДМ-де жоғарыда жазылғандай ахундардың мәртебесін ескеріп ынталандырып отырған. Ахундарға қойылған талаптарға сәйкес Жабир ахун бірнеше жыл Бөкей Ордасындағы адал еңбегі үшін 1839 жылы тархан құрметті атағына ие болған [217, s. 65-66].

Ахун Ж. Хамадов Хан Ордасындағы мешітте соңғы өміріне дейін молда болып, ахундық қызмет атқарған. 1875 жылы 17 қарашада №5070 бұйрықпен бұрынғы азаншы Науша Тажетдинов Ішкі Ордадағы жұма мешітке қайтыс болған бұрынғы ахун Ж. Хамадовтың орнына молда, яғни имам қызметіне тағайындалған. Ал Орда тұрғындары муаззин қызметіне Қазан губерниясының Спаск уезінің Новые Челны ауылының шаруасы М. Надировты сайлау бойынша тағайындап, Орынбор генерал-губернаторынан бекітуін сұрағанын көреміз. Сондай-ақ Мифтахитдин Надировтың муаззин қызметіне бекітуіне Уақытша Кеңес тарапынан еш кедергі жоқтығын жазған [218, 6-п.].

Ішкі Ордада ахундар саны көп әрі ықпалды болған. Мәселен мұрағат құжаттарында Астрахань губерниясының Ішкі Ордасы бойынша әр старшындықта ахундар қызмет атқарғандығын көруге болады. Ахундар жасаған қызметіне қарай құрметке ие болып, өз ортасында беделі артқан. Тіпті жастай ахун дәрежесіне ие болған молдаларды көреміз. 1899 жылы 27 қарашада № 3912 Ішкі Орда Талов округі, №2 старшындығының имамы Ғабдолла Жазыков 27 жасында құрметті ахун атағына ие болды [219, 2-3-пп.].

Ішкі Ордада құрметті ахун атағына ие болған имам Ғабдолла Жазыков Талов бөлімі №2 старшындығында 1899 жылы 23 қарашада ахун атағын алған, Нарын округі №11 старшындығы бойынша И. Мырзағалиев, Хан Ордасындағы 1 жұма мешітінде Х. Гайсин, Нарын округі №9 старшындығы Х. Сарбасов, Жаңа Қазан ауылының ахуны Ғ. Ғалыкеев, 1-ші Теңіз жағалауы округы №12 старшындығы Г. Аралов, Талов округінің №2 старшындығының имамы Ғ. Гумеров және т.б. молдаларға адал атқарған қызметі үшін құрметті ахун діни атағы берілген. XIX ғасырдың ортасынан бастап әр старшындыққа бір ахуннан бекітіліп отырған. Дінбасыларға діни атақ беру, қаулы шығарып бекіту

мәселелері ОМДМ мен губерниялық басқарма құжаттары арқылы іске асып отырған [220, 3-4-пп.]. Алайда ахундарды сайлау тәртібі мен критерийлері, олардың өкілеттіктері және аумақтық қызмет саласы заңды түрде топтастырылмады. Заңнамадағы олқылықтарға қарамастан, іс жүзінде ахундар приходтық молдалар мен ОМДМ арасындағы орта буын басқару функцияларын орындады. Ахундар шариғат бойынша күрделі неке-отбасылық, мұралық өсиеттерін, шені төменгі діни қызметкерлер мен жергілікті халықтардың үстінен қарау, салт-дәстүрлерге және этикалық моральдық ұстанымдарға, мешіттерге қызмет көрсетуге, білім беру мекемелеріне, ОМДМ-де анықтаған құқық бұзушылықтар туралы хабардар етті және оның нұсқауларын орындады [209, с. 80; 220, с. 33-34]. Ішкі Ордада отбасы-неке істерін тергеумен де айналысқан бірнеше ахундар болған. Ішкі Орда ахундары Нарын округінің №11 старшындығының ахуны Иманғали Мырзағалиев [220, 11-п.], Хан ордасының ахуны Хазығали Гайсин [222, 4-п.], Нарын округі №9 старшындығының ахуны Хайролла Сарбасовтың [223, 14-п.] және Талов округінің №2 старшындығының ахуны Ғабдулла Жазыковтың [224, 5-п.] т.б. ахундардың бірнеше неке істерімен айналысқанын көруге болады. Ахундар ерлі-зайыптылардан түскен шағымдармен жұмыс істегенде 1896 ж. 1399 баб XI тарау 1 бөлім негізінде екі тарапты шариғат бойынша бейбіт келісімге шақырып отырған.

Ахундар жергілікті молдалардың үстінен бақылау жүргізіп, олардың ОМДМ тарапынан берілген тапсырманы уақытылы орындамау т.б. себептерін айтып жеткізіп отырған. Некелік шағымдармен жұмыс жасаған молдалар уақытылы істі бітірмесе, онда бұл істің шешімін ахундар қараған. Қамыс-Самар бөлімінің №16 старшындығының тұрғыны Рабиға Байзақованың некесіне қатысты түскен шағымға орай жазған арызын №16 старшындығының имамдары Бутағали Жұмағазиев пен Тастанбек Даутов қараған. Одан кейін іс шешілмеген соң ОМДМ 1906 жылы 6 маусымда №3406 Қамыс-Самар бөлімінің хатибы Бекмұхамед Айбулатовқа берген. Алайда бұл іс тиесілі уақытында молдалар тарапынан шешілмеген. Сол үшін ОМДМ тергеуді Жаңа қазан ауылының ахуны Ғатауылла Ғалыкеевке тапсырған [225, 28-п.].

Негізінен некеге тұру рәсімін өткізгенде мұсылман дінбасылары 1835 жылғы 1 наурыздағы заңды басшылыққа алулары тиіс болды. Бұл заң бойынша 18 жасқа келген ер бала мен 16 жасқа толған қыз баланың некесін қию тек жергілікті қауым молдаларына тиесілі болды. Жалпы некеге тұру мен кәмелеттік жас мұсылмандық дәстүрмен байланысты болды. Шариғат бойынша неке жасы қыздар үшін 9 жас болса, ал ер балалар үшін 12 жас болып табылады. Қазақстанда таралған бұл мұсылмандық қағида кең өріс алды. Қазақ ауылдарында және көшпелілерде 12-13 жас аралығындағы қыздарды тұрмысқа беру жиі кездесіп отырған. Кей жағдайларда еркектердің 13 жастан 15 жасқа дейінгі аралықта ерте некеге тұру жағдайлары да кездескен. Бірақ мұндай жағдайлар XX ғасырдың 20-шы жылдарына қарай сирек кездесетін болды. 1897 жылы Қазақстанда 10 жасқа толмай тұрып отбасын құрған қыздар саны – 355 болса, ал ер балалар 152 болған екен [226, б. 76-77 ].

XIX ғасырдың аяғына таман халықтың ислам дініне деген көзқарасының нышаны – некенің молда алдында қиылып, куәлік кітаптарға тіркелуіне көп көңіл бөліне бастауынан көрінеді. «Қазақтар мұсылман дінін қабылдағаннан бастап, қызды ата-анасының үйінен шығарып салар алдында молда шақырылады. Молда неке қию дәстүрін орындайды: қалыңдық пен күйеуді босаға алдына қатар отырғызып, әке-шешесін олардың қасына жайғастырады, өзі оларға қарама-қарсы отырып, куәгерлерді қазақ үйдің оң жақ босағасына отырғызады. Қалыңдық мен күйеудің алдына ыдысқа су құйылып қойылады, молда қалыңдықтың қолынан сақинаны алып суға салып, дұға оқиды. Содан кейін қалыңдық пен күйеудің келісімін сұрайды. Судан сақинаны алып неке суынан қалыңдық, күйеу және қыздың ата-аналарына ұрттауға береді. Молда некелескендерді метірке қағазына тіркеп қояды. Мәселен, 1-ші Теңіз жағалауы округі №16 старшындығы Рузия Мұхамедова мен күйеуі осы округтың №6 старшындығы тұрғыны Илауша Манбекұлына қатысты тергеу ісін уақытында шешім шығармағаны үшін ресми молда Ақбаевтан 1-ші Теңіз жағалауы округі №12 старшындығы ахуны Гисматулла Аралов түсініктеме алған. Ахун Гисматулла Аралов ОМДМ-ге 1902 жылы 31 мамыр №3233 нұсқаудың орындалмау себептерін түсіндірген [227, 6-п.]. 1861 жылғы 26 қазанда Орынбор губерниялық басқармасына берген баяндамасында мүфти Габдулвахид СулейменовОМДМ-нің ауыл мұсылман дінбасыларын тікелей басқармайтынын, тек ахун арқылы ғана қадағалайтынын мәлімдеген [24, с. 93]. Бұдан ахундардың мәртебесі жоғары болғандығын байқаймыз.

Осылайша, ОМДМ-нің Тавриялық және Батыс губерниялары мен Күнгей Кавказ өлкесінде орналасқандарды қоспағанда, барлық мұсылман қауымдарын тікелей басқарып отырды. Діни тұлғалар өз діни міндеттеріне жататын әрекеттерін орындамағанда олардың кінәсінің дәрежесі туралы немесе олардың өз міндеттерін бұзғандығы туралы үкім (шешім) шығарып жаза тағайындап, молдаларды лауазымынан шеттетті. Керек жағдайда орнынан босатты, діни міндеттеріне қайшы келетін қылықтары үшін діни лауазымынан айырды, бірақ өздерінің барлық шешімдерін молдалардың ауылдағы лауазымдарын бекітуге тікелей қатысы бар губерниялық басқармалар арқылы ғана орындауы тиіс болды, дегенмен олар ОМДМ-нің шығарған шешімінің күштерін жоя алмайды [208].

Алайда XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласындағы діни ахуал жағдайы күрт өзгереді. Бұл әрине 1868 жылғы «Уақытша ереже...» заңына байланысты болды. Бұл заң бойынша қазақтардың діни істерін қарау ОМДМ-ден шығарылды. Жергілікті тұрғындардың діни істерін басқару жергілікті молдаларға беріледі. Қазақтардың діни істері жалпы азаматтық басқарма арқылы басқарылып, сол арқылы ІІМ-не тәуелді етілді. Қазақ қоғамында әр болысқа бір молдадан ғана рұқсат етілді. Бұл заң негізінде молда қызметіне Ресей патшалығына тәуелді сотталмаған, тергеу ісіне қатысы жоқ кез келген қазақтар ғана сайлана алатын болды. Молданың сайлауға қатысуы үшін қауым мүшелерінің қаулысы жазылуы керек болды. Ол қаулы үйезд басқармасына

ұсынылып, соңында Облыстық басқарманың қарауына беріледі. Сөйтіп молданың қызметіне тағайындалуы және қызметінен босатылуы Облыстық басқарманың әскери губернаторымен анықталды [158, с. 452].

1868 жылы шыққан Уақытша ереже бойынша қазақтар бүкілресейлік мұсылмандар діни басқармасы (ОМДМ) құрамынан шығарылса, Ішкі Ордада бұл ереже жүрмеді. Бөкей Ордасына 1868 жылғы заң еш қатысы болмаған. Бөкей қазақтары мешітін ашып, медреселерінде балаларын оқытып, жыл сайын есебін орталыққа тапсырып отырды. Осының арқасында бүгінде Ресейдің Уфа мен Астрахань қалаларындағы архивтер Бөкей Ордасының метірке жазбалары сақталып қалған. Яғни әкімшілігі жағынан Астрахань губерниясына қараған бұл өңірдің қазақ даласының өзге аймағына қарағанда ерекшелігі көп болды. Соның бірі – дін мәселесінде көрініс беріп отыр [228].

Жалпы молдаларға діни атақ ОМДМ тарапынан 1896 жылғы заңнаманың 1 бөлімі XI тармағы 1424 бабына сәйкес, молда, имам-хатиб, мүдәрріс, муаззин, сыбиянь сияқты лауазымдар тағайындалды. Сонымен, Ішкі Орданың барлық бөлімдерінде Уақытша Кеңестің нұсқауымен Орынбор шекара комиссиясының келісімімен ОМДМ-нің бекітуімен молда, имам-хатиб, муаззин, имам-хатиб-мұғалім, имам-хатиб-мүдәрріс қызметіне тағайындалған молдаларды қосымша кестеден көре аламыз [229, 4-п.]. (Қосымша кесте – А.2)

Мұрағат құжаттарына сүйенсек қазақ қоғамындағы молдалар Ресей билігіне әлеуметтік қолдау көрсетті. Олар алдымен азаматтық биліктің ресми өкілдері болды және оларды тағайындауды жергілікті билік реттеп отырғанын байқаймыз. Мұрағат беттерінде губерниялық басқарма тағайындалған молдалардың «сенімді әрі жақсы мінез-құлықтағы адамдар» деп мәлімдеген құжат жазбалары жиі кездеседі [217,45-п.]. Сонымен қатар, Ресей әкімшілігі үшін молдалардың маңыздылығы олардың «ақпарат беруі» үшін керек болғандығымен орын алды. Орынбор басқармасының құжаттарында көбінесе молдалардың түрлі іске орай берген есептері туралы шыққан қаулыларда: «...одобрить за составление обстоятельных сведений, обещать внимание начальства и прочее...»-деген сөздер жиі кездеседі [230, 10-п.]. Яғни жасырын мәліметтер беріп тұрғандары үшін ынталандырылып отырған.

XIX ғасырдың аяғында мұсылмандық ауыл дінбасылары қызметіне үміткерлер үшін жаңа Ережеде орыс тілін білу талабы шыққанмен Ресей мұсылмандары мұны қабылдамаған еді. Орыс тілін білу талабы арнайы училище куәлігімен расталды. Ауыл молдасы лауазымына үміткерлердің орыс тілінде сөйлеу дағдыларын тексеру үшін комиссия мүшелері үміткердің шығу тегіне, білім деңгейіне, кәсіптеріне және басқа да сипаттамаларына байланысты жеке ерекшеліктерін қарады. Сынақтың әрбір түрі үшін, соның ішінде ауызша сұхбатты қосып бес балдық жүйе бойынша бағалау жүргізілді. Барлық сынақтан кем дегенде 3 балдан (қанағаттанарлық) төмен емес балл алған жеке тұлғаларға белгіленген үлгідегі орыс тілін білу туралы куәлік берілді, оған комиссияның төрағасы мен комиссия мүшелерінің қолы қойылып оқу орнының мөрімен расталған [189, с. 147].

1891 жылғы заңға сәйкес Ішкі Орда дінбасылары да орыс тілінен арнайы емтихан тапсырып куәлік алған. Қалмақ бөлімінің №3старшындығындағы Бергенді-апан тұрағындағы мешітке С. Тленшиев 1909 жылы 23 наурызда №2029 бұйрықпен 39 жасында екінші имам қызметіне бекітілген [231]. 1902 жылы 11 мамырда сынақ тапсыру арқылы имам және мұғалім діни атағын алған С. Тіленшиев 1909 жылы 29 қаңтарда [232, 5-п.], 1903 жылы 6 қазанда № 5859 имам-хатиб және мұғалім діни атағын алған Ішкі Орда 1-ші Теңіз жағалауы округі № 11 старшындығының азаматы Әбуғали Сафарғалиев ислам ережелерімен орыс тілін білетіндігі үшін сынақтан өтіп куәлік алған. Орыс тілін білетіндігі туралы арнайы Инсарлық инспектор куәлігі бар екендігін байқауға болады [233, 6-п.]. Сөйтіп ОМДМ-ден діни атақ алу үшін сынаққа 21 жастан кіші емес тұлғалар жіберілді. Олар оқу бөлімінің басшысына орыс тілінде өз қолдарымен жазылған өтінішті тапсырды. Өтінішпен бірге үміткердің жеке басы, жасы, атағы немесе жағдайы туралы жазылған полиция куәлігі берілді. Сондай-ақ біріншісі училище ісінде қалатын, екіншісі орыс тілін білу туралы берілетін куәлігінде жапсырылатын екі сурет тапсырылу қажет болды. Одан басқа білімін дәлелдейтін куәлігі тапсырылды [189, с. 146].

ОМДМ мешіттерге заң белгілеген жас мөлшері бойынша адамгершілік қасиеттері жақсы, заңға сәйкес дін қызметшілерін тағайындап және белгіленген тәртіппен бақылау жасап отырды [208, ст. 1240]. Сол сияқты қызметтегі молдалардың жас ерекшеліктерін де құжаттардан анықтай аламыз. Қамыс-Самар бөлімі №11 старшындығы мешітіне молда қызметіне 1904 жылы 14 мамырда №3 740 бұйрықпен 24 жасында С. Юсубалиев тағайындалған. Уфа қаласында сынақтан өтіп, ресми куәлік алған [233, 3-4-пп.]. 2-ші Теңіз жағалауы округі №8 старшындығындағы «Саз-төбе» мешітіне 1906 жылы 18 тамызда №154 бұйрықпен 35 жасында молда болып Ш. Хазимұхамедов тағайындалған [234, 23-п.]. Х. Жасмұхамедов 24 жасында 1906 жылы 18 наурыз айында № 1070 бұйрықпен 1-ші Теңіз жағалауы округіндегі соборлық мешітке муаззин болып бекітілген [235, 3-п.].

1908 жылдың 28 наурызында 2-ші Теңіз жағалауы округі Қамыс-Самар округі, № 6 старшындығының «Шағырлы» мұсылман мешітінің молдасы болып 27 жасында М. Сәрсенов бекітілген [236, 6-п.]. Халиолла Шоқаев 39 жасында 1908 жылы 30 маусымда №3 979 бұйрық бойынша Торғын бөлімі №1 старшындығындағы «Джингильды» тұрағындағы мешітке молда қызметіне тағайындалған. 1910 жылы 21 маусымда № 4588 бұйрықпен Ғабдолла Айдағалиев 46 жасында Қамыс-Самар округі №9 старшындығындағы Қостан-Бармақ тұрағындағы мешітке молда болып тағайындалған [237, 9-п.].

Бөкей Ордасында екі ауылдың мешітін қатар тең меңгеріп жүргізген имам, ахун Ж. Жүрдібекұлын айтуға болады. Жұбан молда №4 ауылдың мешітінің метірке кітабында өзі және мешіті туралы мәліметтер қалдырған. Метіркелік кітапта мешіт құзырында болған хатиб және мұғалім, имам әл-жами ахун Ж. Жүрдібекұлы 75 жаста. Губерниялық әкімшіліктің 1884 жылғы 11 шілдедегі № 3444 бұйрығымен имамдыққа һәм 1901 жылы 24 мизамда № 4312 нөмірлі бұйрығымен ахундыққа тағайындалған деп жазылған. Өзі 4-

бөлім ауылында өмір сүрген. Метіркеге өзі өмір сүрген ауылдың атын Айтбай ауылы деп ресми көрсеткен. Сондай-ақ мешіт туралы жазыпты. Бірінші мешіт махалласы хан Жәңгір Бөкейханұлының рұқсат бұйрығымен 1845 жылы 10 саратанда № 130 нөмірлі шешім бұйрығымен салынған. Жұбан молда білімді өз елінде Мұхаммед Керей халпеден алған [238, б. 118]. Ішкі Орда да бір мешітте екі молда да бола берген. Талов округі №7 старшындығы Қара-су тұрағындағы мешітте молда болып Г. Нұрмұхамедов, екінші молда болып М. Якупов және Г. Иламанов муаззин қызметін атқарған [239, 6-п.].

Мешітте молдалық қызмет атқарған тұлға қайтыс болса, оның орнына қауым мүшелерімен келісе отырып басқа молданы тағайындаған. Ішкі Орда Қамыс-Самар округі №6 старшындығындағы мешітке қайтыс болған молда М. Туриевтың орнына қауым мүшелерімен келісіп 1903 жылы 10 қаңтарда № 7615 бұйрықпен Шахмұрат Отызғалиевты молда қызметіне тағайындаған [232, 4-п.]. Кей кездерде Уфаға барып сынақтан өткен молдалар тиісті ауылдағы мешітке бірден бекітілмей, бұл жұмыс бірнеше уақытқа созылған. Торғын округі № 7 старшындығы молдасы Қ. Ералиев 1902 жылы ресми куәлік алып, 1904 жылы 21 шілдеде № 2615 ғана арада 2 жыл өткен соң мешітке молда қызметіне бекітілген [240, 3-п.]. Мұрағат құжаттарынан көргендей діни қызметкерді тағайындау жүйесі соншалықты формализм сипатында болып және бірнеше процестерге созылған.

Діни лауазымға ие болу үшін бірнеше айлар тіпті бірнеше жылдар қажет болды. Бір ғана мысал, 1-ші Теңіз жағалауы округі, № 11 старшындығы азаматы А. Сафарғалиевтың екінші молда лауазымына бекітілу ісін қарауға болады. 1903 жылы 6 қазан № 5859 А.Сафарғалиев имам-хатиб, мұғалім ресми діни атағын алғанымен, аталған № 11 старшындық мешітіне екінші имам қызметіне 1906 жылы 24 ақпан айында № 721 бұйрықпен бекітілген. Молда лауазымына бекітілуі 3 жылдан соң жүзеге асқан. Құжаттарға талдау жасасақ молда қызметіне бекітілу кезеңі бірнеше іс-құжаттар арқылы ұзаққа созылған. Мұндай мұрағат құжаттары ресми діни атақ алып, діни тұлғалардың молда лауазымына тағайындалуының өзі жеңіл болмағандығын дәлелдейді.

Отан тарихынан ахун Ғұмар Қараштың Орынбор мүфтилігінде қази қызметін атқарғанын діни-іс құжаттардан жақсы білеміз. Мәселен, оған Орал облысы Темір үйезі Қайынды болысы №6 ауылының азаматы қараша айында Иманғали Жалғасбаевтың ОМДМ-ге сынақ тапсырып имам-хатиб, мұғалім діни атағын алғандығын растайтын ресми куәлігі дәлел болады. Бұл мемлекеттік молдаға берілген куәліктен Орынбор мүфтилігінде қазы қызметін атқарып жүрген ахун Ғұмар Қараштың мүшелікте болғандығын көреміз. Имам И. Жалғасбаевқа берілген ресми куәлікте ахун Ғұмардың өз қолымен жазылған толық аты-жөні бар [241, 2-п.]. Сондай-ақ мұрағатта құжаттарынан 1910 жылы 12 ақпан № 8 ахун Ғ. Қараштың Ішкі қырғыз ордасы Талов бөлімі №2 старшындығының тұрғыны Ж. Ысмаиловке берген куәлігін көруге болады. Куәлікте Ж. Ысмаилов ахун Ғұмар Қараштың медресесінде «itikad», «ahlak», «tarih» сияқты пәндерден 5 жыл оқығандығы жазылған. Бұл Жұмағали

Ысмаиловтың ахун Ғұмар Қараштан діни білім алғандығын растайтын куәлік болып табылады [242,4-п.].

Молдалар мешітте имамдық қызметін атқарумен бірге, қажылық парызын да орындап отырған. Қалмақ округінің Қаңбақты мешітінің молдасы Ж. Үкібаев 1909 жылы қажылыққа барар жолда қайтыс болған [243, 2-п.].

Хан ордасындағы екі ауылдың мешітіне имам болған ахун Жұбан Жүрдібекұлы 1900 жылы қажылыққа барған [244].

Жаңа-Қазан ауылының ахуны Ғ. Ғалыкеевтің медресесінен оқып, Уфадан сынақтан өтіп, елге келіп, мешітте қызмет жасаған молдалар да бар. 1910 жылы 30 маусым айында Ішкі Орданың Қамыс-Самар округі №13 старшындығының тұрғыны Х. Якупбаев Уфадан сынақтан өтіп имам-хатиб, мұғалім ресми куәлігін алған. Ол ОМДМ-нің берген куәлігінде Ғатауылла Ғалыкеевтің медресесінен білім алғандығы жазылған [245, 3-п.]. Сонымен бірге ахун Ғ. Ғалыкеевтің медресесінен Ғ. Ахметов оқып, діни білім алған. Ол Уфадан сынақ тапсырып, имам-хатиб, мүдәрріс діни атағын алып, Жаңа Қазан ауылында 5 жыл мұғалім болып жұмыс істеген [246, 2-п.].

Діни лауазымға үміткер молдаға қойылатын талаптың бірі мықты денсаулығының болуы. Бұл талап кездейсоқ емес еді, өйткені молда көптеген міндеттерді орындауға мәжбүр болды, ал егер денсаулығы жақсы болған болса, қызметі сәтті болады. Мысалы, ОМДМ-нің бір істерінде дәрігердің растауы бойынша молданың қызметін тастауына оның түрлі аурулардан зардап шеккеніндігін көруге болады. Осы негізде мұсылман заңына сілтеме жасай отырып, бұл молданың алдағы уақытта рухани міндеттерін жалғастыруына тыйым салған [247, с. 168].

Мұрағат ОМДМ-нің істерінде кейбір молдалар денсаулығына байланысты өз қызметін тоқтатып отырған. Оған дәлел мына мұрағат құжаты. 1907 жылы 30 қазан айында № 6329 Астрахань губерниялық басқармасы ОМДМ-ге жазған хатында Талов округінің № 8 старшындығының молдасы Х. Жалтыров денсаулығына орай қызметінен босатылғанын хабарлаған [248, 63-п.]. ОМДМ-нің діни қызметке тағайындауда үміткерлердің денсаулығына қатаң бақылау жасаған. 1902 жылы 9 ақпан айында № 586 Ішкі Орда 1-ші Теңіз жағалауы округінің басшысының №3 старшындығына молда қызметіне үміткер С. Игусиновке берген куәлігінде оның денсаулығы мықты екенін жазылған [249, 2-п.].

Молдалар діни лауазымын теріс пайдаланып немесе немқұрайлық танытқанда кез келген уақытта қызметтерінен босатылған жағдайларда болып отырған. Мұрағатта сақталған құжатта 1871-1875жж. Ішкі Орда Қамыс-Самар бөлімінің молдасы Қ. Мұқұлмановтың үстінен тергеу жүргізіліп оны молда қызметінен босату ісі қаралған. Оған Ішкі Орданы басқару туралы Уақытша кеңестің кеңесшісі Лапицкийдің Орынбор генерал-губернаторына жазған хаты дәлел. Молда Қ. Мұқұлманов өз құзыретін пайдаланып, заңға қайшы әрекеттер жасап, болыс басшысы мен ауыл қазақтарына қарсы шығып отырған. Осы істің барысын генерал адьютант Крыжановский Ішкі Орданы басқару туралы Уақытша Кеңеске жазған хатында молда ісін тергеп, қызметінен босатып,

сотқа беруге тапсырма берген [250, 1-2-пп.]. Кейде діни істерді шешу кезінде шағымданушы тарап разы болмай діни тұлғаға қатысты дәлелдемелер болса, діни қызметкер орнынан босаған. 1911 жылы 28 мамырда ОМДМ-ге келіп түскен С. Чакуовтың неке-отбасылық арызына қатысты Қалмақ округінің ахуны Давлеткали Мамбеталиевты пара алуына орай қызметінен аластатуды бұйырған. ОМДМ-нің қаулысында: «с препровождением заслушаннаго прошения Чакуовой просить проправителя Калмыцкой части истребовать ахуна Мамбеткалиева объяснение каковое с приложением и прислать в Собрание» [251, 7-п.].

Діни қызметкерлердің функцияларына тоқталсақ, патша өкіметінің саясатына сәйкес бақылауда болған өлкедегі мешіттерде метіркелік кітаптар жүргізілген. ОМДМ бекіткен ауыл дінбасыларының маңызды міндеті метіркелік кітаптарды жазу болды. Бұл міндет 1828 жылы енгізілді, содан кейін 1874 жылы 14 мамырда Ресми Кеңестің Жоғарыдағы қорытындысы негізінде бекітілді [247, с. 168]. Метірке деп мешіттердің тіркеу кітабын айтамыз. Молда метірке кітабына өз старшындығындағы мешітке қарасты жамағаттың туу туралы деректерін, некелесу, ажырасу және қайтыс болғандықтары туралы арнайы жазып тіркеген [129].

Метірке журналы төрт бөлімнен тұрған: бірінші – жаңа туған сәбилерді тіркеу бөлімі. Мұнда нәрестенің есімі мен жынысы, туған жері, туған күні мен айы, әке-шешесінің аты-жөні, руы мен тайпасы, осы мәліметтерді тіркеген имамның аты-жөні жазылған. Екінші бөлімде қайтыс болған адамдарды тіркеп, олардың аты-жөнін, жасын, дүниеден өткен уақытын, қандай аурудан қайтыс болғанын, жерленген жерін және тіркеген имамның аты-жөнін қағазға түсірген. Үшінші бөлімде неке тіркелген. Мұнда жұбайлардың аты-жөні, руы мен тайпасы, мекенжайы жазылады, қыз бен күйеудің өз разылығымен некелескеніне куә болып, қолын қойған немесе таңбасы салынған. Осы некеде қыз жағына берілген қалыңмал мөлшері нақты көрсетіліп, неке құтпасын оқыған имамның деректері жазылған [228, б.2-3].

1888 жылғы Хан Ордасындағы жұма мешітінің метірке кітабындағы некеге тұру бөлімінен көшірілген неке құжатының мазмұны: «1888 жылғы метірке кітабынан. Хан ордасындағы жұма мешіттің құзырында сақталған. Жұбай осы үйезден Бибі Фатима Ғабдынасырқызы 18 жасында неке қиылды. Сариевке мишар Яғқуб (Жақып) Хамидұлына 35 жасында. Қыздың әуелгі некесі, күйеудің екінші некесі, қыз тарапынан уәкіл ағасы, Ибн-Ғаббас Ғабдынасырұлы, күйеу тарапынан уәкіл Ғимададдин Жалаладдинұлы, куәлері Ғафиетолла Ғайноллаұлы, екінші Юсуф (Жүсіп) Ибрахимұлы, күйеу тарапынан куәлері әуелі Мұхамедуәли Мұхамедлаифұлы және Мұхамедғали Ғабдысаламұлы. Қалыңмалы 200 сом күміс мақбоз. Неке тізімінде №8, № 4 – орында тіркелген. Метірке кітабының № 32. Дұрыстап көшіріп бердім, 1904 жылы Хан Ордасындағы жұма мешітінің имам молдасы Һәм ахун... мөрім бастым. Астрахань губерниясы, 28 қазан» [252].

Некедегі тағы бір бөлім талақ (ажырасу) мәліметтері. Мұнда да ажырасу себептері, неке бұзу шарттары, екі тараптың міндеті анық жазылады [228, б. 2-

3]. Осыған сәйкес, Ішкі Ордалық Нарын қисымы № 2 бөлімінің мешіт махалласын қарап тұрушы имам әл-жамиғ ахун Ж. Жүрдібекұлының өз қолымен толтырған мешіттің тіркеу кітабы бар. Жұбан ахунның 1909 жылғы толтырылған метірке кітабының төрт бөлімі туралы жылдық есебіне қарасақ аталған ауылда 29 ұл бала, 21 қыз бала дүниеге келген. Барлығы 50 сәби дүниеге келіпті. Осы жылы 4 неке қиылып, ажырасу, талақ болмаған. Жыл ішінде 6 ер адам, 7 әйел адам барлығын есептегенде 13 адам қайтыс болғанын көрсетіп жылдық есебін тапсырған. Ал № 2 бөлімнің мешіт махалласы туралы 1909 жылғы метіркелік кітабы бойынша жылдық есепте ауылда 22 ұл бала, 16 қыз бала дүниеге келген. Барлығы 38 сәби. Осы жылы 12 неке қиылған, 2 неке ажырасып талақ болған. Жыл ішінде 12 ер адам, 15 әйел адам, барлығы 27 адам қайтыс болған [238, 116, б. 139].

Метіркелік кітапқа неке салығын енгізген адам, қалың берген адам т.б. жазылуы керек болды. Қалыңның саны сөзбен жазылу керек еді. Имамның міндеті қалыңның төленбеген қалған бір бөлігін жазуы тиіс еді [83, с. 21].

Метіркелік кітаптарды жүргізу мұсылман дінбасыларының маңызды міндеті болды. Екі данада жіберілген метіркелік кітаптардың біреуі губерниялық басқарма арқылы кейін қайтарылды, ал екіншісі мешіт жанындағы архивте қалды. Мұрағаттағы ОМДМ мен губерниялық басқарма арасында жазылған рапорт хаттардан 1906 жылы 23 мамырда Ішкі Орда Қалмақ округі № 4 старшындық мешітінің имамы болып Р. Таңғатаровқа [234, 23-п.], 1903 жылы 23 қазанда Қамыс-Самар округінің №3 старшындығының мемлекеттік молдасы А. Қуанышевқа метірке кітабын жіберу туралы мәлімдемелер бар. Метіркелік кітап үшін молдадан 1 рубль 60 копеек алынған [253, 9-п.]. Егер молдалар орыс тілін білмеген жағдайда кітаптарды татар тілінде толтыруға рұқсат берілген [84, б. 21].

Метірке мәліметтеріне назар аударсақ, 1871 жылы Бөкей Ордасында 2224 сәби дүниеге келген, оның 112-сі ұл, 1012-сі қыз бала болған. Бұл жылы 689 жұп некелесіп, 107 жұп ажырасқан. Жыл ішінде 715 адам қайтыс болған. Жалпы метіркеде 10347 адамның аты-жөні айтылады. 1871 жылғы метіркеден Бөкей Ордасындағы 5 қисым мен екі округтегі 80 старшындықтың 80 мешітімен 80 молдасы туралы мәлімет береді. Әр старшындықтың молдасы өз ауылындағы туу, өлу, неке және ажырасу мәліметтерін 1871 жылдың соңында ОМДМ-ге тапсырған [254].

Әр молда өзінің старшындығындағы діни істерді қарап, метіркелік кітаптарға жазып отырған. Өзге старшындықтың діни істеріне араласпаған. Алайда кейбір жағдайларда молдалар өзге старшындықтың істеріне де араласып отырған. Мұрағаттағы ОМДМ-нің істерінен көргендей, кей уақытта мынадай жағдай да болған. Осы діни ұйымның ісінде 1910 жылы 23 наурызда қазақ А. Көшеуовтың некелік іске қатысты арызды қарау Қалмақ округінің №1 старшындық ахуны Давлетқали Мамбеталиевке жүктелген. Бұл істе некені басқа ауылдың молдасы К. Жұрынтаев қиғанын метіркелік кітаптан ахун Мамбеталиев анықтаған. 1855 жылғы енгізілген заң бойынша неке жасы 16 жас болды.

Заңға қайшы іс үшін мемлекеттік молда Кенже Жұрынтаевты қылмыстық жауапқа тартқан. Ахун Мамбеталиевтың тергеуі бойынша неке қиылғанда қыздың жасы 15-те болған. Біріншіден осы істен молдалардың шариғат ережесін толық орындамай, бас пайдасын ойлап, сауатсыздық танытып өзге старшындықтың діни істеріне, неке істеріне де араласып отырғандығын көреміз. Екіншіден ахундар жергілікті молдалардың үстерінен олардың діни істерін қадағалап, заң бұзушылық болса шариғат ережелері сақталмаса ОМДМ-ге жеткізіп отырған. Бұл істе некені өзге старшын имамы қиған. Сондай-ақ қыздың жасы 16 жасқа толмағандығын көреміз. Осыдан кейін ОМДМ молдаларды қызметінен босатқан. Шағымдармен жұмыс істеу үшін метіркелік кітаптар арқылы неке істерін қарап отырған [242, 2-п.].Имамдар немесе басқа да діни приходтық басшылары жыл соңында, келесі жылдың ақпан айынан кешіктірмей, кітаптардың біреуін қалдырып екінші данасын Губерниялық басқарма арқылы ОМДМ-ге жіберу үшін жақын жердегі үйездік полиция басқармасына, не үйездік сотқа жібереді [129, с. 2-3]. Молдалар метірке кітаптарын жоғалтқан кейбір жағдайда ОМДМ-ге рапорт жазу арқылы себептерін көрсетіп көшірмелерін алып отырған. Ішкі Орданың 1-ші Теңіз жағалауы округының мемлекеттік молдасы №№16 және 3 старшындық арасында қатынағанда 1901 жылғы метіркелік кітапты жоғалтқан. Молда Б. Ақбаевтың 1904 жылы ОМДМ-ге жазған өтініші негізінде көшірмелері берілген [255, 2-4 пп.]. Осы сияқты жағдайларда молдалар ОМДМ-нің сынағынан өткендігі туралы куәлігін, басқа да құжаттарын жоғалтқан жағдайда өтініш жазу арқылы кейін қайтадан алған. 1909 жылы 6 қазанда Астрахань қаласында Қалмақ округінің №8 старшындығы тұрғыны Үмбеталі Жанпейісов болыс басшысы берген куәлікті, молда діни атағы жазылған ОМДМ-нің берген куәлігі, қауым мүшелерінің қаулысын жоғалтқан. Бұл жөнінде Астрахань қалалық полиция басқармасына мәлімдеп жаңа куәлік сұраған. 1909 жылы 16 шілдеде екінші рет құжат көшірмелерін алған [256, 6-7-пп.].

Молдалар мен сауатты татарлар мен қырғыздар (қазақтар) ұлдардың сауатын ашқаны үшін әрқайсысынан 6 айда бір сиыр не 5 қой, не жылқы немесе түйе алып отырады. Оның үстіне молдалар қырғыздардан (қазақтар) маңыздылығы түрлі сыйлықтар алып тұрады. Жалпы орташа ауқатты адамдардан салт-жоралғыларды орындағаны үшін ақы алып отырады: баланың шілдеханасы үшін – 25 күміс тиын, сүндеттегені үшін – 1 қой, неке қиғаны үшін – 1 қой не одан көп, жерлеу кезінде (жаназа шығарғаны үшін) – 1 қой, жылқы, тіпті ораза кезінде жан басынан 7 қадақ ұн алатын болған. Ресми мүлік министрлігінің кеңесшісі полковник Иванин Ішкі Орданы басқару ісіне өзгерістер енгізуді ұсынған. Оның ойынша молдалардың халыққа ықпалы бар деген. Молдаларға жалақы тағайындау арқылы, олар үкіметке пайда әкелу жағын қарастыру оңды шешім деп ұсыныс білдірген [257, б. 121].

Молдалар балаларды оқытумен шектелмеді. Олар сондай-ақ қаза болғандарға жаназа шығаруға міндетті болды. ОМДМ-нің журналында 1892 жылғы 5 тамызда әрбір қайтыс болған мұсылман үшін підия берілуі керек пе және оның мөлшері (көлемі) қандай болуы тиіс деген мәселе көрсетілген. Егер

адам тірі кезінде осы мәселеге қатысты өсиет қалдырса және өсиет етіп қалдырылған підияның мөлшері қайтыс болған адамның бүкіл мүлкінің 3/1-нен аспаса, онда қайтыс болған әрбір мұсылман үшін міндетті түрде підия беріледі. Әрбір орындалмаған намаз не ораза үшін берілетін підияның мөлшері бидайдың төрттен үш қадағының төртеуі (4 три четверти фунта пшеницы) немесе оның құны деп белгіленеді. Егер қайтыс болған мұсылман підия туралы өсиет жазбаған болса немесе підияның мөлшері оның бүкіл мүлкінің 3/1-нен асып кетсе, онда мұрагерлеріне підия беру міндетті емес және олардың еркі мен келісіміне байланысты болады [130, с. 52].

Мемлекеттік молдалар қайтыс болған адамның жаназасына бармаса, немесе оның атынан кейбір жағдайларда өлікті сасытып, обалына қалмайық деп біреулер жаназа оқып қойса, ол адам қуғынға ұшыраған кездер де болған. Оны мемлекеттік молда қайда жүрсе де тапсырып алып жазалатып, айыппұл төлетіп, әуре ететін болған соң, тіпті жаназаға ешкім жоламай, мемлекеттік молданы көрге кіріп кетсе де іздеп табу ақы иесінің мойындарындағы үлкен бір борыш болды. Мемлекеттік молда келген соң, мәйіт иесіне ерік бермей молдаға зекет етесің, підияға мынаны бересің, құранға мынаны ұсынасың, жаназаға мұны төлейсің деп ойына келгенін істейді.

Халықтың мемлекеттік молдаларының үстінен берген шағымдарына ахун, мұхтасибтер құлақ аспады. Орынбор мүфтиі де өз дәрежесінде көріне алмады. Себебі указной молдалардың ісін ахундарға тапсырғанда, тексеру барысында шындық айтылмады. Себебі олардың аталмыш молдалармен жемтігі бір еді. Сол үшін мүфтиге осындай молдаларды ақтап мәлімет түсіреді. Өкімет болса, халықтың мүфтиден, молдалардан әбден безер болғанын көріп отырса да, рухани іске араласпайды [258, б. 69-70].

«Қазақ» газетінде (1913 ж.) молда мен мұғалімнің айырмасы туралы жазылған. Молда – имам, мешітте бес уақыт намаз оқып, уағыз сөйлеуші, никах оқып, балаларға ат қойып, өлгендерге жаназа оқыса, ал мұғалімнің жалғыз міндеті балаларды оқытуы болуы керек. Молда мен мұғалім өз міндеттерін білуі тиіс. Мәселен, мұғалім балаларды оқытып, оқытқаны үшін бала иелерінен ақшасын алсын да садақадан үміт етпесін, немесе оқытып жатқан балаларды тастай салып кісі өлімі болған ауылға кетпесін деп қатаң ескертеді [259]. Молдалар үйленгендердің некесін қиюмен қатар, жаңадан туған қазақ балаларына дұрыс мағыналы есім беруді қадағалады [260, с. 44].

Қорыта келе, Бөкей Ордасы Қазақстанның өзге аймақтарынан дін мәселесімен ерекшеленді. Бөкей Ордасындағы бес қисым, екі округтің әр ауылындағы мешіттердің жыл сайынғы есеп дәптерлері метірке кітаптары мұқият сақталған. Метірке кітаптарында жыл сайын ауылда дүниеге келген сәби, неке қиған, ажырасқан, өмірден өткен адамдардың дерегі берілген. Сондай-ақ әр мешіттің тұрған жері, ашылған жылы, оның қызметкерлері, жамағат саны, имамның оқыған жері мен ұстаздары туралы өте құнды мәліметтер кездеседі. Әр мешітте ахунның ерекше бақылауымен мұсылмандық мектептер жұмыс істеді. Мешіттің молдасы балаларды оқытумен айналысатын мұғалім болды.

# 2 ЖӘДИТШІЛДІК ҚОЗҒАЛЫС ШЕҢБЕРІНДЕ ИСЛАМ МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ҮЙЛЕСІМІ ҮШІН ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КҮРЕСІ

## 2.1 Жәдитшілдік әрекетінің өрістеу жылдарында жаңа әдісті мектеп пен медреселердің түлектері

Діни тұлғаларды зерттеуде олардың тұлға ретінде қалыптасуы мен атқарған қызметтерінің тарихи мәні жан-жақты зерттелуі қажет. Өзге түркі-мұсылман халықтарының қоғамдық құрылысы іспетті қазақ халқының да діни нышанын айқындайтын қызметкерлер молынан кездесті. Олардың арасында ишандар мен имамдар басымдыққа ие болған. Дегенмен, еуропалық ағартушылық дәстүр мен жаңғырту ықпалымен діни қызметшілердің жаңа түрі ретінде халық ағарту саласы мен ел ішіндегі қоғамдық құрылысты білім мен ғылымға жетелеген реформаторлар тобы пайда болды. Осындай жаңаша ойлайтын діни қайраткерлерге Қазақстанның батыс өңірінде молла-ахун, ақын әрі ағартушы Ғұмар Қарашты (1875-1921 жж.) жатқызуға болады. Сондықтан қазіргі кезеңде ислам институттарының және іс-әрекет үлгілерінің реформасын жүргізуді жақтаушылар қозғалысы ретінде жәдитшілдікті зерттеу қызығушылық туғызуда. Сондықтан екінші тараудың бұл бөлімінде зерттеуге нышан болып отырған Батыс Қазақстан жерлерінде жәдидшілдік қозғалыстың өрістеуінің тетіктері мен жаңарған мектептер мен медреселерден түлеп шыққан дін қызметкерлерінің халыққа сіңірген еңбектері сараланады.

XIX – XX ғасырлардың аралығы бүкіл мұсылмандық Шығыстың, соның ішінде Қазақстан тарихында ерекше орынға ие. Еуропалық отаршылардың ықпалына кірген шығыс халықтарының алдыңғы қатарлы зиялы тұлғалары өздерінің төл мәдениетін жаңғырту жолында мәдени күресін бастап кетті. Осы тұста шығыстың еуропалық-христиандық өркениетке қарсы, өзінің мәдени сәйкестігін сақтап қалу үшін шығармашылық күресі – жәдитшілдік ірекеті түрінде көрініс тапты (араб тілінде «жәдид» сөзі «жаңа» деген мағынаны білдіреді). Осы «аса қуатты модернистік ағымның» маңызды сипаты зиялылардың отаршылдыққа қарсы идеологиясы, Ресейдің түркі-мұсылмандық аймақтарының өз автономиясы үшін күресіне ұласты [261, с. 134].

Жәдитшілдіктің басты мақсаты – оталанған халықтың өмірін зайырлылық пен тәуелсіздікке білім және ғылым арқылы жетелеу еді. Бұл қозғалыстың ішкі мазмұнында қайта құру негізінен еуропалық қағидаттарға өтуге сайып келетін жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыруды білдірген-ді. Бұл жерде ең алдымен мектеп бағдарламасын өзгертіп, заманауи ғылым мен техника жаңалықтарын пайдалануға қатысты болды. Жәдитшілік контекстінде жаңа рухани (діни және зайырлы) көшбасшы тұлғаның жаңа түрі қалыптаса бастады. Сонымен бірге, жаңашыл ағартушылар дәстүрлі мәдениеттің ең озық білімі мен төл мәдени кодын сақтап қалуға тырысты [75].

Ислам әлемінің батыс бөлігінде – Мысырда, Түркияда мұсылмандардың интеллектуалдық сана сезімінің оянуы аса белсенді түрде жүзеге асты. Ал Ресей империясына қарасты түркі халықтарының ішінде бұл зиялы ағым

«жәдитшілдік» атауымен танымал болды (реформаланған мектептердегі жаңа оқыту әдісі «усул-и джадид» деп аталды). Ресей мұсылмандарының (Жайық бойы, Түркістан, Қырым, Кавказ аймақтарындағы) жәдитшіл қозғалысы Таяу және Орта Шығыстағы діни реформаторлардың қозғалысына ұқсас болды. Ұлттық және аймақтық ерекшеліктерге қарай ол реформалық-ағартушылық қозғалыс әр жерде түрлі сипаттарды иеленді. Атап айтсақ, мысалы, Қазақстанның ислам өркениетінің перифериясы болған далалық аймақтарында жаңа идеялар жылдам тарады, ол жерде «жәдитшілдер мен қадымшылдар арасында Түркістан, Бұқара, Хиуадағыдай ауыр теке-тірес пен қайшылықты қарсыластық орын алған жоқ» [262, с. 56].

Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарының ішінде алғаш рет жәдитшілдік қозғалысын бастап берген тұлғалардың қатарында қырым-татары Исмаил-бей Гаспринский (Гаспралы, 1851-1914 жж.) тұрды. Ол 1883 жылы Бахшасарай қаласында реформаланған мұсылман мектебін және Ресейде «Тәржіман» баспасын ұйымдастырып, сол арқылы халықты сауатылыққа және отаршылдық саясатқа қарсы мәдени-ағарту күресіне шақырды. Көп ұзамай И. Гаспралының идеяларын Ресей империясының көптеген миллион мұсылман халықтары қолдады. Оның идеялары қазақ жерлерін де шарпып, түпкір аймақтарда тарала бастады. Тіпті, қазақ зиялылары, соның ішінді М. Дулатұлы мен М. Сералин сынды көшбасшылар оған сый-құрметін білдіріп арнайы мақалалар жазды. Қырым татарларының «Тәржіман» газетінде Мұса Шорманұлының, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының және басқа да қазақ авторларының шығармалары басылып шықты. Әсіресе, елдің еуропалық бөлігінде тұратын мұсылмандар: татарлар, башқұрттар, әзірбайжандар жаңғыртудың алдыңғы қатарында тұрды. Сондай-ақ жәдитшілдік қозғалыс идеологиясын Қазақстан мен Орта Азия аймағында таратуда Жайық-Орал жерлеріндегі ағартушылардың да рөлі аса зор болды. Ал Түркістанның рухани оянуына әсіресе Түркия мен Мысыр елдерінің ықпалы қуатты еді. Сонымен бірге әрбір аймақта жәдитшілдік қозғалыстың өзіндік рухани көшбасшылары шықты. Мысалы, Қазақстан даласының ұлы ағартушы-ойшылы Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы (1845-1905 жж.) жәдитшілдіктің көшін басқарды. Ал Бұқара хандығында ағартушылықтың атасы ғалым әрі жазушы Ахмад Дониш (1827-1897 жж.) еді. Жайық-Орал аймағында жәдитшілдіктің алғышарттары XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырда қалыптасқан және оны Абу Наср Курсави, Шигабутдин Марджани, Хусаин Фаизханов және т.б. бастап кетті.

Татар ағартушысы Г. Ибрагимовтың сөзімен айтқанда, ол кезең еуропалық өркениеттің, индустриялық-урбанистік құндылықтардың енуі ықпалымен бұрынғы тұрмыс салтының идеологиясы мен психикасында сызат пайда болуымен сипатталған аса қызықты, әрі сонымен бірге аса күрделі тарихи дәуір болған [263, с. 28].

Ендігі жерде қоғамда екі мәдени қордың – дәстүрлі және заманауи (еуропалық) мәдениеттердің бір уақытта өмір сүруі, олардың диалектикалық синтезге талпынуы мұсылман халықтарының өміріне тән сипат болды. Жаңа қалыптасқан шығыстық зиялы қауымның (ал олар тек қана зиялы адамдар, яғни

шығармашылықпен және ғылыммен айналысатын тұлғалар ғана емес, оларға жаңашыл көзқарастарды қолдаған діни қызметшілер де, сондай-ақ кәсіпкер мұсылмандардың белгілі бір бөлігі де жатады) әлеуметтік рөлінің күрделілігі, бір жағынан, бүкіл әлеуметтік-саяси және мәдени (білім беру) жүйесін жаңғырту міндеттеріне сай қайта құруға тырысқандығы, екінші жағынан, аймақтың отаршылдық мәртебесі жағдайында реформалаушылар өз автономиясы және өзін-өзі айқындау үшін, орыс патшалығының адамгершілікке жат отарлау саясатына қарсы күрес жүргізуге мәжбүр болды. Осының салдарынан олардың жағдайы тұрақсыз болды, олар «өздерінің» ескішіл адамдары мен отарлаушы шенеуніктер арасында өз ұстанымдарын ақылға қонымды түрде алып жүруі тиіс болды.

Жәдиттер мәдениет пен өркениеттің жаңа негіздерін, «үшінші жолды» (жалпы ислам шеңберінде) іздеуге күш салды, оның формуласы «жоққа шығару арқылы қабылдау» үндеуі болды [264, с. 454].

Ислам тарихындағы осы жәдитшілдік феноменінің терең мәнін өркениеттік бастама құраған. Жәдитшілдікті біржақты, яғни тек қана таптаурын мағынадағы модернизм ретінде немесе шығыс пен батыс мәдениетінің эклектикалық бірігуі ретінде, не отаршылдыққа және Батысқа қарсы тұрған исламистік әрі белгілі бір дәрежеде ұлтшылдық ағым ретінде түсінуге болмайды.

XIX-XX ғасырлар тоғысындағы түркі жәдитшілдігі еуропалық өркениеттің терең кірігуіне қарсы мұсылман әлемінің «жауабы» болған еді. Жәдитшілдікте шығыс-мұсылмандық, ұлттық компонент орталық орынды иеленген, ал батыстық компонент қосалқы мәнге ие болған. Бұл қозғалыстың ең үздік өкілдері жаңартылған исламдық, мұсылмандық өркениетті осылайша түсіндірді. Бірақ олар исламның өзін «реформалауға» ешқашан талпыныс танытқан емес. Дінге деген жаңа көзқарастың проблемасы ислам дінін соңғы кезде пайда болған қосалқы ұғымдар мен ырымшылдықтан, сопылық іс-тәжірибенің шекті үлгілерінен тазарту, шынайы түрде «таухид», яғни бір құдайға сенуді жаңғырту, классикалық ислам дініне тән динамизмді және шынайы ғылым мен шығармашылығының үстемдігін қалпына келтіруде болды. Реформалаушылар осы жаңа дәуірде мұсылмандардың «күшті ерік-жігер, белсенді саяси рухы және нақты іс-әрекет жасау қабілеті» сияқты шынайы қасиеттері қайта сұранысқа ие болып отырғанын сезді [265, с. 30].

Жәдитшіл зиялы қауымның арасында Мысырдағы М. Абдо, Татарстандағы Г. Баруди, Түркістандағы М. Бехбуди, Қазақстандағы Ғ.Қараш сияқты үлемдер мен муфтилер болған. Жаңашыл діни басшылар мен либералдық-демократиялық зиялы қауым өкілдерінің мұсылманға берілгендігі ислами білім беру, дінді құрметтеу сияқты айқын сыртқы фактілермен ғана емес, олардың дүниетанымы мен әлеуметтік іс-әрекеттерінің мәнімен де айқындалады. Өздерін исламды және ата-бабадан қалған әдет-ғұрыпты шынайы қорғаушылар деп санаған дәстүршіл молдалармен пікірталасында реформалаушы имамдар өз көзқарастарын жаңа дәуірде «ислам мен батыс өркениеті арасындағы қақтығыс туралы айтуға болмайды. Мұндағы әңгіме

қалыс қалған, тұралап тұрған, өшіп қалған мұсылмандық өркениет пен қозғалыс пен өмірге толы, білім нұры мен қызмет етуге талпынысты алып келген өркениеттің қақтығысы жайлы болып отыр» деп дәлелдеді [266, с. 30].

Сонымен қатар, жәдитшілдік идеологтарының көбі (М. Абдо, М. Икбал, Г. Баруди, Қазақстанда – А. Құнанбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ғ. Караш т.б.) сопылық мұраның рухани ықпалын сезінгендер болғаны таңқаларлық жайт болып табылмайды. Жәдитшілдер арасында әсіресе ұлы имам Ғазалидің есімі кең танымал еді. Алайда түркілердің арасындағы реформашылар соңғы кезеңдердегі тариқаттардан шыққан догмалық сопылыққа қарсы тұрды. Бұл орайда адамгершілігімен, бейбітшілдігімен және төзімділігімен сипатталатын жәдитшілдер зиялы қауымы діни көзқарастарға қатысты ашық қарсылық пен текетірестен бойын аулақ ұстағанымен ерекшеленетінін айта кеткен жөн. Дәл осы жәдитшілдік исламдағы түрлі идеяларды, ағыстар мен секталарды (сүннеттер мен шейіттерді, сопылар мен рационалистерді т.с.с.) бір ортақ пікірге келтіріп, татуластыруға арналған еді деп айтуға болады.

Қоғамды жаңғырту контексінде жәдитшілдік дін мен конфессиялық діни сана-сезімді шектеу міндетін алға қойып, мәдени және ұлттық-ресми құрылыс, яғни уақыт талабына сай ұлттық-мұсылмандық қоғам үлгілерін жасау үрдісін қолдады. Сол кезеңдегі зайырлы реформашылар өздерін кінәратсыз деп есептемеген, олар қандай да бір қателіктер мен асыра сілтеушіліктерге жол беруі ықтимал екендігін жоққа шығармаған. Және де ондай асыра сілтеушіліктер болмай қоймаған. Атап айтқанда, жекелеген жәдиттердің мұсылмандық салттар мен рәсімдерді келемеждегенін айтайық. Алайда сол дәуірде шынайы орын алған жағдайды, яғни қоғамда адамгершілік, ақыл-ой, сана-сезім идеалдарына қайшылықпен «сыртқы», яғни тек салт-рәсімдерге негізделген діншілдік белең алғанын ескерсек, мұндай эмоциялық мәлімдемелерді түсінуге және моральдық, психологиялық тұрғыда оларды растауға да болады.

Сонымен, жәдитшілдік көпқырлы әрі күрделі рухани құбылыс болған. Терең интенциясында ол Шығыстың және Батыстың білім-ғылымын синтездеу жолымен, сондай-ақ діни көшбасшының жаңа түрін қалыптастыру арқылы заманауи техникалық өркениет негіздеріне рухани сипат беруге бағытталған еді. Жәдитшілдік классиктері өз идеялары мен нақты іс-әрекеттерінің болашақта түзетіліп, жаңа біліммен байытылып, нақты бір аймақтарға қатысты шекті саяси ілімдердің шеңберінен шығып, адамзаттың жаһандық тәжірибесін байыппен зерделеу дәрежесіне көтерілетінін сезген сияқты.

Жәдидтік реформашылдық ислам шеңберіндегі реформаларды іске асыруды, мұсылман мектебін жаңғырту бағдарламасын қамтыды. Жәдидтердің конструктивті бағдарламасы түбегейлі төңкеріс жасап, дәстүрлі мектептер мен медреселерді бұрыннан бейтаныс болып келген «буржуазиялық» немесе батыстық мектепке ауыстыруға емес, ислам өркениеті дамуының және жаһандық үрдістердің табиғи логикасына (яғни жаңғырту қажеттілігіне) сүйеніп, конфессиялық мектепті ғылыми негізді түрде кезең-кезеңімен эволюциялық сипатта реформалауға бағытталған еді.

Жәдитшілдер мектебін сөздің толық мағынасында зайырлы оқу орны деп атауға болмайды. Ол болашақ адамзат үшін өзекті болып табылатын зайырлы және теологиялық (рухани) білім синтезін құрап келген. Жәдидшілдердің жаңа мектептері мен медресе-университеттері жаңғыртылған мұсылман мектебінің үлгісі болған. Онда дінді, шариғатты оқып-тануға, зерттеуге және сақтауға көбірек көңіл бөлінген. Сондай-ақ ол мектептерде араб тілі оқытылған, ол кезде араб әліпбиі қолданыста болған еді.

Кейбір медреселерде парсы тілімен қатар әдеби түрік тілі оқытылатын болған. Исмаил-бей Гаспралы өзінің жоғары мұсылмандық білім беруді реформалау жобасында болашақ ислам университеттерінің оқу бағдарламаларында шығыс тілдерін құрметтеп, ерекше орын берген, олардың рөлі орыс гимназиялары мен университеттерінде оқытылған «ежелгі» латын және грек тілдері сияқты оқытылуы тиіс деп санаған.

Жаңғыртуға келсек, оқыту мазмұнында соқыр догматизмнен, Құранды механикалық жаттауды теріске шығару, кейбір діни ережелерді заман талабына, заманауи ғылым-білімнің, атап айтқанда, педагогика мен психологияның, жаратылыстанудың жетістіктеріне сай түсіндіру көзделді. И. Гаспралының өзі оқытуды оңтайландыру мен оның алғашқы нәтижелері туралы былай деп жазған: «Орыс мектебінен көшіріп алынған тәртіп пен дыбыстық әдісті енгізудің арқасында... мен басқарған қожа 6 ай ішінде орыс мектебінде қолданылатын тәртіптерді және дыбыстық әдісті пайдаланып, балаларға түркіше, арабша оқуды, түркіше жазуды және діннің бастапқы ережелерін үйретіп үлгерді... Кейіннен мектептерге арналған жаңа бастауыш оқулықты шығарып, мен қазіргі кезде кейбір жерлерде 30-ға дейін «жаңа әдістегі мектеп ашылуына қол жеткіздім, ал менің «Ховадже и-субъян» («Балалардың мұғалімі») атты әдістемем 4 мыңға жуық данамен таралды», – деп жазған [267].

Жәдиттер еуропалық мектептің оқу жоспары мен бағдарламасы, емтихан, парталар мен тақтаны, көрнекі құралдарды қолдану т.с.с. элементтерін пайдалана бастаған. Зайырлы пәндерге келсек, ислам көзқарасы бойынша бұл жаңашылдық емес еді. Зайырлылық компоненті мұсылман білім беру жүйесінде бастапқы кезеңнен-ақ болған (Халифат дәуірінен, яғни ортағасырлық медреселерде қолданылған). Кейінгі діни қызметшілердің кінәсінан исламдағы «ілім» (білім, ғылым) ұғымы тек қана дінтану мен діни құқық деп тар ұғымда түсіндіріле бастаған.

Жәдидтік мектептерде қайтадан математика, география, химия, физика, тарих, т.б. пәндер оқытыла бастады. Жәдидтердің «дыбыстық әдісі» мен әліпби реформасының арқасында оқыту әдістемесінің сапасы өзгерді (оқу орындарының моральдық-психологиялық жағдайы сауықтырылды, мұғалім мен оқушының ара қатынастары демократияланды). Мұғалім-педагогтердің жаңа түрі – жоғары білімді, білікті және сонымен қатар адамгершілік қасиеттері жоғары патриот, балаларды жан-тәнімен сүйетін шынайы мұғалім қалыптастырылып, қоғамда басымдық ала бастайды.

Қазақ даласындағы жәдидтік оқу орындарының бағдарламасы негізінен еуропалық орта мектептердің бағдарламасына сәйкес келді. Мұсылмандық оқу

орындарының жаңа оқыту әдісінен сесkенген жергілікті әкімшілік орындарынан полиция Департаментіне жәдидтердің әрекеті туралы: «Ресей мұсылмандарының ұлттық сезімін ояту арқылы автономия мен ұлттық мектептерді иеленбекші. Осылайша өздерінің оқшауланған шеңберін құрып алған соң, орыс ықпалына және үкіметтің орыстандыру саясатына қарсы әрекет етпекші,-деген шағым хаттар түсіп жатты. Мұндай шағым хаттардың мазмұны орталық үкімет орындарын жәдидтерге қарсы тезірек шара қолдануға шақыру еді [162, б. 168].

Мұсылман мектебі эволюциясының маңызды үрдісі оның ортағасырлық космополитизмнен ада болуы еді, бұл мектептер мен медреселердің ұлттық мектептер мен университеттерге айналуынан көрініс тапты. Араб тілі мен парсы тілін басым түрде оқытудың орнына жаңа ұлттық-мұсылман мектептерінде оқушылардың өз ана тілін (алдымен түркі немесе татар тілін, содан соң жергілікті халықтардың тілдерін), әрбір мұсылман халқының ұлттық тарихы мен мәдениетін оқытуға дұрыс көңіл бөлу көзделді. Шындығына келсек, бұл жайт тарихи логикаға сай келген еді: барлық елдер белгілі бір дәрежеде өзінің ұлттық рухын айқындау, өз тілінің және өзінің төл мемлекеттілігінің үстемдігін құру кезеңін бастан кешіруі тиіс еді (бірақ, әрине, жалпы исламдық негізі мен өзге елдермен саяси ынтымақтастығын жоймай). Ал отаршылдық саясаттың ықпалында қалған халықтар үшін бұл міндеттің өзектілігі айқын еді. Сондықтан XX ғасырдың басында кейбір мектептер мен медреселердің жай ғана конфессиялық емес, сонымен қатар ұлттық сипатты иеленуі заңды құбылыс болған.

Жәдитшілдіктің Қазақстанға ықпалы жайлы мәселеге қатысты Батыс Қазақстанның реформашыл ханы, орыс патша үкіметінің қызметінде генерал-майор шенін иеленген Жәңгір ханның (1801-1845 жж.) ағартушылық қызметін еске түсіргеніміз абзал. Бөкей хандығына арналған мұсылмандық білім беру жобасында және жалпы өзінің мәдени саясатында Жәңгір хан ең үздік ұлттық-мұсылмандық дәстүрлерді еуропалық ағартушылықпен ұштастыруға тырысып, ислам білім беруінің либералдануы мен ашықтығын насихаттаған. Ол іргелі ислами білім беру қазақ жастарының заманауи ғылым мен Еуропа тілдерін меңгеруіне кедергі келтірмеуін ойлады. Жәңгір хан мен оның отбасы қазақ және татар тілдерімен қатар орыс, неміс және француз тілдерінде еркін сөйлеген. Және де хан терең діншіл мұсылман кейпін сақтап, ішімдік ішпеген және барлық діни ережелерді сақтап өткен. Өзінің реформалық идеяларын Жәңгір хан 1841 жылы Бөкей хандығының орталығы болған Хан Ордасында ашқан үлгілі қазақ-мұсылман мектебінде іске асырған.

Зерттеуге арқау болған мұсылман әлеміндегі зиялылардың байланыстары мен идеяларының үндестігі қоғамға белгілі болған. Мысалы, ұлы Абай Құнанбайұлы Мысырдың Каирдегі жаңа ислам мектептеріне жіті қызығушылық танытып, қазақ елінде де сондай реформаны жасауды армандаған. Сонымен қатар кейбір қазақтар сол заманның өзінде Мысыр, Түркия, Хиджаз бен Неджде де білім ала алған. Атап айтқанда, еліміздің батыс өңірінен шыққан заңгер, әрі сегіз шет тілін меңгерген шығыстанушы ғалым

Ғабдолғазиз Мұсағалиев Каирдегі «Әл-Азһар» мұсылман университетінің түлегі болған [268,б. 30; 269, с. 19].

XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақ даласынан шыққан діни тұлғалар көп болды. Олар ОМДМ-дан сынақ тапсырып, елге келіп молда қызметімен қатар ұстаздық қызметпен айналысып жатты. Хиуа, Бұхара, Ыстамбұл, Орынбор, Қазан қалаларына барып, елге келіп жаңашылдық үлгіде сабақ бере бастады. Олардың Ресей мұсылмандары арасында XIX ғасырдың екінші жартысында мәдени ағым ретінде туып, XX ғасырдың басында саяси-идеологиялық бағытқа айналған жәдидизмнің (жәдидия жаңару қозғалысының) ықпалына түскенін аңғару қиын емес. Қазақ даласының әр аймағында мектептерде жаңаша оқыту жүзеге асып жатты. Жайық бойындағы Бөрте болысының тамалардың елдімекенінде Байеділ Кикиннің салдырған мешітінің жанынан салынған мектепте хазірет Алдияр жаңа тәртіппен оқытқан. Мектептің екі сыныбында 50 бала орыс тілінде екі мұғалімнен сабақ алса, имам Алдияр сарт, әзірбайжан тілінде жазылған кітаптарды оқытқан. Мектептің шығыны қазына есебінен болған. Яғни мектепте ағартумен айналысқан хазірет, имамдар мұсылман елдерімен байланыста болып, олардың еңбектерін балаларға таныстырып, оқытып отырғандығын байқаймыз. Дінбасылар шығыс және Орта Азия елдерінің әдебиеттерін өздері меңгеріп, шәкірттерге үйреткен [270].

«Қазақ» газетінің материалдары бойынша, Ақтөбе уезі Бөрте болысы № 2-ші ауылында 1911 жылы Мырзағұл Қойайдаров салдырған ағаш мектепте «Хұсейние» медресесінің «иғдади» – орта сыныптар мағынасындағы шәкірттерін Жұмабай Оразалин жаз мезгілінде келіп, күзге дейін 3-4 ай балдарды оқытқан. 40 бала оқыған мектептің оқу бағдарламасы Хұсейние медресесіне ұқсас болып келген. «Рашиди» («рушди) дәрежесінде білім алған балалар ұстазы Ж. Оразалин күзде медресеге оқуға кеткенде – ауылдық мектепте оқуын жалғастырған. Қазақ даласындағы мектептер салуға ауыл байлары қолдау жасап, қаржылық демеушілік көрсетіп отырғаны айтылады [271].

Уфадағы медреседе білім алған қазақ шәкірттері қажетті діни атақтармен елге келіп отырған. Мәселен, біз зерттеп отырған өңірден Уфаның «Ғалия» медресесінде оку бітірген және бірсыпыра бітіруге жақындаған қазақ шәкірттерінің 10-ы – ОМДМ-нің қарауында емтихан тапсырып, бірінші дәрежелі имам-хатиб, әрі мүдәррістік куәлік алғандығы белгілі. Олардың тізімі келесідей болған: 1) Мейірман Ермектасов; 2) Ахметжан Күзембаев; 3) Ысқақ Қанагатов; 4) Ниязгали Якұбов; 5) Нарынкұл Әбиров; 6) Бекмұхамед Хұсейінов; 7) Иса Токтарбеков; 8) Мырза Ахмет кожа Қыланов; 9) Әбушахме Бокаев; 10) Әбілһәмид молла Ғалиев [272].

«Хатиб» деген лауазым елге уағыз айтушы, ал «мүдәрріс-медреселерде дәріс оқуға жарамды деген мағыналарды білдірген [273, б. 104].

Орал облысында Қарашығанақ болысында дүниеге келген Махмұт Қасымов алғашқы білімді Мәшһүр қажы Махмұт хазіреттен алды. 1906 жылы 16 жасында Қарғалыға барып, Садық хазірет Османовтан, ал келесі жылы

Уфада марқұм ахун Хайролла Османов медресесінде білімін жалғастырған. Махмұт бұл медресе бағдарламалы болғандықтан емтихан арқылы қабылданған. 1908-ші жылы «Ғалия»-да екінші «ғали» сыныпты меңгеріп, үшінші дәрежесін тәмамдаған кезде 5-ші нөмірлі шаһадатнама алған. Содан кейін ол 1912 жылы Зайсаннан 150 шақырым жерде Дәкөй Орсаев деген қажыда бір жыл мұғалім болған. 22 жасында өмірден озған Махмұттың «қазақша әліпби», қазақша «қираат» және «бір перделік бір театр» кітаптары жазылғанымен баспадан жарияланбаған. Қазақ шәкірттерінің отбасылық жағдайының төмен болуы, кедейшілік тауқыметін көріп, не ауруға шалдығуы сияқты себептер медресе оқуын жалғастыруына, немесе елде қызмет етуіне үлкен кедергі келтірген [274].

«Ғалия» медресесінің шәкірттері «Қазақ» газеті баспасымен байланыс жасаған. Мысалы, аталмыш медресені бітірген, осы өңірдің тумасы Камалиддин Жайсақов есімді шәкірттің жаз кезінде өз елінде бала оқытатын ниетін және мұғалім бола алатындығы туралы 1914 жылы «Қазақ» газеті баспасында нақты хабар жариялаған [275]. Жәдитшілдіктің жемістерін айтсақ, «Ғалия» медресесінде Қазақ даласынан барған 108 шәкіртке оны бітіргендігі туралы куәлік берілсе, Уфадағы Діни мүфтилік қазилары алдында емтиханнан сүрінбей өткен 200 шәкірт мүдәрріс (медресе мұғалімі), 12 түлек хатиб һәм мұғалім дәрежесін алған [276, б. 134].

Қазақ даласындағы мешіт ұстаған дінбасылар Орынбор, Уфадан және т.б. медресе бітірген ұстаздарды алдыртып отырған. Ақтөбе уезі Қобда болысы аймағындағы мешіт-медреселердің жұмыс жасауына да діни тұлғалардың қызметі зор болған. Қобда болысының № 2 ауылында Бөрекеш хазірет бин Ихсан мырза Байтұрлы қажы арнайы әкімшіліктен рұқсат алып, Тамды елдімекенінде мешіт салдырған. Мешітке арнайы «Ғалия» медресесін бітірген Мулуд есімді мұғалімді алдыртқан. Мешітте 50-60 шәкірт білім алып, көрші елдімекендерден келіп оқитындардың саны да артып отырған. Төте жазумен оқып, өздері жазып әр жерде сөйлеген шәкірттер көбейген [277].

Кейбір діни тұлғалар арасында әулетімен діни жолмен жүріп, исламды насихаттап, шәкірт тәрбиелеген тұлғалар да болған. Солардың бірі – Бөкей Ордасының тумасы 1898 жылы 19 қыркүйекте ОМДМ-ден имам-хатиб және мұғалім куәлігін алып, 1896 жылы № 3030 Астрахань облыстық губерниялық басқармасының келісімімен Приморск округіндегі № 11 әкімшілік старшындыққа патша жарлығымен тағайындалған Хәкімбек Байғазыұлы есімді молданың орны ерекше [278, 4-5 пп.]. 1869 жылы дүниеге келіп Байұлы Беріштің Құлкеш-Қылыш атасынан тараған Хәкімбектің әкесі Байғазы Башқұртстанның Істерлітамақ медресесінде діни білім алып өмірінің соңы – 1908 жылға дейін Бөкей Ордасында зор беделге ие болып, ондағы Обалы мешітінде ұстаздық қызмет еткен. Обалы мешіті қазіргі Атырау облысы Исатай ауданындағы Тасқыраннан 13 шақырым жердегі елдімекен. Байғазының әкесі Мақаш Хиуадан білім алып, қажылыққа үш рет барған діндар болған. Хәкімбек болса 1895 жылы Астрахандағы «Жамшид-Исламия» медресесін бітірген. Ол кезінде ноғай медресесінде астрономия, экономика, химия, Құран, география,

тарих, физика, математика, медицинаны меңгеріп елге оралып, ата жолын жалғастырған [279, б. 33-35].

Осы тұлғаның дін мен модернизмді, ұлттық мүддені ұштастырған қайраткер болғанын келесі мәліметтен көруге болады. Одан білім алған Сиран Дербісәлі ақсақал: «Мен ол кезде бозбала едім. Оң мен солымды тани қоймаған кезім еді. Хәкімбек ұстаз дәріс оқығанда өзі қажы болса да: «орысша да оқыңдар, әлем халықтарының бәрінің тілін біл-сеңдер де артық етпейді», - дейтін. Біз ол кезде әлі де болса орыс тілі үстем болатын заман орнайды дегенге сене қоймайтынбыз. Соны сұңғыла ұстазымыз сезген екен. Діни және ғылыми дәрістерден кейін ұстазымыз «бізге отарлаушы ел саясатының ықпалы тимей қоймайды. Сондықтан әр салада және берілген барлық мүмкіндікте ел мүддесі ең бірінші санада болуы тиіс деп ұғындырып отыратын», - деп еске алған [280].

1831 жылдың 26 желтоқсанында дүниеге келген қандасымыз Муфтахетдин Камалетдинұлы Мұхамедияров хат таныған соң, өз бетімен оқып, өлең шығара бастайды. 1863 жылы Істерлітамак қаласындағы медресені бітіріп, Орынбор, Троицк қалаларында оқуын жалғастырады. Елге келіп Троицк қаласының қасындағы Карабалық ауылында және Қостанай, Қызылжар, Көкшетау қалалары маңында бала оқытады. Өзін «жәдитшілік» ағымының бастаушысы Ш. Маржанидің шәкіртімін деп есептеп, оның ағартушылық жолын дәріптейді. Ақынның көзі тірісінде 1892 жылы «Дамулла Шиһыбеддин хазіреттің мәрсиясы» (қазақша «мәрсия» – жоқтау) деген жалғыз кітабы жарық көрген [281, б. 117].

Құжат мәліметтеріне сүйенсек, қазақ даласындағы зайырлы білім беру ісі жергілікті халықтың талап мүддесіне сай қызмет атқарды. Қазақтардың көшпелі өмір сүру жағдайы да сауат ашуға кедергі келтірмеді. Өйткені, көшпелілік тұрмысына лайықталған мұсылмандық оқу орындары «көшпелі гимназиялар» жұмыс жасады деуге болады. Осындай жағдайда ауыл молдасынан білім алған жастар кейін оқуын ары қарай медреседе жалғастырды [112, б. 71].

Ресей патшалығы исламның белсенді уағыздаушылары – діни тұлғаларды бақылап отырған. Мұрағатта сақталған бір құжатта дін қайраткері Сафа Курфаисовтың насихаттауымен барлық ауылдарда мұсылмандық мектептер негізі қаланып, оның оқытқан шәкірттері Ақтөбеде ғана емес, көршілес болыстарда да барлық ауыл мектептерінде мұғалім, суфилер қызметін атқаруда делінген. Ресей үкіметі тарапынан діни тұлғаларға жасалған қысымшылыққа қарамастан қазақтардың діни өмірінде көшбасшылар сол қалпында ілімін жалғастыруда деп алаңдатушылық білдірген. XX ғасырдың басында құжатта Ақтөбе болысындағы Н.Ғ. Бақсылдақовтың ғибадатханасы мен медресесі бар болғаны көрсетілген. Оның медресесінде шәкірттер білім алған. Ал Бөрлі болысында хазірет Жұмабек және оның ұлы ахун Нағым Жұмабеков сабақ берсе, Қаратоғай болысында ахун Бермұхамед Мұхаметғалиев, ал Теректі болысында хазірет Кие көлінің маңында сабақ берді делінген [282,13-п.].

XX ғасырдың бас кезінде Орынбор мұрағатында Ресей империясы шеткері аймақтарындағы мектептер мен медреселерде ескіше мұсылмандық

білім беру жүйесі жаңа әдісте оқытумен ауыстырылғандығы және медреселердегі жаңадан енген дүнияуи пәндердің тізімі беріледі. Сонымен қатар, Орынбор губерниясында және Торғай облысында мұсылмандық ағартушылық сипатында пайда болған жәдитшілдіктің ықпалымен қыз балаларға арналған оқу орындарының ашылуы және мұсылман әйелдерінің қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістерден шет қалмай білім алғаны туралы мәліметтер аламыз. Сонымен қатар Түркия, Мысыр және де басқа да мұсылман мемлекеттеріндегі мұсылмандық мектептер мен медреселерде оқыған мәртебелі мұғалімдер тобы пайда болғаны беріледі. Олар мұсылман оқу орындарында ескі білім беру әдісінен түпкілікті өзгеше жаңа әдісте білім беруді жүзеге асырып жатқаны да айтылады [112, б. 56-59].

Діни қайраткер және зиялы тұлға мысалы ретінде Ахмет Ғұбайдоллаұлын (1873-1951 жж.) атап кетуге болады. Ол Жаңақала ауданында дүниеге келген діни қайраткер, ауыз әдебиеті мұраларын жинақтаушы. Ауыл молдасынан сауат алып, кейін Жаңақаладағы Байғұл медресесінде және 1890-жылдары Ордадағы 2 кластық қазақша-орысша мектепте білім алған. Бұл мектепті үздік тәмәмдаған оған мемлекет қаржы бөліп, Ресейдің Вятка губерниясындағы Мамонов діни оқуына жібереді. Ахмет Ғұбайдоллаұлы мұнда араб, парсы тілдерін жетік біліп, халпе дәрежесін алып шығады. Отыз жыл бойы мұғалім болып, халықтың әдеби мұрасын жинаумен айналысады. ХХ ғасырдың басында Батыс Қазақстан аймағындағы С. Меңдешев, Ғ. Қараш, Х. Досмұхамедов, Н. Мамаев, А. Құдайбергенов, Ғ. Байғұлов сияқты қазақ зиялыларымен бірге қызмет істеп, достық қарым-қатынаста болған. Қазақ мектептерін ашу жұмыстарына атсалысқан. 1937-1951 жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшырап, жұмыстан қуылып, жоқшылыққа душар болған. 1951 жылы дүние салған ағартушының үйінен мұғалім Фарид Ғатауов көптеген аудармаларының қолжазбасын тауып, 1957 жылы Қазақстан ҒА кітапханасының қорына тапсырды [281, б. 151]

Тағы бір жаңа дәуірдегі діни қайраткер – Бекмұхамбет Ғайтбайұлы (1845-1920 жж.) Бөкей Ордасы, Нарын өңірінде (Атыраудағы Азғыр маңында) кең танымал болған діни қайраткер, ағартушы. Бекмұхамбет қалпе «Істерлітамақ» медресесінде білім алған. Жергілікті халық оны әулие тұтып, ерекше қастерлеген. Бекмұхамбет қалпе кейін Азғырда тұңғыш мектеп ашып, көп жылдар бойы бала оқытқан. Уфа, Қазан, Санкт-Петербург, Ыстамбұлдан кітаптар алдырып отырған және ел арасында білім-насихат таратып, озық ой-сананың қалыптасуына елеулі еңбек сіңірген. Бекмұхамбет қалпенің баласы Файыз шежіреші, қазір Бөкей Ордасы ауданындағы Мұратсай ауылында тұрады. 1997 жылы ол Орда өңіріне келген ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевқа халық атынан бата берген [281, б. 184].

XIX ғасыр мен ХХ ғасырдың басында Орал облысындағы халықтық мектептер әскери және діни болып бөлінді. Қазақтар арасында оқыту мектептер мен медреселерде текмислами форматта жүргізілгені белгілі. Нақты есеп жүргізілмегендіктен мектеппен медресенің саны туралы деректер де әртүрлі болып кездеседі. Мәселен, 1861 жылы 55 мұсылман мектебінде 1300 адам оқыса, 1866 жылы – 1341 адам, ал 1872 жылы – 3821 жасөспірім оқыған. Кейбір

деректер бойынша 1870-ші жылдарындағы мұсылман мектептерінің саны 56-дан 400-ге дейін жеткен. Мұсылман мектебінде оқитындардың барлығы ер балалар болған. Бірақ, кейін олардың жанынан қазақ-орыс мектептері де ашыла бастаған. Әсіресе 1892 жылы Хан Ордасындағы және Жаңа қазандағы ашылған мұсылман мектебінің (мұнда Ғалыкеев молда бала оқытқан) исламдық сауат ашудағы зор маңызы болғаны айтылады [283, б. 4].

XIX ғасырдың соңында білім саласын реформалау мақсатын көздеген жәдидшілдер дәстүрлі ескі әдісті мектеп пен медреселерді уақыт талабына сай өзгертуге бел буды. Бұл үдеріс XIX – XX ғасырлар тоғысында Қазақстан территориясындағы мұсылмандық оқу мекемелерін қамтып, XX ғасырдың басында Қазақстанда жаңа әдісті 106 мектеп пайда болған. Ал, Оралда үш медресе: «Рақыйбия», «Гайния» және «Мұтыйғия» жұмыс жасаған. Осы медреселердің ішіндегі «Мұтыйғия» медресесі бастапқыда ескі әдісте жұмыс жасап, кейіннен қойылған талабына сай меңгерушісі Мутыгулла хазірет Тухватуллиннің бастамасымен жаңа әдісті білім беруге көшкен. Басқаларына қарағанда медресе өзінің жақсы жақтарымен ерекшеленді. Оның меңгерушісі Мысырдың «Әл-Азһар» жоғары оқу орнында білім алған болатын.

Мутыгулла Тухватуллин шәкірттеріне Авиценнаның, Ибн Рушдтың, әл-Фарабидің еңбектері бойынша тәлім берген. Аталмыш хазірет өте сауатты, оқымысты және прогрессивті көзқарасты ұстанған. Ол білімін үнемі жетілдіріп, әлемде болып жатқан жаңалықтардан «Траблис», «Терджиман-переводчик» және «Русский Восток» газеттері арқылы хабардар болып отырған. Сонымен қатар сол кезеңде ол Ақтөбе үйезіндегі 70-ке жуық мешіттер жанындағы мектептерде де жаңа әдісте білім берген [112, б. 77].

XIX ғасырдың аяқ кезінде осындай қазақ жерінде жұмыс жасаған медреселерден Созақта «Баба ата, Перовскіде «Мырзабай ахун», Жетісуда «Мамания», Торғайда «Тұз» медреселері, Оралда «Мұтыйғия», «Рахибия», «Бузуов» медреселері, Бөкей Ордасында «Орда» медресесі, Семейде «Ахмет Риза», «Аякөз», «Сары Хисмат» медреселері, Арқада «Дулығалы» медресесі, қазіргі Оңтүстік Қазақстан жерінде «Аппақ ишан», «Халфе», «Шамухамед ишан», «Молда Хашыр дамолла», «Әбілхайыр қазы» медреселері және т.б. өңірлерде медреселер көптеп бой көтерген. Бұл медреселердің кейбірі жәдидшілдік жүйесі негізінде қалыптасқан татар-башқұрт медреселері әсерімен құралды және көбісі діни ғана емес, мәдени-ағартушылық ісіне де едәуір үлес қосқан. Оларда қызмет еткен рухани шамшырақтарымыздың қатарында қазақ қоғамын дамыту үшін орасан үлес қосқан Науан хазірет, Досжан ишан, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтерді айтуға болады [112, б. 72].

Осы кезеңде Орал облысына қарасты Темір қаласында Молдағазы хазірет Халмұхамедов екі медресе салдырып, жанына мешіт пен бақша еккен. Медреседе 100-ден аса шәкірт жаңа оқытумен білім алған, ал оларға үш мұғалім сабақ берген. Хазірет төте жолмен оқытқан [284, б. 52-53].

XX ғасырдың басында Батыс Қазақстандағы ағарту ісінің дамуына әртүрлі білім беру мекемелерінің ықпалы болды. Негізінен революцияға дейінгі

кезеңде бұл діни мекемелер, соның ішінде мұсылмандық жаңа әдістік мектептер мен медреселер болған.

1910-шы жылдары Маңғыстау үйезінде зайырлы әдебиет пен жаратылыстану ғылымдары оқытылған 67 мұсылмандық мектеп жұмыс жасаған, онда 1003 шәкірт жаңа әдісте білім алған. 1917 жылға дейін Гурьев үйезінде 70-ке жуық мұсылмандық мектептер мен медреселер қызмет еткен. Олардың әрқайсысындағы оқушылардың саны 50 мен 100 аралығын құрады. Мешіттердің саны жыл сайын көбейіп отырды. 1909 жылы Ақтөбе үйезінде жаңадан 5 мешіт жұмыс жасаса, оған 1910 жылы – 4 мешіт, ал 1911 жылы – 3 мешіт қосылды. Сонымен бірге әрбір мешітте бір молдадан және олардың барлығы қазақтар болды [285, б. 38].

Мектептердің ашылуы оңай болмаған. Міндетті түрде орыс тілі сыныбы қажет болған. 1910 жылы Ақтөбе мұсылмандық қоғамы жергілікті әкімшілікке Ақтөбеде жеке мұсылмандық мектеп ашуға рұқсат сұрап жүгінген. Мұны Торғай облысының Халықтық училище директоры М. Ренгинский үйез басшысына мектептің ашылуы туралы заңға қайшы деген. Заң бойынша орыс сыныбынсыз мектептерді ашу заңды қарастырылмаған. Сол үшін мұндай талаптар қанағаттандырылмай, еш шешімін таппай отырған [286, 104-п].

Жәдидизмнің «еуропаландыру» мақсатына сәйкес 1900-1912 жылдар аралығындағы Орал облысындағы медреселердің барлығында орыс тілі жүргізілген. Медресе, мектептердің басым бөлігі ауыл қазынасы есебінен қаржыландырылып отырған. Оларда қызмет еткен діни тұлғалардың аты жөні кейбір сирек кездесетін басылым беттерінде көрсетілген. Мәселен, Қаратөбе ауданы Жақсыбай болысы № 10 әкімшілік ауылы медресесінде хазірет Ахон Мұхамбетярұлы, Гурьев қаласының медресесінде молда Ідіріс Галиев; Елек уезі медресесінде ахун Абдул Галлям Давлетшин; Орал үйезі, Жымпиты болысы № 2 әкімшілік ауылы медресесінде молда Тәжмұхамед Тайпақов; Қарашаған болысы № 7 ауылы медресесінде хазірет Сағайдықов; Бөрлі болысы № 7 әкімшілік ауылы медресесінде ресми молда Көгіспаев; Жиренқопа болысы № 4 әкімшілік ауыл медресесінде Мұхамеджи Шамаев (жеке медресе); Ілбішін үйезі Жақсыбай болысы № 10 әкімшілік ауылы медресесінде хазірет Ахон-Мұхаметнияз Досаев; Өріктікөл болысы № 3 әкімшілік ауылы медресесінде Ахмет-Жадид Құрбанғалиев, осы болыстың № 4 ауылы медресесінде молда Ягмуров, аталмыш болыстың № 7 әкімшілік ауылы медресесінде Құндықов; Өлеңті болысы № 1 әкімшілік ауыл медресесінде молда Тоғайбаев Мұхамедкерей; Бұлдырты болысы, № 6 әкімшілік ауылы медресінде Габдрахман Оразбаев, Индер болысы № 4 әкімшілік ауылы медресесінде Мұхамедкерей Тоғайбаев сабақ берген. Медреселерде бала саны 5 пен 20 саны аралығында болған [137, с. 235].

Жалпы алғанда, ІІМ-не қарасты мекемелер жекеменшік мұсылман оқу орындарын, мектептерді де бақылап, олардың ашылуы іс жүзінде ресми хабарландыру рәсімінде жүзеге асырылды. Мысалы, Ресми кеңестің 1874 жылғы 20 қарашадағы шешіміне сәйкес Қазақ далаларындағы барлық, соның ішінде мұсылмандық мектептер Халықтық ағарту министрлігінің басқаруына

берілді. Бірақ, аталған шешім 1882 жылғы 5 ақпанда Ресми кеңес ережені бекіткен кезде күшіне енді, оған сәйкес бұратана халықтың барлық мектептері, соның ішінде мектептер мен медреселер Халықтық ағарту министрлігінің ведомствосына бағынды. Мектептер мен медреселерге барып, олардың қызметін бақылау мен есебін жүргізуі керек болған жағдайда жеке инспекторлар тағайындалды [129, с. 44-45].

Бекпан (Бекмағанбет) хазірет Кененбайұлы ( XIX ғ. ортасы – 1920 ж.) Қобда ауданының Қаратал елдімекенінде өмір сүрген діни тұлға. Терісаққан өзенінің бойында Қаратал ауылында мешіт салып, жан-жақтан балаларды жинап оқытқан. Бекпан Хазірет мешіт-медресесінен білім алуға ұмтылған шәкірттерін оқу орнымен қатар жатақханамен де қамтамасыз еткен. Қазір де құлап бітуге жақындаған мешіт-медресе үйінің, жатақхананың орындары әлі бар. Меккеге өз қаражатымен төртрет барып келген.

Ауызша деректер бойынша, хазірет өмірінде дүние, малға қызықпай, барын балаларды оқытуға жұмсаған. Білімділігімен қатар әулиелігі де болған. Күні бүгінге дейін басына жер-жерден келіп түнеп, тәуеп етушілер қатары сиремейді. Руы – Тарақты Табынның Кедейғұлы. Өзінің жақындары Қараталда жерленген, қорым басында түнек үйі бар. Ұрпақтары Ақтөбе, Алматы, Шымкент, Ақтау, Санкт-Петербург қалаларында, Бестау және Қаратал ауылдарында тұрып жатыр. Немере, шөберелерінің көбі мұғалім, дәрігер болып қызмет атқаруда. Жергілікті халық Әулие-ата деп атайды. Осылардың арасынан Әбдіров Әжігерей ишан Қаратал ауылында 1879 жылы дүниеге келген, Досжан хазіреттің шәкіртін атауға болады. Қажылыққа бір рет барған. Терісаққан бойындағы қажы Бекпан хазіреттің бауырына салып, баулыған, ағасының баласы. Әжігерей ишан Бекпан хазірет мешітінде балаларға дәріс берген. Кейін қуғынға ұшырап зұлымдық құрбаны болды. 1938 жылы атылған, мүрдесі Ақтөбе қаласы іргесіндегі «Түйетөбеде» жерленген [287].

Діни тұлғалардың арасында әулетімен медреседе білім алып, елде мешіт ашып, жанынан бала оқытып отыру жалғасын тауып отырғанын көруге болады. Молдалар, ишандар, ахундар, хазіреттер мен қалпелердің халықтың сауаттылығын қалыптастырып, дамытуда орны зор. Қазақтардың тас қашау өнерінің ерекше үлгісі болып табылатын құлпытастарда марқұмға қатысты мәліметтермен қатар құран аяттары, уағыз сөздер, нақыл сөздер, өсиет сөздер араб қарпіндегі жазумен кездеседі.

Құлпытастағы жазулар сол кезеңдегі қолөнершілердің жазу мәдениетінің жоғарғы болғандығын дәлелдейді. Мәселен музейлерде сақталып тұрған қару-жарақ, қылыш, сүйек т.б. тұрмыстық-заттарда араб қарпінде құран сөздері кездеседі. Сондықтан XIX ғ. кезеңінен бастап қолөнер жазу мәдениетінің жоғары болып, халық арасында биік деңгейге жетуіне әрине діни тұлғалар– молда-ишандар сөзсіз ықпал еткен .

Шәймерден Әбжанұлы (Шәкен) ишан – табын руынан шыққан діни қайраткер. Хорезмде 7 жыл оқыған. 1902-1904 жылдары қазіргі Ақтөбе облысы Алға ауданына қарасты Сарытоғайда татар шеберлеріне Қазан жобасымен мешіт салдырып, сол мешіттің медресесінде мұсылман балаларды оқытады.

Халық Шәймерденді Шәкен ишан атап кеткен. Оның Сартоғай маңындағы қорымдағы құлыптасында шамамен 82 жасында дүниеден озғаны жазылған. Мешіт Ақтөбе-Қобда тас жолы бойында қаладан 50 шақырымдай қашықтықта орналасқан. Аталмыш медреседе жергілікті ауыл балаларымен бірге басқа жерден келген жасөспірімдер де оқып, білім алған. Мешіт үйі іргесі қалақ тастардан басталып, ұлу тастармен әдемі өрілген. Суық жаққа бейім жары өте қалың, тастардың арасындағы ылайы сапалы иленгені көрініп тұр. Ұзынша үлкен терезелері күн шығысымен батқанынша жағалай түсіп тұратындай орналасқан. Қатты қыста болмаса күннің көзінің жылуымен-ақ мешіт іші жылы болып тұрады екен. Бір ерекшелігі, осы жердегі мешіттерде күмбез орнатылмай, мұнараның төбесі бір не екі сүйір шатырлы етіп салу дәстүрін сақтаған. Азаншының мұнарасындағы айшығы 1928 жылы күшпен құлатылған.

Ізтілеу ишан 1895 жылы Кіндіксай жерінде мешіт салдырып, дінге бала оқытқан. Ишан мешіті Сарытоғайдағы Шаймерден мешітімен қатар салынса керек. Ізтілеу ишан Жеті ру тайпасының Жағалбайлы руының Малғарасынан шыққан. Өте сауатты болған. Қазір мешіттің ағаш-тасы құлап тұр. Құрылыс материалы шикі балшықтан және тастан қаланған. Есіктер екеу, терезелері сегіз, бөлмелері үшеу, едендері емен ағашынан салынған. Кеңес үкіметі кезінде тартып алып, мектепке берген. 1947-1948 жылдары мешіт астық қоймасы, құс фермасы болған. Ишан Меккеге жаяу үш жылда барып қайтқан. Қазіргі кезде оның бір Құран кітабы балаларының қолында сақталып тұр [288].

Діни қайраткер Жұбан Жүрдібекұлы 1834-1923 жылдары аралығында Нарындағы Бекетай құмында өмір сүрген, Байұлы тайпалық бірлестігінің Беріш бөлімінің Бесқасқа бөлімінің молдасы. 1909 жылы Нарын қисымының № 4 әкімшілік ауылындағы мешіттің метірке кітабына Жұбан Жүрдібекұлы өз қолымен: «Мешіт құзырында болған хатиб және мұғалім, имам «әл-жами ахун Жұбан Жүрдібекұлы 75 жаста» - деп жазып қалдырған екен. Бұдан көргендей Жұбан мешітте молда болып бала оқытып, ахун дәрежесін иеленген. Ол мұсылмандық білімді өз елінде Мұхамед Керей қалпеден алғаны Нарын қисымының № 4 әкімшілік ауыл мешітінің тіркеу кітабында жазылған. Жұбан молдадан тәлім-тәрбие алған шәкірттер қазіргі Атырау облысы Исатай ауданы өңірінде танымал Қайыр молда Жақияұлы (1882-1972 жж.), Батыс Қазақстан облысының Тайпақ өңірінде белгілі сынықшы, әулие және емші болған Арыстан Жұмаұлы (1890-1976 жж.), осы облыстың Жаңақала өңіріндегі Пятимар ауылында өмір сүрген Мерғали молда Құбашев та (1906-1993 жж.) Жұбан молдадан оқып, діни білім алғаны туралы әңгімелер айтылады. Бүгінде Бекетай құмында жатқан Жұбан молда зиратының маңында оның үйі мен мешітінің орны әлі де байқалады [238, б. 39].

Діни қайраткерлер жәдитшілдік ағымды қолдап, бала оқытып ғана қоймай, жаңашылдықты қолдаған алаш қайраткерлерімен тығыз байланыста болады. Хасан Нұрмұхамедов (1871-1937 жж.) Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы, №1 әкімшілік ауылында дүниеге келген ағартушы әрі «Алаш» қайраткері. Өз заманында атасы Шектібай хазірет бала оқытып, ағартушылықпен айналысқан. Деректерде атасы Бекет ата мектебінде

тәрбиеленіп, өзінің рухани тәлім-тәрбиесін Ойыл, Жем, Сағыз, Елек, Қиыл, Қобда бойларында балалар оқытып, көпшілікті имандылыққа баулуға бағыттағанын көреміз. Атасының тәрбиесін алған Хасан мен ағасы Рахметолла хазірет атанып, оның ағарту-рухани өміріндегі ізін жалғастырған. Екеуі де Бұхарадағы діни жоғары оқу орнын бітірген [289, б. 158-159].

Хасан Нұрмұхамедов қатардағы діни қызметші емес, Батыс Қазақстан облысының ең беделді Мұхтасиб лауазымындағы хазірет болды. Ол өзінің 1901 жылы Бұхарадағы жоғары дәрежелі діни білім беретін Мір-Араб медресесіндегі оқуын аяқтап келген соң, Қызылқоға ауданында жеке мешітін ашып, молла болып қызмет атқарған. 1905 жылы осы діни атақты алу үшін Санкт-Петербург қаласына барып, дін істері басшысы А.П. Игнатьевтің қабылдауында болып, оған өз өтінішін білдіреді. Бірақ оның бас молла атағын алу ұсынысы қанағаттандырылмайды. Ал бас молла атағы оған 1923 жылы Кеңес үкіметінің кезінде Ойыл діни жиналысында беріледі. Осыдан соң ол 1923 жылдан 1930 жылға дейін Ойыл ауданында молла қызметін атқарған. 1930 жылы салық төлемегені үшін 5 жылға жер аударылған [290, 291].

Хасан Нұрмұхамедов Алашорда үкіметінің бірнеше съездеріне делегат болған. Мәскеу қаласында өткен 1917 жылғы Бүкілресейлік мұсылмандардың 5-ші съезінде, Орынбор қаласындағы 1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығындағы 2-жалпықазақ съезінде Хасан Нұрмұхамедов Жаһанша Досмұхамедовті жақтап, Алаш автономиясын құруға дауыс береді. Ол Орал қазақтарының Ойыл, Қаратөбе мен Жымпитыда өткен 2-3-4-ші съездеріне қатысып, «Ойыл уәлаяты» атты құрылған Уақытша үкіметтің құрамына сайланады. Хасан Нұрмұхамедов Алашорданың Батыс бөлімінің басшылары Жаһанша және Халел Досмұхамедовтермен бірге ұлттық бірлік саясатын қолдаған [292].

Хасан Нұрмұхамедовке «маңғыстаулық мұхтасиб хади Сұлтанов, белгілі Оразмағамбет молда Тұрмағамбетов, имам Әбі Өтемағамбетовпен бірлесіп «жапон тыңшысына агент болды, ақ эмигрант Мұстафа Шоқаймен астыртын байланысты» деген айып тағылды [281, б. 515-516]. 1863 жылы Жымпиты ауданы Қособа ауылында дүниеге келген Қосдәулетов Қуанай хазіреттің есімі ерекше. Хазірет Бағдат қаласындағы Жоғарғы діни оқу орнын үздік бітіріп, Ыстамбұл қаласындағы Айя София мешіт-медресесінде имам болған. Қуанай хазірет әрі діндар, әрі имам болған. БҚО қазіргі Жымпиты ауданында 1896 жылы татар халқының сәулет өнерінің үлгісімен мұсылмандар мешітінің негізі қаланған. Оны Файруза Ғұсманова деген адамның әкесі салдырған. Мешіттің алғашқы имамы Қуанай хазірет болған [281, б. 364]. Оның Алашорда қайраткерлері Жаһанша және Халел Досмұхамедов, т.б. байланысы болғандығы С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында суреттеледі. Е. Қасаболатов 1918 жылы қаңтарда алашордалықтардың Қаратөбеде өткен Орал қазақтарының 3-ші съезіндегі идеялық емес, топтық жікке бөліну тұсында Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер жақтастарына қарсы шықты. Съезде сөз алған Қуанай хазірет: «Мына мешіттің ішінде бұл қай масқараларың. Тастаңдар араздықты! Қане татуласыңдар! Ғұбайдолла,

Нұрғали, қарағым Есенғали, Молдағали, Сәлімгерей! Қане құшақтасыңдар! Ана Жаншамен, ана Қалелмен!», - деп басу айтып сөйлейді. «Жаңа ғана жауласып отырған екі жақ айқасып, арсалақтап құшақтасты»[293, б. 124 б.].

Қуанай хазірет Жайық өңірінде орнаған Күнбатыс Алашордасы ресми-автономиялық құрылымына рухани қолдау көрсетіп, ақыл-кеңесін беріп отырған. Ол 1918 жылы сәуір айының соңында Жымпитыда өткен Орал қазақтарының 4-ші съезінің қарарымен құрылды. Үкімет құрамына жеті адам: Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер, Дәулетше Күсепқалиев, Өлеңті болысының бұрынғы басқарушысы, С.Датұлының шөбересі Салық Омаров, Саратов университетінің түлегі экономист Қалдыбай Асанов, Бағдат университетінің түлегі, Қуанай хазіреттің баласы Ғабдол-Ғалым Қосдәулетов мүше болды. Уақытша Үкімет жанында құрамында Қуанай хазірет, Хасан Нұрмағамбетов, Мәулімберді ишан тәрізді діндарлардан, Әнжан Жұбанәлин, Иса Көпжасаров сияқты елге сыйлы ауқатты, он тұлға бар арнаулы кеңес жұмыс істеді [281, б. 417; 292].

Маңғыстау аймағында Қарақия ауданының Құйылыс мекенінде 1860 жылы болашақ ағартушы Жаңай Есенұлы Шабар ишан дүниеге келіп, бала оқытумен айналысқан. Ол алдымен ауыл молдасынан сауат ашып, 16-17 жасына қарай Бұхарада білімін жалғастырған. Бұхара медресесінде шариғат факультетінде бірнеше жыл оқиды. Дін оқуын бітіріп, шатырхат алып елге келеді. Елге келген Шабар ишан Қарағия ойының Құйылыс жақ шетіне мешіт жанынан медресе салып, ағартушылықпен айналысқан. Ишандық діни атақты Бұхараға екінші рет барып иемденген. Қажылыққа екі мәрте барған. Ишаннан тәлім алған белгілі молдалар: Тастемір, Азабай, Темірхан, Мәкен, Бекбосын, Есбосын, Әбдір, Өтеғұл Жұмаш, Әбу, Қыдырша Ақмырза, Сейтназар Ерманұлы, Ылаймағамбет, Берікұлы Қалмақ және Қосанұлы Махамбет, Мәмішұлы Шахан, Тұржан, Реушен, т.б. бар. Шабар ишан 1931 жылы репрессияға ұшыраған [294, б. 357].

Қазақ зиялыларының татар интеллигенттерімен байланысы патша әкімшілігінің қарсылығына қарамастан жүзеге асып жатты. Соның бірі Орал қаласындағы шығып тұрған басылымды айтуға болады. Қазақ және прогрессивті татар зиялыларының көзқарастарының бірболғанына 1906 жылы 27 қарашадан Орал қаласында шығып тұрған алғашқы ұлттық «Фикер» (пікір) газетінің шығуы әсер етті. Газеттің редакторы Ғабдолла Тоқай болды. «Фикер» газетінің Орал қаласында шығып тұруы қазақ жастарының белсенді түрде баспа орталығымен тығыз байланыста болып, оған жазылуды ұйымдастырып, әр ауылға таралуына атсалысты. Газетпен әсіресе әскери-медицина академиясының студенті Н. Ипмағанбетов, Орал реалдық училище шәкірттері И. Қашқынбаев және Г. Бердиев [295, с. 39; 296] тығыз байланыста болған.

«Фикер» газетінің басты ұраны ағартушылыққа шақыру болды. XIX ғасырда ағартушылардың ізін жалғастырған Ғ. Тоқай газет арқылы халықты білімге шақырды. Газет беттерінде бірнеше рет депутат Б. Қаратаевта мақалаларын жариялаған [297, с. 7-85].

Қорыта келе, қазақ даласында ұлттық бірегейліктің мәні мен мазмұнын анықтайтын ағарту саласындағы реформалық іс-шаралар діни элитаның күшті ықпалында жүзеге асырылды. Қазақ даласында зайырлы мектепті қолдаушылар қазақ қоғамын жаңа заман жағдайына бейімдеуді көздесе, ал діни модернистер дәстүрлі әлеуметтік және мәдени әдет-ғұрыптарға негізделген консервативті діни көзқарастарын сақтауға тырысты. Бірақ бұл екі топтың көздегені де қазақ қоғамының жеке біртұтастығын сақтау болды.

XIXғ. өздерін моральдық жағынан таза, білімді және мәдениетті адамдар ретінде танытқан мешіттердің негізін қалаушылар, медресе мұғалімдері, ишандар, қожалар мен молдалар жәдитшілдік қозғалыстың насихатшылары болып саналды. Мұсылмандардың қоғамдық өміріндегі түрікшілдің құбылысы жәдидизм ағымы ретінде ол мұсылмандардың әлеуметтік өмірінде ислам теологиясын модернизациялау, әйелдерді азат ету, білім беру реформасы, жаңа бірыңғай әдеби тіл құру және т.б. құбылыстардың белең алуымен ерекшеленді. Өркениетке жетудің жолы жаңашыл «усул-жәдит» оқыту жүйесін түсіне отырып, тарих, өнер, философия, медицина, астрономия т.б. ғылым салаларын оқытты. Сондай-ақ шығыс ойшылдарының мұраларын, түрлі араб-парсы, түркі-шағатай тілдеріндегі жазба әдеби, фольклорлық мұралардың қолжазбаларын таратып, кітап етіп жариялаулары, түркі мұсылмандарына ортақ баспалармен тығыз байланыста болуы олардың діни-ағартушылық жұмыстарын жандандырды. Қазақ зиялылары мен діни тұлғалар қазақ даласындағы жетекші зиялы қауым ретінде ресми аппараттың заңды органдары (Дума), бұқаралық ақпарат құралдарымен қалыптасқан партиялық арналар арқылы да қазақ халқының бүгіні мен болашағы туралы пікірлерін таратып отырған.

## 2.2 Ахун Ғұмар Қараштың діни және ұлттық бірегейлік ұстанымдары

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ қоғамының рухани өмірінің бел ортасында қазақы болмыс пен ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері тұрды. Ұлттық зиялылардың ішінде қазақ халқының ұлттық-әлеуметтік қауымдастық ретіндегі түсінігі жетіліп, қалыптаса бастады. Бұл кезеңде ағартушылық, либерализм, діни реформаторлық және жәдидшілдік негізінде ислам дінінің қазақ қоғамының өміріндегі рөлін, оның одан әрі тағдырын әр түрлі бағалайтын саяси-идеологиялық ағымдар таралды. Сондықтан осы тұстағы патшалық биліктің отаршылдық езгісі мен рухани дағдарыстан шығудың жолын іздеген зиялылар мен дәстүрлі ислам өкілдерінің теориялық тәжірибелерін зерттеу мәселелері тарих ғылымындағы маңызды бағыттарының бірі болып табылатыны сөзсіз. Ал XX ғасырдың басында белең алған ұлттық жаңғыру жолындағы мәдени ағартушылық қызметімен тарихта өзіндік із қалдырған тұлғаның бірі, әрі ханафи мазхабы мен нақшбанди тариқаты бойынша терең білім алып, кейіннен діни-реформаторлық ағымға бет

бұрған Ғұмар Қараштың орны ерекше. Ол XX ғасырдың басында оқу-ағарту ісіне тікелей араласып, педагогикалық ой-пікірді дамытуға қолтаңбасын қалдырған ірі қоғам қайраткерлерінің бірі. Ресей мұсылмандарының ресми құрылымында қызмет жасаған Ғұмар Қараш ахун лауазымына дейін көтерілген. Оның қазақ қоғамын өзгерту туралы идеялары діни құндылықтар мен шариғат заңдарына негізделген болса, руханият пен өркениетке жетудің зерделі нысанын Ғумар Қараш білім мен оқу ағарту саласын қайта құруға бағыттаған. Ол исламды шынайы сенім деп есептеген және терең діндар адам болғандықтан өмірін имансыз елестете алмады. Қоғамның рухани жұтаңдауының себебін Ғұмар Қараш иманның әлсіздігі деп білген. Оның өз еңбектерінде қадап жазған мына сөздері: «Ислам дінін әлсіретуге ең басты себеп Құранды дұрыс түсіндіре алмаған шала, дүмшелер еді, өйткені ислам қауымына дұрыс түсінік берілмегендіктен, теріс түсінік қалыптасты» осының дәлелі болып табылады [298].

Сол себепті бұл тараушада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде Қазақстанның барлық аймақтарында белең алған жәдидтік әрекетінің өрістеуі мен қазақ қоғамын дағдарыстан шығарудың жолын іздеп, өз еңбектерінде айқындаған, сондай-ақ халықтың сауаттылығын арттыру бағытында сүбелі үлес қосқан Ғұмар Қараштың қызметі және азаттық жолындағы еңбегі тарихнамалық және деректік негізде ғылыми тұрғыдан сүзектен өткізіліп талданды.

XX ғасырдың 20-30 жылдары «қызыл империяның» қылышынан қан тамған сәтте Ғұмар Қараш революциялық дағдарыс пен қуғын-сүргіннің құрбанына айналған ұлт көсемдерінің бірі болып табылады. Алаш зиялылары мен қатар қазақтың мұң-мұқтажын дәріптеген Ғұмар Қараштың қоғамдық-саяси қызметін зерттеуге Кеңестік билік тұсында тыйым салынғаны белгілі. Қазақтың басқа да ұлт зиялыларының саяси қызметін зерттеуге еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін басталды. Ғұмар Қараш іспетті қуғынға ұшыраған саяси тұлғалар жайында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаев былай деген: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ» [299, б. 15]. Осы тұрғыдан алғанда ұлтымыздың рухани байлығын дәріптеу жолында XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының «Алаш» қозғалысындағы қызметін қажетті деңгейде айқындап, діни және мәдени-ағартушылық көзқарастарын зерттеу өзекті тақырыптардың біріне айналды. Ал жеке дара Ғұмар Қараштың ғұмыры мен шығармашылығы осы уақытқа дейін ашылмай келді. Ол өзінің ұлтқа деген сүйіспеншілігі мен қазақ жастарының оқуға ынтасының арттыру қажеттілігі жайында тікелей әрі астарлы түрде көрсетуге тырысып, Алаш қайраткерлерінің жігерлі күресін «түндікпен» салыстырған. «Қазақ» газетінде жария етілген мына жазбадан Ғұмар Қараштың нақты көзқарасын көруге болады: «Қазақ газетіндегі киіз үй бейнесінің өзіндік мәні бар. Киіз үй – киіз үйлерде тұратын адамдар. Ашық түндік, жабық есік мағынасы: түндік – жарық беретін жол, есік – түрлі заттар кіретін жол. Бұл дегеніміз: жарыққа баратын

жол ашық болуы керек, ал әртүрлі заттар кіретін есік бос болмауы қажет. Түндік жарығы өнер мен ғылымға қатысты. Батыстан ашылған түндік – құдіретті еуропалық ғылымның қазақтар арасында таралуын білдіреді. Үйдің есігі «қазақ» сөзінен жасалған. Оның мәнісі – «Қазақ» газеті қазақ халқы және мәдениеттің есігі, жат идеологтарға ескерту болған» [300].

Ғұмар Қараштың қоғамдық-саяси және мәдени саладағы қызметін зерттеуге арналған еңбектерді хронологиялық жағынан алғанда бірнеше сатыға бөліп қарастыруға болады. ХХ ғасырдың 30-жылдары Кеңестік идеологияның құрсауында жарық көрген еңбектерде Ғұмар Қараштың шығармашылығы мен қызметіне маркстік-лениндік ұстаным тұрғысынан дәстүрлі түрде «буржуазияшыл-ұлтшыл» және «діншіл» деген айыптар тағылып, біржақты баға берілген. Сонымен қатар меншік нысанына қарамастан барлық халықтар үшін феодализм бірлігі идеясы ұзақ жылдар бойы маркстік тарихнамада үстемдік етті, ал ол өз кезегінде қазақ әдебиетшілеріне әсерін тигізбей қоймады. Осы уақыттан бастап барлық ғылым саласында өткенді түсіндіруге арналған таптық көзқарас қалыптасты. Сол жылдары жарық көрген С. Мұқановтың [301], С. Сейфулиннің [302], Ғ. Тоғжановтың [303] және С. Сәдуақасұлының [304] әдебиет саласына қатысты еңбектерде Ғұмар Қараштың тұлғалық және діни-мәдени қызметі астыртын сынға алынып, кертартпалық тұрғысынан айқындалған. Ал оның дінге деген ұстамдылығы мен қазақтың оқу-ағарту саласындағы еңбегі большевиктердің идеологиясына кері әсерін тигізіп, таптық бірігуді көркем әдеби сөздермен бұғаттайтыны айтылған. С.Сейфуллин Ғұмар Қараштың Бөкеев ордасының ақын молдасы екендігін баса айтып, «Ұран» газетінің айналасына топтасқан белсенділердің Алашорда идеяларын насихаттаушылары ретінде көрсетуге, олар болса «халық жаулары» саналатынын тілге тиек еткен [305]. Әрине, С. Сейфулиннің бұл ойларын сол кездегі Л. Мирзоянның «мәдени-сүргін» саясатының өршуімен байланыстыруға болады.

Большевиктік идеология ислам мен мұсылмандыққа қатысты агрессивті саясатын ұстанып, атеистік даму жолын таңдағаны баршаға аян. Бірінші кезекте мұсылмандық білім беру жүйесі шектелді, мешіттер жабылды, дін адамдары құқықтарынан айырылып, жаңа кеңестік дінсіз идеологияға бейімделуге мәжбүр болды. Барлау органдары мыңдаған томдық сирек мұсылмандық қол жазбалары мен жеке кітапханаларды өртеп жіберді. Ал ол еңбектердің авторларын құдалауға ұшыратты, ұлттық көзқарастары мен саяси-мәдени қызметі жоққа шығарылды, халықтың жадынан өшіруге талпынылды. Ғұмар Қараштың дін мен ағарту жолындағы қызметін жоққа шығаруға, тіпті зерттеп насихаттауға тыйым салды. 1947 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысымен Ғұмар Қараш «Алаш Орда буржуазиялық-ұлтшыл партиясы жетекшілерінің бірі, ол болса революция идеяларына жат партия...» деп жарияланды және оның есімі мектеп оқулықтарынан алынып тасталып, шығармашылық мұрасын зерттеуге тыйым салынды. ХХ ғасырдың 50-шы жылдары И.В. Сталин қайтыс болғаннан кейін ғана гуманитарлық ғылым саласында бетбұрыс байқалды. Осы тұста М. Ысмағұловтың «Қазақстан

мұғалімі» газетінде Ғұмар Караштың педагогикалық ойларына арналған мақаласы жарияланды. Аталған мақалада Ғұмар Караштың қазақ халқының басқа да ағартушылары сияқты Батыс пен Ресейдің күшейіп келе жатқан техникалық-экономикалық қуатын бағалап, исламды өзге конфессиялармен алмастыруға жасалған әрекеттің жаһандық апатқа, мұсылмандық Шығыс мәдениеттерінің күйреуіне, Шығыс пен Батыстың қалыптасқан паритетінің бұзылуына қауіп төндіретінін жақсы түсінгендігі астыртын айшықталған. Ғумар Караштың реформалар аясында зайырлы және жаратылыстану ғылымдарымен қатар теологиялық пәндерді кіріктіріп оқыту керектігін байқаған автор, маркстік-лениндік принциптерді бұзбай абайлап көрсетуге тырысқан [306].

Зерттеу нысанына айналған Ғұмар Караштың халқына деген қызметі жайлы бірқатар шетелдік ғалымдардың да қаламына арқау болған. Олардың арасынд Томас Густав Виннерді [307], Александр Беннигсен мен Лемерьсе-Келькежейді [54], Марта Брилл Олкотт [308] және Хасен Оралтай [309] мен Абдуақап Қараның [310] жұмыстарын атауға болады. Аталған авторлардың ұстанымдары антисоветтік болғанымен жалпы «Алаш» қозғалысы мен ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ ұлт зиялыларының тәуелсіздікке деген ұмтылыстарын объективті түрде айқындауға тырысқан. Олардың жұмыстарында Ғұмар Караштың есімі «Қазақстан» және «Ұран» газеттерінің шығуымен байланысты екендігі және оның «Фикер», «Қазақ» пен «Дұрыстық жолы» газеттері мен «Шора» журналына тұрақты түрде мақала жазып, өткір полемикалық мақалалар жазғандығы көрініс тапқан. Авторлар Ғұмар Караштың өз материалдарында қазақ зиялыларын толғандырып жүрген тақырыптарды жиі қозғап, қазақ халқының рухани жаңғыруы мен ұлттық сананың, ұлттық болмыстың артуы туралы ойларын ортаға салғандығын нақты көрсете білген.

Ғұмар Караштың саяси-мәдени қызметіне байланысты жұмыстарды әрі қарай зерттегендердің арасында М. Ысмағұлов [311], Қ. Сыдиқов [312], С. Өзбекұлы [313], И. Кенжәлиев [314], М. Тәж-Мұрат [315], ғұмартанушы Б. Боранбаева [101], Б. Аташ пен Қ. Әлжан [316], Ж. Набиоллаұлы мен Қ. Құттымұратұлының құрастырған үш томдығында [314] толықтырылды. Осыған сәйкес 2018 жылы Елорданың Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің кітапханасында Ғұмар Караштың үш томдық басылымының тұсаукесері өтті. Көрнекті ақын, ағартушы, философ, қазақ полиграфия ісінің негізін салушылардың бірі, дінтанушы Ғұмар Караш шығармаларының толық жинағы тұңғыш рет жарық көрді [317]. Үш томдық жинақтың бірінші томына көзі тірісінде жинақтар мен баспа басылымдарында жарияланған өлеңдері мен алғаш рет «Қырғи» өлеңдері де басылды. Сондай-ақ, «Шайыр яки қазақ ақындарының басты жырлары» және «Көксілдер яки бұрынғы мырза ұлы һәм ноғайлы батырлары уа ғейри (және әр түрлі) мағналы жырлар» жинақтары Орынборда бас редактор болып тұрған кездегі еңбектері жарық көрді. Ғұмар Караштың шәкірті Ахмади Есалиев, зерттеушілер Мұстафа Исмағұлов пен Гүлжау Сұлтанғалиева, ақынның немересі Надежда Карашеваның халық арасында жинақтаған өлеңдері мен шығармалары да осы жинақтан орын тапты.

Шығармалар жинағының екінші томына ақынның көзі тірісінде жарық көрген «Ойна келген пікірлерім» (Орынбор, 1910), «Өрнек» (Уфа, 1911), «Бөдел қажы» (Қазан, 1913), әңгімелері мен газеттердегі мақалалары топтастырылып, Ғұмар Қараш туралы сараптамалық мақалалары да енді.

Жинақтың үшінші томына ақынның қасіретті тағдырына алғаш рет егжей-тегжейлі жүйелі зерттеу жүргізген зерттеушілер Мұстафа Исмағұлов пен Гүлжау Сұлтанғалиеваның еңбектері, ақынның немересі Надежда Карашеваның орыс тілінде жазған шолу мақаласы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы жазылған. Ғұмар Қараштың жерлестері мен әріптестерінің естеліктері және ақын рухына арналған өлеңдері мен шығармашылығы туралы тың деректер де назардан тыс қалмады.

Ғұмар Қараштың дін білгірі ретіндегі ахундық қызметі, діни-ағартушылық қарекеті әлі де толық ашылмай келеді. Дегенмен, Ресейдің Чилябинск университетінің Қостанайдағы филиалының доценті П.С. Шаблей Ғұмар Қараштың пәтуә шығару жолындағы шынайылығы мен шариғатқа негізделгендігін, оның Ішкі Ордадағы қызметі туралы құнды мақаласын жариялаған. Мақалада автор XX ғасыр басындағы Ішкі Қазақ Ордасы мұсылмандарының құқықтық мәдениетінің ерекшеліктерін қарастырып, пәтуаның заңдылық өлшемдерін көрсету арқылы Орынбор Мұсылмандары діни мекемесінің жұмысын талдаған. П.С. Шаблейдің еңбегіне қарағанда ОМДМ-нің пәтуә шығару мәселесі мүфтидің құзырында болғанымен, Ресей империясының аймақтарында бұл құқықтық тәжірибені жүзеге асыруда сан алуандық айрылмашылықтар байқалды. Бірқатар жағдайларда ғұламалар муфтияттың ықпалын елемей, өз пәтуаларын таратқан. Осындай оқиғалардың бірі Ішкі Орданың Таловск бөлігінде жергілікті ахун (ахун) Ғұмар Қараш бес пәтуа бергенде айқын көрініс тапқан. Қазақ қоғамының бір бөлігі, соның ішінде тағайындалған молдалар мұндай әрекеттерді өз билігі мен патшалық билікке қарсы шығу деп қабылдады. Жеке бас мүддесін көздеген ықпалды қазақтар Ғұмар Қараштың заңды пікірлерінің шариғатқа сәйкестігін тексеруді сұрап ОМДМ-не жүгінген. ОМДМ-нің ұстанымын Қади Ғинаятулла Қапқаев белгіледі. Оның шешімі бойынша қазақ ахунының бір пәтуасы ханафи мәзһабының ақидалық қағидаларына сәйкес келмеген. Осы оқиғаны талдай келе, бір жағынан пәтуаның заңсыздығын көрсету жергілікті қазақтар арасында билік пен айла-шарғы жасау құралы болса, екінші жағынан ахун мен ОМДМ-нің арасындағы қақтығыстар әртүрлі көзқарастардың бар екенін көрсетеді деген қорытындыға жасауға болады. Басқаша айтқанда, келіспеушілік ханафизмнің доктриналық талаптарын аймақтық ерекшеліктермен қалай теңестіру керектігі негізінде туындады. Ғұмар Қараштың құқықтық қайнарларының беделіне қарсы шыға алмаған ОМДМ-нің қазақ ахунына матуридиттік ақиданы тастап, муғтазилиттердің идеяларын насихаттады деп айыптады. П.С. Шаблей өз еңбегін негізінен мұрағат материалдарына негіздеп, XX ғасырдың басындағы мұсылман мерзімді басылымдары мен кітаптарында жарияланған қазақ және татар тілдеріндегі араб дереккөздерін пайдаланған [318].

Бірқатар зерттеушілер Ғұмар Қараштың туған жылы мен туған жері туралы әртүрлі пікірлерін айтуда. Дегенмен, Уфа мұрағатындағы дерегінде «Ішкі Қырғыз (Қазақ) ордасы Талов округі №1 старшындықтың ахуны Ғұмар Карашев» өз қолымен толтырған метірке кітабында «Мешіт құзырында болған имам уа мүдәрристердің есімі, фамилиялары һәм туған жылдары» деген бағананың тұсына араб әрпімен: «имам хатиб уа мүдәрріс ахун Ғұмар Карашов 1874 санати миладие, 1291 санати хижратие уәжуде келміш-дүр», - деп жазған. Яғни Ғұмардың милади жыл санауы бойынша 1874 жылы, хижра бойынша 1291 жылы дүниеге келгені анық көрсетілген [319, 2-3-пп.].

1920 жылдың 18 сәуіріндегі губерниялық партия комитеті съезінде Ғұмар Қараштың өз қолымен орыс тілінде толтырған тіркеу карточкасында қажетті мәліметтер болғанмен туған жылы жазылмаған. Құжатта ахун өзінің аты-жөнін жазып, жасын 45-деп көрсеткен. Одан әрі құжатта ахунның қазіргі тұрағы ретінде Бөкей губерниясының Таловка (Казталовка) үйезіндегі № 9 болыстағы «Құрқұдық» деген мекенді белгілеп көрсетеді. Ғұмар отбасы туралы 4 ұлы, 2 қызы және анасы мен әйелі барын жазған. Сондай-ақ «Қайда жұмыс істейсіз деген?» графаға Таловка (Казталовка) үйезінің № 9 болысында мұғалім болып жұмыс атқарғандығын ашып белгілеген. Ал мамандығы деген бөлімде ақын және жазушы десе, ал «Қай тілде сөйлейсіз?» - деген сұраққа қазақ және орыс тілдерінде деп жауап берген. Шаруашылығы туралы егін егіп, мал өсіретіндігін көрсеткен [320, 5-6-пп.]. (Қосымша сурет – Ә.1)

XIX ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы аса күрделі әлеуметтік және қоғамдық-саяси қайшылықтарымен ерекшеленеді. Қазақ халқы азаттық пен демократия үшін белсенді күресті және бұл күрес Ресейдегі жалпымұсылмандық жәдидизм ағымының аясында жүрді, Осман мемлекетімен тығыз байланыстар дамыды. Жәдидизм Ресей отарлаған аймақтардағы түркі халықтары арасында тараған мәдени-ағартушылық қозғалыс [321, s. 188-187].

Түркі халықтары арасында дін мен білім беру саласында көптеген инновациялық қозғалыстар өрістеді. Бұл қозғалыстар негізінен діни реформаға әкелді, әрине оның білім беру саласына көбірек ықпал ететіндігі белгілі. Сонымен XIX ғасырдың соңында мектептерде дінмен қатар әлемдік ақпараттарды оқыту міндеттемесі әдет-ғұрып талабы ретінде пайда болды. Ал, әлеуметтік және мәдени қозғалыс арасындағы жаңа жәдитшіл зиялылардың маңызды рөлі үстем болды [322, s. 103; 323, s.106].

Қырым жарты аралынан Ы. Гаспыралыдан бастау алған жәдидшілдік қозғалыс Қазақ даласына таралып өрістей түсті. Өз кезегінде оқу-ағарту саласындағы қозғалыс көрші татарлар мен башқұрттардан, сонан соң Орта Азия жерлерінен қазақ далаларына әсер етті. Жәдидшілдік қозғалыс Осман Империясының сұлтаны II Абдулхамид пен Ы. Гаспыралының кездесуінен кейін Түркістан өңіріне жайылды. Әсіресе Меккеге қажылық парызын орындау сапарымен келген мұсылмандар Ыстамбұлдан Хиджаз арқылы өтуі, Түркиядан келген зиялы қауым өкілдері мен Ыстамбұлда білім алған студенттер арқылы

таралған қозғалыс XIX ғасырдың соңына қарай Түркістанда толық орныға бастады [324, s. 407-410].

Елімізден бұрын Қазан, содан кейін Қырым, Еділ-Орал жәнеӘзербайжанда «жәдидизм» қозғалысының әсерімен, әсіресе дін мен білім саласында маңызды өзгерістер басталды. Осыдан бастап Осман жаңашылдарымен еліміздің жәдитшілдерінің тығыз байланысты екенін білуге болады. Көбіне Алаш Орда қайраткерлері негізгі білімін медреседе алып, соның ішінде Ыстамбұлда оқыған тұлғаларда болған [325, s. 256].

Қазақ даласында жәдидизмнің алғашқы идеяларының таралуын Исмайл Гаспринскийдің есімімен байланыстыруға болады. Ол 1883 жылдан бастап «Тәрджиман» газетін шығарып, Ресейдің түркі тілдес халықтары арасында ортақ әдеби тілдің қажеттілігі мәселесін алғаш рет көтерді. «Тәржіман» газеті осы әдеби ортақ түркі (умуми түрки) тілінде шығарылды, онда жәдидшілдік насихатталды [304, с. 28].

Тіл заңдылығын терең меңгерген ойшыл ғалым Исмайл Гаспринский өзі ұсынған жаңашыл әліпби үлгісі негізінде барлық түркі тілдес халықтарға ортақ әдеби тіл қабылдау идеясын 1906 жылы мұсылмандардың 3-ші Бүкілресейлік съезінде заң жүзінде бекіттірді. Съезд шешімі бойынша бұл түркі халықтарына «ортақ әдеби тіл» мектеп-медреселер бағдарламасына еніп, міндетті түрде оқытылатын болды [326, s. 121-122].

Бірте-бірте осы әдеби тілде газет-журналдар, кітаптар шығару ісі қолға алына бастады. Мәселен, сол кезеңде қазақ тілінде жарық көрген «Серке», «Қазақстан» газеттері мен «Айқап» сынды тұңғыш журналдың шығуы, бұлардың ұстанған бағытын көрсетеді.

XIX ғасырдың соңына қарай мектеп, медреселерде өз беделдерінен айырылғысы келмеген консервативтік пиғылдағы дінбасыларының қарсылығына қарамастан жәдидтік қозғалыс кең өріс алды. Мұсылман дін иелері жәдидшілдерді дұрыс түсіне алмай, олардың әрекетін шариғатқа жат деп бағалады. Алайда жәдидшілдер мұсылман дінін теріске шығарған жоқ, ислам негіздерін керісінше «Құранды» әр ұлттың өз тіліне аударып, оның мағынасын түсіндіруге көңіл бөлді, сөйтіп оны жәдидтік мектептерде негізгі пәндердің бірі ретінде оқытуды жақтады. Бұған Ғұмар Караштың «Діннің өзі адамды дұрыс сақтай алады, дұрыс жолға бағыштайды. Құранда осылай айтылған» деген ойын үнемі тілге тиек етіп отырған [327, б. 22].

Жәдидшілдер әр халықтың өзінің тіл ерекшелігіне сай жазу-сызуын қалыптастырып, дыбысталуы бойынша әріптермен белгілеуді мақсат етті. Сол арқылы «Құранды» да әр ұлттың өз тіліне аудара отырып, оның мағынасын сол тілде жеткізіп, түсіндіріп, т,алдап, дінді «жаттаумен» емес, санамен сіңіруді шарт етіп қойды. Ұлы рухани ислам дінінің және түбі бір түркі халқының тарихи тұтастыққа ұмтылуын басты нысан – идеология дәрежесіне дейін көтерді. Бұл мәселені, зорлық-зомбылықсыз – ақ саналы түрде таным мен тарих тұтастығы арқылы ғылымға сүйене отырып, парасаттылықпен шешуді көздеді.

Ғұмар Караш ұлт қамын ойлаған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Сералин, Міржақып Дулатов, Ғұбайдолла

Мұсағалиев сияқты қазақ зиялыларымен бірге классикалық жәдидшілдіктің жақтаушысы болды. Ғұмардың жәдидтік қозғалысқа қатынасуы, оны қоғам қайраткері, қазақ халқының болашағын ойлаған ірі тұлғаға айналдырды. Ол қазақ қоғамы мешеулігінің негізгі басты себебі – халықтың надандығында, молдалардың білімсіздігінде, байлардың даракылығы мен отарлаушылардың қазақ халқын талап-тонауында жатыр деп санады.

Ғұмар Караштың шығармашылық мұрасымен танысу ақын-философ тұлғасының ауқымдылығын түсінуге мүмкіндік береді. Ол, шынында да, танымдық көзқарасы кең адам еді. Ол өз шығармасында сол кездегі барлық маңызды сұрақтарды сөзбе-сөз көтерді. Бұл, ең алдымен, қазақтардың отырықшы өмір салтын ұстануының қажеттілігі. Қалалар салу керек, мәдениетті, білімді адамдар болу керек деп жазып, өз бетімен білім алу, бала-шағаны оқыту, мектеп ашу, ана тіліне лайықты құрмет көрсету, құқықтық, діни сауат ашу қажеттігін айтты. Ол қазақты өмірдің жаңа белестеріне жетелейтін білім мен кітап екеніне адал сеніп, бар ынта-жігерімен оқырмандарына жеткізді. Бұл кезде ол толықтай әдеби еңбекпен, қазақ поэзиясының ескерткіштерін жинап, басып шығарумен айналысты. Ғұмар Караш Абай және Махамбеттің мұраларымен, әсіресе Зар-заман, Шортамбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әубәкір Кердері ақындар мұраларымен жақыннан танысып, меңгерді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы көптеген қазақ ақындарының, ағартушыларының шығармашылығындағы тұрақты идеялық тенденцияны ұғынып, қазақ мектептеріндегі, медреселеріндегі теологиялық және зайырлы білім беруді дәйекті түрде біріктіруге шақырады, бұл мәдени реформалық қозғалыс түптеп келгенде, Ғұмар Караштың жариялаған мәселені шешудің жәдидтік үлгісінде барынша айқын және тұжырымдамалық түрде қалыптасты. Ақын менталитеті көп жағынан халықты, әсіресе, жастарды адамгершілікке тәрбиелеу, жетілдіру жолындағы үздіксіз күресу арқылы ақын ой-санасын сипаттайды және бұл жерде ақын дәйекті түрде қабылданатын иман (әділет) ұғымына үлкен мән берді. Бұл концепцияны дамытуда Ғұмар Караш «Ғақлиях» атты Абай тұжырымдаған идеялардың тікелей жалғастырушысы қызметін атқарды. Оның педагогикалық көзқарастары Шәкәріммен үндеседі [285].

Ғұмар Карашпен рухани байланыста болған атақты шығыстанушы және теолог Ризаитдин Фахретдин – XX ғасырдың басында Ресей мұсылмандары арасында кеңінен мәлім болған ғалым, ағартушы, ғұлама, педагог, жазушы, дін қайраткері. Ауылдық медресені бітірген ол өз бетімен білімін жетілдірудің арқасында 60 томдық мол мұра (40 томы қолжазба күйінде сақтаулы) қалдырған. Әлем әдебиетіндегі ірі библиографиялық еңбектердің авторы ретінде ол 179 тарихи тұлғаның ғұмырбаянын әзірледі, тәлім-тәрбиеге қатысты 77 кітапша басып шығарды. Фахретдиннің редакторлығымен «Шура» журналының 1909-1918 жылдар аралығында жарық көрген 240 нөмірі Ресей мұсылмандарының рухани-мәдени өміріне үлкен бетбұрыс әкелгені бүгінде бірауыздан мойындалған [328, 201-п.]. Сонымен қатар Ризаитдин Ресейдегі жәдидия қозғалысының ірі өкілі, мысырлық фәлсафашы қайраткер

Жамалиддин әл-Ауғанидың шәкірті еді. Ғұмар Қараштың тұлғалық және білім мен ғылым саласында жетістіктерге жетуге үн қаққан, қазақ даласында жәдидтік әрекетінің өрістеуіне түрткі болған ғұламалардың шығармашылық өмірін зерделеу қажеттілігі күн тәртібінде тұр. Себебі зерттеудегі бұл үдеріс Ғұмар Қараштың халықаралық аренадағы беделі мен қызметін ашуда елеулі роль атқаратыны сөзсіз.

Ғұмар Қараш 1909-1911 жылдары Р. Фахретдин шығарып тұрған «Шура» журналында 15 мақала шығарып, «Педагогика» еңбегін жариялады. Ғұмардың Р. Фахретдинмен тығыз байланыста болғандығын оның «Бәдел хаж» кітабының алғашқы бетіндегі рецензия хаты дәлелдейді [328, 202-205-пп.; 329, с. 89]. Осы хатқа қарағанда Ғұмар Қараш Ішкі Ордадағы әлеуметтік жағдайы төмен қарабайыр халықтың жағдайын ойлап бес тармақтан тұратын пәтуә жариялады: біріншісінде Ғұмар Қараш мұсылмандардың Бедел қажылығын (жалдамалы қажылық) орындауына қарсы болды; екінші пәтуада ер балаларды сүндетке отырғызбау (хитан) туралы айтылды; үшіншісі марқұмның күнәлары үшін төлемді жою қажеттігін сынға алды (фидийа); Төртінші пәтуәда ахун құрбандық ырымын (Құрбан-айт) алып тастауды және құрбандық құнын кедейлерге бөлуді енгізді; бесінші пәтуада Ғұмар Қараш кедейлер, мешіттер мен медреселер пайдасына зекет беруді бұйырды [330, 2-3-пп.]. Әрине бұл пәтуәға қарсы жергілікті дін басылары қарсы шығып, 1914 жылдың 19 ақпанында ОМДМ-не Ғұмар Қараштың бұл әрекетінің қаншалықты шариғатқа сәйкес келетініне байланысты сұрау жолдаған еді. Сондықтан Ғұмар Қараштың бұл әрекеті сол дәуірдегі жергілікті дін басшыларының деңгейі мен оның ашық түрдегі ел ішіндегі рухани-мәдени дамуына табандылықпен араласқандығын көрсетеді деп бағалауға негіз бар.

1911-1913 жылдар аралығында «Қазақстан» газетінде қызмет етіп жүрген кезде Ғұмар Қараш «Бәдел хаж» туралы анықтамалық кітабын жазып, Қазандағы «Үміт» баспасынан шығарған. Онда Меккеге қажылыққа барудың тәртібіне баса назар аударды. Ислам шариғатының ел ішінде бұрмаланып жүрген көкейкесті мәселелеріне түсінік беруді мақсат еткен. Ғұмар Қараш бұл кітабында хажылық туралы ой толғамдарының барлығын араб, парсы, татар сөздерін қолдана отырып, жан-жақты түсіндіріп берген. Халық арасында тараған, мысалы біреу екінші біреудің сауап, күнәсін көтеріп алуға бола ма? Хажыға өзі бармай, қаражатын беріп кісі жіберуге бола ма? Қаза (өткен борышты) намазды өзге адам өтей ала ма? деген сауалдарға жауап береді. Мұндай сауалдар Құран Каримді, шариғат жолын дұрыс түсінбеуден шығатынын айта отырып: «Біреу үшін біреу тозаққа да жаннатқада бара алмайды. Әркім қаза намазын өзі өтеуі тиіс. Жағдайы келмейтін адамның хажыға баруы міндетті емес. Бәдел хаж парыз емес, уәжіп емес, сүндет емес, ең болғанда пайдасыз бір ғамал. Тіршілікте хажға күші келсе, әркім өзі баруы керек. Ал енді қай ретпенен болса да бара алмай қалса, ол халде бәдел жіберіп еш нәрсе бітпейді» деп нақты жауап береді [298, б. 205]. Оның «Бәдел хаж» еңбегі елдегі халықтың хаж жөніндегі түсінігін кеңейтіп, олардың біраз бөлігінің көзқарасын өзгертуіне түрткі болған. Елдегі ескішіл молда, қожа,

байлар Ғұмар халықты шоқындырайын деп жүр, мешіттің ішінде орыс оқуын сөйлейді деп үстінен діннің жоғарғы басқару органдарына (мүфтіге) арыз берген. Мұнан кейін Орынбор мүфтилігі жергілікті дін иелерінің өтінішімен Ғұмарды ишандық, ахундық атақтан айырған [331, 234-п.]. Оның пікірінше, қоғамдағы жағымсыз көріністер мен құбылыстар негізінде екі нәрседен қалыптасады. Шариғат заңын, ислам дінін таратушы, насихаттаушы адамдардың бақсылыққа салынуы, мұсылмандық қағидаларды жетік түсінбеулері және шариғат заңдарын саналы түрде бұрмалап, баю үшін пайдалануы.

Ғұмар Қараштың берген анықтамасын талдай келе, мемлекетте бұл қасиеттер дағдарысқа ұшыраса, ел ішінде қылмыс, теріс қылықтар мен жағымсыз көріністер еселене түсетінін мына ойларымен дәлелдеді: «Кісіні әрбір осалдығынан ұяты ғана тияды. Кісі өлтірмек, шіркеу бұзбақ, ойнас қылмақ және басқа әртүрлі жаман істерді істеу жеңіл, ол әркімнің қолынан келеді. Егер бұл істерге ұяты ара тұрмаса. Демек, осы айтылып өткен қағидаларды тұтас алмағандықтан ислам халқы, әсіресе, Россиядағы түркі халықтары өзінің қыздарын мықты ұстайды. Бірақ мықты ұстаған сайын бұзықтық өсіп бара жатыр. Оларды ақыл, ұят арқылы ғана ұстауға болар. Ұзын сөздің қысқасы, кісі болайын десеңіз, адамдармен қарым-қатынас жаса. Төрт аяқты аюандар дәрежесінде қалғың, келсе, өзің біл. Әркім өзін-өзі ұстай білсін» [332, 170-п.].

Ғұмар Қарашпен жақсы қарым-қатынаста болып отырған Фахретдиннің дін мәселесі, қоғамдық-саяси және мәдени саладағы көзқарастары негізінен әл-Ауғанидың және оның Мысырдағы ізбасары, Еуропа «Исламдағы модернистік бағыттың негізін салушы» деп білетін шайх Мұхаммед Ғабдуһтың ой-пікірлерімен бір ізді болып отырады. Ғұмар Қараштың дүниетанымының қалыптасуына суфизмнің көрнекті өкілдері, діни философтар Имам Ғаззали, Әл-Афғани, Шейх Мұхамед Ғабдухудың теориялық еңбектері сүбелі әсерін тигізді [333, б.192].

Енді Ғұмардың шығармаларындағы осы екі ғұламаға қатысты жазылған пікірлеріне байыптап қарасақ, оның әуелі әл-Ауғани пікірлерімен танысқандығы туралы өзінің «Өрнек» кітабының «Жасырақ уақытымда» деп аталатын тарауында: «Сол уақыттарда Мысырда шығып тұрған «Әл-Манар» мәжаләлсі (журнал) қолыма түсіп оқи бастадым. Бек жұғымды болғандықтан қызығып оқитын едім. Бір нөмерде мәшһүр философ Жамалиддин әл-Ауғани хазіреттің Мысырда оқыған бір хұтбасын мұталаға қылдым (оқыдым). «Әл-Манарда» жазылған Мысыр мүфтийі Ашшайық Мұхаммед Ғабдуһу хазірет қаламымен араб тілінде тәртіп етілгені үшін, шешендігі, әсері бек қуатты һәм оқу үшін сүйкімді шыққан бір мақала еді. Бұл екі хакімнің сөздері мені қиял дариясынан шығарды. Алла риза болсын – һәр екісіне де міннәттармын (қарыздармын)», - деп Ғұмар Караш Мысырда шығып тұрған «Әл-Манар» журналынан Ауғанидың «Санағат» («Өнер») дейтін мақаласын оқып қатты әсерленгені сонша, кейін осы мақаланың ықпалымен өзінің сопылық жолдан шығып, өзге жолды таңдағанын жазады [333, б. 193]. Ғұмар Қараш тұтас

сопылықты емес, кейбір сопыларды ғана сынаған. Оның ойынша, сопылар мен муридтердің саны күн сайын артқанымен, бұл халыққа пайда әкелмейді. Олардың көбі надан, ұрлықпен айналысады, жамандық әкеледі. Нағыз сопылық уағыз айтып халықты ізгілікке жетелеу қажет деп есептеді.

«Әл-Манар» журналының 1898 жылдан бастап шыға бастағанын ескерсек, Ғұмардың әл-Ауғани көзқарастарымен XIX ғасырдың соңында-ақ таныс болғандығын болжауға болады. Оны Ғұмардың 1910 жылы жазылған «Ойға келген пікірлерім» деген еңбегіндегі «Адамдар дінді сақтай ма, яғни дін адамдарды сақтай ма?» атты тарауындағы: «Әшшайық Жамаледдин Әл-Ауғанидың айтқан жолы осыған саяды. Дін адамдарға емес, адам дінге мұқтаж, адамдарды дін ғана дүниеге мәлім етеді», - деп адамзат өміріндегі діннің алатын орны жөніндегі пікірін дәлелдей түседі [327, б. 18 ]. Әл-Ауғанидың көзқарастарының әсері Ғұмардың «Маржани» медресесінде оқуына ықпал еткен деген тұжырым жасауға негіз бар. Әл-Ауғани, Мұхаммед Ғабдуһу ілімдері жайында «Ойға келген пікірлерім» атты еңбегінде де айтып өткен [333, б. 168].

Ол исламға қатысты кейбір кітаптарда қате түсініктемелер бар екенін алға тартты. Ал Мұхаммед ‘Абдо мен Жамал ад-Дин Ауғанидің еңбектері ғана дұрыс деп есептеді. Діннің іргелі болуын талап ететін бұл көзқарастың өзі Ғұмар Караштың жәдидтік жақты жақтағанын аңғартады. Сонымен бірге сананы өзгертуге шақыру орыс тілін меңгеру арқылы империялық жағдайға бейімделу қажеттілігін де білдіреді. Алайда Ғұмар Қараштың зиялылық ағым ретінде белгілі бір «қазақ жәдидшілдігінің» өкілі болғанына күмән келтіруге болады. Оған Орынбор, Уфа, Қазан және Ресей империясының басқа аймақтарындағы байланыстардың арқасында бойында қалыптасқан идеялар мықты болуына ықпал етті.

Ғұмардың «Шора» журналының 2-ші санындағы «Ислам дініне көзқарас және оған қалтқысыз қызмет көрсететін кімдер?» – деген сұраққа: «Ислам дініне адал қызмет көрсеткен кісі Шейх Мұхаммед Ғабдуһу екендігінде дау жоқ. Дәлелдерім: 1) исламның негізгі тағылымы құран кәримнен алынуы тиіс; 2) ислам дінін әлсіретуге ең басты себеп құранды дұрыс түсіндіре алмаған шала, дүмшелер еді. Өйткені ислам қауымы арасында бұрын шыққан кейбір кітаптарда ислам діні туралы дұрыс түсінік берілмегендіктен, теріс түсінік қалыптасты. Тек қана Шейх Мұхаммед Ғабдуһу кітабы шыққаннан кейін ғана түсінігіміз молая бастады», - деп нақты қайтарған жауабынан да оның Шейх Мұхаммед Ғабдуһуға деген ізгі ниетін анық көреміз [327, б. 17].

Ғұмар Қараш Мұхаммед Ғабдуһу арқылы орыстың атақты жазушысы Л.Н. Толстой еңбектерімен де жақын танысқан [334, б. 36]. Орыс мәдениеті мен тілін жетік меңгерген Ғұмар Қараш халық арасында үгіт-насихаттар жүргізді. Сол үшін ол жергілікті дін басылары мен тіпті туыстардың арасында сынға ұшырап тұрды. Ғұмар Қараштың орыс тілінің мәні мен орыстармен қарым-қатынасы туралы ойларын пайдалана отырып, оның дұшпандары –ағасы Мулла Ғұмаров, Ишан Садыр Халфа, Байет Жұмалиев сынды беделді тұлғалар оның исламға деген көзқарасының шынайылығына күмән келтірді. Олар өздерінің

беделін пайдаланып, Ғұмар Қарашқа қарсы түрлі қауесет таратты: «Осы шоқынған орыс молдасы үйінің жанындағы медреседе орыс суреттерін іліп қойған. Хұтба кезінде мешітте қазақтар арасында үгіт-насихат жүргізеді» - деген [335]. Ал, Х. Әжікеевтің естелігіне жүгінетін болсақ: «Біздің елде соңғы кезде Илияс ишан, Махмут ишан, Шамұрат хажы деген атақты ишандар болып, олар елді өздеріне мүрид «шәкірт» етіп, надан елдің көпшілігі кәсіп, қарекет етуден қалып, кедейліктің шегіне жеткен кездері болатын. Міне осылар тілдері жеткенше Ғұмарды балағаттап, сөгіп, елге жек көріністі көрсетпекші болады» деген нақты ойлары айтылған [336, б. 21].

Келесі естеліктен Ғұмар Қараш пен дүмше молдалардың арасындағы тартысты анық аңғаруға болады: «Ғұмар баста молда... Сол кездегі ескі молда, ишандар Садыр хәлпе, Тәте молда Ғұмаров, Бәйет Жұмашев дегендер Ғұмармен араз болысты. Бұл молдалар  ел ішінде жүріп, халыққа Ғұмарды жамандап: Бұл орысты қуаттап шоқынған молда, тұрып сиеді, үйіне, медресеге орыстардың суретін іліпті, мешітте хутба орнына қазақша үгіт айтады, т.т. айтып жүргендерін жақсы білемін. Сыртынан ауыздары барғанша Ғұмарды жамандаса да, қарсы келгенде молдалар Ғұмарға ештеңе айта алмайтын еді. Молдаш деген кісінің жетісінде сол елдегі атақты молдалармен қатар Ғұмар да шақырылды. Молдалардың аттанарында әкесінің підиясына арнаған ат пен түйені үй сыртына байлап, үйге кірген Молдаш баласы Әріпке айтқан сөзін өз құлағыммен естідім.

Ол былай: – Е Шәріп, үй сыртына ат, түйе байланып қалыпты. Бұл қалай, біз құдалыққа келген жоқ едік қой. Бұл қомағай молдаларға, соның бірі өзім, үлестірсең, олар алады да кетеді, бірақ одан әкеңе тиер түк пайда жоқ. Тек атақ. Одан да бұл малды бір мектеп пайдасына берген болсаң қандай сауап, ұлтқа қандай пайдалы болар еді, - деді Ғұмар. Сонда басқа молдалар теріс қарап, жағаларын ұстап, «әй кәпір» десті...» [337, б. 30].

Міне, қадимшілердің  Ғұмар Қарашқа қарсы осы әрекеттері жөнінде Есмагамбет Ысмайлов: «Омар (Ғұмар) өзінің молла болып тұрған мешітінде ғылымға үндеу ағартушылық бағытында жұмыс жүргізе бастайды. Мешіт қасындағы медреседе қазақ балаларын ана тілінде және орыс тілінде бірдей оқытып, нағыз тұрмысқа пайдалы білім беруге кіріседі. Медресеге орыс-татар учительдерін шақырды және өзі де сол учительдерден оқиды. Омардың бұл сияқты прогресс жолына мықтап берілген әрекеттеріне елдегі қожа, молдалар және Уфадағы мұсылман муфтилігінің басқармасы қарсы шу көтеріп, мұны дінін бұзды, «кәпір» деп жариялап, ишандықтан, мешіт төңірегінен қуды», - деген нақты түсінік береді [338, 28-п.].

Алайда Ғұмар Қараштың Уфа, Қазан қалаларынан 1911 жылы «Бала тұлпар», «Тумыш», «Қарлығаш», «Өрнек» деп аталатын төрт жеке кітабының жариялануы оның осы кезде ишан-молдалармен айтысып жүрсе де, қазақ балаларын жәдитше оқытуды жалғастырып, шығармашылық белсенді еңбек еткенін көрсетеді. Дегенмен, бұл кітаптарының жария болуы, дүмше молдалардың Ғұмарға қарсы күресін одан әрі үдете түседі [311, б. 45].

Ғұмар Караштың өмірі мен қызметін зерттеушілер оның жәдидшілдік ұстанымын, Қазандағы ол оқыған «Маржани» медресесімен емес, аталмыш қаладағы ірі жәдит оқу орны «Мұхамедия» медресесінің ықпалымен байланыстырады. Осы кезеңде Еділ бойындағы ірі жәдид оқу орны болып саналған бұл медресе жөніндегі деректерге жүгінсек, 1882 жылы Қазанда бесінші жамиғ мешітінің имамы Ғалымжан Ғалеев (Баруди) (1857-1921 жж.) пен оның ағасы Мұхамеджан тарапынан ашылады да, кейіннен Мұхамеджанның құрметіне «Мұхамедия» деп аталады. Медресе Еділ бойында алғашқылардың бірі болып И. Гаспринский негізін салған дыбыстап оқыту жүйесіне көшеді. Бұған қажет оқулықтарды Барудидің өзі жазады. Ол сондай-ақ оқу бағдарламасына дін сабақтарына қоса гуманитарлық пәндерін енгізді. Медресенің оқу сыныптарын жабдықтап, қолөнер шеберханаларын жасақтауға және медреседе он төрт жыл оқитын шәкірттердің тұрмыс, демалыс жағдайына көп көңіл бөлінеді. Шәкірттер қолы бос уақытта бейресми қоғамдарға топтасып, қолжазба газет-журналдар шығарды, спектакль қойды. Осындай көрнекті шәкірттердің қатысуымен «Мұхамедияда» «Бірлік» атты жасырын ұйым құрылды [339, с. 78; 101, б. 85-86]. (Қосымша сурет – Ә.2)

Еділ татарлары арасындағы діни оқу орындарын реформалауды көздеген бұл астыртын ұйымға Барудидің өзі, бауыры Сәлімжан және шаруа қызметіндегі Мұхамед Исқақов жетекшілік етті. Ұйым жеті бағыт бойынша жұмыс істеген. Сол тұста Қазан губерниялық жандарм басқармасының «өкіметке қарсы революциялық үгіт-насихат жұмысын жүргізді» деп мәлімдеуіне қарағанда «Бірлік» ұйымы оқу-ағарту ісімен шектелмеген. Шәкірттердің астыртын ұйымы 1907 жылы әшкереленді. Келесі жылы Баруди ұйымының мүшелері қамауға алынды. Барудидің өзі «саяси насихатшылар даярланады» деген айыппен Вологда губерниясына екі жылға жер аударылды, ұйымның өзге мүшелері де әртүрлі жазаға кесілді [340, 3-п.].

Ғұмар Караштың молда болуына және жәдитшілдік көзқарасының қалыптасуына әсер еткен Ғұбайдолла Ғалікеевтің Жалпақталдағы Орынбор мүфтилігінің өкілі, ахун болғандығын мұрағат деректері де растайды [341, 23-26-пп.].

М. Ысмағұловтың пікірінше, дәулетті ағайындары баланы Жанша есімді молдаға оқуға береді. Бұдан соң мешіт ұстаған молда Ғұмар Жазықұлының шәкірті болады. Одан әрі жас Ғұмар Ысмағұл Қашғари молданың мектебінде білімін толықтырады. Рухани ағартушы, ойшыл ақын Ғұмар Караш Жалпақталдағы Ғұбайдолла Ғалікеев хазіреттен «мешіт ашып, молда болады» деген куәлік алып, өз ауылы Құрқұдыққа молда болып келеді. 1900 жылдары қазіргі Казталов ауданына қарасты Қараоба жеріндегі Тіленшісай мекенінде ноғай-қазақтар арасындағы медресесі бар мешітке ауысып, жәдидше бала оқытуды ұйымдастырады [305].

Кейін 1902-1908 жылдар аралығында Қазандағы «Маржани» медресесін бітіріп, елге келген соң 1908-1910 жылдары Тіленшісай елдімекенінде мектеп ашып жәдидше оқу ісін жолға қояды [314, б. 28]. М. Тәж-Мұрат «Ғұмар Караш» кітабында бұл жайында біраз дерек келтіреді. Соның ішінде Ғұмардың

Ыстанбұлда оқығаны, Уфадағы «Ғалия», Қазандағы «Маржани» медреселерінде білім алғаны туралы болжамдарды қозғаған. Бірақ нақты құжат, қолға ұстар дерек болмаған еді. 1909 жылғы метірке кітабында Ғұмар ұстаздары туралы өз қолымен былай деп жазды: «Ғылым тахсил еткен медреселері яки имамдары, ұстаздары – Уральский область Сламихин қариесінде ахун молла Ғұбайдулла Ғаликеев, Уфа шаһарында молла Хайрулла Ғұсманов, Қазанда молла Ғабдолғаллам Салихұғлы хазретлерінден». Мұны қазақшаға икемдесек – Ғұмардың ілім алған медреселері мен ұстаздары – Орал облысы Сламихин ауылындағы ахун молда Ғұбайдолла Ғалікеев, Уфа қаласынан молда Хайролла Ғұсманов, Қазанда Ғабдолғаллам хазірет Салихов болып танылады [314, б. 30] .

Енді Ғұмардың ұстаздарым деп көрсеткен Хайролла Ғұсманов пен Ғабдолғаллам Салихов хақында айта кететін болсақ, Орынбор мұсылмандарының діни басқармасында қызмет атқарған Р. Фахриддиннің «Асар» атты кітабында жоғарыдағы екі хазірет туралы да дерек келтірілген. Хайролла Ғұсманұлы Уфадағы бірінші жамиғ мешітінің имам және мүдәррісі, ахуны болған. 1907 жылы 1 қарашада 61 жасында дүниеден өтіп, Уфада жерленген. Хайролланың әкесі Ғұсман діни білімді Бұхарада алыпты. Кейін Істерлітамақ үйезіндегі Ыбрай ауылында мешіт ұстаған. Ұлы Хайролла сол жерде дүниеге келген. Хайролла болса Уфа шаһарында тұңғыш медресе ашып, шәкірт оқытқан ұстаз екен. Уфада ахун Шарафуддин Абдулуахитұлы дүние салған соң, орнына имам және ахун қызметін атқарған. Діни басқарма мүшесі, қази қызметін атқарып жүріп өмірден өтіпті. Хайролла хазірет ашқан «Усмания» медресесінің ғимараты Уфада күні бүгінге дейін сақталған екен.

Ал қазандық Ғабдолғаллам хазірет Салихұлы туралы Ризаэддин Фахриддин оның «Қазан қаласындағы ІІжамиғ мешітінде имам және мүдәрріс болғанын, 1899 жылы 17 қаңтарда 70 жасында қайтыс болғанын» жазады. «Мәшһүр Жүніс ахунның жұрағаты еді, әуелі Хабиболла Рахманқұлынан оқып, кейін Бұхарадан діни білім алып келді. Өзі туған Чыршы ауылында имамдық етті, 1880 жылы Тәжетдин Баширұлы әл-Курсави дүниеден өткен соң Қазанға көшіп келіп, қайтыс болғанға дейін шәкірт оқытты делінген Ғабдолғаллам хазірет туралы. 1885-1887 жылдары ашылған «Усмания» медресесінде 1890 жылдардан бастап сабақ жаңа тәртіппен, яғни «ұсұл-жәдитпен» оқытыла бастайды. Ғұмардың Қырқұдықтағы медресесіндегі жәдитшілдік төркіні қайдан шыққаны осылайша айқындалды [342].

Метіркеде Ғұмардың имамдық еткен мешіті Оразақай ауылында тіркелгені, бұл мешіттің айналасындағы сахара тайпалары – Қояс, Қостамғалы, Қазанқұлақ, Үйсін (ноғай-қазақ руының бөлімдері) екендігі, мешіттен ен жырақ ауылдары –15 шақырым мұғдарында тұрғандығы, жалпы старшындық аумағында 1 117 ер, 1 135 әйел адам бар болғандығы, мешіттің метірке кітабы 1886 жылдан бастап жүргізіле бастағандығы жазылған [342].

Ғұмар Қараштың елге келгеннен кейінгі қызметі жөнінде зерттеуші М. Ысмағұлов: «1907-1910 жылдар арасында Қараоба маңындағы Тіленшісай деген жерде, өзі молда болған медреседе балаларға дін оқуын оқытпай, орысша

оқытуды ұйымдастырады. Ауылда асық атып, доп қуып жүрген қазақ балаларына бірден орысша оқу қиынға соғады деп, оларға қысқа мерзімде тіл сындырту үшін Қазан мұғалімдер семинариясын бітірген Пангерей Ақыртов дегенді мұғалімдікке тағайындатады», - дейді [305].

Ғұмар Караш кейіннен «Қарлығаш» атты жинағын Ғабдолла Мұштақ деген бүркеншік атымен жариялаған. Онда ел арасында «надан сопы» атанған, білімі аз діндарларды сынайды [343]. Оның осы ұстанымы жайында Х. Әжікеев: «Ғұмар қазақ ел болам десе хақиқи дін құралданбасын, өнер – ғылым үйренсін, мәдениетті елдердің білімінен үлгі алсын деген бір жаңалық пікірмен «Ойға келген пікірлерім» деген қара сөзбен татар тілінде кітапша жазып шығарды. Бұл кітапша ишан-молдаларға, діншілдерге жасыл соққандай әсер етті» [336, б. 21].

М. Ысмағұлов болса «Ауыл арасы, ел ішіндегі шала молдалар, надан сопылар от басқан тауықтай қайда кетерін білмейді. Жер-жерде жиналып мәселе көтереді. Бастап атқа мініп, ел аралаушы Жұмағали Арыстанғалиев сияқты молдалар бас көтеріп, әр елге сөз пікір таратады. Ғұмардың өлеңдерін талқылайды... қарсы өлеңдер жаза бастайды» - деген [311, б. 32].

Сәбит Мұқанов «Омар (Ғұмар) осы кітабынан кейін кәдімшілдік, дін жолымен ашық күресіп, кейінгі шығармаларында үнемі жәдитшілдікті дәріптеді», - деген пікірлер айтқан [301]. Оған дәлел ретінде Ғұмар Караштың мына сөздерін келтіруге болады: «Надандық, қараңғылық, жалқаулық кесірінен дініміз де құлдырап кетті. Дінімізді де дұрыс ұстай алмай, дүниеде діннен айырылып қалу қаупіне жеттік. Демек, дінімізді қалай қалпына келтіреміз, қалай дамытамыз? Бұл жайында әртүрлі көзқарас бар. Біреулері өнер, білім арқылы жетілдірейік десе, біреулер дінді өзгерту керек дейді. Қорытып айтқанда, ежелгі ислам діні жолын дұрыс ұстай білуіміз керек» [303, б. 178], - деп қазақ қоғамына шариғат заңдарын енгізіп, орнықтыру арқылы көшпелі халықты имандылыққа баулуға болады деген ой ұсынды.

Ғұмар Караш патшалық Ресейдің отарлық езгісі мен большевиктердің идеологиялық саясатының әсерімен қазақ даласындағы әлеуметтік жағдайды саралай келе халықты ұйқыдан оятудың әдісін ұсынған: «Бұл күндерде елдің тұрмысы өзгерді. Тұрмыс өзгерсе, әдет-ғұрып та тез өзгереді. Сол себепті ол заманда лайықты болған заттардың көбі бұл заманға жарай бермейді», дей отырып, жаңа түсініктер қалыптастыруға тырысады. Ол: «қатты ұйқыда жатқан қандас, діндес халқымызды ояту үшін масадай ызыңдап, шыбындай шағып қарау міндетіміз. Бұған да оянбаса, «Замана» деген темір таяқтың ұшы жанды жерлеріне тиген күні қалай секіріп тұрғандықтарын өздері де білмей қалар. Бірақ ол күнде қатты оятқандықтан басы айналып меңіреуленіп, жан жағында жақын тұрған отқа, суға түсіп кетуі, болмаса беті бүркеулі жатқан қақпандарға ілініп, алымды айлакерлерге жем болуы да ықтимал! Ынсаф таразысы қолында болған оқушылар мақсатқа түсінер, сөге жамандамас. Діннің хақиқат уә пәлсәпаларынан қашық қалып, баққандары тарихтың жолына бөгет салу болған адамдармен ешбір алыс-берісім жоқ», - деп ойын ашық айтады [298, б. 206].

Ғұмар Караш діни қызмет атқара жүріп, халықты ағарту, жаңалыққа шақыру үшін үгіт-уағызды қоса жүргізген [332, 96-п.].

Сондықтан, ағартушы Ғұмар Қараш ислам дінінің тәрбиелік маңызын «Біздің халқымыз ахирет дінді ұстаса, біз надан, жалқау боп қараңғылықта қалмаған болар едік. Демек, шын дінді тұтсақ, әлем алдында масқара болмаймыз. Жоғарыда айтылғандай жаман мінез-құлықтардан аулақ болған болар едік. Ақиқат дін жолымен жүріп тапқан киім-кешек, тамақ, үй-жай сияқты игіліктеріміз адал болады да, өзге жолмен тапқан нәрселеріміз арам болады. Қайталап айтамын, ақиқат дін еш адамның желеп-жебеуіне мұқтаж емес, ал діннің өзі адамдарды дұрыс сақтай алады, дұрыс жолға бағыштайды деп дәлелденген шындық. Құранда осылай айтылған...надандық, қараңғылық жалқаулық кесірінен дініміз де құлдырап кетті. Дінімізді де дұрыс ұстай алмай, дүниеде діннен айырылып қалу қаупіне жеттік. ...ежелгі ислам діні жолын дұрыс ұстай білуіміз керек» [298, б. 178], - деп пайымдайды.

Ғұмар Қараш еш уақытта ислам діні негізіне, имандылық жолына қарсы шықпаған, қайта оған «Құран кәримнің айтуы бойынша дін жалған нәрсе емес, адамдардың шын табиғи сенімі. Бұған қарағанда ешқандай адам дінсіз өмір сүре алмайды» деп құрметпен қараған. Ол «Ислам қауымындағы бірқатар адамдар накты, ақиқат дін жолын тұтпай, дінді теріс ұғушылар пікірін малданып, қараңғылыққа, надандыққа қарай бет алды. Біз оларға: «Сіздер Құдайдың нақ дұрыс жолына түсуге әрекет етіңіздер, теріс пікірлерге алданған істеріңізден дұрыс қорытынды шығарыңыздар», - деп жол көрсеттік [344, б. 298-299]. Ғұмардың бұл ойлары оның Құранды, Пайғамбар жолын дұрыс, бұлжымайтын қағида деп білуін көрсетеді. Оның қожа, молдаларды, ишандарды сынап отырғандығы жайында мұрағатта жазбалары сақталған. Ол шариғат заңдарынан мүлдем бейхабар қалған молдалардың ескішіл көзқарасын айта отырып, жаңа оқу, ғылым, білімді меңгеруді Құдай заңы жоққа шығармайтындығына шек келтірмейді [332, 98-п.].

Ғұмардың Орынборда 1910 жылы алғашқы шыққан «Ойға келген пікірлерім» атты еңбегінде «Бір бай үлкен мешіт салдырғаннан гөрі, бір ұлттық мектеп салдырып соған сабақ беретін мұғалімдер даярласа, қажетті кітаптар алынса, газет, журналдар шығарып, арзан бағамен сатса пайдалы іс болар еді» деп халықты білім мен ғылымға шақырған [298, б. 67]. Осы ойларын Ғұмар Қараш Қазақстан газетіне берген мақалаларында жалғастырған. Ол 1911-1913 жылдары алғаш Ордада, кейін ол Оралда басылған «Қазақстан» газетін шығарысуға, оның саяси-мәдени әлеуетін көтеруге атсалысқан [315, б. 45-46]. Газеттің алғашқы саны 1911 жылы 16 наурызда Орда қаласында қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Біраз уақыттан кейін газет Орал қаласына көшірілді де, келесі саны 15 қарашада шықты. Жалпы бұл басылымның небәрі 16 саны жарық көріп, 1913 жылы жабылды [345, б. 52]. Оның «Қазақстан» газетіндегі мақалаларының негізгі идеялары халықты өнерге, білімге шақырумен насихатталып отырды. Бұл идеяны ағартушының еңбектерінен көруге болады. 1910 жылы Ішкі Орда да тәмәмдалып, 1911 жылы Үпі (Уфа) қаласында жарық көрген 20 тараудан тұратын «Тумыш» атты өлеңдер

жинағының басты тақырыбыда жастарды білімге шақыру болып табылады [298, б. 68].

Ресейдегі Халық ағарту министрлігінің 1870 жылғы ережесі дәстүрлі мұсылмандық оқу жүйесіне кері әсерін тигізді. Мектеп, медреселер ашуға орыс тілі мұғалімдері болған жағдайда ғана рұқсат етілді. Түркия, Бұхара және басқа да Шығыс елдерінен білім алып келгендерге Ішкі Істер министрілігінің рұқсатынсыз империя көлеміндегі мектеп, медреселерде ұстаздық етуге тыйым салынды, балаларын мұсылмандық оқу орындарында оқытқысы келгендердің бәрі оқу инспекторынан рұқсат куәлігін алуға тиіс болды. Мұндай куәлік үшін 50 тиыннан алым алынатын. Оқытуға рұқсат беретін куәлік алудан бас тартып, балаларын мектептер мен медреселерге өз бетімен берген адамдарға бірінші жолы 10 сом, екінші жолы 30 сом айып төлеттіретін, ал үшінші ретте ондай адамдар 5 тәуліктен 10 тәулікке дейін абақтыға алынып, одан әрі балаларын мұсылмандық оқу орындарында оқытуына тыйым салынатын [346, 48-п.].

Қазақ халқын мұсылмандық жолдан алыстатып, рухани жағынан тезірек тоздыруды көздеген патша үкіметінің бұл астыртын саясаты келесі мұрағат дерегінен айқын аңғарылады. 1890 жылғы шілдеде халықтық училище инспекторының Ақмола облыстық әскери-губернаторына жолдаған құпия хатында, 1870 жылғы 26-наурыздағы заңға сәйкес христиан діниндегілерге өз алдына, мұсылмандарға өз алдына бөлек училищелер ашу керектігін, әрі оның мұғалімдері орысша білетін болу керектігі айтылған. Себебі, орыс тілін білетін мұғалімдердің мұсылман мектептерде сабақ беруі арқылы білім беру жүйесін кеңейтуді мақсат еткен [347, 1-п.].

Ғұмар Қараштың Қазандағы «Шигабуддин Маржани» медресесін бітіріп келіп, өз ауылында жәдидше бала оқытуды жолға қоюы осы кезеңге сәйкес келген еді. «Маржани» медресесі – басында «Әфенді», «Бірінші Жәмиг», «Юнус мешіті» деп аталып, кейін осында Ресейдегі жәдидшілдік қозғалысының идеялық дем берушісі Шиғабуддин Маржанидың есімімен тарихи мешіт жанынан ашылған оқу орнына айналды. Деректерге қарағанда Маржанидың жолын қуушы, әрі күйеу баласы молда С.Абдуллиннің тұсында медресе жәдид оқу жүйесіне көшкен. Сондықтан, Ғұмар Қараштың елге келгеннен кейінгі жәдидшілдік қызметіне осы «Маржанидегі» жәдидтік оқу бағдарламасы ықпал етті деуге толық негіз бар.

Ғұмар Қараштың мұғалімдік қызметі жөнінде 1946 жылы жазылып, Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар бөлімінде сақталған Х. Әжікеевтің естелігінде: «Ғұмарды ертеден, 1907 жылдан білемін, Ғұмардың сонда өз мектебі, яғни медресесі болды. 1909-1910 жылдары Ғұмар мектебінде оқытушы болып істедім. Өзі молда әрі мұғалім еді. Медреседе жәдидше оқыды, табиғаттану, жаратылыстану, орыс тілі пәндері оқытылды. Ғұмармен жиі кездесіп жүрдім, сыпайы амандасатын, қонақжай еді. Қазақтың ұзақ амандасуын ұнатпайтын, «бос уақыт өткізу», - деп әзілдейтін. Барғаныңда, сыртқа шығып, қарсы алып, мінген атыңды өзі дізгінінен жетектеп, бақанға байлайтын. Сосын өзі бастап үйге кіретінбіз. Үйінде ән салып, домбыра тартады. Ғұмар жаратылыстану жөнінде білімін өне бойы оқып, толықтырып

жүретін», - дейді. Сонымен бірге Ғұмардың шәкірттері туралы да: «Әр жерден келсе де 40-50 шәкірті болды. Шәкірттерін жаңаша баули бастады. Бас шәкірттерінің бірі Ахмади Есқалиұлы дегенді өлең айтуға баулыды. Мәдени кештерін ұйымдастырды. Ол кештерде өлең айтысады. Бірін-бірі сынайды. Айтыста (екі адамның аяқ астынан өлең шығарып жарысуы. Қазіргі таңда қазақтың айтыс өнері ЮНЕСКО тізіміне енгізілген) Ахмади басым бола береді. Бұның шәкірттері көпшілігі заманадан хабардар, жақсы адамдар болып шығады», - деген мәліметтер береді [336, б. 18]. Ахмади Есқалиев атты шәкірті болса, ұстазы жөнінде мынандай жылы лебізді пікірін естелік етіп қалдырған: «Мәжіліс сүйгіш, алды кең, кішіпейілді, ашық пікірлі. Алғашқы кезде оқушылар өлең жырды көрсетпей жазысып, оқып жүретін болса, соңын ала өзімен өлең жазысатын болды», - дейді. Бұл Ғұмар мен шәкірттер арасындағы қарым-қатынастың қарапайым болғанын аңғартады [336, б. 21].

Ғұмар Қараш география, құқық (хакимият), тарих, медицина (тәбиб), химия, инженерия, ауыл шаруашылығы, сауда қисаптары (тижарат) ғылымдарын медресе, оқу орындарында оқытудың маңызы зор екенін насихаттаған [348]. Оның бұл жаңашылдығын кәдимшілер діни жүйені бұрмалау, орысшылдыққа бір табан бет бұру деп бағалап, болашақта бұл пәндердің қажеттігін түсіне алмады. «Қарлығаш» жинағындағы өлең толғауларында «Қаруы бұл заманның өнер, ғылым, еш құрал екеуіне қарсы келмес... Өнерлі, ғылымдыны ешкім жеңбес», деп өсиет айтқан [338, 34-п.]. Осыған байланысты Ғұмар Қараш ағартушылықтың маңызын былай айқындайды: «Кейбір адамдар Ресейде мешіт, медресе салуға, мешіт ашуға қаржы жұмсайды. Ал оны бітіргенде ғалым не маман шықпайды, көп болса молда болады. Құр тас үйді сала бергеннен гөрі оның ішіндегі адамдарға жақсы тәрбие берген, орта, жоғары білім берген тиімді. Зиялылар неғұрлым көбейе түссе, халықтың көзі ашылып, пайдалы мектептер салынып, газет-журналдар шығарылып, оларды арзан бағамен сатса, елге пайдалы іс болар еді» [338, 173-п.].

Ғұмар Қараш қазақ халқының саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді. Бүкіл күш жігерін осы мақсатқа жұмсаған ол «Қазіргі басты мақсат міндет қазақ балаларын бастауыш мектептерде ана тілінде оқыту, соған оқулық, жабдық жасау қажет. Өнер-білім ана тілінде болу керек. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді», - деген. Ол қазақ балаларының алдымен, ана тілінде білім алып, ана тілінің ықпалымен азамат болып қалыптасуы қажеттілігін көрсеткенін, ғылыми-педагогикалық, психологиялық тұрғыдан дұрыс деп тапқан [349].

Ғұмар Қараштың педагогикалық қызметі 1917 жылы Кеңес үкіметі орнаған соң, одан әрі қарқынын арттыра түсті. 1919 жылы ол Орда қаласында «Мұғалім» деп аталатын журналдың шығуына белсене араласып, әдеби редакторы қызметін атқарды [314, б. 205]. Осылайша, түркі-мұсылман халықтарының арасында жаңа оқыту әдісін насихаттауды тек татар

басылымдары ғана емес, сонымен қатар қазақ баспасөзі де жүргізді. Оның 1912 жылы «Қазақстан» газетінде жарияланған «Балаларды қай оқытумен оқыту керек?» деп аталатын мақаласында: «Барайын деген жерімізге түзу жүрсек жылдам жетеміз. Оқытудың да сондықтан түзу, қисық жолы бар. Қазіргі кезде мұсылманша оқытудың жаңа тәртібі, түзу жолы шықты. Ол түзу жол сол һәр бір әріптің дыбысын айтқызады. Бұл оқумен оқыған жас балалар бір айдың ішінде хат танып, жазу жаза бастайды. Біздей кейін қалған халықты бұрынғы ескі оқыту онан жаман кейін жіберді. Ұлы бар, қызы бар адамдар һәм бұл балаларды оқытатын молдалар жаңа оқытуменен оқыта көріңіз», – деп көпшілікке үндеу тастады [350]. Кейінгі жылдары жәдидтік қозғалыстың ықпалымен туған ауылында мектеп ашып, жәдидтік оқыту тәсілімен бала оқытуы жөнінде зерттеуші М. Ысмағұлов: «Біздің ойымызша, дін ұясы саналған мешітті, медресені Ғұмардың нағыз ағартушылық мүддеге пайдалануы: хадімді тастап жәдитке көшуі жәдитшеге қоса балаларды орысша оқытқаны шын мәнісінде өте зор қоғамдық, әлеуметтік маңызы бар жаңалық», – деп орынды пікір білдірген [334, б. 24].

Жаңа әдіспен оқыту, қазақтардың отырықшылық тұрмыс салтына көшіп, қала салу қажеттілігі жөніндегі Ғұмар Қараштың мына пікірі, оның заманға сай қазақ жұртшылығының бейімделу қажеттілігін меңзетеді: «Мал бағу біздің маңдайымызға жазылып, былайғы-кәсіппен тіршілік ете алмаймыз деген хәкім дұрыс емес. Жөні келсе егінменен, саудамен де қазақ тіршілік ете алады. Осы күндері орыс, татар секілді отырықшы елдердің бәрі де әуелде көшпелі, мал бағып күнелткен халық болған. Бұлардың қазірде не істеп тұрғандары бәріміздің де көз алдымызда. Біздің де солардан кемдігіміз жоқ, солардай адам баласымыз, олар күнелткен кәсіп - әрекеттерімен біздің де күнелткеніміз жөн» [351].

Құран Кәрім, Мұхаммед Пайғамбардың хадистерін өте жетік меңгерген Ғұмар Қараш ғылымсыз қандай да болмасын мемлекеттің өркениетке жетуі, күмәнді екеніне  көз жеткізеді. Ислам дінінің жоғары ғылыми дәрежесі ахун атағын иеленген Ғұмар Қараш дінді ғылыммен байланыстыруға ұмтылып «Ғылымда адамның мінезі, түсінігі туралы айтылады. Бұл мәселелер діни тұрғыда қаралса да, бір-біріне қайшы келмейді» [298, б. 215 ], - деп ислам діні мен ғылым біріксе, оның ықпалы күшейіп ұлттық қоғамның дамуы үшін үлкен күшке айналады деп есептеген. Ол ислам дінінің қайшылықтарын әшкерелеуге, оның қателіктерін көрсету сияқты мұсылманшылықты айыптайтын әрекетке барған жоқ. Ол бүкіл әлемді, табиғатты жаратушының болғанына күмән келтірген де емес.

Патшалық Ресейдің қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігі қарамағынан алып тастауы, Ғұмарды қатты ойландырды [352, 4-7-пп]. Қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігінен шығарып, әскери шендегілерден тұратын әкімшілік қолына тапсырылуына қазақ халқы наразы болды. Ресей мұсылмандары бұл істі діни еркіндікке, бостандыққа шектеу қою деп түсінді [353, 27-п]. Діни қайраткерлер қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қайта қарату үшін түрлі үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді, алайда

оның оң нәтижесі шықпады [354, 16-п]. Мәселен, 1872 жылы Ішкі ордада имамның көмекші қызметін атқарған, Түркияда білім алған Әбсаттар Жәбіров Орынбор мүфтилігіне қазақтарды қайта қосу насихатын жүргізгені үшін елден аластатылып, Түркияға қуғындалады [355, 16-п]. Мұндай наразылықтар күшейген сәтте тез арада 1872 жылы Уфа губернаторы С.П. Ушаков миссионерлердің кеңесімен шұғыл ІІМ-не мүфтилікті жабуға тапсырма берді [356, 27-п].

1917 жылы мамырда Мәскеуде Бүкілресейлік мұсылман съезінде қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату мәселесі көтерілді. Онда Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстары және Ішкі Орда қазақтары делегаттарының өтініші бойынша қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігіне қаратылсын деген шешім қабылданды. Бұл съезде тұңғыш Орынбор мүфтилігіне жаңадан мүфти мен қазылар сайлау мәселесі күн тәртібіне енді. Сөйтіп, Ресей мұсылмандары тарихындағы тұңғыш мүфти сайлауында қоғам қайраткері Ғалымжан Ғалеев (әл-Баруди) ОМДМ-нің төрағасы (мүфти) болып, қазылыққа құрамында қазақтардан Ғұмар Қараш пен Қ. Ахметжанұлы бар алты адам сайланды. Осыған сәйкес Ғұмар Қараш Мәскеу съезінде сөйлеген сөзінде қазақ ұлтына автономиялық республика қажеттілігін алға тартқан. Ол қазақ халқының саяси еркіндігін, дін бостандығын армандап келген. Дегенмен, большевиктік билік Ғұмар Қараштың халқына деген ықпалын аңғарып, 1,5 жылдан кейін қызметінен алыстатты. Осыдан кейін Кеңес үкіметі тарапынан мүфтилік таратылар алдында Ғұмар Қараш елге оралды [354, 56-п.; 93, б. 136].

1917 жылғы Орыс революциясы кезінде ол Уфа қаласында діни орталықтың жоқ жітік, кемтар, жетім балаларға жәрдем беру бөлімінде қызмет атқарады. 1917-1918 жылдары Қазақстанның, Ресей және Сібір мұсылмандар діни басқармасының қазысы болып жұмыс істеді [357, б. 106]. Оның Мәскеу съезінен кейінгі Орынбор мүфтилігінде қазы қызметін атқарғандығын мына мұрағат құжаттары дәлелдейді. Мәселен Ғұмардың қолымен 1910 жылы 24 ақпан айында Ішкі Бөкей Ордасы Талов бөлімінің № 12 әкімшілік ауыл тұрғыны Жұмағали Исмайловқа оның өтініші бойынша ОМДМ-нің алдында мұсылман діні ережелерін білуіне сынақ жүргізілгені туралы құжат берілген. Осы сынақ бойынша Жұмағали Исмайловтың муаззин-мұғалім болуға қабілетті екендігі анықталып, куәлік берілген. Мұрағаттан табылған құжаттардың өзі Ғұмар Қараштың ОМДМ-нің қазы ретінде діни істерге араласып отырғандығын көрсетеді. Ресей мұсылмандары тарихындағы тұңғыш мүфти сайлауында ОМДМ-нің қазылық құрамына қазақтардан сайланған еді. Ахун Ғұмардың Орынбор мүфтилігінде қазы қызметін атқарғанын мұрағаттан табылған іс-құжаттар анықтайды [358, 14-п.]. (Қосымша сурет – Ә.3)

1917 жылы 2-8 сәуірде Торғай облысында қазақтардың облыстық құрылтайында Орал облысынан Ғұмар Қараш қатысты. Құрылтайда жалпы қазақ сьезін құру туралы шешім шығарылып, 1917 жылы 17 шілдеде Орынбор қаласында жалпықазақтық 1-ші съезд өз жұмысын бастады. Онда өткен съездің негізгі міндеті Алаш партиясын құру еді. Одан басқа да қазақ облыстарының

автономиясы, жер, дін, әйел теңдігі т.б. мәселелер қаралды. Осы жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда жалпықазақтық 2-ші съезд өтті. Бұл тарихи мәні зор құрылтайда Алаш Орда үкіметі бой көтерді. Үкіметті жан-жақты қолдаған Ғұмар Караш бұдан кейін саяси-мәдени күреске араласып кетті. Ол Батыс Алашорда үкіметінің рухани жетекшісі деңгейіне дейін көтерілді [359, s. 21-24]. 1913-1918 жылдары Алаш зиялыларының шығарып тұрған «Қазақ» газеті қызметімен тығыз байланыста болып, пікірін білдіріп тұрды. Аталмыш газеттің алғашқы сандары жарияланған уақытта «Сүйінші» атты өлең шығарып жариялады. Онда жаңа жарияланған «Қазақ» газетін жаңа туылған ұл балаға теңеп, бұдан былай оны аяққа тұрғызу үшін күресін жалғастырды [360]. Алаш партиясының үніне айналған «Сарыарқа» газетінде 1918 жылы № 18 санында ұлттық қайраткерлерін қолдап «Ұран», «Алаш азаматтарына», «Алашқа» атты өлеңдерін басып шығарды. «Алашқа» атты өлеңінде: «Ау, Алаш, көзіңді бүгін ашар күнің!

Қарманып ілгері аяқ басар күнің!

Шығарып бір жеңнен қол, бір жерден сөз

Адымдап асқар белден алар күнің...», - дей келе «Алаш Орда» үкіметіне үлкен үмітпен қарады [338, 32-п.].

Ғұмар Караш газет-журналдар шығарып, саяси көзқарасын білдіретін мақалалар жариялау арқылы қоғамдық өмірге белсене араласты. Себебі Ғұмар қазақ халқына өз біліктілігімен қоғамдық саяси пікірлерін жеткізудің бірден бір жолы газет журналдарға өз мақалаларын жариялау деп білді. «Қазақ» газетіне берген мақалаларында саяси-әлеуметтік, дін мәселелерін қозғап, «Юсіп Субан баласына ашық хат» [361] және «Шарғи мәселе» [362] атты мақалаларында дін мәселелесін, әдет-ғұрып заңдарын халыққа ашып, түсіндіруге тырысқан. Сонымен қатар Ғұмар Караш 1915 жылғы 90 нөмірінде «Ардақты «Қазақ» басқармасы! (Опат)» [363], 1916 жылы «Астрахань жері» [364], «Бөкейлік керегі» [365], 1917 жылы қазақ елінің мүфтилікке бағынуы жөніндегі «Қазақтың мүфтилікке қосылуы туралы» [366], 1918 жылы «Ішкі Орда имамдарына» [367] атты т.б. мақалаларында жер, дін, әдет-ғұрып мәселелерін көтерген.

Өмірінің соңғы жылдарында Ғұмар Караш ағарту саласында белсенді қызмет етті. 1918 жылы 1-10 қыркүйекте Бөкей облыстық II Кеңестер съезінде, нақтылап айтқанда 2-қыркүйекте Бөкей губерниялық I мұғалімдер съезі жұмысын бастайды. Съезд жұмысына реформатор Ғабдолғазиз Мұсағалиев төрағалық етеді. Съездің бірінші күні РКСФР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының басшысы Мұхаммедияр Тұңғашин оқу-ағарту ісі жайында баяндама жасап, оқу комиссары Сейтқали Меңдешев есеп береді. Қалған екі күн бойы съезде өлкедегі мектептердің жайы, мектептен тыс білім беру мәселелері талқыланды. Ауыл мектептерін молдалардың қолынан алып, жаңа үлгідегі 90 мектеп ашу туралы қарар алынды [356, 28-п.]. Съездің соңғы мәжілісінде жеті баптан тұратын қаулы қабылданды. Ғұмар Қарашты оқу ісін ұйымдастыру және оған қаржы сметасын жасау комиссиясының төрағасы етіп сайлайды [368, 67-п.]. 1919 жылдың 3-15 қаңтар аралығында өткен

мұғалімдердің екінші съезінде де басынан бастап 11 мәжіліс Ғұмардың төрағалығымен өткен [352, 27-п.]. Ол 1919 жылы Ордада алғашқы қазақ жазушылары Одағын құруда қызмет атқарды. Себебі Қазақстан әдебиетін биік деңгейге көтеру мақсатын көздеді. Осы мақсатта Бөкей Ордасында «Дұрыстық жолы» деп аталған газет шығарды. Бұл басылым Кеңес Үкіметінің алғашқы жылдарында шыға бастаған мерзімді баспасөз ішінде үлкен беделге ие болып, халық арасында тез арада тарап кетті. Газеттің бірінші санында Ғұмар Қараштың «Дұрыстық жолы» өлеңі жарияланды. 1919 жылы Ордада «Мұғалім» деп аталатын журнал шығуына ықпал етті. Осы журналдың әдеби редакторы қызметін атқарды. Ғұмар осы журналда бұрын жарияланбаған «Педагогика» атты еңбегін жариялайды [369, 4-7-пп.].

Қазақстан жерінде кеңестік билік орныққан кейін Ғұмар Қараштың саяси қызметіндегі бетбұрыс кезеңі басталып, оның коммунистік партия қатарына өту ісінен айқын көрінеді. Азамат соғысы аяқталған жылдары, ол 1920 жылы 18 сәуірде РКП(б)-ның толық мүшелігіне өтті [370, 4-п.]. Осы уақыттағы деректерге назар аударатын болсақ, партия қатарына қабылданғаннан кейінгі аз ғана уақыттан соң, Ғұмар Қараш яғни 1920 жылы мамырда облыстық съезіне Талов уезінен делегат болып қатысады. Алғашқы күні Ғұмар Қараш С. Меңдешевпен бірге съездің хатшысы болып сайланады [320, 4-5-пп.]. Мұрағатта сақталған хаттамадағы жолдарға қарағанда съезд мәжілістері қызу айтыс, даулы пікірлер жағдайында өткенін аңғартады. Мәселен съездің алғашқы мәжілісінде-ақ құрметті төралқа сайлау мәселесі дау туғызған еді. Төралқаға сол кезде Казәсревком төрағасы болып тұрған А. Байтұрсыновты сайлау жөніндегі делегат Жұмағалиев пен социал-революционер Әзербаевтың ұсынысына съездегі коммунистер фракциясы (Д. Милютин, В. Атаянц, Э. Ламский) қарсы пікір білдірді. Дауысқа салған кезде көпшілік дауыспен А. Байтұрсынов құрметті төраға қызметіне сайланды [320, 6-п.]. 22 мамыр күні Халық ағарту бөлімінің есебі тыңдалған таңертеңгі мәжілісте тағы да сөз алып, патша өкіметінің өз қарамағындағы ұлттардың мәдениеті мен тілін, әдет-ғұрпы мен дінін жоғалтуға әрекет еткенін ашына айтып, қазақ балаларын ана тілінде оқыту, өз тіліндегі оқулықтар даярлау, мектеп ашу, оқу-ағарту туралы көкейкесті мәселелер бойынша шешім шығаруды ұсынды. Съездің соңғы күні 1920 жылдың тамыз айында Орынбор қаласында өтетін І-ші Кеңестік жалпықазақ съезіне сайланған 12 делегат қатарында Ғұмар Қараштa өз орнын алды [320, 71, 120-пп.]. 1920 жылы 21 маусымда ІІ Бөкей губерниялық партия конференциясында губком пленумының мүшесі болып сайланған Ғұмар сол жылы І пленумда губерниялық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі етіп бекітілді [370, 6-7-пп.].

ХХ ғасырдың 20-30 жылдары РКСФР бойынша ислам дініне қарсы большевиктік саясат күшее түсті. Алаш партиясы мен қазақтың құқықтарын қорғаған барлық ұлт зиялылары құғынға ұшырап, біразы қырылды. Мұсылмандықты дәріптеген дін белсенділері большевиктік идеологияға «зиянды элемент» деп бағаланды. Кейбір ұлт зиялылары ату жазасына кесілсе,

қалғандары құпия түрде көз жұмған. Осындай қайғылы жағдайға Ғұмар Караш та ұшырады. Оның қайтыс болуына байланысты мұрағат құжаттарына жүгінетін болсақ, Орынбордағы Қазақ халық ағарту комиссариатына жіберілген төмендегідей мазмұнда жеделхат сақталынғанын байқаймыз: «135-ші Ордадан Уфа, Орынбор Кирнаркомпросы арқылы: 1921 жылы 12 сәуірде халқымыз үшін көп еңбек еткен қырғыз қоғам қайраткері, ақын, аяулы коммунистіміз Омар Карашев қарақшылардың жауыз қолынан қаза тапты» делінген [371, 39-п.]. (Қосымша сурет – Ә.4)

М. Тәж-Мұраттың берген мәліметіне қарағанда «Ғұмар Караш 1921 жылы «әскери коммунизм» саясатына қарсы шыққан шаруалардың қолынан жазаланды: белгісіз біреулер қылышпен турап, бір төбенің етегіне ет қылып үйіп кетеді» [372, б. 173]. Тарихшы И. Кенжалиев Ғұмардың өлімі туралы: «Панченко Казталовка аупарткомына бір келгенде жауапты қызметкерлерге Ғұмар Караш ты қалай өлтіргенін айтыпты... Ал 1953 жылдары аупарткомның жауапты қызметкері болған Бәтима Берғалиева ақынды қалай өлтіргенін Панченкодан өз құлағымен естігенін маған айтып берді...», - деп ел арасында «орыс бандысы» аталған Ефим Панченко туралы деректер келтірген [370, 206-208-пп.].

Ғұмарды өлтірген бандылар оның көптеген қолжазбаларын, кітапханасын талқандап, өртеп жойып жіберген. Сондықтан оның соңғы дәуірде жазған шығармаларының көбі сақталмаған [338, 32-п.]. Осыған байланысты И. Кенжалиев мынадай дерек береді: «Өткен бір жылы драматург И. Меңдіхановтың қызы Зылиха апай әкесі қаза болғасын, 1919 жылдың жазында Ефим Панченконың кісілері келіп, үйімізді тінтіп, керегін алып, көптеген кітаптарды, қолжазбаларды өртеп жіберді деген еді. Ғұмарды өлтіргеннен кейін де, оның үйіне бейтаныс адамдар келіп, үйін тінтіп, барлық қағаздарды, фото, т. б. құжаттарды жойып жібереді», - дей келе Ғұмардың қаза болуына Ефим Панченко бастаған бандылар әсер етті деп ойын түйіндейді [370, 206-208-пп].

Ш. Бекмұхамедов болса Ғұмардың өліміне қатысты мынандай пікірін алға тартады: «Омарды Анюхин, Поповтардың бандысы өлтірді... Омарды бандыға өлтірткен елдегі бай кулактар екені айқындалған болатын. Байлардың Омарға өшігуіндегі себеп: Бөкейлікте 1920-1921 жылдары байларға үлкен салық салынды. Үкіметтің осы шарасын іске асырудың басы-қасында Омар болды», - деп бандылардың әсері бар екендігін дерекпен келтірген [373].

Ғұмар Караштың туған немересі Надежда Карашеваның пікіріне сүйенсек: «Ғұмар атамыздың қалай өлгенін, қай жерде кім өлтіргенін мен анық білмеймін. Атамның үлкен баласы Басыр ағамнан сұрағанымда былай деп жауап бергені есімде: «Атаңды бандылар далада келе жатқанда шапқылап, қылышпен кескілеп өлтіріпті. Аты ауылға бос қайтқан соң, ауылдастары ақынның бір пәлеге ұшырағанын түсініп, ауыл болып іздеп шыққан. Сөйтіп, көп кешікпей «Құнаншапқан» деген жерден дене қалдықтарын тапқан». Басыр ағамның осы сөзіне сенемін. Зерттеушілердің әртүрлі пікірін оқыдым,

меніңше, дұрыстыққа жақыны – ағамның айтуы», – деп ой түйіндепті [315, б. 46-47].

Дегенмен, ел ішінде коммунистік жүйенің орнығуында ұлт мәселесін қозғаған зиялылар қайткен күнде де түрлі айла әдіспен өлтірілді немесе сүргінге ұшырады. Деректер мен зерттеушілердің пікірлерін түйіндей келе Ғұмар Қараштың «қызыл империя» саясатына қарсы шыққан тұлғалардың біріне жатқызуға болады. Ол кеңестік жүйені «жұмысшылар табының» бірігу ұранына сенді, кейінгі жылдары коммунистердің түпкір аймақтардағы қанды саясатын аңғарып, соған қарсы күресін жалғастырғысы келді. Алайда ұлт мүддесін қорғағаны үшін коммунистік билік тарапынан өлтірілді деп нық сеніммен айтуға болады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресей империясында кең орын алған қоғамдық-экономикалық қатынастардағы өзгерістер қазақ қоғамына да зор әсерін тигізіп, ұлттық интеллигенцияның әртүрлі салалардағы өкілдері пайда болды, бірақ түркі халықтарының ұлттық интеллигенциясының өсіп-өркендеуі қиын жағдайда жүрді. XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына жеткізуді мақсат еткен еді. Осы кезеңдегі ұлт зиялыларының бірі – Ғұмар Қараш еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарастарының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, Асан қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалгез, Махамбет, Мұрат, Шәңгерей сияқты ақын-жыраулардың, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев тәрізді ұлы ағартушылардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болғандығы сөзсіз.

Ғұмар Қараш азамат болып қалыптасқан кезең Қазақстанның Ресей империясының отарына түгелдей айналып болған уақытқа тұспа-тұс келді. Қазақ даласында орын алған отаршылдық Ғұмар Қарашты тез есейтіп, оның қоғамдық-саяси күреске ертерек араласуына түрткі болды. Оның қоғамдық күрес жолына түскен жас қазақ интеллигенциясы өкілдерімен бірге қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерін шешуге белсене араласты. Ұлттық мәні бар саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді көтеріп, оны шешуде мерзімді баспасөздің атқарар қызметінің маңыздылығын Ғұмар Қараш жақсы түсінді. Ол Шәңгерейдің басшылығымен, Елеусін Бұйрин, Бақытжан Қаратаев сияқты қазақ қайраткерлерінің қосшылығымен «Қазақстан» газетін шығару ісіне көп күш жұмсап, баспасөз бетінде жалпыұлттық мәселелерді көтеруге ұмтылды.

Ғұмар Қараштың шығармаларында қазақ ұлтының тілін, дінін сақтау, әйел теңдігі, отырықшылық, жеке адамды қалыптастыру арқылы мемлекетті нығайту, өркениетті деңгейге көтеру идеялары айтылады. Ғұмар Қараш қазақ халқының өркениеттік жолға түсуі үшін ғылым мен білім ең өзекті мәселе екендігін алға тартады.

Жоғарыда зерделенген мәселелердің арасында Ғұмар Қараштың әділдігі мен қазақтың болашағына деген жанашырлығын ерекше атау қажет. Себебі ол ОМДМ-нің былыған ашыққа шығаруға, патшалық Ресей мен кеңестік биліктің қазақ далаларындағы қанышездік саясатын жүргізуге, елдегі ұлттық білім мен

ғылымның дамуына және ел ішіндегі өтірік молдалардың пиғылдарына қарсы шыққан бірегей тұлға болып табылатыны сөзсіз.

Ғылыми тұжырымның арасындағы көзге түсетін Ғұмар Қараштың саяси-мәдени күресі қазақтың ұлттық болмысы мен ел ішіндегі зайырлы мұсылмандық ілімді дәріптеуге негізделген деп толық сеніммен айтуға болады. Ол тек оқу ағарту саласын ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани ахуалына үлкен мән берген. Діни басқарманың ішінде үлген беделге ие болған Ғұмар Караш пен басқа да қазақ молдалары (оның ішінде тағайындалғандары), жергілікті элита өкілдері арасындағы текетірес тек формальды тұрғыдан алғанда реформаторлар мен консерваторлар арасындағы түбегейлі келіспеушіліктер түрінде жойды, бірақ шын мәнінде тараптардың әрқайсысы кеңірек мүдделерді көздеді. Қазақ ахундары үшін жергілікті құқықтық мәдениетті өзгерту, таң қаларлықтай, Даладағы өркениеттік жобаны жүзеге асыруға шақырудан басталмаған, оның бір бөлігін ОМДМ-нің қызметін қарастыруға болады. Сондықтан оған «надандыққа» айналған қазақ ауылдарының тұрғындары емес, олардың рухани тәлімгерлері мен жергілікті шенеуніктері шариғатты тұрмыс жағдайының қисынына қарай емес, ресми жағдайға қарай қабылдайтын. Сондықтан Ғұмар Қараштың айтуынша, мұндай адамдар жеке мүддені қоғамдық мүдделен жоғары қояды. Осыған орай, «ырымшыл адасушылықтарға» ұтымды дәлелдерге қарсы тұруға және мұсылман құқығының ережелерінің кедейлер мен азап шеккендердің армандарына сәйкестігі негізінде өз ұстанымын негіздеуге ұмтылды.

Тақырыпты зерделеу барысында қарсыластарын жоя алмаған Ғұмар Қараштың дұшпандары болжамды әрекетке барды: олар оның үстінен ОМДМ-на арыз ұйымдастырып, өз кезегінде шариғаттың бұзылуы туралы дауды да қолданды. Қараштың пәтуаларының ханафи мәзһабына сәйкестігін талдауға байланысты сот процестері, шын мәнінде, опасыз ахундарды жоюға және сол арқылы Ресейдің әртүрлі аймақтарында әртүрлі құқықтық түсіндірулерді беруге ұқсас әрекеттерді әлсіретуге жай ғана сылтау болып табылды. Сонымен, Ғұмар Қараш – XX ғасырдың басында Қазақстандағы философиялық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік және тарихи ой-пікірлердің жаңа сапаға көтеріліп, дамуына өзінің зор үлесін қосқан ағартушы демократ десек, сонымени қоса біз оны діни-ағартушылыққа да зор үлес қосқан тұлға ретінде бағалауымыз керек.

### 2.3 Ғабдолғазиз Мұсағалиев – халықаралық діни-реформаторлық жәдидизм ағымының көрнекті өкілі

Дін мен ғылым, мәдениет пен саясаттың өзара тығыз байланыстарының арқасында XX ғасырдың басында жаңа қоғамдық қайта құрудың аясында Батыс Қазақстанда өзінің ғалымдығы мен педагогикалық ұстаздығы және шығыстанушы ретінде заң ғылымын меңгерген әрі жаңа әдісті білім беру ошақтарының құрушысы ретінде Ғабдолғазиз Мұсағалиев (1880-1933 жж.) есімі аса маңызды болып табылады. Ғ. Мұсағалиев тұлғасы мен жалпы шығармашылығы көбінесе зиялы, қоғам қайраткері, патриот ретінде танылып

келеді. Қиын қыстау заманында дін мен зайырлылық идеялары сіңісе жүрген екі құбылыс болып дамыды (Қосымша сурет - Б.1)

Ғ. Мұсағалиев ауыл молдасынан мұсылманша хат танып, Құран үйренген, артынан Қазан медресесін тәмамдаған. И. Гаспыралының негіздеген жәдидтік идеялардың кең тараған жылдары Қазақстанның батыс өңірі де таса қалмай әсерленген. Сондықтан Қазан медресесінде шариғат қағидалары мен ислам дінінің негіздерімен қатар дүнияуи білімдер және шығыс пен орыс тілдерін бірдей меңгерген зиялылардың саны артты. Екінші жағынан аталған тілдер білім үдерісінде жан-жақты оқытылды, жас буын осындай толқынмен сауаттылығын арттырды.

Көптеген шәкірттер сол уақыттары шетел асып, білімдерін Таяу Шығыстың алдыңғы қатардағы оқу орындарында білімдерін шыңдатты. Солардың арасында Ғ. Мұсағалиев шығысының сол кездегі, тіпті әлі күнге дейінгі оқу-ағарту орталығы болып табылатын Каир қаласына барып, сол жердегі университетті бітіріп шықты. Қазақ зиялысының діни білім деңгейі ресми мойындалғанға ұқсайды. Себебі кейін ол меңгеруші, әрі ұстаз болып қызмет істеген Жетісудағы «Мамания» медресесіне Ресей өкіметі тексеріс жүргізгенде тек Ғабдолғазиздің ғана ұстаздық етуге ОМДМ-дан берілген куәлігі бар болып шыққан [111].

Сондықтан екінші тараудың үшінші бөлімінде шығыстық білім мен ғылымды өзіне сіңіре білген және практикалық мағынада оны қазақ жастарына жеткізуге тырысқан Ғ. Мұсағалиевтің ерекше мұсылмандық қызметін талдап, болашақ ұрпаққа жеткізуді жөн көрдік.

Қайраткердің сегіз тілді меңгеріп, соның ішінде әсіресе араб, парсы, түрік тілдерінде еркін сөйлегені – сол кездегі қазақ элитасының өркениеттік бірегейлік жағынан терезесі тең мұсылман елі болып, жәдидшілдік ағымына атсалысып келді. Ғ. Мұсағалиевтің бүкіл мұсылман Шығысын өз көзімен көріп, әйгілі саяхат жасағанын ескерсек, «Мамания» мектебінде «Ислам тарихы» және «Түрік-татар тарихы» пәндерінен дәріс бергенін, сол сияқты ол 1910 жылы Каирде өткізілмекші болған дүниежүзілік мұсылмандар конгресіне шақырылғаны, оның тек біржақты ұлт зиялысы емес, сонымен қатар анағұрлым кең ауқымда қаралуға тиісті мұсылман халықаралық діни-реформаторлық қозғалысының өкілі деп бағалауға негіз береді [374].

Ғ. Мұсағалиев Алаш азаматы 1880 жылы Астрахань губерниясының Бөкей Ордасындағы (қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы) Әбдіраш ауылында ауқатты, сол аймаққа танымал әулетте дүниеге келген. Руы – нәртелі қостаңбалы ноғай-қазақ. Оның әкесі заман талабына сай білім алған, ел арасында өзінің әділетті жанға жағымды қасиеттерімен танылған. Әр уақытта өз дәулетінен мұқтаж болған ауыл азаматтарына бөліп беріп отырған [375, б. 93].

Ауыл молдасынан ескіше хат таныған бала Ғабдолғазиздің білімге талабын байқаған әкесі оны Қазан медресесіне жібереді. Сөйтіп, Ғабдолғазиз Қазандағы «Алатай» (М. Тәж-Мұрат Апанаев деп келтіреді) медресесінің табалдырығын аттап, шариғатпен қоса, жалпы ислам дінінің, шығыс

халықтарының тарихын меңгеріп шығады. Араб, татар, орыс тілдерін жетік меңгереді және медреседен кейін арнайы ақсүйектер мектебінде оқиды. Соңынан зайырлы мектепке ауысады. Осы мектепте жүргенде қазақ тарихын зерттеп, ел аузынан әдеби мұраларды жинауға ден қояды.

XX ғасырдың басында медресені ойдағыдай аяқтап, еліне оралғанда өзіне қамқоршы болып, білім алуына барлық жағдай жасап жүрген әкесі қайтыс болады. Ал шаңыраққа ие болып қалған ағасы Ғабдолғазиздің білімін әрі қарай жетілдіруін қолдамапты. Бірақ әке дәулетінен өзіне қалған еншісін ақшаға айналдырып, Ғабдолғазиз Мысыр еліне, Каирге оқуға барып, өзін талантты білім адамы екендігін көрсете білді [371, б. 93-94].

XX ғ. басында медресені ойдағыдай аяқтап, еліне оралғанда өзіне қамқоршы болып, білім алуына барлық жағдай жасап жүрген әкесі қайтыс болады. Ал шаңыраққа ие болып қалған ағасы Ғабдолғазиздің білім қуғысы келетін ниетін онша қолдамапты. Бірақ әке дәулетінен өзіне қалған еншісін ақшаға айналдырып, Ғабдолғазиз Мысыр еліне, Каирге оқуға кетеді [371, б. 93-94].

Болашақ реформаторға шетел асып, білім қуып ізденуіне әрине өз әкесімен ауыл молдасынан алған сауаты Қазан медресесінде, одан әрі Каирға жетеледі деуге негіз бар. Демек Ғабдолғазиз тек шариғат қағидалары және ислам дінінің негіздерімен ғана емес, сондай-ақ дүнияуи біліммен кеңірек танысуына Каир мен Қазан медресесінің ықпалы зор болған.

1904-1909 жылдары Ғабдолғазиз Мұсағалиев – Каир университетінің Заң факультетінде дәріс алып, ойдағыдай бітірді [376]. Мұсағалиев аталған университетте шығыс тілдерімен қатар орыс, испан,француз тілдерін де меңгеріп шықты, өзінің тіл деңгейін мүдірмей оқып, аудара және жаза білгенінен аңғаруға болады [281, б. 398].

Ғабдолғазиз оқуды ойдағыдай аяқтаған жылы Меккеге қажылыққа барған адамдар отырған кеме Суэц каналының теңізге қосылған жерінде суға батады. Сол себепті Ғабдолғазиз Мұсағалиев мұхитқа жалғасқан Үнді мұхиты арқылы жүретін кемемен бүкіл Африка, Азияны аралап қайтады [377, б. 10].

Ғабдолғазиз Мұсағалиұлы университетті бітірген соң, 1909-1910 жылдар аралығында Шығыс елдерін саяхаттап, Үндістан, Пәкістан, Индонезия, Жапония мемлекеттерін аралап, елдің табиғи көрікті жерлері мен мәдени-сәулет ескерткіштерін тамашалайды, халқының тұрмыс-тіршілігі мен айналысатын шаруашылық кәсібін қызықтайды, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен танысады [378, б. 15-17]. Жүріп өткен жолдарын, ол жерлерде тұратын ұлттар мен ұлыстардың тұрмыс-тіршілігін қазақ халқына таныту мақсатында ғылыми-танымдық мақалалар жазады. Оған «Айқап» журналының 1914 жылғы 24-санында жарық көрген «Мысыр» деген мақаласы дәлел. Сондай-ақ, осы сапар барысында көптеген құнды жазбалар, күнделіктер де жазылды. Өкінішке орай, кейін Қазан төңкерісі кезеңінде олардың бәрі жоғалып кеткен. Сапары барысында Порт-Артур арқылы Владивосток қаласына келген. 1910 жылы Новоузенск станциясына жеткен. Өз жеріне жеткесін оны қарсы алуға Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қараш тағы басқа ақындар барады. Сөйтіп 35

шақырым қашықтықтағы ауылына көп жылдан соң аман-сау оралады [308, 51-п]. Бұл жерде Ғабдолғазиздің жәдитшіл, алаштанушы зиялылармен етене жақын қарым-қатынаста болады. Елге келген Ғабдолғазиз алған білімін рухани-ағарту саласына жұмсайды.

Ғабдолғазиз ауыл ауылды аралап елдегі молдалармен кездесіп, солардың шала молдалық қасиеттерін, халықты алдау үшін жасайтын теріс әрекеттеріне қарсы шығады. Ағартушылық пікірлерді уағыздап, ол халықты өнер білімге шақырады. Ғабдолғазиздің дінді қолдай отырып, ислам қағидаттарын халыққа түсіндіру әдісі жергілікті молда-ишандар тарапынан сынға ұшырайды. Ол діни әрекеттерді мүлде тиып тастамаса да қара халықтың дінді дәріптеушілерге босқа жем болып келгенін толық дәлелдеп береді. Молдалардың діни үгітіне жұртшылық қырын көрсетеді. Бір үйдің азаматы дүниеден қайтса, қазақтың ескі әдетінше оның малын «үші», «жетісі», «қырқы» деген садақа беру, орынсыз көп мал сою деген әдеттерді сынап, жетім қалған бала-шағаның қамын ойлауға шағырады. Бұларды Ғ. Мұсағалиев дінге де, тіршілікке де керегі жоқ әдет деп санайды. Осы пікірін ол халық арасында тынбай уағыздайды. Ғабдолғазиздің пікірлерін естіген халық бұл Мысырға барып, білім алып келгенде дін жұмыстарының уәкілдері саналған молдалармен ишандарға қойға шапқан қасқырдай тиісті ау депте ойланады. Кейбір молдалардың оба сияқты басқа да жұқпалы аурулардан өлген адамның киімдерін өздері алып, немесе басқа сау адамға таратып беруі арқылы мұндай аурудың бір ауылдан екінші ауылға, жалпы халыққа тарап кетіп, надан халықтың босқа қырылып қалатынын мысал етіп талай жерлерде баяндап, халықты әсерлетеді [308, 52-п].

Бір қызығы, көп тіл меңгерген ғалым алыстағы туған елінің, атажұртының тарихымен байланыстыратын едәуір құнды деректерді іздеп тапты. Сондай рухани олжаның бірі – Ғабдолғазиздің араб тілінен аударған «Гүлжиһан» лиро-эпостық поэмасы. Бұл поэманы шекарадан өткізу қиынға соққандықтан зердесі мықты Ғабдолғазиз түпнұсқаны жаттап алған. Елге оралған соң қазақшаға аударып, 1929 жылы 30-маусымда лиро-эпостық поэманың толық нұсқасын аударып бітірген. Жалпы Ғабдолғазиз Мұсағалиұлының шығармашылығына қатысты бірқатар сүбелі деректер мен «Гүлжиһан» лиро-эпостық поэмасының әдеби айналымға түсуіне зерттеуші-ғалым Мұстафа Ысмағұловтың сіңірген еңбегін айрықша атау қажет [376]. Бірақ ол кезде жәдитше жазуды, оқуды тастап, латын емлесінен көшу басталғандықтан бүкіл қазақ елінде бұл поэма баспа орындарына берілмей, жарияланбай қала береді. Сөйтіп бұл қолжазба Ғ. Мұсағалиевтың әйелі Бадиғұлдың туған анасы Әйнөктің қолында болады.

М. Ысмағұлов Ғабдолғазиздің қолжазбасын алу мақсатында 1959 жылы қазан айында Бадиғұл мен оның анасы Әйнөкпен кездескен. Бірақ «Гүлжиһан» поэмасын бұл күйеу баламнан қалған асыл мұра деп Әйнөк бермеген. Кейін Әйнөктің талап өтініші бойынша 1979 жылы Волгоград облысы Палласовқа ауданына қарайтын Тарғын өзені бойындағы Шәңгерей Бөкеев ақынның қонысында тұратын Ғайнетдин Жаманбалинов ақсақалдан алған. Әйнөк: «Жасым 80 – нен асты бір күні Шәңгерей, Ғұмар, Мақар (домбырашы),

Ғабдолғазиздей мен де дүниеден озармын. Сонда бұл арабша әріппен жазылған «Гүлжиһанды» оқитын біздің замандастар да бірен-саран қалар. Менің жас кезімде Шәңгерей өзі түсірген суретімді естелікке беремін. Осы суретті мына Ғайнетденге көрсетсең болды. Ол менің атымнан «Гүлжиһанды» Ғабдолғазиздің көзіндей көрсін деп өзіңізге береді» деген екен. Ғайнетден ақсақал Әйнөктің аманатын сақтап, М. Ысмағұловқа сыйға тартады. Қазіргі таңда «Гүлжиһан» дерек негізінде жазылған Ғ. Мұсағалиев шығармасы Батыс Қазақстан облыстық-өлкетану мұражайында М. Ысмағұловтың жеке қорында сақталған [308, 14-15-пп.]. Ғабдолғазиздің Мысырдың бай кітапханасында болып, халифат дәуіріндегі қолжазбаларымен танысуы түркі халқының ежелгі тарихына жол ашқан. Ағартушының ізденіп оқуы оның тарих ғылымына деген ерекше ынтасын арттырған. Сапардан оралған соң Ғ.Мұсағалиев 1909 жылы Жетісу облысының Қапал уезіне келіп, Мамановтар әулеті ашқан «Мамания» мектебіне орналасады [378, б. 15-17].

Қазақ даласында мектеп ашып, мешіт салу үрдісі әр өңірде кеңінен жүзеге асып жатқан еді. Әсіресе мұсылмандық мектептерде жәдиттік бағытта заманауи пәндер бағдарламасы негізге алынып, ескі әдісті мектептің өзгерген формасы ретінде ашылды. Соның ішінде де Жетісу облысында жаңа әдіспен оқытатын мектеп ашу ісіне қазақтар да атсалысты. Солардың бірі Жетісудың атақты байы Маманның және оның баласы Тұрысбектің ұрпақтары болатын. Заманның бағытын дер кезінде аңғара білген олар алғашында мұсылмандық білімді насихаттап, мешіт және медреселер салдырса, кейін еуропалық әдіспен білім беретін жаңа мектептің іргесін қалап, қазақтарды жаңа өмірге талпындырды. 1907 жылы ағаштан қиып мешіт үйін салдырса, 1909 жылы қызыл кірпіштен қалап Уфадағы «Ғалия» медресесінің үлгісімен медресе үйін салады. Медресенің құрылыс жобасы ғана емес, оқу бағдарламасы мен ішкі ережелері де «Ғалия» медресесінің оқу-тәжірибесіне негізделеді [379, б. 127].

Алғашында татар мұғалімдері сабақ берсе, кейінірек қазақ ұлтының зиялылары да жұмыс жасады. Медресе иелері шеттен келген мұғалімдерге жылына 2500 сом жалақы төлеп тұрған. Медреседе 1911-1915 жылдар аралығында Татарстаннан Нажар Әбішев, Башқұртстаннан Ахметгерей Ғабитов, Фатима Есенгелдина, Челябинскіден Ыстамбұл университетінің түлегі Файзрахман Жиһандаров, Семейден Мұстақым Малдыбаев, Ахметгерей Батыршинов, Мұхаметқали Есенгелдин, Орал облысынан Каир университетінің түлегі, политолог-ғалым Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Сарқанттан Захар Назаров, т.б. арнаулы оқу орындарын бітірген қазақ, татар мұғалімдері келіп сабақ берген [380, б. 443].

Ғабдолғазиздің Жетісу өңіріне келуін өлкетанушы Қ. Құттымұратұлы былай деп жазған: «…Ғабдолғазиз Қапалға сол 1911 жылдың көктемінде келіп жетті. Қарағашта Маман ұрпағы салдырған атақты «Мамания» медресесіне мүдәрістікке жарияланған бәйгеге қатысып, Файзрахман Жиһандаров, Ахметгерей Ғабитов, Сабыржан Ғаббасовтармен бірге сыннан сүрінбей өтеді» [381].

Мамания жаңа әдісті мектеп туралы архив құжаттарында: «Мектеп 1909 жылы ризашылықпен ашылып, жұмыс істеп, төрт кластық болды. 1912 жылы арнайы ашылуға рұқсат берілді. Мектеп тоғыз кластық болып ашылды. 1911 жылдың күзінен бастап мектепті Ғабдолғазиз Мұсағалиев басқарды. Жылына төрт мың ақшаны Құдайберген Тұрысбеков бөліп беріп отырды» деп жазылғаны бар. Осы мектеп қабырғасында Ғабдолғазиз Мұсағалиев меңгеруші болып қызмет етіп ғана қоймай әрі «Ислам тарихы» және «Түрік-татар тарихы» [382, б. 36] және қазақ, татар, ислам, Құран тарихынан оқушыларға дәрістер береді. Одан Қапал уезінде ағартушылық қызметін атқарады. Ағартушының Жетісуға келуі, Мамания мектебінде меңгеруші болып қызмет жасауы Барлыбек Сыртановтың қолдауымен болса керек [383, б. 123].

Маман ұрпақтарының заманға сай мектеп ашуына ықпал еткен тұлға – Жетісу өңірінде тұңғыш университеттік білім алған Барлыбек Сыртанов еді. Ол Түркістан генерал-губернаторлығында, Жетісу облыстық басқармасында қызмет атқара жүріп, қазақтарды отарлық қанаудан құтқарудың бірден-бір жолы – олардың санасын ояту, мұсылмандық біліммен қатар еуропалық білімді де меңгерту екенін жақсы түсінді. Патша шенеуніктері қазақ даласындағы мектептердің рұқсатсыз салынуына жол бермей, тексеріп қадағалап отырған. Тіпті арнайы рұқсат қағазы жоқ мектептерде шетелдің жоғары діни оқуын бітіріп келген мұғалімдер де сабақ беріп отырған. Үкімет тарапынан болған осындай тексерістер нәтижесінде 1910 жылы Қапал уезінің Жетісу болысындағы Мамановтардың медресесі үкіметтің рұқсатынсыз салынған делінген. Тексеріс барысында медреседе қызмет жасаған 4 мұғалімнің біреуінде ғана ұстаздық етуге ОМДМ-нің берілген куәлігі бар болған. Ал сабақ берген 4 ұстаздың ішінен бұл куәлік Ғабдолғазиз Мұсағалиевте ғана болған [379, б. 128; 90, б. 86].

Ғ. Мұсағалиев ағартушылықпен қатар басылым беттерінде білім, мәдениет, отырықшылық мәселесін қозғап отырған. Өзінің баспа беттерінде берген мақалалары арқылы елдің болашағы мен ұлттың оянуына септігін тигізіп отырған. Алаш зиялылары Бақытжан Қаратаев, Ғұмар Қараш, Елеусін Бұйрин, Шәңгерей Бөкеев, Сейтқали Меңдешев тағы басқа қоғам қайраткерлерімен бірге «Қазақстан» атты қазақ халқының газетін шығаруға, таратуға белсене атсалысқан журналист. Газет 1911-1913 жылдары Орда, Орал, Астрахань қалаларында шығып тұрған. 1911 жылы 16 наурыздан Ордада, 15 қарашадан Оралда, 1912-1913 жылдары Астраханда шығарылды. Сөйтіп, Ғ. Мұсағалиев «Қазақстан» газетінің тілшісі қызметін қоса атқарған. Тұлғаның Орал облысындағы профессионалды одақтың негізгі басылымы «Қазақстанды» шығаруға атсалысқандығын жасыру үшін Жетісуға осы газетті таратушы ретінде келуіне себеп болды [384, б. 127-128].

Шәңгерей усадьбасындағы мәжіліс Ғабдолғазиз Мұсағалиевті Жетісудағы Барлыбек Сыртанов арқылы Маман тұқымынан қаржы сұрауға аттандыруды ұйғарады. Сол басқосуда Шәңгерей «Қазақстан» газетіне байғазым деп 500 сом, сосын көмегім деп және 1 000 сом берді. Аталмыш газеттің басқармасы Борсыда жайғасады, ал басылымның ресми редактор-шығарушысы

жаңақалалық мұғалім Елеусін Бұйрин, қазақша жағын дұрыстаушы Ғұмар Караш болады деп шешілді. Орыс қаріптері Орда қаласындағы Шелкова баспаханасынан, араб қаріптері сол жылдардағы иесі Мұхаммедғали Мусин дейтін саудагер татардан сатып алынады. М. Ысмағұлов газеттің 1911 жылғы 16 наурызда шыққан алғашқы нөмірі Ордада осы құрал-жабдық көмегімен басылған деген пікір түйгенімен, қазірде Санкт-Петербург көпшілік кітапханасының Купчинодағы филиалында сақтаулы тұрған газеттің бірінші нөмірінің аяқ жағында «Орда қаласы. Апресьянц пен Окурдің типографиясы «Астрахань» делінген. Демек, баспахананың түпкі адресі ретінде Орда көрсетіліп, материалдар Борсыдан поезбен тікелей Астраханға жеткізілген. Материалдарды сонда саудагер ретінде уақытша жайғасқан Бақытжан Қаратаев қарап шығып, баспаханаға тапсырады. Негізгі газеттің бейресми шығарушысы Қаратаев болған, бұл жөнінде ол кейін газеттің бір нөмірінде семейлік Жүсіпұлының хатына қайтарған жауабында ашық жазады.

Жетісуға кеткен Ғ. Мұсағалиев Барлыбек Сыртановтан жеткілікті қаражат әкеледі. Әдетте зерттеушілер бұл көмекті Қапалдағы «Мамания» медресесінің иелері – Есенғұл қажы ұрпақтарымен байланыстырады. Алайда бұл арада Сыртановтың алматылық миллионер көпес Құдыс Ғабдул-Уәлиевпен байланысын ескеру керек. 1911 жылдың желтоқсан айында Жетісу облысының полиция департаменті Верныйда өкіметке қарсы мақсат көздейтін мұсылман сарттар ұйымы бар екендігін және бұл жасырын ұйым Б. Сыртанов сияқты қазақ зиялыларымен Қ. Ғабдул-Уалиев арқылы байланысып отырғанын анықтайды. Оның ішінде Құдыс саудагер Барлыбекке «қаржылай және рухани көмек көрсетеді» делінеді. Бұлар қазақ жерінде осындай ұйымдар қатарын көбейтуді көздеген. Ұзамай, яғни 1912 жылдың наурыз айында Верный іздестіру пунктінің Астрахань жандарм басқармасына Қазақстандағы Апанаев медресесін бітірген Ғ. Мұсағалиевтің саяси шүбәлілігін сұрап сұрау салуын да әлгі уақиғаның әсері деп қарау жөн. (Қосымша сурет – Б.1) Бір ескертетін жағдай, Қ. Ғабдул-Уәлиев 1910 жылы Каирде өткізілмекші болған бүтіндүние мұсылмандары конгресіне шақырылған, ал Ғ. Мұсағалиевтің Мысырда «Әл-Азһарда» оқығаны белгілі [377, б. 9].

Алайда сол кездегі Верный (қазіргі Алматы) қаласындағы жандарм пункты Ғ. Мұсағалиевтің соңынан түскен, оны саяси сенімсіз адам деген. Осыған байланысты олар 1912 жылдың 5 наурызында № 395 Астрахань губерниясының жандармдық басқармасына Мұсағалиевтың саяси сенімсіздігін, қызметін анықтау үшін сұраныс жібереді. Бұған жауап ретінде басқарма: «Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің мұндай келеңсіз қызметі жоқ», - деп жауап береді. Осыдан кейін тінту пункті Барлыбек Сыртановты тексереді. Сол арқылы оның мемлекетке қарсы іс-әрекетін анықтап, Ғабдолғазиз Мұсағалиевке жала жабуды көздейді.

Тексеру барысында Бақытжан Қаратаевтың императорлық Санкт-Петербургтік университетіндегі Барлыбек Сыртановқа жазған хаты табылды, ал бұл хатты Ғ. Мұсағалиев алып келген болатын. Осыған орай, Сыртановтың жеке кітапханасы тәркіленді. Бұл кезде тікелей түрде Ғ. Мұсағалиевке айып

тағылмаған соң, осы сәтті пайдалана отырып, Ғабдолғазиз Астрахань губерниясының Бөкей Ордасындағы ағасының үйіне барады [308, 5-п.].

Жалпы Мұсағалиевтің ағартушылық және қоғам қайраткері ретінде атқарған қызметіне нақты зерттеушілер тарапынан баға берілді. Батыс Қазақстанның білім беру саласының даму тарихы туралы зерттелген сүбелі еңбектер бар. Зерттеуші Р.І. Абдрахманова өзінің еңбегінде: «Батыс Қазақстанның көптеген көрнекті қайраткерлері алғашқы білімді мұсылмандық оқу орындарында алған. Олардың ішінде Халел және Жаханша Досмұхамедовтер, Ғұмар Караш пен Мұрат Мөңкеұлы, Нұғман Манаев, Аяпберген Науанов, Хасан Нұрмұхамбетов, Бөкей Ордасынан шыққан Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Махмұд Мұсағалиевтер және басқа көптеген зиялылар болды», - деп батыс өңірінен шығып, ұлттық сана мен мәдениеттің, білім мен өнердің дамуына көп еңбек еткен, іргелі оқу орындарында білім алған алаш қайраткерлерінің, заманауи жәдит ағымының белді қайраткерлері қатарында Ғабдолғазиз есімін кеңінен атаған [385, б. 138].

А.Б. Ақынбекова диссертациясында бірнеше жазушы-каламгерлерді зерттеумен бірге ХХ ғасырдың басында шыққан журналдардың тарихына тоқталған. Оның ішінде Ғабдолғазиз Мұсағалиевтың да редакторлық-баспагерлік қырларын жан-жақты қарастырған. Қазақ баспасөзінің тарихында жазушы қаламгерлер бүркеншік есімдермен жазғаны белгілі. Осыған орай зерттеу жұмысында «Ж.А.» – Ж. Аймауытовтың, «Жан» – М. Жұмабаевтың, «Ғ.Қ» – Ғұмар Қараштың, «Ғ.М» – Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің бүркеншік есімдерін көрсеткен [386, б. 129]. Демек, зерттеп отырған тұлға ғылыми еңбектерін «Мұса Ғ.», «Мұса Ғабдолғазиз», «Мусин Ғабдолғазиз» деген аттармен жариялаған [387, б. 313]. Мәселен, «Айқапта» «Мұса Ғ.», «Мусин Ғабдолғазиз» т.б. деп қол қойып, қазақ елінің тарихы, әдебиеті, мәдениеті, өзге елдердің тіршілігімен таныстыруға арналған ғылыми танымдық көлемді мақалалары басылып тұрған [388, б. 36].

Қазақтың тұңғыш журналы «Айқапты» шығарушы және оның бас редакторы Мұхамеджан Сералинмен де достық қарым-қатынаста болады [389, б. 153]. «Айқап» журналына қазақтың сол кездегі оқығандары, түрлі оқу орындарының оқытушылары мен шәкірттері, хат білген адамдарының барлығы түгел қатысқан. Осы журналға үзбей жазып, өлеңдер мен аңыз ертегілерді, тарихи шежірелерді жинап, жариялап, қоғамда болып жатқан өзгерістерге өз көзқарастарын білдіріп, журналдың қанатын кең жайып гүлдене өркендеуіне үлес қосқан қоғам қайраткерлерінің қатарында Ғ. Мұсағалиевтің есімі ерекше [388, б. 34].

Ғалымның «Айқап» журналында «Тарих», «Қазақ жайынан», «Ухшат», «Бәдәуият һәм мәдeният», «Кімге өкпелерге керек?», «Жазу мәселесі», «Айқапты үлкейту қақында» атты қазақ елінің тарихы, оның басқа елдермен қарым-қатынасы, әдебиеті, мәдениеті, қалалар тарихынан мәліметтер берген көлемді мақалалары басылып тұрған. Әсіресе Ғ. Мұсағалиевтің жазғандарынан оның терең білімді, дүниетанымдық аясы кең, оқымысты жан екендігі аңғарылады [388, б. 36; 390, б. 300].

1913 жылы «Айқап» журналына шыққан «Қазақ жайынан» атты мақаласының шықпай қалған 3 санына бірдей басылуы көзге түсерлік, әрі тарихи мағлұматтарға толы тәуір жазылған дүние деп баға берілген. Бұл тарихи мақаласында Ғабдолғазиз: «Тілесек кім үшін болсын, дүниеде тарих ғылымындай бір ғылым жоқ. Неге десеңіз сол тарих ғылымын оқуменен өткенде болған әртүрлі істерді біледі: оларды білу арқасында келешекке әркім өзіне бір тура жол даярлайды. Өткенде болған қате істерден сақтанады»? - деп ол тарих ғылымының маңызын сөз еткен. Бұл мақаланың бастапқы бір жолдарында: «Тарих ғылымы кісілерге өз елін өз жұртын сүйдірер, оған махаббатын арттырады», - деп соған пәтуа ретінде ол: «сол себепті европалықтарда тілесе қандай мектеп болсын онда тарих ғылымы оқылмай қалмайды», - деп тарихтың әркімді де патриоттық сезімде тәрбиелеу рөліне назар аударады. Автордың қазақ халқының тарихы туралы пікірлері ретінде болашаққа жастарды, туған жерін, Отанын ең ардақты баға жетпестей мақтан деп санау, қадірлеу үшін және санасын ояту мақсатымен жазылған деуге болады [308, 68-п.].

Ғабдолғазиз ел ішінде өз қаржысына мектеп-мешіт салып, Уфадан Фатиха ханымды алдыртып арнайы қыздар мектебін ашып, ағарту саласының дамуына үлес қосқан адамдардың ішінен Сейітбәттал қажыны үлгі тұтып мақала жазған. Ол кісінің көзі тірісіндегі жасаған тіршілігі елге сыйлы әрі қадірлі болса, оның дүниелік болған соң да атағы қара жердің астына кіріп жоғалмайды деп, сондай жандардың қатарына Сейітбәттал қажыны жатқызады. Ағартушы атақты адамдарды екіге бөліп қараған. Бірінің есімі қара топырақпен ұмытылса, ал екіншісінің артынан қалған балалары оқымысты, білімді болып, өлгендерінің атақтарын сақтай білген адамдар дейді. Сейітбәттал қажыны да осы екінші айтылған жақсылардың қатарына қосады. Ғ. Мұсағалиев «Айқап» журналының 1912 жылғы 4 санында жарияланған «Айқапты үлкейту хақында» деген мақаласында бұл басылымды 1000 оқушы алып тұратынын жазған [390, 24, б. 178-179 ]. Бұдан осы журналдың Қазақ даласында кеңінен таралып, өрісін көбейтсе, демек қазақ халқының сауаттылық деңгейінің өскені деуге негіз бар. Тіпті татар ағайынымыз Файызрахман Жиһандаров да ішінара «Айқапқа» жазып тұрған көрінеді [391, б. 114].

Бұл журнал Жетісудағы қазақтар мен қырғыздар арасында насихаттаушы ретінде де танылды [382, б. 36]. М. Дулатұлы былай дейді: анда-санда Қарағаштағы Мамановтардың жақсы істері құлаққа шалынып қалады. Мұқтаж оқушылармен шетте оқып жүрген студенттерге жәрдем стипендия беріп тұрғандары жайлы мәлімет береді [392, б. 511]. Қазақ зиялылары шет жерде Уфа, Томск, Орынбор медреселерінде білім алып отырған қазақ шәкірттеріне ақшалай көмек беріп отырған [393].

Мамания мектебінде арнайы шәкірттерге қаржылай көмек беру туралы арнайы жиындарда болып отырған. Қазақ газетінде ең мұқтаж шәкірттерге Мамановтардың 2 сомнан, сондай-ақ медресе ұстаздарынан да 30 тиыннан, Ал Ыстамбулдық Фаизраһман Жиһандаров 30 тиыннан, Ғабдолғазиз Мұсағалиев 3 сомнан жинап барлығы 31 сом 80 тиын құрағаны жазылған. Мақалада

Ғабдолғазиз бұл игі іс туралы: «Алла Тағала өркендерін өсірсін. Осы акшаны «Қазақ» басқармасы лайықты орнына берсе екен» дегеніне ағартушының қазақ шәкірттерінің білім алып, оқуына қолдау көрсеткен қайраткер екеніндігін байқатады [394]. Осы іспетті жиын Аксу уезінде болып, онда жиналған ақшадан қазіргі таңда Ғабдолғазиздың қолында не бәрі 56 сом қалып, оны 1913 жылдың 2 желтоқсанында да аударма арқылы Томскідегі «Дар-әл-фунунінде» оқып жатқан А. Сейітовке бергендігін баяндаған [395].

А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың Ғабдолғазиз аркылы «Қазақ» газетіне келген Мамановтардың ақшасынан 9 қазақ окушы баласына берілгендігін жазған. Солардың біреуі ғана орысша оқыған, қалған сегізі медреселердегі шәкірттер [396]. Ағартушының шәкірттерді қолдауының өзі жастарға үлгі бола білді, оларға дем берді. Ақшалай көмекті жинап «Қазақ» газеті арқылы аударып отырған. Оған Уфада «Ғалия» медресесінде оқыған Ғайса Тоқтарбеков есімді қазақ шәкіртінің «Қазақ» баспасы арқылы 20 сом жәрдем алып, ризалығын хат арқылы бергенінің өзі дәлел [396].

Ғабдолғазиз Мұсағалиев Жетісу өңірінде тек ағартушылықпен ғана емес, сонымен бірге Қапал уезіндегі 9 болыстың жиынына қатысып, әлеуметтік мәселелерге араласып, аграрлық мәселеменде айналысқан. 1914 жылы «Қазақ» газетінде жер мәселесіне байланысты жинаған түрлі деректері негізінде «Жетісу қазақтары жайынан» мақала жазған. Ағартушы патша үкіметінің отарлаушылық саясатын батыл сынаған. Ол патшаның жарлығы бойынша қазақ шаруаларының шұрайлы жерінен айырылып, құмды, сорлы, таулы-тасты тақыр жерлерге көшуін көзімен көргендіктен қазақ халқын азаттыққа шақырады. Оның осы мақаласы ғылыми құндылығын қазіргі кезеңге дейін жоймаған. 1912-1914 жылдары қазақ, татар тілдерінде жарық көрген мерзімді басылымдарда қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, қоғамдық-саяси мәселелері туралы көлемді мақалалар жариялаған [394, б. 18].

Ғабдолғазиз Мұсағалиев «Қазақ» газетіндегі «Ақсу» деген мақаласында осы Ақсу бойында мекен еткен қазақтардың көшпелі тұрмысын, табиғатын, қазақ ауылдарындағы дүкен ашып, сауда қылған татар саудагерлерін, саудамен айналысқан тіпті татар болсын, қазақ болсын олардың бірігіп көмек жасап пайдалы іс жасауды ойламайтындарын сынаған. Ол қыр қазағы мен қала қазағын салыстырып: «...қала болып отырған бұл қазақтарда біз ойлағандай өзгеріс жоқ. Мектеп-медреселері жоқ, бала-шағалары мұсылманшадан да, орысшадан да құр алақан», - деп тіпті шикі кірпіштен салынған мешіттерінің мешіт сиқы, молдаларының молда сиқы жоқ деп ашына сипаттаған. Тіпті Маман-Тұрысбековтер жалақысын өзіміз береміз, мұғалім де тауып береміз, тек бір мектеп салдырыңыз деп Ақсу қазақтарына ұсыныс айтқанмен де жергілікті жұрт та өздері үшін тырыспайды дейді. Олардың тұрмыстарының нашарлығын, ел арасындағы түрлі аурудың таралуын көрген ағартушы қазақтардың ең жақсы қымбат жерлерін тастап, қалаға қашатын қазақтардың жалқаулықтарын сынайды. Тіпті олар орыстардың егін егіп, жермен байып отырғанын көрмейді деген. Бұл жағдайды көзімен көрген Ғабдолғазиз қазақтарды жылдамырақ қала қылу керек деген ойдың әліде асығыстық екенін түсінеді. Ол үшін бар күш

қуатымызды қазақ арасында ғылым, һөнерсіз, білімсіз халық қала болса да, көшпелі болса да тез сағадат-бақыт табатын көрінбейді деген. Бұл мақаладан қазақ үшін жаны ашыған ағартушының болашақты тек білім мен өнермен ұштастыруынан көреміз [398].

Бұл ойын Ғабдолғазиз «Қазақ» газетіндегі «Қазақ жастарынан бір өтініш» деген мақаласында да тілге тиек еткен. Ол өнерсіз, білімсіз кісіні жер бетінде жүргенмен жансыз кісіге теңейді. Өнерліні ояу кісіге, ал наданды ұйықтап жатқан бір қойшыға балап, яғни бір кісінің дүниедегі тіршілігі де бір ұлттың тіршілігі сияқты деген. Оның қазақ жастарының келешекте оянуына деген үмітінің соңғы бір-екі жылдың ішінде бірен саран газет-журналдардың шығып жатқанынан көре бастадық дейді. Газетаның шығуына арқау болған өзі сияқты қалталары тақыр адамдар екенін, бірақ қалай болса да газетаны шығаруды тоқтатпай, жігіттік көрсету арқылы, әр істің алға жылжуы ақша емес, мүмкін ерінбеу, сабырлылық таныту болар деп газета басқармасына деп өз өтінішін білдірген. Ол жастар үш сом беріп газета алдық демей, қолы қалам білетін жастарды қадір-қаламмен көмекке шақырады. Халыққа жақын мұғалім, ушительдер, оқыған қазақ шәкірттері қалам жәрдемін беруге тиіс болуын еске салады. Білімді зиялылар ғана қазақ жағдайын газет бетіне жазып тұрса, оның өзі газетке бірталай азық боатынын баяндайды. Ағартушы Ғабдолғазиз газет турасында талдап, қалам арқылы білімді жастардың халыққа жақын болуын меңзеген. Бұл ретте Ғабдолғазизді тек ағартушы ғана емес, халық жанашыры, қоғамның дамуын түсініп қана қоймай оны газет арқылы халықтың санасына ұғындыру жолдарын көрсетіп, білімді жастарды еңбек пен сабырлылыққа шақырады [399].

Ғ. Мұсағалиев Қапалда жүрген қызметінде Көлбай Төгісұғлымен бірге қазақ балаларының білім алуына жәрдем беруге атсалысқан. Көлбай Сарқанттан телеграмма деп Қазақ баспасына хат жіберген. Онда Ақсуда кенеттен жиылған жиында Қапал уезінің ақсақалдары қазақ зиялыларының бастауы бойынша айтта құрбан шалудың орнына мұқтаж қазақ студенттерге жәрдем үшін кісі басына 5 сомнан жинап беруге қаулы жасалғандығын мәлім еткен. Жиналған ақшадан 50 сомын алған Көлбай Варшавада оқып жатқан студент Жәнек Солтанаевқа жібергенін айтқан. Енді кімде кім жәрдем мұқтаж болса, өзінің не Ғ. Мұсағалиевтың атына хат жазып білдіру арқылы жиналған ақшадан қалғанынан жәрдем беретіндігін айтқан [400].

Кез келген басылым қаржылай қолдау болмаса жарық көрмейтіні айқын. Қабиболла Сыдиықұлы: «Ғ. Караш, Е. Бұйрин, Ш. Бөкеев, Ғ. Мұсағалиев, Б. Қаратаев, А. Мамедов сияқты қазақ оқығандары «Қазақстан» газетін шығаруға күш салды, ауқатты кісілерден қаржы жинады», - деген. Мақсаты асыл, жолы ауыр бастамаға алғашқы болып ақын, оқу-ағарту ісімен айналысқан, кәсіпкер Шәңгерей Бөкеев 500 сом көлемінде қаржылай қолдау білдірсе (ол кезеңде бұл аса ірі қаражат), тарихшы, қоғам қайраткері, заңгер Ғ. Мұсағалиев Жетісуда «Мамания» мектебінде сабақ бере жүріп, сол өлкеде газетке жазылу жұмысын ұйымдастырады. Осылайша газет таралымын арттырумен қатар қаржылай да көмек көрсеткен [401, б. 68-69].

Ғ. Мұсағалиев «Қазақстан» газетінде Жетісу өлкесі бойынша меншікті тілші болып, қаражат жинаған, газеттің жұртқа таралуына көмектескен [402, б. 14]. Жалпы 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін қазақ зиялылары жер-жерде газет ашып, қараңғы қазақ қоғамын ояту, Ресей империясын түгел шарпыған аласапыран кезеңде қазақ мүддесін қорғау әрекетіне кіріседі. Ағартушы қазақтардың көшпелі өмір салтынан отырықшылыққа көшуін ойлап, Бақытжан Қаратаев, Ғұмар Қараш, Ишанғали Меңдыханов, Шәңгерей Бөкеев сияқты осы бағыттағы зиялылардың ойымен үндес болды. Ол кезде көпшілік қазақтардың сауатсыздығынан басылымдар болмаған еді. Ғабдолғазиз қазақ халқының қоғамдық-саяси өміріндегі бұл кемшілікті көре білді. Сол үшін де газет шығару ісіне, оны тарату барысына белсенді қатысқан [308, 5-п.].

Тарихы тереңде жатқан Қазақстанның батыс өлкесіндегі баспасөздің сан алуан тағдыры бар. Олардың ішінде кеңестік заманның саясатына сай емес деген желеумен аз ғана өмір сүріп тоқтап қалғандары да бар. Солардың бірі – «Ұран» газеті. 1917 жылдың 28 шілдесі күні Хан Ордасындағы Орал үкіметінің Мұсылман бюросы «Ұран» газетін ұйымдастырды. Газеттің бас редакторы – Ғабдолғазиз Мұсағалиев. Басылым беттерінде Ғ. Қараш, Н. Манаев, Б. Майлин, Ғ. Сарбаев, Д. Нұрпейісов, Ж. Тілепбергенов, Б. Құлманов, Б. Жанікешев, С. Көкебаев, Ш. Сарыбаев, Е. Есенғалиев және т.б. шығармалары жарық көрді. Газеттің асыл мақсаты – елдегі теңсіздікті жою, сайлап қою, жерді басқару, халықты оқу-білімге шақыру еді [403, б. 108].

Мысалы, «Ұранның» соңғы сандарының бірінде (№ 30, 28 наурыз, 1918 жыл) «Тағы да өзгеріс» атты мақала жарияланып, «земствоны жақтаушы, автономияны сүюші» тарапқа қарсы топтың Астраханға арқа сүйеп, Ішкі ордалықта өз билігін орнатып жатқаны баяндалған. Ал № 38 санында (16 мамыр, 1918 жыл): «жаңа тәртіп бойынша Хан ордасында Ішкі Ордалық кіндік (орталық) совет ашылғаны, ...оның төрағалығына Астрахань губерниялық советінің мүшесі Милютин сайланғаны» хабарланған [404, б. 24].

Зерттеуші М. Ысмағұлов 1967 жылы ағартушы Ғ. Мұсағалиевтің өмірбаяны жайында жазған мақаласында: «Ғабдұлғазиз Мұсағалиев 1917 жылы февраль революциясынан кейін июль айында осы күнгі Орда қаласында «Ұран» атты газет шығарады. Бұл газетке өзінің бүркеніш есімі ретінде «Ғ. Муси» деп ат қояды. Бұл «Ұран» газетінің шыға бастаған күнінен бастап барлық номерлерін үзбей өзінің сүйікті шәкірті ақын Ілияс Жансүгіровке жіберіп тұрады. Ілияс Жансүгіров сақтаған «Ұран» газетінің сандары Қазақ ресми архивындағы Ілияс Жансүгіровтің фондысында сақталған» [310, 9-п.].

Тарихшы, алаштанушы Дихан Қамзабекұлы «Ұран» газеті жөнінде: «Ішкі Ордада (Бөкейлікте, Астрахань қаласында) 1917 жылы 14 мамырдан бастап шыға бастаған қоғамдық-саяси бағыттағы басылым… «Ұран» газетінің № 2 саны 1917 жылы 28 шілдеде шыққан. Соған қарағанда, басылым тұрақты жариялана алмаған» деп жазады [405, б. 25]. Ал «Ұран» газетінің алғашқы бетінде 1917 жылғы 28-шілдеден бастап шыға бастағаны жазылған. Демек, газетті шығару мәселесі қабылданған шешім 1917 жылдың сәуір айында болса керек. Бірақ, жалпы Ордада газет шығару туралы шешім ертерек, яғни 1917

жылдың сәуір айында өткен Ішкі Ордалықтың зиялылар сиезінде қабылданғаны байқалады. Өйткені, газеттің бастырушысы (қазіргі тілмен айтқанда құрылтайшысы) – Ордалық мұсылман бүйросы да 1917 жылғы 21 сәуірде өткен Ішкі Орда қазақтарының жалпы сьезінен соң құрылғандай [406].

Ғабдолғазиз халықтың білімділігі ол алдымен осы жолда қызмет ететін мұғалімдер мен білім ордаларының заманға сай болуынан деп меңзейді. Өзінің «Үміт бар» деген мақаласында: «...халықты ағарту жолында қызмет көрсетіп жаңа тәртіп көрген мұғалім, мұғалімдерге жеткізіп онан ауыл-ауылға бастауыш медреселер салдырып, үйездерге орта медреселер, облостнойға жоғарғы медреселер аштыртып, келешек мемлекеттің қамтылуын заман тұрғысымен туралап, соларға заманға керек оқу құралдар қолдарына беріп шын заман жастары етіп шығарар деген ойымыз бар. Қандай ағарту жолында медреселер ашумен ғана қанағаттанбай, тағыда түрлі шараларға көшер деген үміт бар. Кейбір шаралары мыналар: кітапхана, театр, музейлер ашу, газет журналдарды көбейту» [407, б. 23-25] деп қорытындылайды. Ағартушы мақалаларын өзге басылымдарда да жариялап отырған. Мысалы, Ресейде шығып тұрған «Шора» және «Тәржіман» журналдарында, «Уақыт» («Вахт») деген татар тілінде шығып тұрған газетінде жарияланған бірнеше мақалалары да болған. Газет беттерінде жарияланған бостандыққа, теңдікке шақырған идеялар мен үндеулер қазақ халқының ұлттық санасын оятуға үлкен әсерін тигізіп отырды [389, б. 153].

«Ұран» газетінің құрылтайшылары большевиктерді ұнатпағаны байқалады. Оның орнына 1918 жылы 17 қарашадан бастап «Хабар-Известия» газеті шыға бастайды. Сол жылдың 31 желтоқсанына дейін газеттің 31 саны жарық көрген. 1919 жылдың 2 қаңтар айынан газет «Қазақ дұрыстығы-Киргизская правда» деп аталды. Газет редакторы – Степан Милютин. «Хабар – Известия» газеті де, «Қазақ дұрыстығы – Киргизская правда» басылымы да қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Негізінен, мақалалар орыс тілінде басылып, қазақша аударма жасалғаны байқалады. Қазақ тіліндегі мәтін араб әліпбиінде басылған [401, б. 68-69].

1918 жылдың аяғына дейін шыққан «Известия»-«Хабар» газетінің алғашқы нөмірінде, араб әліпбиімен жазылған нұсқасында – облыстық кіндік комитеттің № 12 хаттамасы жарияланған. Онда: «Баспасөз тарату ісі ілгерілеп, жемісті һәм пайдалы болуы үшін Астраханнан келген жаңа баспахана мен Хан ордасындағы «Ұран» баспаханасы біріктіріліп, ол баспахананы басқару ісі жолдас Выгдорщикке тапсырылсын» делінген. Хаттамадағы «баспасөз тарату ісі ілгерілеп...» дегеннің өзі бұрын барды жаңа жүйеге ыңғайлап жалғастыруды меңзейді. Осылайша «Ұранның» орнын «Известия»-«Хабар» газеті басқанын дәлелдейді. Екіншіден, «Қазақстан» (1911-1913 жж.), «Ұран» (1917-1918 жж.), «Известия»-«Хабар» (1918 ж.), «Дұрыстық жолы» (1919 ж.) газеттерін шығару барысында көптеген азамат бас біріктірді. Бірақ осы басылымдардың бәріне бірдей белсенді атсалысқан екі тұлға бар. Олар – Ғұмар Қараш және Ғабдолғазиз Мұсағалиев. Ғұмар Қараш «Қазақстан» газетіне редакторлық етсе, Ғабдолғазиз Мұсағалиев жазылу жұмыстарын ұйымдастырып, қаржы жинауға және таратуға көмектеседі. Ал «Ұран» газетіне редакторлық еткен –

Ғабдолғазиз Мұсағалиев. Газетте Ғұмар Қараштың көптеген мақалалары, тіпті газеттің мақсатын айқындайтын «Ұран» атты өлеңі де жарық көрген. Ал бұл тұлғалардың «Известия»-«Хабар» газетіне де қатысы барлығын 1968 жылғы 17 қарашадағы газеттің елу жылдық мерекелік нөміріндегі Тамимдар Сафиевтің мақаласы дәлелдей түседі. Онда «Хабар» және «Қазақ дұрыстығы» аталып, екі тілде шыққан газет орнына – бір ғана қазақ тілінде газет шығару мәселесі талқыланғандығы, көпшіліктің ұйғарымымен газет атауы «Дұрыстық жолы» болып өзгертілгенде оның редакция алқасында Ғұмар Қараш, Мұстафа Көкебаев, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Халел Есенбаев және мақала авторы Тамимдар Сафиев кіргендігі айтылған. Осымен-ақ бұл тұлғалардың баспасөзбен тығыз байланыста болғандығы көрінеді. Өкінішке қарай, Кеңес дәуірінде осындай ұлт зиялыларының халқы үшін жасаған қызметі айтылмады. Тіпті ағартушы, ақын, ойшыл Ғұмар Қараштың еңбегі түгіл, атын атауға тыйым салынды. Көбінесе «Известия»-«Хабар» газетінің редакторы – Ішкі Ордалықты басқарушы облыстық кіндік (орталық) комитет төрағасы С. Милютиннің аты ғана аталып, басқасы көлеңкеде қалды. Ғұмар Қараш және Ғабдолғазиз Мұсағалиев – екеуі де қазақ тарихында ойып алатын орны бар, ел үшін жанкешті еңбек еткен, баспасөз саласы арқылы халық санасын оятуға орасан еңбек сіңірген азаматтар. Бұл газеттер қоғамдағы саяси жүйе қанша өзгерсе де, мүмкіндігінше халық үшін аянбай қызмет етті [408, б. 5].

Алматы қаласындағы ОҒК-де «Орал өңірі» газетіне қатысты формуляр былай толтырылыпты: «Қызыл ту. Оралдың губерниялық партия комитеті мен атқару комитетінің газеті. 1917 жылдың июлінен – 1918 жылдар кезінде – «Ұран»; 1919 жылы – «Дұрыстық жолы»; 1919-1920 жылдары – «Сахара таңы»; 1920-1930 жылдары – «Қызыл ту»; 1931-1957 жылдары – «Екпінді құрылыс»; 1958-1964 жылдары – «Октябрь туы»; 1965 жылдың 1 январьдан – «Орал өңірі» деп аталады». Газеттің атаулары өзгергенімен, баспахана ортақ, шығарушылары бір болғандықтан, бір-бірін жалғастырған басылымдар. Жоғарыдағы айтылған негіздерге байланысты бүгінгі «Орал өңірі» және «Приуралье» газеттерінің бастауы 1917 жылы шілде айынан Ғ. Мұсағалиевтің редакторлығымен жарық көрген «Ұран» газетінен бастау алатыны анық. Батыс өңірінде тұңғыш рет тұрақты, жүйелі басылым – «Қазақстан» (1911-1913 жж.) газетін шығарса, одан әрі «Ұран» (1917 ж.), «Известия»-«Хабар» (1918 ж.), «Дұрыстық жолы» (1919 ж.) басылымдарын ұйымдастырды [409, 4 б.].

1919 жылы 3-17 қаңтарда өткен Бөкейде мұғалімдер съезінің шешімімен бірыңғай қазақ газетін «Дұрыстық жолын» шығару қолға алынып, 1919 жылғы 20 ақпанда бірінші нөмірі жарық көрді. Газет айына екі рет ғана шығып тұрғанымен бұқара арасына кең тарады. Тек Батыс Қазақстан өңірінде ғана емес, қазақ жерінің Жетісу және Семей облыстарында да жаздырып алатындар болды. «Дұрыстық жолы» газеті беттерінде халық ағарту мәселесі жиі көтеріліп тұрды [403, б. 109].

1919 жылы Бөкей облысында «Дұрыстық жол» газетімен қатар қазақ және орыс тілінде Қазақстандағы алғашқы әскери газеттердің бірі – Әскер істер жөніндегі қазақ комиссиаратының «Хабарлары» («Известия Киргизского

комиссиарата по военным делам») газеті мен «Мұғалім» атты қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби журнал шығып тұрды. Оны шығарып, таратушы Ұлт істері жөніндегі халық комиссиаратының Бөкей облыстық бөлімшесі редакторы Ғ. Мұсағалиев еді. Журналдың 1919 жылы барлығы 7 саны шығып, онан кейін тоқтады [410, б. 154-155].

Сонымен ұлтымыздың демократиялық бағыттағы тұңғыш биресми Орал облысы Бөкей Ордасында шығып тұрған «Қазақстан» (1911-1913 жж.), «Ұран» (1917-1918 жж.), «Известия» – «Хабар» (1918 ж.), «Қазақ дұрыстығы – Киргизская правда» (1919 ж.), «Дұрыстық жолы» (1919 ж.), «Қызыл ту» басылымдарының ұлттық баспасөз тарихына қосқан үлестері зор. Себебі, қазақ мерзімдік баспасөздері Отан тарихы ғылымының бір арнаулы саласы болып табылады. Өйткені бұл биресми басылымдар Қазақ даласындағы, Батыс Қазақстанның соның ішінде Бөкей Ордасының саяси- экономикалық, әлеуметтік-рухани, мәдени өмірінен ақпарат беруде мұрағаттан еш кемі жоқ материалдарды беруде құнды болмақ. Әр тарихи жағдайға шынайы қарап, дәл нақты ақпарат берудегі маңызыда зор болды.

Жалпы қазақ зиялыларымен бірге Ғ. Мұсағалиевтің жарияланған мақалалары халықты бостандыққа шақырып, қазақ халқының ұлттық санасын оятуға тың пікірлер мен үндеулер арқылы ықпал етіп отыруымен құнды. 1917 жылы желтоқсан айының басында Ғ. Мұсағалиев Алаш орданың ІІІ съезіне қатысып, 33 делегаттың бірі ретінде Алаш Орданың жетекші өкілдерінің контрреволюциялық тактикасын сынға алады. Бөкей Ордасына 1917 жылы желтоқсан айында қайтып келген соң, Ордадағы Революциялық Комитеттің құрылуын жақтайды. 1918 жылдың басынан бастап, Ғ. Мұсағалиев Бөкей губерниясында кеңес үкіметінің ауылдық жерлерде орнап, нығаюына барынша аянбай атсалысады. Осы жылдың сәуір-мамыр айларында ол Бөкей ордасында өткізілген Кеңестердің 1-ші съезіне делегат болып сайланған. Съезд ашылған күні Ғ. Мұсағалиев оның төрағасы болып бірауыздан сайланды. Осы съезге сайланып келген делегаттарға беретін және басқа да қажетіне жарататын қаражат болмаған соң, 30 сәуір күні съездің бірінші мәжілісінде ол ұсыныс жасап, 11 адамды құрамына енгізіп, Қаржы комиссиясын құрады. Бұл комиссияға төтенше қаулының жобасын жасатып, съезде талқылап, бекітіп Ордадағы байларға, саудагерлерге прогрессивтік салық салып, тез қаражат жинатып, делегаттарға бөліп береді және Кеңес үкіметінің жергілікті органдарына таратады [308, 10-п]. (Қосымша сурет - Б.2)Сол съездің қорытынды мәжілісінде Ғ. Мұсағалиев төрағалық еткенінде Халық Комиссариаты туралы қаулыны қабылдағанда, Бөкей губерниялық Халық ағарту комиссары болып С. Меңдешев, оның бірінші орынбасарлығына Ғ. Мұсағалиев бекітілген болатын [384, б. 129].

1918 жылы Кеңес өкіметінің ұстанған бағытын қуаттап, Бөкей Ордасында білім беру саласында еңбек етті. Сол жылдың сәуір-мамыр айларында өткен Бөкей Ордасындағы Кеңестердің 1-съезіне төрағалық етеді, съезден кейін ол Бөкей губерниясының халкомының оқу-ағарту ісі бастығының орынбасары болып бекітілді. 1918 жылы қыркүйек айында 2 облыстық кеңестер съезінің

делегаты болады [281, б. 398]. Ол 1918 жылғы 2-қыркүйекте Бөкей губерниясының мұғалімдер съезі ашылды. Съездің жұмысына Ғұмар Қараштa белсене араласты. Съезде ұлттық мектептер, мектептен тыс мекемелер жөнінде мәселелер талқыланды. Ауылдарда жаңадан 90 мектеп ашу белгіленді. Ішкі Орда мұғалімдерінің І съезі қырғыз (қазақ) комиссариатының өкілі М. Тұңғанчиннің сөзімен ашылған болатын. Ол өз сөзінде күні біткен патша үкіметінің халықты білімсіздік қараңғылығында ұстап отыруы отаршылдық саясатқа орайластырылғанын тілге тиек етті. Осындай қитұрқы саясатқа сәйкес, ғасыр басында ұлт мектептері түгілі, орыс мектептерінің өзі аз болған еді. Деректерге жүгінсек, ол кездегі ашылған мектептердің өзі оқу жұмысының ең төменгі талаптарына да жауап бере алмады. Білім беру жүйесіндегі мұндай кемшіліктер мен артта қалушылықты жоюды басшылыққа алған съезд қазақ зиялыларының белсенділігі мен батылдығын, білімділігі мен саяси біліктілігін талап етті [411]. Съезге 44 мұғалімнен басқа халық ағарту комиссары – С. Меңдешов, жерді пайдалану комиссары – Ш. Бекмұханбетов, Ғұмар Қараш сияқты беделді тұлғалар да қатысты. Съезд М. Тұңғанчиннің сөзінен кейін төраға сайлауына көшті. Съезд төрағасы болып бір ауыздан Ғ. Мұсағалиев, орынбасары Ғ. Бегалиев, хатшысы Қ. Қыдыралиев сайланды. Съезде ұлттық тәлім-тәрбие, оқу-ағарту мәселесі жөнінде пікірлер қозғалды [311, б. 99-100]. Одан кейін екінші мәжіліс Ғ. Мұсағалиевтің бастауымен 4-қазанда сағат 18.00-де ашылды. Онда осы ұлт мектептеріне дәріс беретін сапалы мамандарды даярлау күн тәртібіне қойылған болатын. Мұғалімдердің қажетті санын қамтамасыз етумен қатар, олардың педагогикалық, ғылыми тұрғыдан дайындығының мол болуы, сөйтіп, білім сапасын арттыру негізгі мақсаттардың бірі ретінде бекітілді [313, б. 101].

Қазақ ағартушылары мен мұғалімдері білім беру саласын одан әрі өркендетуге, 1-ші съезде көтерілген мәселелерді шешуге белсене кірісіп, ұжымдасып әрекет етумен болды. 1918-1919 жылдың қыс мезгілінде жәдит мұғалімдер тобы – Ғ. Қараш, И. Меңдіханов, Ғ. Мұсағалиев, Н, Манаев, Б. Жәнекешов, Ғ. Сұлтанов, Х. Есенбаев, Т. Сафиев, Ғ. Бегалиев, Ғ. Мұқашев, Д. Мұқашев, Ғ.Мырзалиевтер «Жазушылар құрамасы» деген атпен бір ұйымға біріккен еді [313, б. 103]. Сонымен қатар съезде қазақ орфографиясы үшін комиссариат жанынан жеті адамнан тұратын топ құру жоспарланды. Съезд емле мәселесінен де айналып өтпеді. Біраз кеңестен соң, «Кітап жазу комиссиясы қазақ емлесін бастан-аяқ меңгеріп, теріс деп тъапқан жерлерін өзгертуге ерікті болсын» деген қаулы шығарылды. «Оқу құралдарын жетістіру, кітаптарды тәржіме ету және тағылым журналын шығару үшін» сайланған комиссияға 7 адам – Ғ. Қараш, Ғ.Мұсағалиев, М. Көкебаев, Ғ. Бегалиев, Х. Есенбаев, Ғ. Бөкейханов және Ғ. Мұқашев енгізілді. «Осы кісілер басқа қызметтен шығып, тек қана кітап жазу қызметімен шұғылдансын» деген ұсыныс та қолдау тапты. Одан кейін сол оқулықтарды дайындап, бастыру үшін Ғ. Карашев, Ғ. Мұсағалиев, М. Көкебаев, Ғ. Бегалиев, Х. Есенбаев, Ғ.

Бөкейханов, Ғ. Мұқашев, Н. Манаев мүше болған комиссия жасақталды. Оларға еңбекақы ретінде айына 1000 сом белгіленді [412].

1919 жылы 15 сәуірде РКФСР-дың Ұлт істері жөніндегі Халық комиссариаты Қазақ АССР-ын құруға дайындық жұмыстарын бастауға оннан аса қайраткерлерден ынталы топтың құрамын бекіткенде солардың біреуі Ғ. Мұсағалиев еді. Сол жылы Бөкей губерниялық Кеңестің атқару комитетінің және қоғамдық ұйымдардың ұсыныс қаулысы бойынша Ғ. Мұсағалиев қазақ өлкесін басқару жөнінде В.И. Ленин қол қойған декретке сай құрылған Қазақ әскери-революциялық комитетке кооперация ретімен мүшесі де болды [308, 10-п.]. Алайда жұқпалы сүзекпен ауырып, ұзақ уақыт денсаулығы түзелмей, бұрынғыдай іске жігерлі кірісе алмайды. Бірақ ағартушылық жұмыстан қол үзбейді. Ауылдық жерлерде мектеп салдырып, кедейлердің, шаруалардың балаларын Тіленшісай, Жақсыбай, Әбдіраш ауылдарына оқытуға атсалысады. «Нариманбек Нариманов» атты несие серіктестігін (кредитное товарищество) ұйымдастыруға белсене қатысады. 1920 жылы Бөкей губерниясынан бір топ мәдениет, әдебиет, өнер қайраткері делегациясы РКФСР Халық ағарту комиссариатының шақыруы бойынша Мәскеуге барады. Осы делегация құрамында Ғ. Мұсағалиев, Ғ. Ахметов (әдебиетші), А. Мәметов (ақын, Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың әкесі), халық композиторы, күйші С. Оразалиев, тағы басқа да ондаған азамат болған [308, 11-п.]. (Қосымша сурет - Б.3)

Ғ. Мұсағалиев 1920 жылы елде қарап жатпай, аудармашы болған. Ол кезде газет-журналдар, кітаптар типографияда немесе баспада өте аз тиражбен басылып тарайтын болғандықтан, қағаз тапшылығына байланысты көбінесе өз қолымен жәдитше жазғандарын ана тілімізде А. Жұмағалиев, Х. Иманғалиев (руы қостаңбалы ағайын туыстары) және Еңбек артелі есепшісі Б. Мұратов, ауылдық мектеп-мұғалімі А. Батыровтарға қолдан көшіріп көбейтуге беретін. Сол көшірмелерді жәдитше оқи білетін жастарға тарататын. Көшіріп таратуға Ғ. Қайырлиев қатысатын. Ғ. Мұсағалиев кейде қадімше басылып шыққан араб тіліндегі кітаптарды оқып отырып, іштей ана тілімізде айтып отырып өте тез жазатын Х. Ишанғалиевке дәптерге жаздырған. Осы Хамзадан басқалар (негізгі аударма нұсқадан) алып көшіріп елден – елге тарататын тәсіл болған. Олай көшіру, тарату әдеби мұраларды халықтың игілігіне асырудың бір түрі саналған [308, 13-п.]. Сол 1920 жылдың соңында дәл қолжазбада жәдитше жазумен көрсеткен Ғ. Мұсағалиевтің 1909 жылдың 30 маусым күні араб тілінен ана тілімізге «Гүлжиһан» атты лиро-эпостық поэманы аударып бітірген. Бірақ ол кезде жәдитше жазуды, оқуды тастап, латын емлесіне көшу басталғандықтан бүкіл қазақ елінде бұл поэмаға баспаға берілмей, жарияланбай қала берген.

Аталмыш қызметтен кейін әдеби қызметпен айналысты. Сол жылдары (1923-1933 жж.) ол бірсыпыра естеліктер мен әдеби және ғылыми еңбектер жазған. Әсіресе, қазақ мектептеріне, педагогикалық техникумдарға және жоғарғы оқу орындарына арнап хрестоматиялар шығарып отырды. Бірақ, өкінішке орай, олардың көпшілігі жоғалып, осы күнге дейін зерттеушілер қолына түспей отыр. Ғабдолғазиздің бұдан кейінгі өмір тарихы бізге

беймағлұмдау. 1929 жылы Ордадан Алматыға көшеді. 1930 жылы Алматыда шығармашылық қызметпен айналысады. «Көбінесе бос уақытын аудармаға пайдаланады», - деп әйелі Бадиғұл айтады. Деректерде: «В дальнейшем занимался литературной деятельностью. Умер в 1933 г. в Алма-Ате», - деп көрсетілген. Академик Салық Зимановта Ғ. Мұсағалиевтің 1933 жылы Алматы қаласында дүние салғанын жазған [378, б. 97-98].

Ғ. Мұсағалиев «Айқап» журналында жарияланған бір мақаласында: «Мың айт, бір айт, баяғы надандық, білімсіздік, өнерсіздік, жалқаулық – қазақ халқы не көрсе де, сол жалқаулық, надандық себепті көріп жатыр. Қазақты сол надандықтан құтқармай тұрып, қазіргі ауыршылықтан аман-есен алып шығу оңай болмас. Не қылсақ та, сол надандықпен күресіп, соны жығып, жеңудің амалын табу керек», - деген екен [413].

Қазақ қоғамындағы бостандық пен азаттықты аңсаған алаш арыстары қатарынан орын алған демократ реформатор ретінде Ғ. Мұсағалиевтің орны зор. Қазақ баспасы арқылы елінің еркіндігін, халқының білімдігін аңсаған ол көптеген мақалаларымен қазақ халқын оята білді. Сол үшін «Ұран» атты газеттің бастауын қолға алып, әр қазақты қоғамның жаңа өзгерісіне шақыра білген, халқына жақын бола білген ағартушы, полиглот. Ғ. Мұсағалиев XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы ұлтының жарқын болашағын аңсаған алаш арыстары қатарындағы реформатор, тұңғыш қазақ тарихшысы, публицист, ағартушы-демократ, жаңашыл бағытты түсініп енгізген діни-ұстаз, өзінің ой-өрнегі бар дарынды ойшыл-философ және сегіз тілді жетік меңгерген аса ірі қайраткерлердің бірі болып табылады[22, с. 17]. Ғабдолғазиз Мұсағалиев XX ғасырдың басында Қазақстандағы философиялық, қоғамдық-әлеуметтік, саяси-құқықтық және тарихи ой-пікірлердің жаңа сатыға көтеріліп дамуына өзінің зор үлесін қосып, еңбектерінде қолтаңбасын қалдырған ғалым, шығыстанушы, діни реформаторлық ағым өкілі деуге толық негіз бар.

# 3ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨҢІРЛЕРІНДЕ БЕЙРЕСМИ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН «ХАЛЫҚТЫҚ ИСЛАМ» ӨКІЛДЕРІ

## 3.1 Өңірдегі мешіт, медресе мен мазарлар – діни тұлғалар қызметі нысандары ретінде зерделенуі

Қазақстанда мұсылмандардың құлшылық етудегі рухани орталықтарына айналған ислам мәдениетінің ғимараттар – мешіттердің орны ерекше. Себебі, XIX ғасырда салынған мешіт-кесенелер, жерүсті және жерасты мешіттері, үңгірлердегі мешіттер, ханака т.б. ғимараттардың салынуы ислам дінінің кең етек жайылғанын аңғартады. Қазақ даласындағы исламның таралуы мен мешіт-медреселердің көп салынуымен онда қызмет еткен ахун, ишан, хазірет, молда және т.б. діни қайраткерлердің өмірі мен қызметтері де өзіндік зерттеуді қажет етеді. Еліміздің барлық өңірінде исламның таралуына, мешіт-медресе салып өз үлестерін қосқан діни қайраткерлерді зерттеу заман талабына айналып отыр. Бұхарада, Хиуада, Уфада, Орынборда, Қазанда, Ыстамбұлда т.б. мұсылман елдерінде білім алған діни қайраткерлер отанына оралған соң мешіт-медресе салып бала оқытуға қызығушылық танытқан. Сол себептен салынған әр мешіттің тарихы діни тұлғалар есімімен байланысты болып келеді. Бұл дәстүрдің әлі күнге дейін жалғасын тауып келгендігі мәлім. Дегенмен, қазіргі уақыттағы діни жаңдай мен зерттеуге негіз қалаған хронологиялық шеңберде үлкен айрылмашылық байқалады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында мұсылмандық білім алған қазақ зиялылары оқымысты сатысын жоғалтпаған, олар Ресей империясының және Кеңестік идеологияның тұрпайы отаршылдық саясатына қарсы шықты, салынған діни орталықтары болса қорғаныс іспетті қазақтың болмысын қорғады. Ал қазіргі таңдағы діннің көптеген тетіктері бұрыс бағытты ұстанып, түрлі экстремистік және террористік сұмдықтарға жетелеп отыр. Сол себепті диссертацияның үшінші тарауының алғашқы бөлімінде Қазақстанның батыс өңіріндегі салынған діни орталықтары мен ғимараттарының тарихи мәні зерделенеді.

Бірінші кездері патшалық Ресей әкімшілігі қазақ еліне ислам дінін таратуды негізгі қару ретінде пайдаланды. Әсіресе императрица Екатерина II Орынбор мен Сібірде орналасқан губернияларының шекараларында мешіттер, олардың жанынан мектептер мен керуен-сарайларын салу жөнінде көп әрекет жасаған. Барон О.А. Игельстромға 1787 жылы 21 сәуірде жолдаған ұсынысында Ішкі Орданы сенімді, адал әрі сауатты Қазаннан шыққан татар молдаларымен қамтамасыз етуді тапсырған [414, с. 41].

Осы саясаты арқасында Ресей өкіметі елді отарлап, империя құрамына түгел қосуды жоспарлады және арнайы жіберілген татар молдалары, тілмаштар мен аудармашылар арқылы өз астыртын саясатын жүргізіп отырды. Орынбор әкімшілігінде қызмет жасаған, Орта Азия хандықтарында елшілік қатарында, сондай-ақ Ішкі Ордада бірнеше рет болған татар аудармашыларының ішіндегі атақтысы Меңдияр Бекшуринді атауға болады.

XVIII ғасырдың соңғы ширегіндегі Қазақстанды зерттеуді ОМДМ-нің мүфтиі Мұхамеджан Құсайыновта өз үлесін қосты. Оның баяндамалары

1790 жылы «Журнал» деген жинақ болып шықты, онда ол Кіші жүздегі саяси жағдайды, қазақ старшиналары туралы, Хан билігінің дағдарысы, Орта Азия молдаларының даладағы рөлі туралы бай деректі материалдар келтірген [172, б. 121-124]. Мұсылмандардың өміріне ресми қызметкерлер мен православие шіркеулерінің тікелей араласуы билікке нәтиже әкелмейтін болды. Сол себептен біз зерттеп отырған өңірдегі салынған мешіттер мен діни тұлғаларды ОМДМ арқылы қатаң бақылауға алу түркітілдес халықтарының өкілдерін біріктіріп, олардың біртұтас мәдениетін құрайды делінген [173, с. 39-40].

Білімді молдаларды пайдалануды қазақ хандары да қолдаған. 1787 жылы Ералы сұлтан бастаған қазақ старшындарынан құрылған депутация және қазақ руларының ақсүйектері Санкт-Петербургке барып, патшайым қабылдауында болады. Осы сапарда олар Қазақ даласына оқыған молдалар жіберуін өтінеді.

Ішкі Орданы Бөкей хан (1801-1815 жж.), кейін Шығай сұлтан (1815-1823 жж.) билеген уақытта небары 15-ке жуық молда болған екен. Жәңгір ханның билікке келгеннен кейін қолға алған ісінің бірі – сауатты татар молдаларын шақыртып, ауылдардан адамдарды жинап, оқытып, жергілікті халықтан шыққан молдалардың санын көбейтті. «Жәңгір таққа отырғанға дейін кейбір сұлтандар мен қожалардан басқалары діни наным-сенімдері төмен мұсылмандар болатын»,-деп жазылыпты «Оренбургский листок» газетінде. Дінді бірден мойындату оңайға түспеген, сондықтан хан 1835 жылы өз жобасымен мешіт салдырады. Алғашқы кездері оның өзі имамның қызметін атқарып намаз оқыған, өзіне төрелік сұрай келген дауласушылардың екі тарапын да алдымен мешітке кіргізіп, діни рәсімдер өткізген [415, с. 109-110].

Хан Жәңгір Ордаға Қазан, Орынбор қалаларынан молдалар шақырып, бөкейлік жастарды Қазан, Орынбор, Уфа, Астраханның діни мектеп-медреселеріне оқуға жібереді. Оның Ескендір деген ұлы Істерлитамактағы медреседе оқып, діни білім алған. Хан ставкасындағы мешітте ахун, муаззин, молда татарлардан болса, қисымдық мешіттердің барлығын қазақ молдалары ұстады. Тарихи деректерге сүйенсек (1915 жылдардағы құжат), Ішкі Орда бойынша мешіттер мен мұсылман дінбасылары туралы ведомосте Хан ставкасында 2 мешіт болған. Бірінші мешітті хан Жәңгір салдырған, ол 1888 жылы қайта салынған, екіншісі 1901 жылы іске қосылған [416, 387-п.].

Екеуі де Мешіт көшесі деп аталған көшеде орналасқан. Соңғысын ел ішінде «татар мешіті» деп атаған. Ол 1898 жылы Ордадағы татарлардың қаржысына салынған, 1934 жылы бұзылған [254].

XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанда ислам күшейе бастағаны белгілі. Осыған орай Қазақ даласында рухани ошақ орнына айналған мешіттер саны көбейді [417, б. 500]. Бөкей Ордасында Жәңгір ханға дейін 15 молда болған, олардың көп жағдайда діни танымы шектеулі болып келді. Мұны байқаған хан Жәңгір Ордаға мұсылман қағидаларын жетік білетін сауатты бірнеше татар молдаларын шақырған. Олардың бірін үкімет ахун ретінде бекітті, оларға Жәңгір қазақ балаларын оқытуды тапсырды, ал оқып дайындалған шәкірттер ахунның емтиханынан өтіп лайықты деп танылған

жағдайда молда ретінде бекітілген. Хан оларға молдалық қызметін орындауының белгісі ретінде ашық бұйрық беріп, ресми молда дәрежесіне дейін көтерген [414, с. 56-57]. Осындай молдаларға ислам дінін насихаттау, мешіттер салдыру, дүниеге келгендерге есім қою, үйленгендердің некесін қию, талақ болғандарды ажырастыру, опатқа ұшырағандардың жаназасын шығару, метірке кітаптарын жүргізу, т.б. қызметтер тапсырылған.

Ішкі Ордадағы алғашқы ахун Жабир Хамадов (1782-1875 жж.) 29 жасында Бөкей ханның шақыртуымен келген. Ол кезде болашақ Жәңгір хан 7 жаста болған. Хан Жәңгірдің мұғалімі болып, осы Ордада ғұмырының соңына дейін қызмет еткен ахун, қажы, қази әрі тархан болған Жабир Хамадовтың орны бөлек. Меккеде білім алған жас молда 1811 жылы 29 жасында аталмыш орданың имамы болып тағайындалған. Атқарған еңбегі үшін 1815 жылы Бөкей ханнан, 1821 жылы Шығай сұлтаннан мақтау қағазын алған. 1824 жылы қази жоғарғы діни тұлға дәрежесін алса, 1826 жылы ахун атанған. Жабир Хамадовқа Бөкей Ордасы тұрғындарының метірке кітабын толтыру міндеттелген. Оның ұлы Ғабдысаттар да имам, хатиб болған. 1860 жылы қажылыққа барған [238, б.15].

Ішкі Ордадағы дінбасылары туралы 1845 жылғы 13 қарашадағы тізімде Хан ордасындағы мешітте (Қосымша сурет - В.1) Жәңгір ахун, Жабир Хамадов (Қосымша сурет – В.2), Қазан губерниясынан келген азаншы Ғұбайдолла Баширов [133, б. 721], молла Тажиддин Ғадолжалаловтың есімдері көрсетілген. XX ғасырдың бас кезеңінде бас ахун Гали Гайсин, оның көмекшісі Салахетдин Шарифитдинов, муаззин Мухамед-Юсуф Тажетдинов, оның көмекшісі Мухамед-Вафа Мифтахетдинов болған [416, 378-п.]. Хан ордасындағы мешітке ахунды Жәңгірдің өзі тағайындаған. Молдалар салықтан босатылып, ахунға қазынадан еңбекақы берілсе, қалғандары діни жоралғылардан түскен табысты алды. Жәңгір ел билеген тұста мешіттер көптеп салына бастады. Бұған ханның өзі де қолдау білдірді.

В.А. Перовский Ресей Мүлік министрі П.Д. Киселевке жолдаған хатында: «Хан Жәңгірдің Бөкей Ордасын басқаруы Ресейге пайдасына қарағанда зиянын көп тигізді. Соның бірі – Ордада мұсылман дінін таратуы. Орданы хан Жәңгір басқармағанда мұсылман дінін бойларына сіңірмеген қара халықтың христиан дінін қабылдауы оңай болар еді», – деп жазған болатын [418, 36-64-пп.]. Бұл жағдай өлкеде мешіттер салуға тыйым салу, молдаларды тағайындау ісін реттеу және өлкеге татар-башқұрт, әсіресе Орта Азиялық молдалардың келуіне тыйым салу, олардың қатты қудалануына қатысты әкімшілік шараларды алып келді. Сонымен қатар: рұқсат қағазы жоқ адамдардың Ордаға келіп орнығуын қатаң бақылауға алу, оларды өлкеден қуу, Ресейдің боданы емес азиаттарды Ордаға мүлдем кіргізбеу тапсырылды [95, б. 155-156].

Ереженің қазақтардың рухани істерін басқару жөніндегі № 251-261 баптары мұсылман дінінің таралуына шек қоятын шараларды заңды түрде бекітті. Ереже, сондай-ақ, молдаларды облыстық басқарманың ұсынуымен әскери губернатордың тағайындайтынын белгілеп берді. Мешіттердің тек генерал-губернатордың рұқсатымен салынатыны, ал олардың жанындағы

мұсылман мектептерінде жергілікті халық тек үйезд бастығының рұқсатымен ғана оқылатыны көрсетілді. Мешіттер, молдалар және аталған мектептер тек жергілікті қазақ қоғамдарының есебінен жұмыс істей алатындығы нақты қадағаланды [95, б. 156].

XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанның батыс өңірінде мешіттер саны көбейген, соған сәйкес молдалар саны ұлғайған. Мәселен, 1841 жылы Ішкі Ордада 15 мешіт болса, ал XIX ғасырдың 60 жылдарына қарай оның Қамыс-Самар округінде –16, Қалмақ бөлімінде – 13, Торғын бөлімінде – 8 мешіт болған. Ал XIX ғасырдың аяғында Торғай облысының Ақтөбе үйезінде – 70 мешіт, Қостанай үйзінде – 14 және 31 ғибадат үйі болған. Соның ішінде 12 болыстық молда, 263 жеке молдалар болған. Ал 1909 жылы Ақтөбе үйезінде 5 жаңа мешіт жұмысын бастаса, 1910 жылы 4 мешіт, 1911 жылы тағы 3 мешіт қосылған. Әр мешітке бір молдадан келді, негізінен молдалардың барлығы қазақ болған. Тек 1890 жылы Орынбор губерниясының Торғай облысындағы қазақ емес молдалардың саны берілген. Олардың құрамында татар мен башқұрт молдаларынан барлығы 5 болған [83, с. 139-140].

1850-1852 жылдары Ішкі Бөкей Ордасында 128 мешіт болса, олармен бірге бір ахун және 130-ға дейін молдалар болғаны белгілі [419, 37-п.], 1873 жылы 144 мешітке көбейген [420, 220-п.].

1894 жылы Ресейдің Халық ағарту министрлігі ІІМ-не жолдаған хатында Бөкей Ордасындағы діни ахуал жазылған. Онда барлығы 99 мешіттің 5-і – ағаш және 94-і саман кірпіштен салынғандығы тіркелген. Молда бар жерде міндетті түрде 25-50 аралығында шәкірті бар мектептер болған. Дәрістер жазда молданың киіз үйінде болса, қыста – олардың тұрақты үйлерінде жүргізілген. 1860-шы жылдары Бөкей Ордасы 5 бөлім және 2 округке бөлінген, оларды билеушілер (әкімдер) басқарды. 1882-1887 жылдары осы Орда бойынша молдалар ашқан мектептер және олар туралы жеке дерек жинау тапсырылған. Соған сай жиналған деректерді оқығанымызда әкесі ашқан мектепті баласы жалғастырғанын білдік. Мысалы, 1883 жылы бір ғана Торғын округының 15 елді-мекенінде 19 мектеп болса, онда 564 шәкірт оқыған. Ал 1886 жылғы есеп бойынша 8 медреседе 425 шәкірт білім алған, бұған қоса 5 мектепте білімді молдалар дәріс жүргізген. Мектептер мен медреселерде ұлдармен қатар қыздар да оқыған. Қалмақ округының Жасқұс, Сарбасты, Қорын ауылдарындағы медреселерде 28 қыз бала білім алған [252].

Деректерге сүйенсек, XIX ғасырға дейін Қазақ даласында молдалар санаулы болған, тек сол ғасырдың екінші жартысынан бұл жағдай өзгере бастаған. Бұл әрине 1868 жылғы Дала облыстарына қабылданған Уақытша ережеге байланысты болған. 1868 жылғы ереженің 254 бабы бойынша молда қызметіне облыстағы әскери-губернатордың рұқсатымен тек қазақ ғана тағайындалу керек болды. Міне бұл ереженің өзі ел-жұрттағы молдалардың көбеюіне алып келді [158, с. 452].

Мәселен, 1915 жылғы жазылған тарихи деректерді талдасақ, 1840-1845 жылдары Бөкей Ордасында хан Жәңгірдің рұқсатымен 20 мешіт салынса, 1848 жылы – 2, 1850-1859 жылдары – 2, 1860-1869 жылдары – 7, 1870-1879 жылдары

– 6, 1880-1881 жылдары – 17, 1890 жылдан кейінгі уақыттарда – 21 мешіт. Бұдан басқа 36 мешіттің кімнің рұқсатымен және қай жылдары салынғаны белгісіз. Бұл мәліметтер Башқұртстанның Уфа қаласындағы мұрағатында сақталған «Қырғыз Ордасындағы мешіттер мен мұсылман дінбасыларының тізімдемесінен» алынды.

Қалмақ округының 7 старшындығындағы елдімекендерінде 23 мешіт болған, бұл мешіттерде 1 ахун, 7 имам, 3 муаззин, 8 құран оқи білетін қазақ болған. Торғын округының 12 старшындығындағы елдімекендеріндегі мешіттерде 4 имам, 4 муаззин, 8 ресми молда, 6 құран оқи білетін қазақ діни рәсімдер өткізген. Нарын округының 12 старшындығындағы және Телібай елдімекеніндегі мешіттерде 1 ахун, 11 ресми молда қызмет еткен. Талов округының 8 старшындығындағы елдімекендеріндегі мешіттерде 2 ахун, 4 имам, 6 ресми молда, 1 муаззин болған. Қамыс-Самар округының Жаңа Қазан ауылында және 16 старшындығының 13-інде мешіт болған, оларда 14 имам, 1 ресми молда болған. 1-ші Теңіз жағалауының 16 старшындығының елдімекендеріндегі 20 мешітте 2 ахун, 16 имам, 4 указной молла, 2 муаззин, 1 молла, ал 2-ші Теңіз жағалауының 14 старшындығының елдімекендеріндегі 19 мешітте 1 ахун, 9 имам, 1 ресми молла, 1 муаззин діни қызмет жасаған.

Хан ордасында мешітке келушілердің саны 1096 ер, 896 әйел; Қалмақ округында – 8 859 ер, 5 658 әйел; Торғын округінда – 16 032 ер, 15 343 әйел; Талов округында – 17 549 ер, 15 978 әйел; Қамыс-Самар округінда – 24 151 ер, 21 473 әйел; Нарын округінде – 16 386 ер, 14 639 әйел; 1-ші Теңіз жағалауы округінде – 21 301 ер, 18 740 әйел; 2-ші Теңіз жағалауы округінде – 28 068 ер, 25 972 әйел болған. Бөкей Ордасындағы 250 149 сенушілер мешітке келген, соның 132 346 – ерлер, 117803 – әйелдер екен. Осыншама келушіге 8 ахун, 1 ахунның көмекшісі, 12 муаззин, 1 муаззиннің көмекшісі, 54 имам, 31 ресми молла, 1 молла, 14 қазақ, барлығы 122 діни қызметкер қызмет еткен [416, 387-п.].

Орынбор мұрағатында священник Г.Л. Крашенинниковтың айтуынша Орал өңірінде мұсылман уағызшыларының негізгі өкілдері белгілі бір жайттарға орай жиналып жалпы жиналыс өткізетінін білетінін баяндаған. Осы жағдайға орай священник мұсылмандармен жүйелі әңгімелесу арқылы христиан дінін ашық түрде уағыздауды ерте деп санайтынын мәлімдейді. Ол бұл жағдайға орай осылайша мұсылмандарды өздеріне қарсы ашуландырмау қажеттігін айта келе, қазақтардың өзімізге және қазақ миссионерлік мектебіне деген сенімді жоғалтпау үшін қажеттігін ескертеді. Миссионерлік жұмыстың жағымды жақтарының бірі Жымпиты, Бөрлі қазақ базарлары, онда қазірдің өзінде православтық шіркеу немесе дұға үйі бар деп мәлім етеді [421, 95-п.].

Қазақ даласында мешіттердің көбеюіне татарлардың осында келіп қана қоймай, ол жерде қазақтармен бірігіп, сауда жасап, етене араласуы мешіттердің санының өсуіне әсер етті делінген. Мұрағат дерегінде жазылғандай татарлар жасырын және құпия түрде исламды қазақтар арасына тарату мәселесінде ұйықтамастан жұмыс жүргізуде деп мәлімдейді. Деректе татар халқы бар Калмыков қаласында Орал татар-көпесінің қаражаты есебіне татарлар мен

қазақтар құлшылық ететін ең бай мешіт салынған делінеді. Бұл мешіттің орнына Ресейге және қасиетті шіркеудің игілігі үшін Христосқа деген ортақ сенімді арттыру бағытында жұмыс жасалуы керек еді, алайда исламның игілігі үшін мешіттер салынып, қазақ мұсылмандары арасында тез қарқынмен таралуда деген [422, 22-п.].

1902 жылғы Орал аймағындағы исламның жағдайы туралы Орынбор мұрағатында былай сипатталған: «Ислам бұл облыста жүйелі түрде ұйымдастырылды деуге болады: мешіттер, ресми молдалар, хазіреттер және мұсылман ұстаздары және намаз оқушылар деп аталу құқығын артықшылықпен пайдаланатындар саны әбден жеткілікті, соңғылары Ыстамбул немесе Карғалы посадасында оқып шыққандар, ресми түрде ашылған немесе жеке меншік медресесі, не мектебі жоқ ауылдар кем де кем, мұсылманша сауаты жоқ, араб тілінде оқи алмайтын және исламның пайдасына екі ауыз сөз айта алмайтын қазақтарды (қырғызды) сирек кездестіресіз» [423, 108-110-пп.].

Мұрағатта сақталған православиелік миссионерлер қоғамының Орынборлық епархиясы комитетінің 1914 жылғы есебінде қазақтардың миссионерлерге қатысты әрекеті сипатталған: «Мұсылман қазақтар (қырғыздар) православиелік дін қызметшісін қас дұшпан көріп жүр. Миссионер Батпақты болысының № 5 әкімшілік ауылына барған кезде осындай көзқарасқа тап болған. Ол ауылда 15 жыл бұрын Орынбор көпесі Хусайнов салған тас мешіт бар, оның хазіреті сол ауылдың даңғой әрі дінге берілген қазағы (қырғызы) Мұхаммед-Керей Меңдіқұлов. Ол ауыл аумағында миссионер екі аптадан астам уақыт тұрған. Көбінесе хазірет одан, онымен кездесуден қашып жүрген. Миссионердің ауыл мектебіне тұрақтағанына ол қынжылып, ызаланып, мектептің қамқоршысы ретінде мұғалімге ауылдан кеткенінше сөйлесуден бас тарта бастады. Осы жағдайлардың болуы себебінен қазақтардың (қырғыздардың) арасында миссионер болып жүру онша оңай емес, сондықтан миссия ісінің анық әрі тез табысты болатынына сене қою қиын» [424, 18-п.].

Православиелік миссионерлер қоғамының Орынборлық епархиясы комитеті Қазақ даласындағы мешіттегі молданың сабақ беруін былайша сипаттаған: «Исламды насихаттауда сахара даланы кезіп жүретін татардан шыққан ұсақ саудагерлер мен зат таратушылар молданың көмекшілері болып табылады, олар қазақтардың (қырғыздардың) қонақжайлығын пайдаланып, оларды татар және қазақ (қырғыз) тіліндегі түрлі кітапшалармен қамтамасыз етіп отырады. Осылайша қазақтар (қырғыздар) арасында ислам нық орнап барады және қазақтардың (қырғыздардың) татарлануы да үздіксіз жалғасуда»- деген [424, 18-п.]. (Қосымша сурет - В.3, В.4)

XIX ғасырдың аяғынан бастап Қазақ даласында мешіт те, діни тұлғаларда көбейді. Исламдық фанатизмнің өріс алуынан сескене бастаған Ресей патшалығы елде мешіттер салуға тыйым салғандығын мұрағаттағы әкімшілік құжаттары растайды. Торғай үйезінің Наурызбай болысының молдасы Хұсайын Өтекиевтің мешіт салуға сұранысы 1883 жылы 11 қарашада № 5395 Торғай облысының әскери губернаторы тарапынан қолдау таппаған [425, 1-п.]. 1870 жылы 4 сәуірде № 1518 Илецк үйезінің басшысы болыстарды аралаған кезінде

әр қазақтың өздеріне сыйынатын мешіт салуға рұқсат сұрағандығын Торғай облысының губернаторына жазған рапортында көрсеткен. Үйезд басшысының ойынша әр болысқа мешіт ашуға рұқсат беру бір жағынан мұсылмандық фанатизммен ластанбаған қазақ балаларының жастайынан орыс насихаттаушыларының ықпалында болуына әсер етеді деген [426, 1-3-пп.].

Іс жүзінде рұқсатсыз мешіт салынғандарды заңнаманың 1073 қылмыстық қудалау бабы бойынша жергілікті басқару әкімшілігі арқылы жазалап отырған. 1891 жылы 28 ақпан айында ІІМ-гі Торғай облысының әскери губернаторы қазақ Тлеубердиевтің рұқсатсыз тұрғызған мұсылмандық ғибадатхана үйін жабуға және жазалауға рұқсат берген [425, 4-п.]. 1073-бабының 2-бөлімінің дәл мағынасына сәйкес Торғай облысындағы бастықтардың рұқсатынсыз салынған мешіттерді белгілі бір шараның бұзылған тәртіпті қалпына келтіру үшін қаншалықты қажет болатынына қарай, түзетуге, басқа орынға ауыстыруға немесе мүлдем жабуға жатады деп тануға болады делінген [425, 6-п.].

1896 жылы 20 наурызда Ақтөбе үйезі мен Торғай облысы басқармаларының арасындағы рапорттық құжатта мешітті қайта қалпына келтіріп, жөндеуге алым жинауға рұқсат бермеу туралы айтылған. Онда Дала Ережесінің 36-шы және 99-шы баптары негізінде Каратоғай болысындағы қазақтарынан 1873 жылы салынған, бірақ қазіргі кезде бос тұрған болыстық мешітті жөндеуге 400 рубль мөлшерінде алым жинау туралы айтылады. Әкімшілік бұл сұранысты қоғамнан алым жинау еш негізсіз, тіпті кейбір мүшелерге ауыр болады деп шешкен. Егер ескі мешіт қабырғаларын облыстық архитектор қайта қалпына келтіру мүмкін деп танып, оған бастықтардың арнайы құқығы берілсе ғана болады делінген [425, 10-п.].

1898 жылы 26 маусым айында Торғай облысының әскери губернаторының үйездік басшыларға ІІМ-нен келген тапсырманы хат арқылы жеткізген. Оның мазмұнынан көргендей аталмыш облыстың болысында іс жүзінде бір болысқа бір мешіт нормасынан артық ислам ғибадатханаларын тұрғызуға рұқсат бермеуі туралы баяндалады. Әскери губернаторлар үйездік басшыларына ғибадатханаларды салуға рұқсат беру кезінде олардың жанында мектебі болмайтынын анықтауды ұсынған [426, 19, 19-п.]. Жағдайы бар байлар арасында мешіт салып, мектеп-медресеге мұғалім алдыртып жасөспірімдердің оқуына жәрдем жасаған адамдар да кездесіп отырған. Мысалы, Торғай үйезі № 1-ші болысының Қайғы деген жерінде Тұрлығұл бай мешіт салуға жәрдем жасаған. Мешітте халыққа бірнеше жыл бойы имам-молда Мұртаза дәріс берген [427].

Қостанай уезі Дамбар болысы № 4-ші әкімшілік ауылының қазағы Амантай бай Байқанұлы өз күшімен Тобыл бойында 3 мың сомға мешіт салған [428].

Ақтөбе уезі Тұзтөбе болысы 5-ші әкімшілік ауылдың биі Мұқаш Құрамысұғлы Тұмарөткел деген жерде өз қаражатымен 7 мың сомға мешіт тұрғызған. Кейін 1905 жылы онда мектеп салынып, 8 жылдай балалар орысша оқыған. Мектеп кейін кеңейтілген. Тұзтөбе болысы балалары қазына есебінен оқытылған [429].

Мешіт салып, ел арасында рухани қызмет еткен қарапайым қазақтарда болған. Ақтөбе үйезінің 2-ші Бөрте болысының тұрғыны Сабыр Байеділдің елге жасаған пайдасы: мешіт салып, рухани салада қызмет еткен қасиеттеріне ризашылық білдірілген. Мешіт жанынан екі класты мектеп ашқан. Мешіт іші кең, жары биік, мұнарасы ұзын тұрғызылған. Мектепте 50 бала оқыған. Шығыны қазына есебінен болған және орыс тілінде екі орыс мұғалімі, мұсылманша мешіттің имамы Алдияр Қыдырманали оқытқан екен. Алдияр хазірет жас балаларға жаңа тәртіппен жазусыз сарт, әзірбайжан тілінде жазылған кітаптарды оқытқан [430, 431].

Мұрағатта Ішкі Орданы басқару туралы Уақытша Кеңестің ОМДМ-не 1870 жылы 1 қазанда № 3781 жазған хаты сақталған. Онда Ордадағы мешіттер, медресе мен ондағы діни қызметкерлер мен тұрғындар саны және діни қайраткерлерге діни атақтар қай жылы, күні, кім арқылы берілгендігі сияқты туралы толық мәліметтер келтірілген.

Орданың 1870 жылы есеппен алғанда Нарын, Талов, Қамыс-Самар, Қалмақ, Торғын, 1-ші және 2-ші Приморск округтеріндегі елдімекендер, мешіт, медресе, тұрғындар саны мен медреседен білім алушылар мен молдалардың жеке үйіндегі медреселер туралы ақпарат (қосымша кесте - Г.1) берілген. Мешіт пен медреседе қызмет еткен дінбасылар туралы ақпарат (қосымша кесте - Г.2) көрсетілген [432, 2-п.].

Ішкі Орданың 1891 жылғы көрсетілген 7 округтердегі мешіт, медресе, тұрғындар саны мен медреседен білім алушылар туралы ақпарат (қосымша кесте - Г.3) берілген [433, 9-п.]. Сондай 1891 жылғы есеп бойынша мешіт пен медреседе қызмет еткен дінбасылар туралы мәліметтер (қосымша кесте - Г.4) келтірілген [433, 10-п.]. Қалмақ және Қамыс-Самар округтеріндегі 1894 жылғы есеппен алғанда мешіттердің саны тиісінше 7-13-ке жетті, ал ондағы мұсылман дінбасыларының алған шендерін (қосымша кесте – Г.5) көрсетілген [434, 22-п.].

1870, 1891 және 1894 жылдардағы діни ахуалға анализ жасау арқылы мынадай тұжырым жасауға болады. Бөкей Ордасында мешіттің – күмбезді және бесуақытылы екі түрі болған. Онда 1870 жылы – 99, 1891 жылы – 76, 1894 жылы – 20 мешіт тіркелген. XIX ғасырдың аяғында мешіттердің саны едәуір азайғанын көреміз. Молдалар метірке кітабына адамдардың тууын, қаза болуын ер адам, әйел адамын бөліп анық тіркеп отырған. Жыл соңында өзінің елдімекені бойынша метіркеге тіркеген ер адам мен әйел адам санын шығарған. Мұның өзі тұрғындардың демографиялық қарқынын анықтауға мүмкіндік береді. Бөкей Ордасы бойынша мешітке тиесілі жан сыйымдылығына назар аударсақ, 1870 жылы барлық ерлер – 24 364, әйелдер – 13 563; 1891 жылы ерлер – 54 912, әйелдер – 42 014; 1894 жылы ерлер – 26 012, әйелдер – 23 469 тіркеуге алынған. Көрсетілген жылдарға назар аударсақ демографиялық өсім байқалады. 1870 жылы ең аз көрсеткіш болса, 1891 жылы ер және әйел адамдар арасында жоғары көрсеткіш болған. 1894 жылы адамдар саны сәл азайған.

Ал мұсылман дінбасыларына келсек 1870 жылы – 82, 1891 жылы – 60, 1894 жылы – 20 ресми молда хан Жәңгірдің немесе Орынбор генерал-губернаторлығымен мешіттерге қызметке бекітілген. Діни қызметкерлер ресми

атақ алу үшін ОМДМ-да сынақтан өткен. Орынбор мүфтилігі ресми молдалардың ішінен жасаған қызметіне қарай ахун лауазымына көтерген кездері де болған. 1891 жылы 3 осындай молда ахун және 1894 жылы 5 ресми молда ахун дәрежесіне көтерілген. Ахун дәрежесіне өсу мұсылман дінбасылары арасында үлкен мәртебе болған. Мүдәррістер 1870 жылғы есепте 21 болса, мұхтасибтер – 24, азаншылар – 2, жеке молдалар – 23 болған. 1891 жылғы есепте 2 азаншы, 37 – хатиб, 20 – имамды байқауға болады. 1891 және 1894 жылдардағы есепте мүдәррістер, мұхтасибтар, жеке молдалар, күмбезді және бесуақытылы мешіт имамдары аталмайды. 1870 жылы бесуақытылы мешітте имамдар 38 болса, күмбезді мешіттегі имамдарды 1870, 1891 және 1894 жылдары да есептен көре алмаймыз [431, 432, 433].

Мешіттер діни орталықтар ғана емес, сондай-ақ мұсылмандардың барлық рухани өмірінде және білім таратуда үлкен рөл атқарды. Әрбір мешіттің жанынан ашылған мектеп пен медреседе дінбасылар жұмыс істеді [435, с. 33].

Бір болысқа бір бір мешіт болуының өзі шалғай жатқан ауыл балаларының оқуына қиындық тудырған. Ауылдар кейде болыстан қашық жерлерде орналасқан. Мұрағат деректерінен Ішкі Ордада жас балаларды оқытумен айналысатын жеке молдалар болғанын көреміз. Сол себепті де молдалар үйден сабақ беру міндетімен айналысты. Кейбір жағдайда медресе молданың жеке үйінде болатын. Осындай молдалар қазынадан немесе қоғамнан ешқандай ақша алмайтын, тек әріптерді білетін баланың ата-анасы немесе туысқандары малдай немесе басқалай мүмкіндігінше төлеген. Қарап отырсақ, жеке молдаларда аз болмаған. Мәселен, 1870 жылы көрсетілген Орданың 1-ші Теңіз жағалауы округінде– 19, ал 2-ші Теңіз жағалауы округінде – 4 жеке молдалар балаларға сабақ оқытумен айналысқан [30, 4-5-пп.]. Мұрағатта Қостанай уезінде 263 жеке молда балаларға сабақ берумен шұғылданғаны көрсетілген [436, 24-п.].

XVIII-XIX ғасырларда Солтүстік, Шығыс, Батыс Қазақстан және Алатау баурайының орманды аймақтарында мешіттер ағаштан салынды. Оңтүстік өлкелерінде ағаштан салынған мешіттер аз болды. Мешіттер мұнда Таяу және Орта Шығыс, Орталық Азия елдеріндегідей, көбінесе, кірпіштен тұрғызылған және сәулеттік өнері Иран, Орта Азия үлгісімен салынған. Батыс Қазақстанда ғибадат құрылыстары Ресейдегі, Татарстан мен Башқұртстандағы мешіттерді ұқсатады. Еліміздегі мешіттердің салынуынан татар халқының көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарының еңбегі нақты байқалды. Татар байлары мен көпестері мешіт салдырып ғана қоймай, имамдық та етіп, жергілікті халықтың діни сауатын ашты. Сөйтіп Қазан төңкерісіне дейін қазіргі Көкшетау, Петропавл, Қостанай, Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Семей, Ақтөбе, Атырау, Орал қалаларында көптеген мешіттердің іргетасы қаланды [437, б. 17].

XX ғасырдың басында Ақтөбе үйезінде 200-дей, Бөкей Ордасында 78-дей мешіт пен намазханалар жұмыс істеді [438, б. 18]. Ақтөбе үйезіндегі сәулеттік ансамбльдер мен құрылыстарының көп түрлілігі: өзіндік сипаты бар қорымдар, діни-тұрғын кешендері, түрлі типтегі мешіттер, әрқилы кесенелер, сағанатам және төртқұлақ сәулет қоршаулары, тастан қашалған стелалар мен қабіртастар,

мұнара тәрізді ескерткіштер және т.б. Арал мен Орал таулары арасындағы кең даланың сәулетіне ғана тән сипат болып табылады [87, б. 4].

Олардың Маңғыстауда, Солтүстік Үстіртте, Солтүстік Арал өңірінің жекелеген аудандарында көбірек тараған түрлері: жартасты жер асты, далалық еден үстіндегі (қарапайым), жер үстіндегі қабырғалы (сәулетшілік). Солтүстік-Шығыс Каспий өңірінде осындай құрылыстардың жер асты және жер үсті үлгілері кездеседі. Шақпақ ата, Қаңға баба, Бекет ата, Досжан ишан (Қайнар), Дүйсенбі ақын, Исатай мешіттері үздік ескерткіш үлгілеріне жатады [88, б. 64].

Көшпелі қазақ қоғамында XIX ғасырға дейін діннің екі ықпалы болған. Оларға оңтүстік аймақтағы сопылық бағыты ықпал жасаса, ал батыс-солтүстікте татарлардан келген ханафи-мазхаб бағыты әсер еткен. Міне Маңғыстауда, Үстірттегі жалпы Қазақстанның батыс өңірінде салынған күмбезі мен терезесі бар мешіттердің бой көтеруі сол татар халқының әсер еткен мәдениеті. Яғни қазақтардың тең жартысы татарлардың ықпалы мен ханафи-мазхабы бағытына қарай бет алса, ал қалған жартысы оңтүстік өңірі сопылықты ұстанады. Татар мешіттерінің құрылысына қарап батыста күн сәулесі түсіп іші жарық болып тұратын күмбезді, терезелі мешіттерді көп кездестіреміз. Ал сопылық таралған оңтүстікте терезесі жоқ мешіттер көп, олар қараңғы жерде зікір салуға ыңғайлы болған. Сондықтан бұларды зікір салатын мешіттер дейді. Осыдан келіп терезесі мен күмбезі бар мешіттермен зікір салатын мешіттер арасында бос кеңістік қалып, моламен мешіттердің бірігуінен ханака мешіттері пайда болады. Бұларға мәселен Меңдікөл-1, Меңдікөл-2, Ғаппар моласы жатады [I].

Қазан шеберлерінің Солтүстік және Батыс, Орталық Қазақстанға мешіттерді салуға қолайлы деп ұсынған жобалары, біз қарастырып отырған өлкеде түрі, көлемі біркелкі, шағын, қарапайым, бірақ өте мықты қалыпта екендігін байқауға болады. Бір ерекшелігі, батыс өңіріндегі мешіттерде күмбез орнатылмай, мұнараның төбесі бір не екі сүйір шатырлы етіп салу дәстүрі орныққан [438]. Ғибадат орындарын «жами», «забия» (завийа) мешіттері және «ханака деп саралауға болады. Жами деп күмбезді мешіттерді айтамыз. Онда шариғат үкімі бойынша жұма, айт намаздары оқылады. Ал забия мешіттерде шариғат үкіміне сай болмағандықтан тек күнделікті бес уақыт намаздар ғана оқылады. Қазақстан мешіттерінің басым көпшілігі ежелден жами мешіттер еді. Ал намазханалары аз шағын елдімекендердегі Алла үйлері забия мешіттер қатарына жатқызылды. Забия арабтың зауия сөзінің бұрмаланған түрі. Зауия деп Машриқ (Шығыс) араб елдерінде ертеректе сопылардың, Мағриб (Батыс) араб жұртында марабуттардың мекенжайын айтқан. Әдетте зауия деп мешіттердегі қасиетті Құранды оқып үйренуге арналған жеке бөлмелер аталған. Кейінірек уағыз айтатын, діни насихат жүргізетін, шәкірттерге дәріс беретін сопы үйлері мен мекенжайлары да осындай атау алған. Бертін келе кішігірім мешіттер зауия (забия) деліпіп кеткен. Ханака да мағынасы жағынан зауияға жақын. Бұл сөз де сопыларға байланысты шыққан. Ханака деп тұрақты үйлері жоқ сопылар тұратын, зікір салатын, діни рәсімдер атқаратын мекен-жайлар, тұрақтар аталған [93, б. 46]. Жұма мешіттері үлкен болған, әдетте жұма

намазын өтеуге арналған. Қалада бір жұма мешіті тұрғызылуы тиіс болған. Мұндай мешіттердің сыртқы қабырғасына жанастырыла немесе бір бұрышына мұнара салынған, алайда ол мешіттің міндетті бөлшегі болып саналмайды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап мешіт жанынан медреселер көп салынды. Жалпы «медресе» сөзін аударғанда «тәлім (сабақ) алатын орын» дегенді білдіреді [93, б.107]. XIX ғасырдың екінші жартысында медреселер көбейді. Қазіргі Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласындағы Мұтыгия (мұнда татардың талантты ақыны Ғабдолла Тоқай 1886-1913 жж. оқыған) және Бузуов медресесі, өз кезіндегі белгілі білім ордалары еді [437, б. 25]. Бөкей Ордасында есеп бойынша 1870 жылы 122, ал 1891 жылы 56 медресе болған. 1894 жылғы есепте тіпті медресе көрсетілмеген [432, 433, 434].

Мешіт пен медресе салу жергілікті әкімшіліктің қатаң бақылауына қарамастан дінбасылар тарапынан салынып отырған. Илецк үйездік басшысы Торғай облысының әскери губернаторына ишан Жұмағали Мусин туралы жинаған ақпаратын баяндаған. Жұмағали ишан Тұз-төбе болысының № 5 әкімшілік ауылының Көкпекті өзені қасында 1879 жылы 19 сәуірде өз қаржысына мешіт пен медресе салған. Болыстық съездің рұқсатымен үкім шығып, жоғарғы биліктің еш рұқсатынсыз жасалған. 1884 жылы циркулярлық жазба бойынша қатаң түрде болыс басшысы мен ауыл старшындығына әскери губернатордың еш рұқсатынсыз ендігәрі қандай да болмасын мешіт салуға болмайтындығы айтылған. Діни ғимараттар туралы болыс басқарушысының циркулярлық жазбадан соң тіпті бұған дейін салынған ғимараттар туралы жеткізбегенін жазған [438, 8-п.].

1890 жылы тамыз айында Орынбор оқу округының Торғай облысының мектеп инспекторы жергілікті әскери губернаторға рапорт жазған. Онда хазірет Мусинның медресесі туралы баяндайды. Осындағы меценаттың 1889 жылдың 12 мамырындағы № 1277 қаулысы бойынша хазіреттің медресесінде орыс класын ашу көзделген. Инспектор онымен кездесіп, медресенің жай-күйін анықтаған. Инспектордың баяндауынша мешіт мен медресе Илецк бекінісінен оңтүстік-батысына қарай кіші Қобда өзені бағытына қарай орналасқан. Мешіттің 10 жыл бұрын еш техникалық жағынан ескерілмей салынғандығы айтылған. Салыну жоспары Илецк үйездік басқарушысының 1890 жылы 23 ақпандағы хаттамасында көрсетілген. Мешіт жазғы және қысқы 3 бөлмеден және медресе 3 бөлмеден бөлінгендігін айта, инспектор бөлмені және басқа сыртқы құрылысына тоқталмай кеткенді жөн санаған. Инспектор бөлмелерге бөлінуінің өзі балаларды діни мақсатта тәрбиелеу мен олардың араласуына толықтай жауап береді деп есептеген. Медресе бөлмелерінен ол орыс класын ашуға және мұғалімге жарамды орын таба алмағандығын айтқан. Инспектор Мусинмен кездесуінде оның бұл жерде таза судың тапшылығына байланысты Қобда жеріне барып жаңа мешіт пен медресе салу ойын естіген.

Инспектор ишанның қолында 10 сиырынан басқа қаражаты жоқ хазіреттің орыс класын салуға 2-3 жыл қажет деген ойына былай: «...ескі мешітті жоймай жаңа медресе мен мешітті салудағы мақсаты білімді мұғалім мүдәрістерді шақыру, ислам дінін уағыздайтын шығармаларды жинау,

тыныштықта ислам тақырыбын үгіттеу арқылы жақын жерлерге исламды тарату болып табылады. Мусинның бұл ісін жүзеге асыру үшін жаңа медреседе кітапхана, 200-ден астам араб, бұхарлық, татарлық кітап даналары бар болып шыққандығын айтады. Медреседе 23-30 жас аралығындағы үш жас мұғалім бар және оның ішінде біреуі хазіретке жаңа өзгерістерге белсенді қадам жасауға көмектеседі» деген түйіндеме жасаған. Нәтижесінде инспектор Мусинге жоспарын іске асырмас үшін тыйым беруді ұсынған. Сол себептен хазірет Мусин жаңа мешіт пен ғибадатхана салуға рұқсат сұраганмен, әкімшілік билік рұқсат етпеген [439, 21-22-пп.]. 1910 жылы Торғай облысында 111 мешіт, 247 ғибадат үйі тіркелген; Қостанай уезінде 53 мешіт, 31 ғибадат үй болғанын мұрағаттар растайды [433, 9-55-пп.].

Патшалық Ресей әкімшілігі мешіт пен мұсылман дінбасыларына қатысты қатаң бақылау орнатып отырды. Оған мына мұрағат құжаттары да куә. 1908 жылы 20 қыркүйекте Торғай губернаторына құпия түрде жеке жандарм корпусы офицерінен жазылған хатта Ақтөбе қалалық мешіт молдасы Ғұмар Абдулвалеев атына қатысты мәлімделген. Қаланың мұсылман тұрғындары З. Бахтияров, Н. Мухамедьяров, М. Салимов, Т. Хамулитин, Қ. Марозов және А. Латыпов тарапынан тамыз айында Ақтөбе жандармалық бөлім басшысына өтініш келіп түскен. Құпияхаттан көргендей Ақтөбе қалалық мешітінің молдасы Ғ. Абдулвалеев мұсылмандар арасында революциялық үгіт-насихат жүргізіп, мұсылмандарды қарулы көтерілістермен Ресейдің қатыгездігінен және азаптарынан азат етуге шақыруда деп көрсеткен. Сондай-ақ молда мен оның ақтөбелік жолдастары, көпес Амаковтың мұсылмандар арасында қылмыстық сипаттағы мәлімдемелер таратуда деп айыпталған. Офицер губернатордың жеке тапсырмасы бойынша бұл іс бойынша құпия тергеуді бастағанын мәлімдеген [439, 15-п.].

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының губерниялық әкімшілік қоры құжаттарына сүйене отырып берген дерегіне қарағанда 2-ші Орал мешіті Царицын, кейін Сталин, 1953 жылдан 8-ші март көшесінде орналасқан. Бұл салынған қызыл тасына қарай Қызыл мешіт атауын алған Мухаммед-Гариф Тулбаев мешіті 1871 жылы көтерілген көне мешіт. Сонымен қатар оның 1832 жылы салынғаны туралы деректерде кездеседі [440, б. 4].

Ғабдул-Рахиб Тұлбаев атындағы Орал қаласындағы Қызыл мешіт көне тарихы терең ғибадатханалардың бірі, бірақ, оның жобасының авторы мен салушысы белгісіз. Ғимарат құрылысы татар сәулет өнерімен салынған. Екі қабатты, қабырғалары қызыл кірпіштен қаланған. Мешіт жанында екі қабатты үлкен медресе ғимараттары да болған. Ал қазіргі уақытта мешітпен қатар салынған екі қабатты ескі медресе Кеңес үкіметі тұсында жатақхана болып, кейінірек жекешеленіп тұрғын үйге айналған. Бұл мешітте екі имам қызмет атқарған, бірі қазандық Мутыгулла Тухватуллин. Екіншісі Ғабдул-Рахиб Тұлбаев шамамен 45 жыл имам болған. Ол кезінде Орал қаласының қазақ және татар зиялылары оқыған Рахибийя медресесін ашқан. 1908 жылдан мешіттің бас молдасы ретінде Ғ.Р. Тұлбаев бекітілген, ал Мутыгулла Тухватуллин сол мешіттің кіші имамы дәрежесін атқарған [II].

Жергілікті татар мәдени орталығының төрағасы Р. Хайруллин есімді кәсіпкер азамат осы ескіріп, бұзылуға сәл қалған мешітті қайта қалпына келтіру үшін құзырлы мекемелерден рұқсат алып, 2005 жылдың 1 мамырында жөндеу жұмысына кірісіп, келесі жылы қолданысқа беріп, халыққа қызмет атқаратындайқайтадан қалпына келтірді [III]. Орал қаласындағы үшінші мешіт Трудовая, кейін №52 Рабочая деп аталған көшеде орналасқан. Мешіт 1891 жылы салынған, онда 1898 жылдан Қабиболла, 1901 жылдан бастап Ғайнетдин молдалық қызмет атқарған. 1929 жылы осы мешіттен 263 адам, соның ішінде 94 әйел мұсылманша сауат ашқан [440, б. 4].

Халық сәулетінің бірегей және бөлігітобы Үстірттің солтүстік шыңы аймағында орналасқан, ол ел аузында Доңызтау деп аталады. Доңызтау шатқалы тар мағынада – Шаған өзені сағасы мен оның кең тасқындары аймағындағы Үстірттің солтүстік шетіне жайғасқан ойпат. Солтүстік Үстірт сәулетінің неғұрлым маңызды ерекшелігі – таңқаларлық діни-тұрғын кешендерінің болуында. Мұнда терең де кең сайлардың жағасы мен баурайларында XIX–XX ғасырлардың басында қазақ қоныстарының шамамен 30-ы орналасқан. Олар өңделген және өңделмеген тастан салынған тұрғын-жайларды, мектептері бар мешіттерді, қорымдарды қамтиды. Этноархеолог, ғалым С.Е. Әжіғалидің айтуынша Доңызтау мешіттерінің архитектурасы өте ерекше. Доңызтау діни-тұрғын кешендері тек Батыс Қазақстанда емес, Еуразия даласының мәдениеті мен архитектура тарихында төл, қайталанбас құбылыс болып табылады. Оның көрнекі дәлелі – тілінген тақтатастан және өңделмеген кірпіштен салынған тікбұрышты құрылыс, солтүстік шыңда орналасқан Ақсай 1 (Әріпмола) кешеніндегі мешіт. Неғұрлым бұдан да күрделі Ащы айрық, Сүлікті, Қайнар, Сұлтан ақын және т.б. мешіт-кешендер де таралған [87, б. 13].

Үстірттегі тарихи-діни кешендерінің орны зор. Сүлікті кешеніндегі және Үлкен Жыбысқы кешеніндегі шөмішті-табын руының қаражон бөлімінен шыққан Мамаш салған бес бөлмелі мешіттер халыққа қызмет еткен. Мамаштың балалары – Жолман мен Сейітқұл осындағы және жақын жердегі Кіші Жыбысқы мешітінің ишандары болған [86, с. 106]. Доңызтаудың оңтүстігінде Сұлтан ахуннің екі жылдық мектебі бар болған, онда біраз ұл (дерек берушілердің айтуына қарағанда, 500 шәкіртке дейін) оқыды. Осындағы Ақсай-2 қорымында көп камералы күмбезді мешіттерде кездеседі. Жергілікті тұрғындар оларды Жақсы Ақсай және Жаман Ақсай деп атайды [87, б. 10]. Халық арасында олардың атауымен белгілі байырғы көктеу, күздеулік қоныс орындары Доңызтаудың Солтүстік Үстіртке көтерілетін шатқалдарында орналасқан. Халық арасында сақталған дерек бойынша Жақсы Ақсай мешіті XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Нұржан ишанға тиесілі болған [441, б. 15].

Ойыл өзенінің алқабында XIX ғасырдың екінші жартысы мен – XX ғасырдың басындағы азаматтық, діни сәулет үлгілері баршылық екенін атап өткен жөн. XIX ғасырда Батыс Қазақстандағы ірі діни қайраткер Досжан Қашақұлының атымен байланысты Ишан ата діни-тұрғын кешені белгілі. Әсіресе, шикі кірпіштен қаланған көп камералы мешіт ерекше қызықтырады,

онының ішкі көрінісінде ганч үстіне түсірілген әсерлі фрескалық көркем өрнектер әлі де сақталған [87, б. 25].

С.Е. Әжіғалидың бастауымен жүргізілген экспедициясы кезінде түсірілген фотосы мен 2020 жылы жүргізген зерттеу бойынша салыстыру жүргізілді. Серік Ескендірұлының экспедициясы Досжан ишанның ең бірінші салған Доңызтаудағы Қайнардағы мешітінің XIX ғасырдың екінші жартысы мен келесі XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі мешітін фотосуретке түсірген. Алайда қазіргі таңда салыстыру жасағанда мешіт жағдайы нашар. Ауа райына байланысты жыл өткен сайын құлау қаупінде тұр, ал тастары отырған [87, б. 44-45]. Тарихи-архитектуралық тұрғыдан 1868-1870 жылдары негізі қаланған Темір қаласының өз ескерткіштері қызығушылық тудырады. Әсіресе діни ғимараттар осы күнге дейін өз қалпын жоймаған. Бұл – 1907 жылы тұрғызылған мұнаралы, 2-қабатты Мәжит Фаткуллиннің мешіті, ол жөндеуден өткізілген, қазір де қызмет көрсетеді [87, б. 27].

Ұлы Қобда, Елек өзендері алқаптарында да (Томпақ мешіті) және Ақтөбе-Орал тас жолының оң жағында XX ғасыр басына жататын Шакен-ишан (Шаймерден) мешіті орналасқан. Сонымен қатар Елек алқабындағы Жоламанның, Ердебай хазіреттің, Атыолла хазіреттің, Қарабұтақ ауылындағы Нүрпеке мен Нәзірғали ишандардың мешіттері мен олардың қалдықтары белгілі. Өр ауылының жанындағы мешіт пен мектеп-медресе кешені аса қызықты, ол тікбұрышты жобадағы екі тас ғимараттан болғанымен, михрабы айқын білінеді [87, б. 31-33; IV].

Михраб (мағүріп – араб тілінен аударғанда «қуыс», ойықша», «ғибадатхана») деген мағына береді, қазақы ортада «құбыла қуыс» деп танылған. Михраб – мешіттің ажырамас бөліктерінің бірі, ғибадатқа келген жамағатқа құбыланың бағытын көрсетіп тұратын орын. Исламдық сәулет өнерінде михраб салудың осы үлгісі сан ғасырдан бері қолданылып келеді. Қазақ даласында қолданыста болған михрабтың шығыс елдері михрабтарынан ерекшелігі жергілікті материалды қолданып салуы мен ою-өрнегінде. Шығыстық михрабтарда өсімдік типтес ою-өрнектер безендірілсе, дала мешіттерінде зооморфты өрнектер басым болды. Доңызтаудағы Тасқабақта Жұмағазы ишанның шикі кірпіштен салдырған мешітінің михрабының ерекшелігі – ішкі ойығының төбесі тұйықталып, кесектерді қырынан қалау арқылы шығарылған. Михрабтың бұл түрінде исламдық және қазақтың дәстүрлі құрылыс өнерінің мәнері астасып жатыр [V; 442].

Доңызтау, Солтүстік Үстірт үстіндегі тастан тұрғызылған Изенағаш мешіті михрабының түбі ішіне қарай тереңдеп, жоғарғы жағы тарыла отырып күмбезденуі исламдық сәулет өнерінің ерекше далалық стилін айғақтайды [87, б.33].

Солтүстік Арал өңірі ескерткіштері екі топқа: нақ Солтүстік Арал маңына және Ырғыз-Мұғалжарға бөлінеді. Ырғызда XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы мешіттер тобымен берілген ғибадаттық архитектура да дамыды. Мысалы, Белқопа ауылынан оңтүстікте биіктігі 11 метрден астам күйдірілген кірпіштен қаланған мұнара түріндегі құлпытас – төртқара руының

Ділмағанбет мешітінің қалдықтары соңғы уақытқа дейін сақталған. Мешіт 1905-1910 жылдары Өлден-ноғай шеберінің басшылығымен салынған, онда қызметтік және шаруашылық бөлмелер кешені болған, бірақ 1937 жылы оны бұзып тастаған. Соңғы жылдары осы аса маңызды ескерткіштің мұнарасы да құлады. Осы типтегі ескерткіштердің құрылысы туралы толық мәліметті Торғай өзенінің сағасында орналасқан Дүйсенбі мешіті береді. Оны да 1909-1913 жылдары Орынбордан (немесе Уфадан) шақырылған шеберлер, бірақ шөмекей-тоқы руынан шыққан ишан Дүйсембі Имашұлының басшылығымен салған. Жобасында тік бұрышты, екі ішкі бөлмесі бар ғимарат күйдірілген кірпіштен қаланған, шифер шатыры арқалық-бөренелі жабудың үстіне орнатылған. Солтүстік-шығыс қасбеті үстінде биіктігі 19 метр сегізқырлы мұнарасы көтеріліп тұр, ал қарама-қарсы фасадта михрабтың апсидасы көрінеді. Дүйсенбі мешіті – Солтүстік Арал маңындағы маңызды діни ескерткіш, оған ұқсатып шикі кірпіштен де қаланған құрылыстар кездеседі. Осы төңіректе орналасқан және 1920-шы жылдары Шомбал Бектасұлының басшылығымен салынған Исатай Сатыбалдыұлының мешіті де осындай [87, б. 40-42].

Жалпы Дүйсенбі ишанның халық қаржысына мешіт салдыртуы, оған Уфа, Орынбор қалаларынан шеберлердің қатысуы діни қайраткерлердің халықаралық байланыс орнатып отырғанын аңғартады. Оған дәлел ишанның мешітіндегі Еділ бойы халықтарының ою-өрнектерінің көрініс табуы [443, б. 381].

С.Е. Әжіғалидің түйіндемесінде Ақтөбе аймағындағы діни ғимараттар – мешіттердің сан алуан түрлілігімен ерекше. XIX-XX ғасырларда бұл аймақта ортағасырлық дала архитектурасының дәстүрі сақталып, мемориалды-діни ескерткіштер түрлері мен пішіндерімен ерекшеленеді. Аталмыш аймақта XIX ғасырдың ортасынан мемориалды-діни сәулетшілік ескерткіштердің кең таралуына көшпелі қазақтардың жартылай отырықшылыққа көше бастауымен, тұрақты қыстауларды белсенді түрде жайластыруымен байланысты [87, б. 43-44].

Ақтөбе қаласында мешіт ғимараты 1907 жылы іске қосылған, бірақ Кеңес өкіметі оны мұсылмандардан тартып алып, баспаханаға ауыстырған [439, б.381]. «Хусаиния медресесі конторасының жылдық және өндірістік есебінде» Ақтөбе қаласында мешіт салуға 12 000 рубль қаржы бөлінгені туралы мәлімет берілген. Бұл қаржы Хусаиния медресесінің құрылыс салуға арналған капитал есебінен жұмсалған [112, б. 75]. Сондай-ақ, Шәкен ишан деген есіммен елге таралған Шәймерден Әбжанұлы да 1902-1904 жылдары қазіргі Алға ауданына қарасты Сарытоғайда татар шеберлеріне Қазан жобасымен мешіт салдырған. Сол мешіттің медресесінде мұсылман балалары білім алған. Мешіт Ақтөбе-Қобда тас жолы бойында қаладан 50 шақырымдай қашықтықта Бала Қобдаға жақындағанда көрінеді [VI].

Мешіттің іргесі қалақ тастардан басталып, ұлу тастармен әдемі өрілген. Суық жаққа бейім жары өте қалың, тастардың арасындағы ылайы сапалы иленгені көрініп тұр. Ұзынша үлкен терезелері күн шығысымен батқанынша

жағалай түсіп тұратындай орналасқан. Қатты қыста болмаса күннің көзінің жылуымен-ақ мешіт іші жылы болып тұрады екен. Азаншының мұнарасындағы айшығы 1928 жылы күшпен құлатылған. Бұрын қаңылтыр төбесі, әшекейлі су ағарлары бар екен, сыртын тегістеп қалың етіп сылаған. Кейін ол астық қоймасы болған, 1941-1945 жылдары соғыстан қашқандарды да осында қамапты. Бүгінде ол жаңартуды және реставрацияны күтіп тұр [444]. Сонымен қатар 1895 жылы бұрынғы Кіндіксай жерінде салынған Ізтілеу ишан мешітін де атауға болады. Бұл Сарытоғайдағы Шаймерден мешітімен қатар салынса керек. Ізтілеу ишан Жеті рудың жағалбайлысынан шыққан және өте сауатты болған. Мешіт салып, дінге бала оқытқан. Қазір мешіттің ағаш-тасы құлап тұр. Құрылыс материалы шикі балшықтан және тастан қаланған. Есіктер екеу, терезелері сегіз, бөлмелері үшеу, едендері емен ағашынан салынған. Кеңес үкіметі кезінде тартып алып, мектепке берген. 1947-1948 жылдары мешіт астық қоймасы, құс фермасы болған. Қазіргі кезде бір құран кітабы балаларының қолында сақталып тұр.

XIX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келіп, XX ғасырдың басында Қобда ауданының Қаратал елдімекенінде өмір сүрген Бекпан хазіреттің де ел арасында бала оқытуда қызметі зор болған. Руы – Тарақты табынның Кедейұлы. Ол Терісаққан өзенінің бойында Қаратал ауылында мешіт салып, жан-жақтан балаларды жинап оқытқан. Бекпан хазірет мешіт-медресесінен білім алуға ұмтылған шәкірттерін оқу орнымен қатар жатақханамен де қамтамасыз еткен. Бүгінде де құлап бітуге жақындаған мешіт-медресенің және жатақхананың орындары әлі бар. Ел арасында қажылыққа барып, діндар болған адамдар да мешіт салдырып отырған. Солардың бірі – Мұханбет Көшек Ақтөбе облысы Қобда ауданының Бесқопа қонысында XIX ғасырда дүниеге келген. Ол өз қаражатына мешіт салдырып, жастарды имандылық жолына баулыды [444].

Батыс Қазақстан облысының тұрғыны егде кісі Қанапия Мұхамбетқалиеваның естеліктеріне сәйкес Бөрлі ауданы әйгілі мешітпен белгілі. Информатордың айтуынша мұсылмандық білімнің таралуына Кердері руы болысына тиесілі Сұлтанғали Рысқалиев үш мешіт салған: бірінші Қызыл мешіт қазіргі Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының аумағында, кеңестік кезеңде Қызыл мектеп деп аталды. Екінші мешіт осы ауданының Ақ-құдық ауылында салынған. Үшінші мешіт осы облыстың Бөрлі ауданы Даниялкөл ауылында тұрғызылған [VII]. Аталмыш облыстың Жаңаталап ауылының Көктау бөліміне қарасты Игілік елдімекенінде Өтеген қожа өмір сүрген. Ол мешіт салып, балаларға мұсылмандық сауаттылықты үйретті. Кейін қожаның құрметіне қызы Жұмазия Есенғали ескерткіш (бейіт) тұрғызған [VIII].

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы мектебінде мұғалім, кейін директор болған қарт ұстаз Жолдығали Ербатыровтың естеліктерінен Дәулетияр ишан мешітінің, Соналы болысындағы Абдрахман ишанның Қызыл мешітінің рухани-ағартушылық қызметі туралы ақпарат аламыз. Бұл діни ғимараттарды 1920-жылдардағы Кеңес өкіметі жойып жіберген және бұзып алынған материалдары кеңестік мектептердің құрылысына қолданылған [109,б. 36-37].

Ұрпақтан калған мәдени ғимараттарды сақтау мақсатында Маңғыстау облысының тарихи-мәдени ескерткіштерін қорғау мекемесінің тапсырмасы бойынша арнайы Үстірт мешіттеріне экспедиция құрылған. Зерттеу кешені XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы аралығында қызмет жасаған Батыс Үстірт ернеуінде жатқан Жаманайрақтыдан бастап, Сам құмындағы Қошмағанбет ишан мешітімен аяқтап, барлығы 17 тарихи-діни объектіні аралаған. Үстірт шыңының өзі Маңғыстау аймағының тек Бейнеу ауданын емес, сонымен қатар Атыраудың Жылыой, Ақтөбенің Байғанин аудандары мен Қарақалпақстан территориясын алып жатқан алқап. Экспедиция құрамында жергілікті өлкетанушы, дінтанушы мен тарихшылар мешіттердің географиялық орналасуына қарай ерекшеліктерін көрсеткен. Мәселен, Батыс пен Солтүстік Үстірт шыңдарында орналасқан мешіттердің көбі әдемі тегістеліп жасалған, біздің өмірімізге белгілі ұлу тастармен қапталған, өздерінің көркемділігі жағынан жақсы, құрылыстардың арасында саз балшықтар қолданылса, ал Сам құмына түскен кезде ол жердің мешіттері көп саманнан саз балшықтан жасалған еді.

Бейнеу ауданынан 40 шақырым жердегі Көркембай Бектұрлы ата медресе-мешітінің қай жылы салынғаны белгісіз, бірақ 1929 жылға дейін қызмет еткен. Көркембай атаның ашқан ғимаратының бір жағы мешіт, келесі жағынан медресе болған. Мұндай мешіт Маңғыстауда жалғыз Көркембай ата мешітінде ғана. Құрылысы Хиуадағы Шерғазы мешітіне ұқсас салынған. Екі шыңырау құдықтары болған, әрине қазір бітеліп қалған [445].

XIX ғасырдың ортасымен XX ғасырдың басындағы Маңғыстау аймағындағы мешіттер туралы айтсақ, олардың дін таратудағы рөлі зор болған. Мешіттердің қасында қорымдар мен құдықтың кездесуі сол аймақта үлкен елдімекендердің болғанын көрсетеді. Мешіттер көбінесе қыш кірпіштен жасалған, ұлу тастармен салынып шебер қаланған. Кейде ағаш бағаналар қолданылған. Мешіттерде құбылаға қаратылған михрабтары болған және олар жақсы сақталған. Бөлмелері көп болған. Жарыққа май шамды пайдаланған. Терезелері де қалыс қалмаған. Мешіттер көбінесе су көздері бар жерлерде орналасқан. Мұның өзі діни тұлғалардың бау-бақша өсіруіне әсер еткен. Мешіт жанынан ашылған медреселерде ел балалары ахун, хазірет, ишаннан діни білім алып, шатырхат алған. Жалпы діни ұстаздар көбейген сайын Маңғыстау мен Үстірт жерінде діни дәріс беру күшейе түскен.

Осы өңірдегі дәстүрлі жерасты мешіттері жартастан ойылып салынған. Намаз оқитын бөлмесі және шам, не кітап қойған орындар бар. Қылует деп аталатын жерасты мешітіндегі өзінің жеке демалатын жері байқалады. Діни тұлға қасиетті рамазан айындағы 30 күн оразада 40 күннің 10 күнінде қылует бөлмесінде жеке өзі отырып құлшылық қылып, аллаға дұға қылады екен.

Маңғыстауда мешіттер ішінде жоғарға қарай көтеріліп кеткен түтін шығатын жері, маңдайша терезесі бар, одан барлық ел, халық көрініп тұрған. Көбінесе мешіттің ішінде Алла, Мұхаммед деген жазулар және таңбалар кездеседі. Жергілікті мешіттер бір біріне ұқсап келген. Мешіттер төрт күмбезді, ортасында 1 күмбезі бар әдемі болған, солардың ішінде Үркембай,

Көркембай т.б. мешіттерді айтуға болады [445]. Солтүстік Үстірттегі мешіттер шақпақ тастармен қиылып салынған. Сондай мешіттің біріне Сексен ишанның (1867-1935 жж.) ұлы Сұлтан ахунның 4 күмбезді мешітін жатқызуға болады. Мешіт 1890-1932 жылдары елге қызмет еткен. Табын руының бесарық бөлімінен шыққан Сұлтан ахун мешітте имам болған. Ахунның Ащысайдағы мешіті осы [IX].

Үстірттің Сам құмындағы саз балшықтан салынған мешіттердің бірін Сейсенбай ахун ұстаған. Оның мешіті Көркембай мешітіне ұқсас 30 көрікті бөлмелі болған. Бөренелерін Арал теңізі жағасындағы Баялы дейтін жерден сүйреп тасып алып келген. Маңғыстау мешіттерінің орнынан табылған тастарда көбінесе адай таңбалары жиі кездеседі. Мешіт орнынан табылған заттар қазіргі кезде музейде сақтаулы тұр. Бұл мешітті Қошмағанбет ишан Есжанұлы салдырған. Ишан 1864 жылы осы Теректі жерінде дүниеге келген. Бұған дейінгі мешіт салдырған діни тұлғалар ахун атағын алса, ал бұл Қошмағанбет ишан молда алдын көрмеген, ілім алмаған, себебі, құдайдың өзі ілімді берген. Сол сияқты бұл жерде небір Самның құмында Қошмағанбет ишан сияқты көптеген молдалар, ишандар, ахундар болған. Сам, Жемнің арасы ишандардың бір бірімен нақты сыйласып араласуынан ел тыныш болып, білім дамып, ешбір ұрлық болмаған.

Одан кейін түрікмен адай Шалбар Түзбай дейтін ахунның мешіті, келесі Қосқұлақ руынан шыққан Мыржық ишанның әкесі Төлеш ишанның мешіттері елге белгілі болған. Содан кейін Табын руынан Бектұр, Тектұр дейтін ишандардың Қызылжұлдыз мешіті қазір Қызыләскерде орналасқан. Самның бойында біз білетін, білмейтін күмбезді әдемі мешіттер көп болған. Солардың ішінде Самның құмында ең ұзақ тұрған Тұрыш ишан мен Сейсенбай ахун мешітін айтуға болады [446]. Нақтылап айтсақ, осы өңір мешіт пен медресеге, оның негізін қалаған молда-имамдарға толы болған. Мұның өзі осы аймақта діни сауаттылықтың жоғары болғанын көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың басына дейінгі Батыс Қазақстанда қызмет еткен мешіттер тек діни оқу орталығы ғана емес, сонымен қатар жазу, сызу, басқа да дүнияуи пәндердің орталығы болған. Кеңес заманында түрлі дінге қарсы және т.б. науқандар барысында көбі қиратылса да, қайта салынса да, XIX-XX ғасырдың басындағы бірқатар мешіттердің қалдықтары мен сақталған үлгілері біз зерттеп отырған аймақта сауаттылық пен руханияттың дамығанын дәлелдей түседі. Көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен ауыл мешіттерінің барлығы далалық медресе, мектептің қызметін қоса атқарған. Қазіргі таңда жойылу қаупін кешіп, мұндалап тұр. Жоғарыда көрсетілген кезеңде ислам конфессиялық инфрақұрылымы ескерткіштер (мешіттер мен мектептер) мен жаңа елді-мекендік құрылыстың қатар таралуы байқалады.

Қажы, ахун, имамдардың қазақтың көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан ауылдарында «дала мұғалімі» ретіндегі орны қашанда биік болды. Арнайы салынған мешіт пен медреселер қазақтың барлық ауылдарында бірдей бола бермеген. Көшпелі ауылдарда діни тұлғалар бірге көшіп, молданың үйі

мешіт пен мектептің рөлін атқара берген. Қыстауда молда отырған тоқал там, қоржын тамның қабырғасынан құран кітап қоятын ойық жасалып, ол әрі михрабтың ролін атқарды. Жайлауда молданың киіз үйі немесе арнайы тігілген киіз үй мектеп мешіттің қызметін атқарған ауылдар жиі кездесті. Қазақтар балаларын сауат аштыруға «еті сенікі, сүйегі менікі» деп бергенімен, қажылардың, имам, молдалардың ағартушылық қызмет етуі, әсіресе орталық қалалардан алыс аймақтарда, жайлау, қыстаулардан мешіт-медреселер құрылысын салдырту, оны ұстап тұру оңай болмаған.

Қазақ жерінің батыс өңірінде XIX – XX ғасырдың бас кезінде қажылар, діни ағартаушылар ашқан мешіт медреселер, Кеңестік үкіметтің орнауы әсерінен діни қудалауға ұшырып, өздерінің қызметін біржола тоқтатуға мәжбүр болған. Қазіргі таңда ескі мешіт пен медреселер орны жартылай құлап, жартылай сақталып, ашық аспан асты ескерткіші ретінде өмір сүруде. Қазақстанның батыс өңірінде әр рудан шыққан діни тұлғалар өзге шет елден білім алып, елге келіп мешіт салып қызмет жасаған. Мешіт жанынан мектеп-медресе ашып бала оқытқан. Демек, Хиуа, Бұхара, Самарқанд т.б, медреселерден білім алған ахун, ишан, хазіреттер елге келіп мұсылманшылықты дамытқан. Мешіт мен медреселердің көбеюінен қазақ балаларының өз елінде білім алуына жол ашылғанын көреміз. Мешіттер болған жерде әр рудан құралған қоныстар, елдімекендер мен құдықтар болған. Ел бір бірімен жақсы араласып тұрған. Бір бірін ағартушылыққа, білімге шақырып бөліскен. Жалпы алғанда мешіттер өз жұмыстарын 1930-шы жылдарға дейін жүргізіп келген. Тоталитарлық Кеңес өкіметінің күшеюімен, атеизм саясатының толық жүргізілуімен мешіттердің тағдыры күрт өзгертіп және жабылуға мәжбүр болған. Діни тұлғалар қуғындалып, репрессияға ұшырады, біразы атылды және репрессияланды. Тірі қалғандары Иран, Ресей, Түркменстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Ауғанстан және т.б. елдерге еріксіз көшіп кетті.

### 3.2 Батыс Қазақстанның қажылық қозғалысы

Ресей империясының отаршылдық саясаты тұсында Қазақстанның барлық аймағында қажылық қозғалысы XIX ғасырдың ортасынан бастап күшейді. Осы кезде патшалық билік қажылық парызын өтеуге бет бұрғандарды заңдық уысында ұстауды көздеді. Ресей билеушілерінің жергілікті қажыларға байланысты ұстанған осы саясатының астарында түркі-мұсылман халықтарының бірігуіне тосқауыл қою жатты. Қажылар Мәдина мен Меккеге барар жолда түрлі аурулар, қиыншылықтар мен тонаушылықтарға тап болуларына қарамастан исламдық парызын өтеуді тоқтатпады. Қажылық жолы арқылы қазақ жерінде ғылым мен білім саласы мұсылмандық дамуын жалғастырды. Өз кезегінде бұл үдеріс қазақ даласында мұсылмандардың діни білім беру орталықтарының ошағына айналған Мекке-Мәдине, Ыстамбұл, Аравия, Самарқанд, Хиуа, Бұқара, Мысыр, Орынбор, Уфа және Қазан сияқты шаһарларда білім алған қазақ зиялыларының көбеюіне алып келді. Қажылық сапар барысында қазақ қажылары ислам әлемінің зиялыларымен танысып,

оларды қазақ даласындағы мектеп пен медреседе ұстаздық қызметке шақырып отырды. Нәтижесінде еліміздегі мешіт-медреселердің көбеюіне қажылардың ықпалы зор болған. Қазақтардың қажылық сапарының арқасында көрші мұсылман елдермен білім мен ағарту, сауда-саттық сияқты байланыстар дамып тұрды. Сол себепті тақырыптың мазмұнын терең ашу мақсатында бұл бөлімде Батыс Қазақстан қазақ халқының қажылық тарихына, ұйымдастырылу мәселелеріне, қажылық жолдары мен қазақ халқының тап болған қиындықтары және патшалық биліктің қажылыққа деген қатынасына мән беріледі.

XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың бірінші ширегі Қазақстанда, соның ішінде батыс өңірінде дәстүрлі исламның рухани жаңғыруы саяси күреспен дамып отырды. Діни тұлғалардың ішінде қажылар қауымы айрықша бір жүйені құрайды. Қазақтардың қажылық сапарға бару үдерісі осы кезеңнен бастап арта түскен. Мысалы, XIX ғасырдың бас кезіне дейін қазақтар үшін қажылық сапардың мүмкін болмауы, елде болған түрлі қиыншылықтардың таусылмауы, халықаралық қатынас жолдарының тапшылығы өзінің кері септігін тигізді. XIX ғасырдың бас кезінен бастап сыртқы соғыстардың әлсіреуі, халықаралық теңіз жолдарының ашылуы, Казан, Уфа, Ташкент және Бұхара сияқты діни орталықтармен байланыстардың күшеюі, ол жерлердегі медреселерде білім алып, қайта оралу Қазақ даласында ислам дінінің берік орнығуына әсер етті.

Осы кезеңдегі жазба деректер мен құжаттар қазақтардың қажылық сапарға құжаттамалық рұқсат алуын Ресей өкіметінің толық құзырында болғанын айғақтайды. Қазақ даласынан шығатын қажылық сапардың барысы жайлы сол кезеңнің баспасөз ақпараттарында үзбей жарияланып отырды. Жазба деректер, шежіре, естеліктер, сол кездегі оба індетінің таралуы, сапардың ұзақтығы мен ауырлығына қарамастан қажылықтың жалғасып отырғанын айғақтайтын маңызды құжат. Ислам дінінің таралу ауқымы мен деңгейінің де ең басты көрсеткішіне айналған қажылық – мұсылман елдерінде тұрақты дамыған. Қажылық қозғалысы қазақ халқын, басқа да мұсылман халықтармен рухани, идеологиялық тұрғыдан біріктіруші құрылым болды.

Қажылық сапар жолы Қазақстандағы мұсылман әлеміне идеялар, пікірлермен алмасу үшін қолжазба көшірмелерді, діни сипаттағы кітаптарды жеткізудің маңызды арнасы болды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының құрамындағы мұсылмандардың саны 16 миллион адамға жеткен кезде қажылық мәселесі Ресей өкіметі үшін маңызды бола бастады. Отаршыл мемлекетет ішкі саясатта бақылау орната отырып, қажылық сапарды ұйымдастыруды қоса жүргізді.

Ресей империясының отарлық кезеңіндегі Қазақстандағы қажылар қозғалысының бақылау саясаты ықпалында дамуын қарастыруда сол кезеңдегі мұрағат деректер мен құқықтық құжаттар ең маңызды рөл атқарады. Қажылық қозғалысы туралы мұрағат құжаттарын өтініштер, патшаның циркулярлық жарлықтары, актілер, қаулылар, естелік, қолжазбалар құрайды. Қазақ қажылығына қатысты құжаттар топтамасы Орынбор облысының мемлекеттік, Башқұртстан Республикасының мемлекеттік, Қазақстан Республикасының

Орталық мемлекеттік мұрағаттарында сақталған. Олардағы рапорттар, бұйрықтар, қолхаттар, ескертулер, есептер, хаттар, актілер, хабарландырулар, тізімдер, түбіртектер, анықтамалар, ережелер, қаулылар, қажылардың сұраныстары, өтініштері, телеграммалар мен т.б. іс-құжаттар қажылық барысы туралы мол мағлұмат береді.

Мұрағаттық құжаттар қажылық сапарды реттеуге қатысты құқықтық, заңнамалық нормаларды, жұқпалы аурулардың кең қанат жаюмен байланысты патша жарлықтарының шығарған тыйым салулар, санитарлық бақылау үшін құрылған комиссия арқылы қажылық сапар тәртібін реттеп отыру сияқты мәселелерді сараптауға мүмкіндік береді. Отаршылық ықпалда отырып, исламдық парыздың жолы қажылықты дамытудағы жергілікті қазақтардың рухани күресін, қоғамдық ықпалын сараптаудың қазіргі заманғы тарихи білімді дамытуда маңызы ерекше [447].

Исламдық қағидатқа сәйкес қазақ қоғамы да Ораза уақыты мен Құрбан айтты Мекке мен Мәдинеде өткізіп қайтқандарды осы сөздің толық мағынасындағы қажы, басқа біреудің қаржысы арқылы, соның атымен барып келгенді – бәдел қажы, ал мұсылманның қасиетті мекендеріне жылдың басқа уақытында барып қайтқандарды ғұмыра қажы деп қабылдады [81, б. 114-115]. Қазақ халқының арасында қажылық сапарға деген ұмтылыстың артуына XIX ғасырда-ақ жергілікті ағартушылар, зерттеушілер мен саяхатшылардың назарын аударған. Олар XX ғасырдың бас кезіне дейін жарық көрген алғашқы баспасөз беттеріндегі басылымда қажылыққа қатысты материалдарды жариялап тұруды басты назарда ұстады [448, б. 114-115; 449, б. 9-10].

XX ғасырдың басында Орынбордан шығып тұрған «Қазақ» газеті беттерінде қазақ қажылары туралы хабар беріліп отырған. Қажылар ішінде Орынбор арқылы Түркиямен бару жиі үрдіс алған. Тіпті қажылар туралы өлеңдерде жарияланып отырған. Меккеге Орынбор арқылы Түркияға қатынап қажылыққа барған қазақтар «Қазақ» газеті редакциясына соғып, олардың мүшелерімен тығыз байланыста болған. 1912 жылы осы газетте Зайсан имамы Әбдрахман Мұртазының 2 ақпан айында қажылықтан аман қайтқандығы, елге қайтар жолда Орынбор қаласында 1 күн тоқтағандығы айтылған [450]. Қазақ қажыларының естеліктері, қисса-шежірелері қажылық тарихының нақты болмысын береді. Мысалы, Әбубәкір Кердері, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сияқты қазақ шайырларының атақты Құнанбай қажы, Досжан мен Нүрпейіс хазірет сияқты тұлғалардың қажылық сапарын айғақтайтын жазбаларының маңызы ерекше [451, 452].

Белгілі түрколог В.В. Радловтың XIX-XX ғасырдың бас кезіндегі зертеулері қазақ қоғамына арналғаны белгілі. Ол «мұсылмандар ішінде діни түрлі кітаптардың таралуы, Орта Азия мұсылмандарының арасында білім мен ғылымның өркендеуі тікелей қажылықпен байланысты», - дейді. Ғалым қазақ қоғамында жырлар мен қисса-дастандарды ауызша оқу дәстүрін де исламдық қағидатпен байланыстырады [453, с. 302-303]. Ағартушы, ахун Ғұмар Қараш қажылықтың түрі бәдел хажды атқарудың мағынасын халыққа түсіндіру мақсатында «Бәдел хаж» атты мақала және кітап жазады. Онда ол діни-

реформаторлық тұрғыдан бәдел жасап қажылыққа баруды кәсіпке айналдырмаудың маңызын түсіндірген [454, s. 254-255].

Зерттеп отырған кезеңде қажылық сапары сырқы көші-қонның өзекті мәселесіне айналды. Ресей үкіметінің Шетел істер министрлігіне жергілікті қазақтардан қажылық сапарға өтінім берушілердің санының артуына бақылау орнатып, құқықтық заңнамалардың қалыптасуын күн тәртібіне шығарды. Оңтүстік өңірде қажылықты бақылау саясаты Түркістан өлкесін бақылау әскери губернаторының құзырына берілді [455, p. 551-559]. Осыған қарамастан Меккеге қажылыққа баруға рұқсат алу үшін жергілікті билікке жүгінген қазақтардың саны барған сайын арта түскен. Мысалы, 1905 жылы тек бір Омбы қаласында ғана 500 адам осы шаһарға сапар шегу үшін Дала генерал-губернаторының кеңсесінен шетелдік төлқұжаттар алған [90, с. 201-202]. Қажылық өтеуге аттанушылар қатарында жасы ұлғайған ақсақалдар да болған. Қаржылай мүмкіндігі болса қария қажыларға әйелі немесе баласы көмекші ретінде еріп барудың жайы да жазба деректерде кездеседі [456]. Осы деректерден генерал-адьютант Н.А. Крыжановский 1865 жылдың 7 желтоқсанында ІІМ-не Орынборда жергілікті татарлар мен қазақтар арасында Мекке мен Мәдинеге зиярат етуге баруға өтініш берушілердің саны артып отырғандағы жайлы мәлімдеп хат түсіргенін тілге тиек ете аламыз [457, 9-11-пп.]. Оның 1865 жылдың ақпан айынан 1866 жылдың наурыз аралығындағы Орынбор сапары туралы жасаған есебінде діни мәселелерді әкімшілік заңдар арқылы қатаң бақылауда ұстауға ұсыныс білдірген. Ол ресей мұсылмандарының Мекке-Мәдинеге қажылыққа баруға деген ынталарының күшеюі түркі-мұсылмандарының бірігу нышаны деп бағалаған [455, 56-п.].

Н.А. Крыжановский есебінен соң, оның ұсыныстары нәтижесінде ішкі саяси басқаруларға өзгерістер енгізілген. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап 1868 жылға дейін ОМДМ-нің құзырында болған қазақтардың діни мәселелерін, соның ішінде, қажылық ұйымдастыру ісін енді жергілікті әкімшіліктерге тапсырды. Батыс Сібір және Орынбор қазақтарының діни мәселелері азаматтық басқармалар арқылы ІІМ-не қарады. 1868 жылы Орынбор мүфтиі С. Тевкелев Орынбор генерал-губернаторына исламдық шарттарды орындауды қадағалауды жеңілдетуге шақыратын хат ұсынады. Ол өз хатында қажылық зияратқа жасауға шектеу қою, мұсылман әлемінің түпкілікті діни заңына қайшы келетіндігін түсіндіре отырып, қажылық борышты өтеудің қиындығын ерлікпен теңестірген [457, 3-п.]. Дәл сол сияқты 1869 жылы 3 қыркүйекте Орынбор генерал губернаторлығының № 342 бұйрығына сәйкес қажылыққа баратындар арнайы паспорт алу үшін Уфа губерниялық қазынасына 10 рубль салық жарна, паспорттық бланк үшін 9 рубль ақы төлеген [459, 19-20-пп.].

Бұл қаулы негізінде қажылардың қозғалысы рұқсат қағазы арқылы рәсімделді, әрі рұқсат құжатын алу үшін төленетін қаражат Ресей патшалығы қазынасы есебіне алынған. Меккеге қажылыққа баратындарды қатаң қадағалап отырды. Отаршыл билеушілер, уақытшап болса да, елдегі рухани езгіден құтылып, шетелге шығып, ондағы саяси жағдайлардан хабардар болған

тәуап етушілер елге келіп, Ресейге қарсы насихат жүргізе ме деп сескенді. Әскери губернаторлар жыл сайын үйезд бастықтарынан тәуап етушілердің саны көбейсе, оның неге байланысты ұлғайып отырғаны жөнінде есеп беріп отыруды талап етті. Жергілікті әкімшілік қажылыққа баруға талап-тілек білдіргендерге әртүрлі сылтаулармен паспорттар бермеуге тырысты.

Қажылыққа бару жолы да отаршыл мемлекеттің Түркиямен арадағы саяси жағдайларға да байланысты 1876 жылдың 15 қараша айындағы № 122 жарлық бойынша барлық Ресей құрамындағы мұсылмандарға тоқтау салынған еді. ІІМ-гі барлық генерал-губернаторларға 1878 жылдың 15 қараша айында № 173 жарлығы негізінде бұл тиымды өзгертті. 1876-1878 жылдары 3 жыл бойы саяси жағдайға байланысты деген сылтаумен Орал, Торғай өңірінен қажылыққа бірде бір қазақ жіберілмеді. 1879 жылдың 31 тамызы мен 1880 жылдың 9 қыркүйегі арасында, бір жыл ішінде Торғай облысынан 44 адам қажылыққа баруға тілек білдірген, олардың 27-не – 6-ай, 16-на – 1 жыл мерзімге, барлығы 43 адамға рұқсат берілген. Алайда, 1880 жылдың 16 мамыр – 15 шілде аралығында тек Елек үйезінің 18 адамының өтінішін қабылдаған [460, 2-п.]. Дегенмен, патшалық әкімшілігі қазақтар арасында қажылық сапарға сұраныстың артуына әр кез күдікпен қарап отырды. 1893 жылы 13 мамырда Дала генерал-губернаторлығы № 1937 ІІМ-не жазған хатында Қазақ даласына сауда саттық, саяхат мақсатымен татар, бұхар сияқты түркілердің ислам дінін насихаттаумен айналысатынын, қазақтардың ислам дініне сенімдерінің артуына олардың үгіт насихатының әсері барын жазған [461, 15-24-пп.].

XIX ғасырдың аяғына таман еліміздің барлық өңірлерінен қажылыққа бару жолына тосқауыл қайта қойыла бастады. Бұдан соң қажылық ісін губернаторлар мен жергілікті әкімшіліктер қолға алды. 1880 жылы 29 шілде айында Торғай облысы басшысы П. Сунуров өз түсіндірме хатында: «қазақтар арасында қажылыққа ниет білдірушілердің саны бұрынғымен салыстарғанда жылдан жылға ұлғаю үстінде. Қажылардың санының өсуіне қазақтар арасында оған жетудің жылдамдығы, қолайлылығы және жолдың арзандығы туралы мәліметтер тарауы. Қажылыққа қазақтар арасынан көп жағдайда бай ауқатты адамдар барады, олардың арасынан ешқайсысы шет елде қалған жоқ» [462, 29-п].

Қажылардың сапары 4 айдан 1 жылға дейін созылған. Осы мерзімге 4, 6 ай және 1 жыл көлемінде рұқсат алуды қажылар өз өтініштерінде көрсеткен. Сондай-ақ өтініште мерзімімен бірге, өзінің неше жаста екенін, Құрбан айт мерекесіне туралап баратын болса оны да ашып көрсеткен. Өтініш хаттар үйезд басқармасы арқылы, облыстық басқарма кеңсесіне, одан әрі губерния басқармасы мен ІІМ-не тіркелді. Қажылық паспортында рұқсат берілген мерзім көрсетілді. Мәселен Ішкі Орданың Қалмақ бөлімі № 13 старшындығының тұрғыны Хасан Таңғатаров 1879 жылы 1 жылға қажылыққа барғандағы алған төлқұжатынан көруге болады [463, 1-9-пп.]. (Қосымша сурет - Ғ.1)

ІІМ-гі осы губерния басқармасына қажылыққа барушылардың талап-тілектерін тексерген соң министрлік тарапанан еш кедергі жоқ болса ғана рұқсатын берген [463, 16-п.]. Үйезд басқармасы облыс басқармасына қажылық

сапарға сұраныс өтінішімен бірге болашақ қажыларға мінездеме рапортын да қоса ұсынған [464, 5-6-пп.]. Мұсылмандардың қажылыққа барар жолдағы түрлі алаяқтарға тап болып, күннің ыстығы мен жолдың ұзақтығы, гигиеналық тазалықтың сақталмауы т.б. кедергілер қажылық сапардың қайғылы аяқталуына да әкеліп отырған. Сол уақыттағы қажылық сапардың қасіреттерін қазақ қажылары да тартты [465, с. 78-79].

Қазақ жерінен аттанған қажылардың сапары Мекке-Мәдинеге үш жол торабы арқылы жүзеге асты:

1. Закавказье және Парсы елінің солтүстік бөлігі арқылы Бағдатқа қатынаған. Бұл бағытты көбіне шииттер бағытын ұстанатын Закавказье және Түркістан қажыларымен бірге Маңғыстаудан аттанған қазақ қажылары таңдады. Осы жолмен қажылық сапарға шығатындар саны жылына 12-15 мыңды құраған.

2. Самарқанд және Бұхара арқылы Ауғанстаннан асып, Мазари-и Шәріп, Кабул және Пешевардан Бомбейге тоқтап, Үнді мұхитымен Жиддаға және Янбоны басып өтіп, Мекке мен Мединеге жол тартқан. Пешевардан Бомбейге теміржол арқылы қатынаған. Бұл жолдың ұзақ әрі қиын сапар болғанына қарамастан, Орталық Азия Қазақстан аймағының мұсылмандары арасында дәстүрлі басымдыққа ие болды. Сонымен бірге оларға төлқұжат талаптары мен отаршылдық биліктің кедергілерінен өтуге мүмкіндік берді. Бұл жол арқылы жыл сайын 4 мыңнан 7 мыңға дейін мұсылман қажылыққа барады.

3. Кемемен Каспий теңізі арқылы Закавказьеге, одан әрі Қара теңіз порттары арқылы Стамбулға, одан Суэц қаласымен Жидда немесе Янбодан Мекке мен Мәдинеге өткен. Бұл жол жеңіл әрі қысқа болып есептелінді. Осы жол торабын Кавказ мұсылмандары, татарлар және қазақтар да пайдаланып, жылына 2-3 мың адам қажылыққа барып тұрған [466, p. 872].

Қазақтардың бір тобы Орынбор арқылы Одессаға барып, одан әрі қажылық сапар жолын жалғастырған. Мәселен, Астрахань губерниясы, Ішкі Ордадан 1885 жылы қажылыққа барған ресми молда Иманғали Мырзағалиевтың төлқұжатынан Мекке-Мәдинеге Одесса арқылы қатынағанын көреміз [467, 8-10-пп.]. (Қосымша сурет - Ғ.2) Осыған ұқсас үлгіні Дүкен Толыбайұлының (1840-1920 жж.) қажылық сапарынан көруге болады. Ол Ақтөбе үйезі Ойыл ауданына қарасты Қаратал ауылында дүниеге келген, ұлдарының қолдауымен 1890 жылы қажылыққа Каспий теңізінен кемемен Иран арқылы барған [452, б. 78].

XIX ғасырдың аяғында індеттің таралуы, жолдың ауырлығы, ауа райын өзгеруіне байланысты қажылық сапардағы өлім-жітім көрсеткіші артқан. Қазақ қажыларынан Меккеде, Қара теңізде, Троицк қаласында да қайтыс болған адамдар өте көп болғанын мұрағат деректері растайды [448, б. 163-164]. Мәселен, мұрағаттағы Орынбор мүфтилігінің істерінде Ішкі Орданың Қалмақ бөлімі №8 болысының Қаңбақты елдімекені мешітінің ресми молдасы Жұбан Үкібаев 1909 жылдың басында қажылыққа барар жолында қайтыс болған [468, 5-п.].

Қажылыққа бару жолы қиын болсада Мекке-Мәдинеге барған қажылар туралы мұрағаттағы хаттамалар дәлел. 1899 жылы 24 қыркүйекте Тұз-Төбе болысының А. Рүстенбаев, Н. Жолболдин, М. Баймутанов деген қазақтары Орынбор арқылы Мәскеуге барған. Онда Мәскеу губернаторының кеңсесінен, яғни наурыз айында генерал-губернатордан шетелдік құжат алып Одесса арқылы Ыстамбул қаласына кеткен. Бірақ одан оларға Мекке-Мәдинеге баруына рұқсат берілмеген. Н. Жолболдин сонда қайтыс болған. Ал 1899 жылы мамыр айында А. Рүстенбаев пен М. Баймутанов елге қайтып келген [469, 216-п.]. Мұрағат деректері көрсеткендей қажылыққа барғандарды тергеу, олардың тізімін алып, бақылауда Ресей үкіметі тарапынан арнайы нұсқау шығару арқылы жүзеге асып отырған. Өйткені оба ауруының шығуына қарамастан қазақ жерінен Меккеге рұқсатсыз кетіп отырған.

1900 жылы 12 қаңтар айында Мәскеу генерал-губернаторының кеңсесі Торғай облысы әскери губернатор кеңсесіне қазақтары қажылыққа жіберуге басшылық тарапынан келісім рұқсатын беру туралы хабарлама жіберген. Мәскеу генерал-губернаторлығының баяндамасында Торғай облысының әскери губернаторына қатысты 1899 жылы 14 желтоқсан айында № 9052 қаулы шыққан. Ол қаулы бойынша әр облыстың қазақтарына шетелдік бөлімнің кеңсесі шетелдік құжат берерде алдымен олардың басшысымен тікелей хабарласқандары жөн делінген. Мәскеу генерал- губернаторлығы қаулы шығарып, Торғай облысының әскери губернаторына қазақтардың Меккеге баруын қадағалап, басшылардың хабардар болып отыру керектігін ескерткен [469, 246-п.]. Рұқсатсыз кеткен қажыларды Дала ережесінің 39-бабы бойынша әкімшілік жазаға тартқан. Мұрағатта 1900 жылы 21 қыркүйегінде Торғай үйездік басшысының Торғай облысының әскери губернаторына жазған рапортында тиым салынғанына қарамастан, 1898 жылы Меккеге рұқсатсыз барған қажыларға жаза қолданғаны айтылады [469, 249-п.].

Жалпы қажылықты реттейтін бірнеше ережелер қабылданған. XX ғасырдың басындағы «Временные правила о паломничестве мусульман» атты құжат пен осы мәселеге байланысты ІІМ-нің тағы басқа да қосымша деректер бойынша мұсылмандардың қажылық құқықтары православиелік діндегі христиандардың Иерусалимге ғұрыптық сапарына байланысты құқықтарымен ресми теңестірілді. Бұл мұсылмандардың Ресей арқылы қажылыққа баруын жеңілдетті және ресми тіркелген мұсылмандардың санын күрт арттырды [81, б. 11-12; 26, с. 297-299]. Статистикалық есептерде Ішкі Ордадан 1862-1897 жылдар аралығында 500-ге жуық мұсылман қажылыққа аттанған. Осы тұста назар аударар жайт, аталмыш жылдар ішінде қажылыққа ден қойған адамдардың санының жылдық динамикасы құбылмалы болғанмен. Бұл қажылықтың қазақы ортадағы орнықты дәстүрге айнала бастағандығын көрсетеді. Ішкі Ордадан 1862 жылы – 8, 1863 жылы – 11, 1864 жылы – 6, 1874 жылы – 5, 1875 жылы – 3, 1879 жылы – 12, 1880 жылы – 23, 1881 жылы – 17, 1882 жылы – 2, 1883 жылы – 17, 1884 жылы – 12, 1885 жылы – 76, 1886 жылы – 22, 1887 жылы – 23, 1888 жылы – 25, 1889 жылы – 17, ал 1890 жылы – 11 адам қажылыққа төлқұжат алған. Бөкей Ордасынан төлқұжатты Петербург,

Орынбор, Астрахань арқылы алып отырған. Мәселен, 1901 жылы 11 қазақ төлқұжатты Орынбордан, 1902 жылы – 9 қазақ Петербургтан алған. 1898-1900 жылдары Мекке сапарына төлқұжат берілмеді. Бұл жөнінде ІІМ-нің арнайы қаулысы шыққан. 1897 жылы Индияда етек алған оба індеті салдарынан аталған жылдар бойынша Бөкей Ордасынан барған қажылардың құжаттары толық сақталмаған [470, 21-п.].

1904-1913 жылдары Бөкей Ордасынан барған қажылар туралы мұрағатта толық құжаттар сақталмаған. Торғай облысы Ақтөбе үйезінен 1908 жылы– 20, 1909 жылы– 51 қазақ қажылыққа барған. Қажылыққа барғандардың жасына қарасақ ең төменгісі 30 дан басталса ең жоғарғы жас 75-ке дейінгі аралықта болған [471, 12-п.]. Қазақ қажылары сол уақытта Ресей империясының отарлығында отырса да, Мекке-Мәдинеге әсіресе Құрбан айт мерекесі кезінде баруға тырысқан. [472, 11-п.]. Қажылық сапарының кедергілерге қарамастан толастамауы Ішкі Ордада ислам дінінің күшеюімен, молдалардың, діни сауатты адамдардың көбеюіне, ауылдарда қазақ мұсылмандық мектебінің ашылуына да алып келді. Орынбор мұрағат құжатында Ішкі Ордаға татарлар, түріктер, сарттардың келуімен байланысты ислам дінінің артуы қазақтардың Ресеймен қарым-қатынасының алшақтап кетуіне ықпал етуі мүмкін делінген [473, 73-п].

Орал облысындағы жергілікті қазақтардан жыл сайын Меккеге қажыққа барушылардың көбейіп келетіндігі жайында 1902 жылы Орынбор және Орал епископы Владимирге священник Георгий Крашенниковтің жазған хатында баяндалған [474, 73-п]. Қажылыққа бару үрдісі Қазақстанның батыс өңірі бойынша XIX ғасырдың аяғында күшейіп отырғанын мұрағат деректерінен көреміз. Торғай үйезі бойынша 1895 жылы – 81 адам, 1897 жылы – 15 адам, 1898 жылы – 24 адам, 1899 жылы – 14 адам қажылыққа барған. Ал Қостанай уезі бойынша 1899 жылы – 25 адам қажылыққа аттанған [469, 216-п.]. Ресей әкімшілігі тарапынан тыйым салынғанмен, мұрағат деректері құжаттары қазақтар арасында қажылыққа барғандар санын анықтап отыр. Осы сапарға барған адамдардың құжаттары тексеріліп, карантиндік бақылауда болғандығын, санитарлық шараларды қабылдағанын мөрмен соғып, жазатын болған. 1901 жылы 5 наурызда Ішкі Орданы басқару туралы Уақытша Кеңес төрағасы 2-ші Приморск округының басшысына жазған хатында осы Ордаға қажылықтан оралған Жұмалы Айдаболов пен Ақмырза Алатаевтың бақылаудан өткендігін мөрмен растағаны айтылған [472, 40-п.]. Жалпы Ішкі Ордадан 1900 жылы – 21, 1901 жылы – 20, 1902 жылы – 19 қазақ қажылыққа барғанын мұрағаттан табылған деректер растайды [475, 1-п.]. Қазақтар арасындағы қажылық туралы ақпаратты жариялау, олармен тығыз байланыс орнатуды алашордашылардың бас органы «Қазақ» газеті басты назарда ұстап отырды. Газетті құрушы және шығарушылар А. Байтұрсынов пен М. Дулатов қажылардың іссапар жазбаларын газет бетінде жариялауға, басылымның қажылармен байланыста болуына қолдау көрсеткен [476, б. 333].

Қажылар арасында «Қазақ» газетіне хат-хабар жазып, өз өлеңдерін баспаға ұсынғандары да болған. Мәселен, Торғай үйезі Қайдауыл болысының ақыны Бекмұхамед Әлмұхамедұлы 1913 жылы қажылыққа барар жолында Орынборға

тоқтап «Қазақ» газетінің баспасында болған. Онда ақынның өлеңдерін осы газеттің бетінде жариялауға да алашордашылар қолдау көрсеткен [476, б. 306]. 1913 жылы Орал облысы Темір үйезінің мәшһүр адамдарынан Жолбатыр қажы Шонтиев қасында он жолдасы бар 7 тамызда Орынбордан Одессаға жүргендігінен «Қазақ» газетасы хабар берген [476, б. 263]. Торғай үйезінің қажылары аталмыш жылдың 5-ші желтоқсанында Орынбор арқылы елдеріне оралғандығы жөнінде «Қазақ» газетасы жаңалықтар бөлімінде хабарлайды. Орынбор арқылы қажылыққа аттану қажылар арасында жиі байқалады [38].

Қажылыққа көбінесе діни тұлғалар немесе жағдайы бар ауқатты адамдар топтасып кетіп отырған. Мәселен, Темір үйезі Жем болысы № 5-ші әкімшілік ауылдың қазақтарынан Жолмұхамед ишан Құрымбаев өзінің он шақты жолдастарымен бірге Орынбор арқылы қажылыққа кеткендігінен «Қазақ» газеті хабар берген [477]. Немесе осы қажылық науқанын Қазақстанның батыс өлкесінен аттану Орынбор арқылы тиімді болған деуге болады. Мәселен, 1913 жылдың 24 қазан айында шыққан мақалада Ақтөбе үйезі Қарақопа болысынан 1913 жылы Ажығұл деген есімді кісінің қажылыққа барар жолында отарба басып өлгендігін жазған. Қасындағы жолдастары оны Одессаға барғаннан соң іздеу салғандығы туралы хабар берген [478].

Қажылыққа барған адамның қоғамда алатын орны мен беделі айрықша өскен, әрі халық аса құрметпен қараған. Қажылық парызын атқарып, елге аман есен оралғаннан кейін оның есіміне қажы сөзін қосып атаған. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың әкесін жерлестері Құнанбай қажы деп атаған. Атақты ғұлама Шәкірім Құдайбердіұлы исламдық парызын өтеп қайтқан соң елдің арасында Шәкірім қажы атанады. Мекке-Мәдинеге барған қажылар көбіне өз қандастарының қолдауларына жүгінген. Тіпті осы шаһарларда Орта Азиялық және шығыс түркілерінің қажылыққа барғанда тоқтайтын такиелері (қонақ үйлері) болған. Бұл қонақ үйлер қажылыққа барған ауқатты байлардың қолдауымен салынып, шығынын өтеу қамтамасыз етілген. «Қазақ» газетінің 1913 санында жарияланған «Мәдина хаты» атты мақалада қазақ қажылары үшін салынған такиелердің қолданыстық жайынан хабар берілген [479].

XIX – XX ғасырдың бас кезіндегі қажылық сапарға шығушылардың көбеюі қазақтардың діни санасының артуына серпіліс берген. Бұрын исламдық парызды бес уақыт намаз, ораза тұту, зекет берумен өтеп отырса, енді қажылар арқылы Құран кітаптың мәтін мазмұнын талдап, санасына қабылдауға ұмтылды. Қажылар арқылы, алып елдердің мәдениетімен, теңіз жолдарымен танысты. Қажылар тек қажылық сапар мен Мекке мен Мәдинаның қасиетті орындарын, Қағбаға тәу етуді насихаттап қана қойған жоқ, олардың халық алдында, діни ағартушылықпен, діни білім беру, сауат ашумен айналысуды өздеріне міндет тұтты. Қажылыққа аттанушыларды ауыл, халық болып, ақ бата беріп шығарып салу, олардың аман есен оралуын тілеп отыру қазақы дәстүр болды. Елге оралған соң қажылардың ағартушылық істері жаңа ой сананы қалыптастырды. Қажылар Құранның имандылық шарттарымен бірге, халықты жазуға үйрету, оқу ісін дамытуға ұмтылды. Қажылардың Қазақ даласында

мешіт салдырып, ол мешіттердің мектеп пен медресе қызметін қоса атқарғаны қазақ тарихынан мәлім [480, б. 55-60].

Қажылық арқылы білім мен ағарту ісі дамып, қазақ қоғамында жаңашылдық кезеңі басталды. Мұсылман зиялыларының бір бірімен байланысы қажылық жолы арқылы да күшейді. Қажылардың мұсылман елдерінен құран, діни кітаптарды сатып алып, елге алып келулері, ол кітаптарды одан әрі діни оқу ағарту, діни білім беру мақсатында қолданулары елдің рухани әлеуетінің дамуына үлес қосты. Мұрағат құжаттарында қазақ жеріне Құран кітаптың басылымдары және діни кітаптардың озық үлгілері Түркия, Бұхара, Мысырдан алып келіп таратылғандығы жайлы ақпарат назар аудартады [481, 2-п.].

Орынбор генерал-губернаторлығының құжатында Меккеден Қазақ даласына қажы атағымен оралғандар фанатизм сезімімен келетіндігі, халықтың арасында қажылық сапарының әңгімесін айтумен бірге, қажылық үгіт насихат жүргізетіндегі жазылған [461, 30-п.].

Орынбор губернаторлығының Ресей әкімшілігі арасындағы хаттар мазмұны Қазақстанда таралатын діни кітаптардың мазмұнын, әсіресе татар тіліндегі діни басылымдардың таралуын да бақылауға алғанын айғақтайды. Баспаханадан діни кітап шығаруға әкімшіліктен рұқсат қажет етілді. Цензура рұқсатымен таралған кітаптың бірі – Қазан қаласында 1892 жылы басып шығарылған Өсербай Қуанышұлының «Қажылық сапары туралы қисса» атты кітапшасы болып табылады. Онда қажы Өсербайдың Меккеден алған әсері өлеңмен жазылған. Кітапта Ыстамбулда тоқтағаны, қаланың көркіне қалай сүйсінгені, күміс күймемен кетіп бара жатқан сұлтанды қалай көргені, жолақысына, пәтерге қанша төлегені, қандай сыйлықтар жасағаны, қайырымдылық мақсатына қанша қаражат жұмсағаны т.с.с. толық баяндалған. Кітапша мазмұны «қажылық күнделігі» немесе «жолсапар күнделігі» ретінде жазылған [482].

Қажылық сапарға аттанар алдында қолынан келгендер халқына арнап, діни ортада «мәрсие» деп танылған өсиет жазбалар қалдыратын дәстүр болған. Өсиетпен бірге, қажылық сапар оқиғаларын қосып жазған қисса, бәйіт (жылнама немесе күнделік түрінде) шығармалардың таралуы, рухани идеологияда маңызы жоғары болды. Бұл жазбалардың қатарында «Қажы әл Ханамейін бин Бектұрған Қаражан Қажыұлының мәрсиясы» (1898 ж.), «Қажылыққа үш мәрте барған арғын тайпасы қаракесек руынан Өндірбай хаж-ұл-Харамейы қиссасы» (1913) сияқты қолжазбаларды айтуға болады [469, 2-п.]. Қазақ жерінің батысындағы Ақтөбе үйезі, Теректі болысының тумасы Ғатаула Басыбеков діни ағартушылық қызметімен халық арасында хазірет атанады. Оның қажылық сапарынан ел арасындағы беделі арта түседі. Ислам дінін насихаттауы халықпен бірге отбасының қолдауына да ие болған. Туған ағасы Құдайберген Басыбеков әкімшілік қызмет болыстықтан өз еркімен бас тартып, інісінің қажылық ниетін насихаттауына қолдау көрсеткен [469, 3-п.]. Қажылық парызын өтеп елге оралған соң, ағартушылықты халыққа өтейтін парызым деп

санаған қажылардың бірі – Ақтөбе өңірі, табын руынан шыққан Досжан (Досмұхаммед) ишан Қашақұлы (1815-1890 жж.).

Досжан ишанмен бірге Меккеге қажылық сапарға Нүрпейіс және Жұмағали ишандарда бірге аттанған. Досжан ишан қажылыққа 1870 жылдардан бастап үш рет барған. Меккеден оралғаннан соң, Доңызтаудағы Қайнар деген жерде, кейін Ойыл өзенінің жоғарғы ағысы тұсындағы Шилісу деген жерде екі үлкен мешіт салдыртқан. Шилісудағы мешіт ел арасында Ишан ата мешіті атанып, кейін Ишан ата қорымына айналған [93, б. 9; 480, с. 57-58]. Тұлғаның денесі сол Ишан ата кешенінде жерленген. Оның қажылыққа барып келген соң салдырған мешіті, мектеп, әрі медресе ретінде жұмыс жасаған. Діни ағартушылық қызметін қалтқысыз атқарған оны халық «хазірет» деп құрметтеп, ишан деп атаумен бірге Досжан хазірет деп атаған. Белгілі діни қайраткер Меккеде болған сапарында қажылыққа барған қазақтар тоқтайтын тәкие (қонақ үй) салдыртқан тұлғалардың бірі. Досжан хазірет Абай Құнанбаевтың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы, Сыр өңірінің байлары, Кіші жүздің жаппас руынан шыққан Аппаз және Мырқылармен бірге Меккеге 1874 жылы барған. Олар ортадан алтын, күміс теңгелер шығарып, Досжан ишанды Меккеге такие құрылысына басшылық жасауға және тәкиені салып бітірту шаруасына қалдырған [483, б. 58-59].

Шәкәрім Құдайбердіұлы өз жазбасында 1905-1906 жылдары қажылыққа барған сапарында осы тәкиені көргенін, оның Досжан қажы атында жазулы екендігін және Құнанбай қажының «тәкиені аларда Кіші жүз қажыларының көп ақша берген», - деп айтып кеткендігін айтады [484, б. 45]. Досжан Қашақұлы дүниеден озғанда ақын Әбубәкір Кердері жоқтау арнап, оны Кіші жүздің «піріне» теңейді [485, б. 147-157].

Хазіреттің күйеу баласы ел арасында діни ағарту ісінде мол үлес қосқан Жұмағали ишан – Табынның әжімбет тармағынан тараған. Өз заманында Жұмағали ишан да қажылық сапарынан соң осы өңірдегі Шаған өзенінің төменгі ағысы тұсындағы Тасастау деген жерде белгілі мешіт салдыртқан. Өзі осы Тасқабақ қорымында, мешітінің жанында жерленген. Әжім-Қаражон Табындардан шыққан Ербатыр, Оразалы, Нұржан ишандар, Өтелі қажылар осы өңірде ислам дінінің дамуына, діни білімді таратуға, сауат ашуға көп үлес қосқан [486, б. 40-41; 487, б. 93-99 ]. (Қосымша сурет - Ғ.3) Досжан қажының Шилісудағы мешіті ресми маңызы бар ескерткіш ретінде қорғауға алынған. Өйткені, оның қажылық сапардан келгеннен кейінгі салдырған мешіті дін мен білімнің рухани орталығына айналған. Табиғат құбылыстарына орай қазіргі кезде мешіттің тек қабырғалары қалған. Бірақ, 2019 жылдан бастап тұлғаның ғибадат ету кешені қайта қалпына келтіріліп жатыр [488, с. 72-74]. (Қосымша сурет - Ғ.4)Қазіргі таңда Досжан хазіреттің мұраларының ішінен Құран кітабы, мөрі және құманы сақталған. Мөрдің бетінде арабша «Аллаға құлшылық етуші молла Досмұхаммед ибн Қашақ 1248» (хижра жыл санауы бойынша), - деп жазылған [489, с. 80-81].

XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақ қоғамында қажылыққа бару ислам дінінің дамуының ең басты көрсеткішіне айналды. Осы кезеңде қазақ

қоғамында қажылық дәстүрлі үрдіске айнала бастады. Қажылық қозғалысы Ресей империясы қол астындағы территориясы, саяси-экономикасы, мәдениеті, сонымен қатар тілі жағынан да әртүрлі мұсылман халықтарын рухани, идеологиялық және саяси біріктіруші құралы болып табылды. Тіпті нәсілдік, этникалық өзара айырмашылықтарына қарамастан мұсылман елдерінде бірігу үрдісі байқалды. Сол кезеңде белең алған саяси жағдайларда мұсылмандардың бірігуіне де алып келгенін мұрағат деректері растайды. Қажылыққа бару мұсылман елдерінде білім мен ағарту саласын күшейтті.

Тұтас алғанда, қазақ даласына соның ішінде зерттеп отырған еліміздің батыс өңірі аймағына жақын болған Бұхара, Орынбор, Уфа, Қазан қалаларындағы діни және рухани орталықтар да қажылық қозғалысының жылдан жылға дамуына ықпал етіп отырғаны байқалады. Батыс Қазақстан аймағында еліміздің басқа өңірлерімен салыстырғанда қажылыққа бару үрдісі анық көрінді. Өйткені, қазақтар Мекке-Мәдинеге батыс аймағына жақын шекаралас орналасқан Орынбор қаласы арқылы барып жатты. Жоғарыда атап өткендей мұсылманшылықтың орталығына айналған қалаларының көршілес болуы аталмыш аймаққа ықпал етуіде заңды болып табылады. Осы кезеңде халықаралық саясатта болып жатқан түрлі кедергілер, ішкі әлеуметтік жағдайлар қажылықты күшейтпесе тосқауыл бола алған жоқ. Керісінше, діни сауаты бар мұсылмандар саны артып, қажылықтың тұрақты дәстүрге айналуына ықпал еткен. Қазақ қажыларының қажылық парыздарын өтеген соң елге келіп, мешіт пен медресе, мектеп ашып, ағартушылық, діни білім беру қызметтерін жолға қою арқылы халықтың санасына үлкен эволюциялық өзгеріс алып келді. Осы кезеңдерде ел арасына діни, ағартушылық басылымдарды кеңінен тарату, оларды оқып-меңгеру мәдениеті нақты қалыптасты деп айтуға болады. Қажылар салдырған мешіт пен медресе ғимараттарының ескерткіш ретінде сақталуы олардың халық арасында жазу, оқу мәдениетін қарқынды дамытуға үлес қосқанын айғақтайды.

### 3.3 Халық жадындағы танымал молда, ишан және хазіреттердің рухани қызметі (этнографиялық, далалық материалдар негізінде)

Батыс Қазақстаннан Уфа, Қазан, Орынбор, Істерлітамақ, Бұхара, Самарқан, Ыстамбұл, Мекке сынды танымал діни орталықтарына барып, мұсылмандық ілімдерін шыңдатқан және оны қазақ балаларына сіңіруге тырысқан қазақ зайырлы білгірлері көп болған. Қазіргі заманға дейін белгілі діни тұлғалар туралы мәліметтер толық сақталмасада, ел аузында қалған әңгімелер немесе олардың салған мешіттерінің орны әлі де қазақ тарих ғылымына құнды деректер болып табылатыны сөзсіз. Бүгінде таңда аталған қазақ зиялы білгірдердің қорымдары, мешіттерінің орны киелі жерге айналуда, ол жерлерге зиярат етушілердің күн сайын көбейіп келуде.

КСРО ыдырағаннан кейін тұтас Қазақстанда «о дүниелік» болған діни тұлғаларға құрмет көрсету, атеистік қоғамнан шығып, исламға қайта оралу науқаны артты. Дәл сол сияқты Батыс Қазақстанда да жерленген діни зиялы

білгірлерге, сондай-ақ жәдидтік қозғалыстың өрістеу шағында кеңестік биліктің құрбанына айналған мұсылман ғалымдарына деген құрмет арта түсті. Әрине, кейбір жағдайда асыра сілтеушілік орын алғанымен, көп жағдайда қазақ халқының молаға және қараусыз қалған діни мекендерді қалпына келтіруге деген ынтасы артты. Сондықтан, ел аузында аңызға айналған кереметтерді қаламға алып, оларды болашақ нәсілге жеткізу бүгінгі қазақ тарих ғылымының аса маңызды тақырыптарына айлды десек қателеспейміз. Сол себепті ғылыми жұмыстың үшінші тарауының соңғы бөлімінде далалық этнографиялық экспедиция материалдары негізінде Батыс Қазақстан өңірінің діни саласына сүбелі еңбек сіңірген, 70-жылдық атеистік қоғамнан аман шыққан ислам дініне құрмет көрсету дәстүрі мен әулиелік мекендерге айналған жерлерді саралауды жөн көрдік.

XIX ғасырдың ортасынан бастап XX ғасырдың басына дейін өмір сүрген ишан, ахун, хазірет, молда, қалпе т.б. діни тұлғалар қазақ ұлтының дінінің ғана емес, тарихы мен жерінің, тілінің жоғалмауы үшін еңбек еткені белгілі. Тарихи деректерге сүйенсек, қазақ зиялылары қалыптасып, олар ел арасында ишан, қалпе, ахун, хазірет, молда, имам деген діни атақ алып қана қоймай, медреседен білім алып, елге келіп бірнеше мешіттер мен бала оқытатын медреселер салдыруымен айналысты. Сол діни тұлғалар салдырған мешіт жанындағы мектеп-медреседен көптеген шәкірт тәлім алып, кейін ғалым дәрежесіне дейін жеткен. Қазақ ғалымдарының тәрбиесі мен тектілігінің нәтижесінде төл тарихымыз бен мәдениетіміздің рухы жанданып, үзілмей бүгінгі күнге дейін жалғасын тапты.

Батыс Қазақстан өңірінде XIX ғасырда өмір сүрген «Дәдем ата» деген атпен әйгілі Жұмағазы хазірет Тәңкеұлы дін ғұламасында ерекше атауға болады. Деректерде хазірет қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданына қарасты Жалпақтал ауылының маңында өмірге келген, шыққан тегі Тама руы екендігі белгілі. (Қосымша сурет - Ғ.5) Жұмағазы хазірет кезінде Түркістан шаһарында білім алып, Қожа Ахмет Яссауи дүрбесінде имамдық қызметін атқарған. Содан кейін туған жеріне оралып, мешіт және медресе ашып, елге рухани білім таратқан. Оның аталары XIX ғасырдың басында Бөкей ханмен бірге Жайықтың Самар (Бөкей Ордасына қарайтын Қамыс-Самар округі) бетіне көшіп келіп, Сары-өзеннің екі бетіндегі Аққөл ауылы маңына қоныстанған екен. Бірақ, 1820-1825 жылдар шамасында Жайықтың сол жағына (қазіргі БҚО, Сырым ауданы) кері көшкен. Дегенменде хазіреттің бабалары Аққөл ауылының шығыс жағындағы Төремұрат қорымында болуы керек, онда 30-дан астам көне құлпытастар сақталған [490, б. 5-6].

Жұмағазы хазірет төрт рет қажылыққа барған. Ислам дінін берік ұстаған хазіреттің философиялық трактаттары мен қолжазбалары болғанмен жоғалып кеткен [491]. Ел аузында Жұмағазы хазірет туралы көптеген аңыз-әфсана тараған. Оның ұрпағы Ғарифолла Жанбузовтың айтуы бойынша бойындағы қасиеті бала күнінде байқалған. Ғарифолла аға хазірет жайында кезінде естіген мынадай әңгімені айтады: «Жұмағазы хазірет Түркістаннан оралған соң қазіргі Сырым мен Теректі аудандары аралығындағы жерді жайлап отырған қазақ

руларының ақсақалдарына жолығып, қоныс сұрапты. Бірақ рубасылар Жұмағазының өтінішіне құлақ салмайды. Сол кезде бұрылып кетіп бара жатқан Жұмағазы хазіреттің арқасынан лаулап от көрінген екен. Мұны байқаған бір ақсақал: «Оу, жұртым, мына адам тегін кісі болмады, киесі ұрар, өтінішін орындап, жер бөліп бермесек болмас!» деген екен дейді. Қазіргі Тамасай, Үбинияз жайлауы деген жерлер сол кезде Жұмағазы хазіреттің үлесіне берілген жерлер болса керек. Ал, қыста қыстауы Қараоба бетте болғанымен, жаз жайлауы оңтүстік батыс жақтағы Қауыз, Тамасай деп аталатын кең жазық болған көрінеді.

Сондай-ақ, Ғ. Жанбузов хазіреттің бойындағы ерекше қасиетін сипаттаған келесі бір аңызды былай дейді: «Жұмағазы хазіреттің ерте күзде жаңа қатқан Аңқаты өзенінің үстінен тарантас арбамен өтіп кеткендігі сөз болады. Сонда қабыршақ мұз арбаны қауырсын құрлы көрмей көтерген, ал арба соңынан ерген күшік ит малтығып, суға бата берген екен». Бірде Ақберлі руынан шыққан барымташы, сотқар жігіттер тастай қараңғы әрі тұманды түнді пайдаланып қарияның жылқысын айдап кетпек болады. Жылқыны түн ауа дүркірете қуып ала жөнелген жігіттер таң ағарғанша тоқтамапты. Таң қылаң бере алдынан аттылы Ата күтіп алғанда жігіттер жан-жағына қараса, түні бойы Тамасайды айнала жүре берген екен. Атаның құдіретіне әбден көзі жеткен тентектер аяғына жығылып кешірім сұрапты. Содан кейін әулиенің жылқысына ешкім жақындамайтын болыпты» [XI].

Хазірет қосшы баласына бұл оқиғаны көзінің тірісінде елге жария қылуға тиым салған екен. Бүгінде «Дәдем ата» жеке қоры ресми тіркеліп, зиярат орнында мешіт, қонақ үй, намазхана салынған. Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып қалып отырған бұл мәдени мұра – Самара-Шымкент күре жолының бойында, Орал қаласынан Жымпитыға қарай 80 шақырымдай жерде орналасқан [490, б. 5-6]. Әулиенің жатқан басына сегіз қырлы кесене тұрғызылып, зиратының маңы абаттандырылған. Хазірет жатқан қауым қоршалған, бейітің басында бұлақ ағып жатыр. Жұмағазы хазіреттің кесенесіне күніне 100-ден аса адам келеді, ал сенбі-жексенбі күндері 300-400-ге дейін жетеді. Зиярат етушілер атаның басына түнеп, өз дұға-тілектерінің орындалуын, түрлі derттен сауығуын тілейтіндер де аз емес. Мұнда Қазақстан қалалары ғана емес, өзге елдерден де ат арытып, келіп жатады. Құрбан айт сынды мейрамдар кезінде көпшілік шаралар да ұйымдастырылып жатады [491]. Сондай-ақ бүкіл батыс өңіріне танымал тұлғалардың бірі – діндар, емші, әулие ишан Едіге Шымырұлы (1850-1926 жж.) Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданының тумасы, тегі – Байұлына жататын алаша руынан. Жерленген жері Қалдығайты өзенінінің Зират жағасындағы көне қорымда [492, б. 240].

Едіге жас кезінде ауыл молдасында мұсылманша оқып, арабша қара таныпты, ерекше қабілетті болған. Жымпиты уалаятынан Бұхара медресесінде оқыған екі адам, оның біреуі – Жұмағазы хазірет болса, екіншісі – Едіге ишан болған [493,б. 87-88 ; 494, б. 88; XII]. Ол сонда 8 жыл оқып Бұхара қаласында діни медресені үздік бағамен бітіріп, алтын жазумен жазылған – «шатырқат» дипломына ие болады. Едіге үлкен ғалым, ишан болған кісі, 7 елдің тілін

меңгерген. Орысша, қазақша, түрікше, арабша, парсы, тәжік, ауған тілдерінде жақсы сөйлеген. Сонымен оқуын бітіріп, туған еліне оралған соң ауыл балаларын оқытқан. Ерте кезеңдерде науқастарды қарап, ауруынан жазған көріпкелдігі бар өте қасиетті адам болған. Мекке-Мәдинаға барған қажылығы да бар. Едіге ишан діни мәселелермен Уфа, Қазан қалаларында болған. Ислам дінін берік ұстанған ишан өз заманында бас молда ретінде Құран аяттарын оқуда озық болған. Тіпті көршілес мұсылман татар, башқұрт, қазақ арасында жоғары беделді иеленген. Бірде оны Самарқанд, Ташкент қаласындағы үлкен мешітте қызмет жасап, шәкірттерді оқытуға шақыртыпты. Бір жылдары Едіге ишанның ұрпақтарын іздеп Самарқандтан діни кісілер келіп, сынықшы Құтқожаның баласы Исләмға жолығыпты. Олар «Самарқандта үлкен мешіттің қабырғасында алтындаған үлкен әріппен «Бұл мешітте Шымырұлы Едіге ишан қызмет жасаған», - деп жазу тұрғанын айтыпты [495, б. 15 ]. Қажылыққа үш рет барған, тіпті өзімен бірге Мекке-Мәдинаға Өзбекстаннан да адамдарды апарған. Едіге әулиенің асатаяғы болған, бірақ ол сақталмапты. Ел ішіндегі діни рәсімдерді атқарып, қайтыс болған адамның жаназасын өткізген [496, с. 113-114].

Осы тұлғаның атында «Едіге тоғайы» сақталған, ол Қаратөбе ауданының шығыс бетіндегі Ақтай-сай ауылынан бері кіші Қоскөл елдімекенінің батысында Қалдығайты өзенінің жағасында орналасқан. Хазіреттің құрметіне аталған тоғай ағашы 1800-жылдан бері егілген. Онда аққайың, көктерек, қаратал және басқа да жеміс ағаштары өседі. Едіге тоғайы бірнеше мәрте өрт құшағында қалғанымен, әулие зиратына 25-30 метр қалғанда өрт өзінен өзі сөнген екен. Ол да болса ата әулиелігінің айғағы болса керек [497, 498]. Едіге ишан Алаш қайраткері Жаһанша Досмұхамедовпен байланыста болған. Оның немересі Қайыррахманың әңгімелеуі бойынша Жымпиты өңірінде Жаһанша Досмұхамедовтың қатысуымен өткен бір жиынға әкесі Мұзафар ишанмен бірге барып қатысып, ел ішіндегі өзекті мәселелерге көңіл бөлген [499, б.30-31].

Едіге ишанның басына барып, ауырған адамдар дұға жасап, түнеген екен. Атаның басына ауырған адам, ем-шипа болсын деп дұға оқып, түнекке барып сыйыну әлі күнге дейін жалғасын табуда. 1991 жылы Шыңғырлау ауданында атаның басына «Едіге» деген жазуымен ақ күмбезді мазары көтерілді. 2000 жылы Кіші Қоскөл ауылында Едіге ишанның атында алты қырлы көкмешіт салынды. Әулиенің күмбезді зираты Егіндікөлден 35 км қашықтықта Қалдығайты өзендегі Едіге тұрағында орналасқан [XIII]. Сонымен Қаратөбе өңірінде өмір сүріп, өз заманында ел арасында белгілі болып, дәстүрлі ислам өкілі ретінде халық арасында рухани сауаттылықты арттыруға үлес қосқан Едіге Шымырұлын жас ұрпақ ешқашан ұмытпайды. Рухани жаңғыру бағдарламасының негізінде ұмыт болған ақтаңдақтар зерттеліп, қайтадан тарих бетіне шығуда. Едіге Шымырұлын халық әулие, ишан ретінде танып ғана қоймай тіпті емшілік пен көріпкелдік қасиетін бүгінде жоғары бағалайды (Қосымша сурет - Ғ.6).

Жоғарыда айтылғандай XIX ғасырда Қазақстанның батыс аймағында өмір сүріп, шекаралас елдер Түрікменстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан жерлеріне

дейін танымал болған діни қайраткердің бірі – Досжан Қашақұлы. Оның әкесі Қашақ та ескіше хат таныған молда кісі болған. Әкесінен 14-15 жасына дейін сауатын ашқан. Жастайынан араб тілін меңгеріп, құран негіздерін, хадис және құранды дұрыс оқу жолдарын меңгерген. Кейін жас Досжан Орынбор қаласына 18 шақырым қашықтықта орналасқан Қарғалы медресесінде 12 жыл білім алған. Медресені ол 1842 жылы бітіріп ишан дәрежесінде мешіт-медресе ашып, мүрид жинауға рұқсат беретін иршад дәрежесін алып шығады [500, s. 173-174].

Досжан ишан өз білімін Хиуа, Бұхара, Үргеніш қалаларында жалғастырған. Ол жерден әулие, сопылық ұстаз-пір Олданнан бата алып, ишан жоғарғы діни атағын бекіткен [489, с. 76]. Елге келген соң ағартушылықпен айналысып, Доңызтаудағы Қайнар деген жерде, кейін Шилісуда екі үлкен мешіт салғызды. Әбубәкір Кердерінің жырында осы өңірде Досжан ишанның мешітінде жүздеген шәкірт білім алғаны айтылады [485, б. 8]. Досжан хазіреттің Қарашың орталығында жиылып намазға тұратын жамағатхана да, мүридтер сабақ өтетін медресе де, Алла жолын машахат тартып, риязат шегіп табуға бастайтын ханака орны да болғанын Ә. Кердерінің жазбаларын көрге болады [485].

М. Көпеев Досжан хазіретті «халфе» деп көрсетеді [501, б. 9-10]. Софылықта бұлай деп ірі шайхтың өзі отырған жердегі не шеткері аймақтағы орынбасарын, көмекшісін айтады. Ендеше Қараштың мешіті Бұхар, Қарғалы мешіт-медреселері сияқты таза софылық үлгідегі қадими орталық болған деу керек [502]. Досжан хазіреттің Тасастау-Қайнарда көп жыл, яғни 1868 жылға дейін отырғанын тілге тиек етіп қана қойған. Әбубәкір Кердерінің баяндауынша Қарашында Досжан ишан 1868 жылға дейін табан аудармаған. 1868 жылғы ырың-жырыңнан ел ауаланып көшкенде, Досжан хазірет Ойылдың Шилісу деген жеріне қоныстанған [111, б. 80]. Соның маңындағы салынған екінші мешітті ол он саусағынан өнер тамған белгілі Бірман ұстаға салдырған. Бүгінге дейін жеткен деректерге қарағанда, мешіт жанында 150 орындық балаларға білім беретін медресесі, қонақ сыйлайтын орны да болған. Досжан хазірет мешітті өз қаржысына салған [500, s. 173-174; 503, б. 321-322]. Мұхтар Шайқы хазірет Досжан ишанның исламдық жолы атты мақаласында Досжанның қазақ шежіресін ең алғаш жазғандардың бірі деп дерек келтірген [504, б. 103-104].

Жергілікті тарихшы, өлкетанушы Сәбит Салқынұлы: «Досжан хазіреттің пір дәрежесін иеленуі Шилісуға көшіп келгеннен кейін яғни 1870 жылдары орын алған уақиға ма дейміз? Себебі бұған дейін қағаз жүзіне халфе атағымен шыққан ол (1858 жылғы хаж жөніндегі Мәшһүр-Жүсіп шежіресінде) 1874 жылғы екінші тәуап сапары жайлы әңгімеде «хазірет» деп аталады және жұрт имандай ұйып отырған үлкен ықпал иесі болғаны аңғарылады [93, б. 79]. Досжан ишанның ортада беделі жоғары болып айнала түгел сыйлаған. Тіпті жаназасына бес мың адам жиналған. Оның мал ұстап, мал қорасының болғандығы, хазірет қайтыс болғанда малы халыққа бөлініп берілгендігі Ә. Кердерінің жыр жолдарында келтіріледі [485, б. 152-153].

Одан әрі хазіреттің алпыс екі түрлі тұқым еккен бағбандығы егжей-тегжейлі жырланады. Досжан ишан өзі отырған аймаққа отырықшылық, жер, егін, бау-бақша шаруашылығын енгізген. Ол мешіт пен медресе қасында 10 гектар жеріне Хорезм (Хиуа) хандығынан, Орал губернаторымен, Темір үйезд басшысынан тұқым әкеліп, жеті түрлі алма ағашын, жүзім шыбықтарын еккендігі сөз болады. Оған үйезд бастығы мен губернатор тарапынан арнайы бөлінген шыбықтардан арша, қызыл ағаш, көкше терек, қарағай тоғайы бой түзеп екі жағын орлатып қоршаған. Алма, жиде тәрізді жеміс ағаштары бір бөлек отырғызылған. Осы шоқ-шоқ тоғайдың арасына қарағайдан қыйықтап бұрама ағаш үй салдырған. Көктем-жаз мезгілінде Шиилі өзенінен бастау алатын арнайы арығы болған бау-бақшаны суаратын. Кезінде жеміс-жидек отырғызуға жер сұрап Орынбордың губернаторының қабылдауын күтіп Досжан бабамыздың үш күн жатып, жер мәселесін шешіпті деген дерегін жоғарыдағы істер нақтылай түседі [485, б. 152-153].

Жалпы Досжан хазірет өзі өсіріп баптаған бау-бақшамен мешіттің ішкі шығындарын толық қамтамасыз етіп, мүрит, мүдәрріс пен шәкірттерін тегін тамақпен қамтамасыз етіп отырған. Бақшаның өнімдерін сатып, қажетті тауарларға, затқа айырбастап сол аймақ тұрғындарымен мешіт қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайларын қамтыған. Бір орыс саяхатшысының айтуынша оның мәуелерін Орынбордың көпестері келіп көтере сатып алады екен [505, б. 27]. Сондай-ақ, көршілес Ресей мен Орта Азия елдеріндегідей отырықшылық жер шаруашылығы халықты бейімдеп, шәкірттерін еңбекке баулыған. Барлық бақша өнімдерін сатудан түскен ақшаны мешіт пен медресеге жұмсап, жетім және кедей шаруа отбасының балаларын тегін оқытып, олардың жатын орны, тамағы, киім-кешегімен басқа да қажеттіліктеріне өз қаржысын жұмсап тәлімгер болған.

Досжан хазірет қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге де араласып отырған. Қазақ халқының мүфтилікке қайтадан қосылуына 1890 жылдары еңбек сіңірген. Осы екі аралықта Досжан хазірет дін жолында үлкен бір кесек іс бастайды, яғни қазаққа арнап өз алдында мүфтилік ашу шарасына белсене араласады. Ә. Кердерінің сөзімен айтқанда:

Баршасы үшбулардың пірім деді,
Хазірет ақылы дана білімді еді.
Патшадан қазақ үшін мүфти сұрап,
Өзінен халықтың қамын бұрын жеді.
Ойлады пайда етуге халықтың қамын,
Халықтың бүкіл қазақ, емес табын.
Мүфти сұрап зор орынды талап етті,
Жиһанға жандыруға діннің шамын [485, б. 127-128].

Сөйтіп тарихқа көз жүгіртсек осы аралықта қазан төңкерісіне дейін қазақ арасынан шыққан діни тұлғалар мен зиялылар мүфтилік құрамына қайтадан қосылу немесе қазаққа жеке дара мүфтилік ашу туралы түрлі шағым-арыздармен айналысады. Бұл іс-әрекеттерге Досжан хазіретте атсалысқан. Оған

дәлел ретінде тарихшы әрі патша шенеунігі С. Рыбаковтың 1888 жылы жазған хаттары дәлел болады [506, с. 43-44].

Досжан хазіреттен білім алған көптеген шәкірттері Батыс Қазақстан аймағында, көршілес Түрікменстан, Өзбекстан, Ресей, Қарақалпақстан елдерінде ілімін жалғастырды. Шәкірттері арасында ахун, ишан, хазірет, молдалар сияқты діни атақ алып, рухани-ағарту саласында ізін жалғап еңбек сіңірген тұлғалар: Жұмағали ахун, Сұлтан ахун, Отали қажы, Қайыпқали ишан, Құтты кожа азиз (Қарақум ишан), Ыдырыс мақсұм, Айымбет ишан, Кожабай ишан, Бұхарбай ишан, Жиенғали ахун, Мұстафа ишан, Абдиғали ишан, Камал ахун, Илияс ахун, Тұрганбай ишан, Досжан ишанның баласы мен немересі Абдолла (Мактым) ишан, Зайыт ишан, Нұролла ахун, Беркін халфе, Сағитжан халфе, Бекес хажы, Ысмайыл ишан, Жұбанияз ахун, Салмен ишан, Ансатбай ахун, Нұрлепес әулие және т.б. [489, с. 79].

Кейін Кеңес үкіметі тұсында Досжан хазіреттің ұрпақтары қуғын-сүргінге ұшырады. Үлкен үш ұлы НКВД құрбаны болып, қаза тапты. Хабиболла ұлы халық жауы ретінде 1936 жылы қамауға алынып, Темір түрмесінде 1937 жылы 12 қаңтарда атылды. Абдолла ишан мүлкі тәркіленіп, бақылауға алынды. 1931 ж мезгілінен бұрын қайтыс болады. Аққұбаш жазықсыз құғын-сүргін құрбаны болып, Ақтөбеге 20 км қашықтықтағы Тұйтөбе деген жерде қайтыс болды. Досжан хазіреттің ұлы Хабиболланың тұңғышы Зайыт 10 жылға Сібірге жер аударылды. Қыз-күйеу баласы Үммагүлсіммен Жұмағали ишанның баласы Жиенғали ишан да Сібірге жер аударылды. Кезінде Жиенғали ишан Ыстамбұл медресесінде және Орынбордағы Хусайния медресесінде білім алған еді [489, с. 79]. Бүгінде, хазіретті құрмет тұтып, зиярат ететіндер үзілмейді деседі [504,б. 103-104; XIV]. Мәселені тұтастай алғанда Досжан хазірет мешіт-медресе салып, шәкірттерді білім мен имандылыққа баулыған діни ағартушы. Халқының болашағын біліммен байланыстырғандығы сол үшін рухани-ағарту саласында атқарған істері ерекше.

Досжан ишанның Үммагүлсім атты қызын алған күйеу баласы ел арасында діни ағарту ісінде мол үлес қосқан Жұмағали ишан. Ол атақты Оразалы ишанның бел баласы. Арғы атасы әрі ғұлама, әрі би болып исі Табын еліне төрелік айтқан Ербатыр ишан екен. Жұмағали ахун 1860-шы жылдары Ақтөбе үйезі Доңызтау деген жерде дүниеге келген [487, б. 93-99]. Ата-бабасы дін исламға қызмет еткен Жұмағали ахун Уфадағы Ғалия медресесін үздік бітірген. Мысырдағы «Әл-Аскария» медресесінде оқып жатқанда елдегі әкесі Оразалы ишан қайтыс болады. Ол кездегі тәртіп бойынша Мысырдағы медреселер төлемді болса керек. Жұмағалидың оқуы үшін төлейтін қаржысы әкесі өлгеннен кейін уақытында жетпей қалып, біраз тарығады. Сол жерде Мысырдың бір уәлаятында тұратын (аты-жөні белгісіз) араб адамы келіп, Жұмағалимен сөйлесіп, медресені бітірген соң менің өз медресемде мүдәррістік, яғни оқытушылық қызмет атқарасың дегендей шарт қояды. Оқуға әбден құмартқан зейінді Жұмағали сол арабпен келісім шартқа отырып, оқуын тәмәмдаған соң айтылған медреседе оқытушы болуға келісім береді [507, б. 16]. Оқуын аяқтаған Жұмағали сөз берген жерінде оқытушылық жұмысқа кірісіп

кетеді. Сол уақытта Меккеге келген Досжан ишан Жұмағалиды іздеп тауып, жүздесіп, әлгі арабтың оқуға жұмсаған ақшасын қайтарып, Жұмағалиды елге алып келеді.

Алғаш өзі салдырған мешітке имам етіп дайындайды. Алғыр да зерек, араб-парсы, түркі, орыс, француз тілдерін өте жетік білетін жас жігіт сауаттылығымен де, адал да іскерлігімен де атақты діни тұлғаның сеніміне толығымен ие болса керек. Оның белгісі ретінде Жұмағалиға өзінің қызы Үммагүлсімді беріп, оны күйеу етеді. 1880 жылы олардың Жиенғали есімді ұлы дүниеге келген. Жұмағали Досжан хазіреттің елінде ( Қазіргі Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Қарақамыс қаласы тұрған мекен) «Шилі» деген жерде салынған үлкен мешітте мүдәрристік етіп тұра береді [507, б.10].

Жұмағали Досжан ишанның үлкен медресесінде мүдәрріс-оқытушысы болып бала оқыту жұмысына кірісіп кетеді. Тұрақты түрде ұстаздықпен шұғылданып жатқан Жұмағали ахундық атаққа ие болып, осы жерде Досжан ишан мешітінің оқу сабақтарын ілгерілетіп, шәкірттерге жақсы білім беріп жатқан жас ахунның атағы сол төңіректегі қалың елге жайылады. Оның жас та болса өте білімді, жеті жұрттың тілін білетін ғұлама екендігін естіген Доңызтау төңірегіндегі табынның Ажым-Каражон ұрпақтарының игі жақсылары бас қосып, Досжан ишанға келіп, Жұмағалиды қалап сұрап, отбасымен Доңызтауға көшіріп алады [111, б.103-104]. Келген бойы Жұмағали осы ауқымдағы Шаған өзенінің төменгі ағысы тұсындағы Тасқабақ деген жерде өз заманында мешіт-медресе салғызып, оқытушылық қызметін жалғастырған. Көп ұзамай оның маңайы кең алқап, орманды, егінге, бау-бақша өсіруге қолайлы жерге айналады, жанынан үлкен керуен жолы өтетін болған [507, б. 11]. 1890 жылдары Жұмағали ахун «бұратана» елдерді христиан дініне кіргізуді қолға алған Ресей патшалығының миссионерлік саясатына ашық қарсылық білдіруге Петербургке сапарға шығады. Жолда ұсталып, дереу түрмеге жабылады [111, б. 104]. Сондай-ақ Жиенғали ахун Жұмағалиұлы (1880-1943 жж.) да шыққан тегі жағынан да, жасаған еңбегі жөнінен де қазіргі ұрпаққа өнеге болар жағы көп, тарихтан өзіндік орнын алуға тиісті тұлға. Жергілікті халық арасында Жиенғали ахун туралы Омар шайыр мынадай өлең шумақтарын шығарған :

Жиенғали ахуным
Мысырға барып шам жаққан.
Бұл мекенге белгілі
Ғұлама келген жан – жақтан...
Шәкірттерге дем берген
Шарапатын ел көрген.
Жиенғали ахунның
Іліміне ел таң қалған... [507, б. 7].

Дәуқара, Шымбай, Көкөзек, Қара бұға, Нұрым түбек елдеріне белгілі болған Омар шайырдың бұл өлеңінен де Жиенғали ахунның елге қаншалықты қадірменді, беделді ұстаз болғанын тағы бір мәрте тануға болады.

Жиенғали ахунның өсіп жетілген ортасы – дін исламды насихаттаған ағартушы-мүдәррістер арасы болды. Жасынан бастап исламиятты таратуды

басты борышым деп түсінген ахун алғашында Көрсайдағы мешітте оқиды, кейін Тасқабақтағы мешітте арабша, парсыша, түркіше тіпті орысша да сауаттанған Жиенғали ахун Жаманқала (қазіргі Орск), Қарақамыс (Темір ауданы), Орынбордан бастап Ресей қалаларының біразын аралаған. Петербургте болып, сол қаладағы татар-қазақ зиялыларымен танысып, достасқан. ХХ ғасырдың басында Жиенғали ахун Ыстамбулға барып медреседе оқиды, бірақ оқуын толық бітіре алмайды. Еліне келген соң оқуын Орынбор қаласындағы атақты Хусайния медресесінде жалғастырады. Сол кезде Ресей, әсіресе Қырым мұсылмандары, жалпы түркі халықтары арасында пантүркизм, панисламизм идеялары мен әрекеттері күшейе бастаған шақ еді. Болашақ ахун осы идеяның жақтаушысы болғандықтан, патша өкіметінің саяси сенімсіз тұлғалар қатарында тізімге алынған.

Қазіргі Ақтөбе облысының Қобда ауданының Жарық ауылы Жаманкөл жайлауында Бисен хазірет Абдоллаұлы (1878-1969 жж.) дүниеге келген. Бисен хазірет 15 жасында Өзбекстандағы Бұхараға медресеге оқуға түсіп, үш жыл діни оқуды тамамдаған. Әрі қарай білімін Түркия мемлекетінің Ыстамбұл қаласында жалғастырған. Хазірет Жаманкөл бойында мешіт салып, 16 жыл осы мешітте араб тілдерінде, діни тәрбиеге шәкірттерді баулыған [508].

Әкесі Абдолла да бүкіл ғұмырын діни ағартушылық ісіне арнаған жан болған. Абдолла қажы Орта Азияның діни-ағартушылық орталықтары Ташкент, Самарқант, Бұхара, Үргеніш қалаларында болып білім беру ісімен танысады. Өзінің балаларын да сол орталықтарда оқытуға тырысады. Бірнеше рет Мекке-Мәдинеге қажылық сапарда болып, соңғы рет барғанда қатты науқастанып, елге жете алмай, кеме үстінде Жерорта теңізінде қаза табады. Ақыры төрт ұлының біреуі, ілім-білімге икемі бар, зейінді Бисенді 15-жасында Бұхарадағы айтулы медреселердің біріне оқуға түсіреді. Табиғатынан зерек шәкірт медресені ойдағыдай тәмамдағаннан кейін, Түркияның Ыстамбул шаһарына оқуын жалғастыруға аттанады. Үш жыл Бұқарада, бес жыл Ыстамбулда оқып теология ілімін терең меңгерген Бисен хазірет елге үлкен оқымысты болып оралады [505].

Ыстамбул қаласында оқыған жылдары Бисен хазірет сондағы Мәтіл паша атты түріктің үйінде жатып, бір жағынан үй қызметкері болып тұрған. Онда 5 жыл оқып, 23 жасында елге оралады. Елге келгенде Меккеге қажылыққа кеткен әке қазасының үстінен шығады. Әкесінің аманатын орындау мақсатында Қобда өзенінің бойынан ата қонысы Жаманкөлде атағы Ойыл, Қобда бойына әбден танымал әйгілі шебер Бірман (Бірмағамбет) ұстаның көмегімен жас хазірет мешіт тұрғызады [509]. Ол мешіт-медреседе сол өңірдің балаларын оқытып, ағартушылық ілімге баулиды. Мешіт үлкен рухани орталыққа айналады. Онда ол 16 жыл дәріс беріп, араб тілдеріне, діни бағытқа шәкірттер тәрбиелеп, имандылыққа үйретеді. Қызыл империяның дінге қарсы әйгілі қаулыларына дейін атағы дүрілдеп, ел құрметтейтін орын, қасиетті мекен болады. Бисен хазірет 1928 жылы түйелі көшпен Орынбор өлкесіне, Башқұртстанның Сақмар өзенінің бойындағы Беккұл ауылына барып қоныстанады. Бейбіт өмір басталған кезде әлдекімдердің көрсетуімен хазірет тағы да істі болып, 58

баппен халық жауы ретінде ұсталып, Сібірдегі Иркутскіге 20 жылға айдалады. 1956 жылы ақталып, туған өлкесіне бет бұрады [508]. 1963 жылы хазіреттің балалары – Османғали, Темірғали, Жақсығалилармен бірге Орынбор жақтан атамекенге оралып, Қобда ауданының Сабындыкөл елдімекеніне тұрақтайды. Аса білімді діндар ғұлама, 1969 жылы 91 жасында дүниеден озып, өз өсиеті бойынша Құмсай елдімекеніндегі Бірмағанбет Көшімқұлұлы әулиенің жанына жерленген [508]. «Руханият» музейінде хазіреттің төлқұжаты және күнделігі сақтаулы [509, б. 5-6].

Патшалық Ресейдің, одан кейін Кеңес үкіметінің исламға жүргізген қарсы саясатына қарамастан дәстүрлі ислам өкілдері діннің асыл қағидаларымен шариғатқа сүйене отырып, қазақтың болмысына тән ұрпаққа, ұлтқа тәрбие беріп отырды. Осындай бағытта халыққа ұстаздық қызмет атқарып, имандылықты насихаттаған Маңғыстау өңірінде дүниге келген пір Бекеттің ізін жалғастырушы шәкірті Ержан (Ермұхаммед) Төлегенұлын (1887-1966 жж.) айтуға болады. Ол Маңғыстау өңірінің Бозащы түбегіндегі Керел елдімекенінде дүниеге келген [510, б. 3]. Бекет атаның жолын насихаттаған Ержан хазіреттен біреулер: «Неге Бекет ата өзінің Оғыландыдағы бірінші мешітін ұшпаның бетіне салдырды?» деген сауал қойғанда, Ержан хазірет: «Бекет ата алдын болжайтын қасиетті адам болған, өзінің тірі күнінде қашан дүниеден көшетінін, оны қайда қоятынын, оны кім жерлейтінін құпия түрде бұрыннан тапсырып қойған адамы болған. Бекет ата қауымға қойылмай, өзінің мешітінде қойылуы – көп мағыналы жай», - деп жауап қайтарған [511]. Әкесі Төлеген діндар, еңбекқор әрі өзгелерге қамқор ақ-адал адам болыпты. Балаларын оқуға беруге аса құштар ол үш баласын да ауыл молдасына оқуға берген. Ержанды бала шағында Мырзайыр деген жерде Әбді ахуннан бір жыл оқытып, хат танытты. Одан кейін Тұщықұдықтағы 1887 жылы алғаш шатырхат алып келген Айдар ишанның мешітіне Ержанды оқуға береді [500, s. 178].

Ержан хазірет атақты батыр, би Иса Тілембайұлы болыс болып тұрған кезінде хатшылық қызмет атқарған. Кейін Айдар ишан Бұхарадағы өзі білім алған Көкілташ медресесіне оқуын жалғастыруға Шайхы ахун, Оразмағанбет ахун, Ідіріс молда, Ержан хазірет және тағы бірнеше алғыр шәкірттерін жіберген. Ержан хазірет медресені 1924 жылы ұстаздық мамандығы бойынша үздік бітірген [512, 10 б.]. (Қосымша сурет - Ғ.7) Кейін Ыстамбул университетінде араб, парсы факультетін тәмамдайды [513, б. 24]. Елге келген соң Ержан хазірет Айдар ишанның мешітінде бала оқытып, ағартушылыққа ден қояды. Кейін өзі де Тұщықұдық жеріндегі Сорқұдықтан мешіт салып, ауыл балаларына әліпби үйретіп, оларды қайырым мен мейірімге, обал мен сауапқа тәрбиелеген [514]. Қазақ, орыс, араб, шағатай, өзбек, қарақалпақ, татар тілдерінде еркін сөйлеп, математика, тригонометрия және астрономия, жаратылыстану ғылымдарын меңгерген Ержан хазірет өз заманында шәкірттерге дүниәуи пәндерді оқытқан [515]. Демек, хазіреттің орыс тілін білуі, жоғары математика есептерін де шығара алатындығы, астрономия, жағырапия сияқты сол кездегі дүниәуи пәндерді жетік меңгергендігіне талас туғызбайды.

Ержан хазірет 1932-1937 жылдары тұрғындар арасында Кеңес үкіметіне қарсы насихат жүргізгені, дін таратумен айналысқаны үшін бірнеше рет сотталады, соңғы соттың үкімімен Ресейдегі еңбекпен түзеу колониясына 10 жылға айдалады [512, б. 10]. 1956 жылы Ержан хазірет қамаудан келген соң да түрме тауқыметін жұқалап қана еске алатын. Хазіреттің жасы 79-дан 80-ге қараған шағында дүниеден озды, денесі ежелден елге белгілі Шақпақ ата қорымына жерленді. Ержан хазіреттің артында жас ұрпақты рухани бағытта тәрбиелеуге негізделген көптеген қолжазба, кітаптары қалды. 1997 жылы «Ержан хазірет» атындағы қоғамдық қор құрылған. Қазіргі таңда қордың төрағасы Бисенбек Нұржігітұлының бастауымен туындылары қазақшаға аударылып, зерттеу жалғасуда. Кейбір кітаптары қазақ тіліне аударылды. Аударылмаған дүниелеріде бар, олар болашақта өзінің сәтті уақытын тауып аударылады деген сенімдеміз [XV- XVI].

Ержан хазіреттің арабшадан қазақ тіліне аударғанда «Дақоийқул Ахбар» «Хадистердің нәзік сырлары» деген туындысында бақилық дүние, ондағы сұрақ-жауап, жұмақ-тозақ, басқа да көптеген пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистері, сахабалар мен ұлы имамдардың өсиеттері баяндалған [515]. «Аза» кітабының 173-ші қатарында ол туралы былай деп жазылған: «Төлегенов Ержан, 1887. Форт Александровск. Паналық жер өңдеу серіктестігінің мүшесі. Батыс Қазақстан облысы бойынша НКВД үштігі… 25.11.37. 58-10.11-бөлімі. 10 жылға бас бостандығынан айыруға, Гурьев облысы прокуратурасы 23.05.89 ақтады». Бұдан көріп отырғанымыздай, Ержан хазіреттің кінәсіздігі тек 50 жылдан кейін, өзі дүниеден өткен соң ғана мойындалған [514]. Ержан Төлегенұлы хазірет үш рет молда саналып, шәкірттер баулығаны үшін еш жазықсыз бас бостандығынан айырылғанмен де, дінге аса беріктігімен белгілі тұлға болған. Ержан хазірет осылайша Бекет атаның діни уағыздарын насихаттаушы, жастарды, халықты кісілікке, тазалыққа, адамгершілікке, бір Алланы медет етуге тәрбиелеудегі үлгісін жалғастырушы болды.

XIX ғасырда патшалық Ресейдің діни саясатына қарамастан өздіктерінен білім алып, жастарды сауаттылыққа баулып, халықты мәдениетке, отырықшылыққа шақырған тұлғалардың бірі – Атырау аймағында дүниеге келген Әйіп қажы Бекенұлы (1838-1931 жж.). Ол Нарын құмының шығысында (қазіргі Индер ауданы, Өрлік деген ауылдың «Жасыл шағыл» деген жерде) дүниеге келген діни қайраткер [516, б. 246]. Тұлға Беріш руының Жайық аталығынан, оның ішінде Тумаш-Көшім бөлімінен тарайды [517, б. 15]. Бала кезден оқуға құштар Әйіп 14 жасында Жалпақталдағы медреседен сауат ашып, кейін Қазан қаласындағы жоғарғы білім беру орнынан білімін жетілдірген [518].

17 жасында старшина, кейін жергілікті әкімге осы 1-ші Теңіз округіне сайланған барлық әкімдерге де үзбестен көмекші міндетін атқарыпты. Халыққа ақылшы, сүйеніш болумен қатар, жас ұрпаққа білім беру саласында ағартушылық көрегендігі айрықша бағаланады. Кезінде Мөңкеұлы Мұратқа ақылшы-тәлімгер болған «Тауға да біткен қайыңның, солқылдар басы жел өпсе» деп басталатын тәрбиелік дастанның авторы айтулы Есет би (Қаратоқай

Қараның Есеті) жасы ұлғайған шағында жас жігіт Әйіппен кездесіп, әңгімелеседі. Әйіптің болашағын болжап үміт еткен Есет би: «Қарағым, аман жүрсең қасыңа халқың жиналар, өзің ортасындағы дуадақ ұшпас бір бозтөре боларсың» деп ризашылығын білдіріп, бата беріпті [519].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде ислам дінінің дәуірлеген кезі. Бұл уақытта қазақ даласынан көптеген адам қажылыққа барып, жер-жерде мешіт-медресе сала бастаған. Әйіпке Меккеге барған сапарлары кезінде сол жердің дінбасылары қажы болған адамдардың елінде мешіт салып, мұсылмандарды сауаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді тапсырған. Соңғы қажылыққа барып келген соң Әйіп те өзі тұрған жерінде мешіт салу ісін қолға ала бастаған [520].

Әйіп қажы туралы ұрпағы 1976 жылы қаңтар айында Хабижан Абақановтың жазып қалдырған естелігінен: «...Кейінде әкімшілік қызметті өзі тастап, үш рет Меккеге барып қажы болып келіп жүрген. Ілкі барғанда өзінің туған інісі, біздің әкеміз Абақанды да ала барыпты, онан кейін барғанда кіші інілері Қалықты, тағы басқа жақын жуықтарын апарыпты. 1900-ші жылдардың бас кезінде өз қаржысымен мешіт, медресе (мектеп) салғызған, сонда молдалар балалар оқытқан, Махмуд деген кісі (Қалықтың үлкен баласы) мешіттің имамы, указной молла болған. 1907 жылдан 1910 жылға дейін үш жыл орысша оқытатын бір мұғалімді ұстап, біздер соған оқып 3-класс мөлшерінде білім алдық, онан кейін орысша оқытатын басқа мектептерге түсіп, оқуды жалғастырдық» дейді [516, б. 247].

Әйіп қажы бірнеше жылдар бойы орыс шеберлеріне тақтай тасытып, 1912 жылдар шамасында кезінде ел үшін үлкен уақиға болған мешітті салып бітірген. Бірнеше күмбезді мұнарасы бар Көкмешіт үлкен архитекторлық жобамен салынған. Иін қандырып басқан құйма кірпішпен қабырғасын қалап, сыртынан және ішінен тақтаймен қапталған. Тақтайы түгелдей көк сырмен сырланып, ләктелген. Көкмешіт деп аталуы содан. Мұнараға іштен басқышпен шығады екен. Мешіттің бірнеше залдары мен бөлмелері болған. 400 кісі сиятын үлкен намаз оқитын бөлмесі бар [520].

Көкмешіт болып аталған мектеп-медреседе мұсылманша діни оқумен бірге араб әрпімен жаза білу, оған қоса екі кластық орысша білім беретін сынып ашады. Оған алғаш Ресейден орыс тілі оқытушысын жалдап алып оқыттырады. Кейін оралдық орыс тілі маманы Бәйтиев Жұмағалиды оқытушы етіп ұзақ жыл пайдаланады. Осы мешітте алғаш араб әріптерімен сауаттандыру және діни дәріс берген Бисаұлы Нақан молда, Ғабдолхалықұлы Махмет молда, Хасан Нұғыманұлы және Медетұлы Дәулетияр молда. Бұлар ахун Хисметолла хазірет медресесінен білім алғандар болатұғын. Көкмешіт Нарын құмындағы тұңғыш оқу орны болып, оның жанынан орыс тілін үйретіп, жастарды орыс тілінде сауаттандыруға да ден қойған мектеп-медресе болды [521]. Мешіттің жанында оның қарауылшысы шеркеш Тәутен мен кемпірі Динаның үйі ғана болған, олар мешіттің оқушыларына түстік ас дайындап береді екен. Мешіттің алғашқы бас имамы болып Халықтың ұлы Махмуд белгіленеді [517, б. 84]. Сөйтіп Әйіп өзі

тұрған жерінен, өз қаржысына мешіт салуды қолға алып, орыс шеберлеріне тақтай тасытып, 1903 жылдары салып бітіреді [518].

Ел ішінде бала оқытып беделі артқан Әйіп қажы 1913 жылы екінші рет Романовтар әулетінің 300 жылдық мерейтойына шақыру алып барған. Осы сапардан соң 1913 жылдан бастап өзі ашқан Көкмешітті 4 сыныптық бастауыш мектепке айналдырып, бұрынғы медресе үйін өз қаражатына жатақхана етіп ұйымдастырған. Мектептің, жатақхананың, балалардың тамағының шығынын және мұғалімдердің еңбекақысын өз қаржысына ұстаған. Оқушылардың демалыс күні жұма болған. Әйіп қажы 1913 жылы Санкт-Петербургте өткен Романовтар әулетінің 300 жылдық тойына қатысқан. Әйіп қажы 1931 жылы 93 жасында «Қашқын» деген жерде дүниеден озады. Бүгінде Индербор кентіндегі мешіт Әйіп қажының есімімен аталады [522, б. 65].

Әйіп қажыны еске алу мақсатында 180 жылдығына орай 2018 жылы Индер ауданында «Сайын даланың санатты ұлы» тақырыбында конференция болған. Әйіп қажының туған немересі Әйіп Ғабдысамат Хамзаұлының қатысуымен «Асылдың бірегейі – Әйіп қажы» атты тақырыбында кездесу өткен. Алғаш мешіт салып, мектеп ашып, исламды насихаттаған діни тұлғаны туған ұрпақтары, өз халқы еш ұмытпайды [523].

Бекмұхамбет қалпе Ғайтбайұлы (1845-1920 жж.) – Астрахань губерниясының Қалмақ округының №3 (қазіргі Құрманғазы ауданына қарасты Сүйіндік ауылы) әкімшілік ауылында шаруа отбасында дүниеге келген [524, 190-191 бб.]. Бекмұхамбет қалпе Бөкей Ордасы, Нарын өңірінде, Атыраудағы Азғыр маңына кең танымал болған діни қайраткер, ағартушы [492, б. 184-185]. Руы Есенғұл Беріштен тараған Бекмұхамбет қалпе 1853 жылы ауыл молдасынан білім алған, 1860 жылға дейін Хан Ордасындағы Жәңгір мектебінде білімін жалғастырған [522, б. 7].

1855-1860 жылдары Башқұртстанның Істерлітамақ қаласындағы Камаледдин хазіреттің гимназиясында оқып, оны өте үздік бітірген. Камаледдин хазірет шәкіртіне риза болып, оны Қырымдағы діни оқуға жіберген. Бірақ үй жағдайының нашар болуына байланысты әкесі ауылға шақыртып алады. Ауылға келген соң елден балалар жинап, қыс қыстауда, жаз киіз үйлерде дәріс берген [524, б. 190-191].

Бекмұхамбет қалпенің ұрпағы, белгілі филолог, профессор Ғарифолла Әнес атасы туралы былай еске алады: «Менің аталарымның бірі Бекмұхамбет қалпе (1845-1920 жж.) ұлы Абаймен түйдей құрдас, ол да ағартушы болатын. Бөкейліктегі Хан Ордасында ауыл мектебінде оқыған. Сопылыққа ден қойған. Кезіндегі башқұрттардың бас қаласы Стерлитамаққа барып, пірдің қолын алып, Камаледден хазіреттің медресесін бітірген. Қажылық борышын атқарған. Мүмкіндігінше шариғат оқуын жалғастырып, хазірет атанған. Бөкей Ордасы мен Астрахань губерниясының түйіскен жеріндегі Азғыр өңірінде 1870-1918 жылдары мектеп-медресе ашып, мешіт ұстап (олардың орны сақталған), ағартушылықпен айналысқан. Күні бүгінге дейін атамның Сүйіндік ауылындағы бейіт-мазарына ел зиярат етеді. Халық атын атамай, «қалпе» деп әулие тұтады. Сонда деймін де, өлкемізде өткен қаншама төре-сұлтанның, бай-

бағланның аты-жөні есте қалмай, атамды көпке үлгі, жұртқа әулие тұтқызған қандай құдірет? Сөйтсем, ол ұрпағын, қалың қауымын ана тілінде оқытқаны, тілін сындырып, дінін құрметтеуге үйреткен ғибраты екен. Күнбатыс Алашорданың қаншама сардарлары мен сарбаздары менің атамның алдын көрді, пір тұтып қолын алды. Ойшыл ақын, діни қайраткер Ғұмар Караш, тұңғыш елбасымыз Сейітқали Меңдешов, тұңғыш комиссар әрі ақын Бейсен Жәнекешов... «Оқы, оқы және оқы» деген өсиеті, әр жүрекке имандылық дәнін еккен сауапты ісі ешқашан ұмытылмайды екен» [526].

1871-1872 оқу жылында Сүйіндіктегі мектеп-мешіт Нарын даласын қоныстанған қазақ ауылдарындағы балаларға есігін айқара ашқан. Халықты сауаттандыруда, өнер-білім ордасының маңызы ерекше еді. Ондаған-жүздеген шәкірт осы ұядан тиянақты білім алып, кейін халқына қызмет еткен елеулі азаматтар санатына қосылған [525, б. 20].

Бекмұхамбет қалпенің мектеп-мешітіндегі оқу-ағарту жұмыстары нақты оқу бағдарламалары бойынша жүргізіледі. Егер қазақ ауылдарында сол XIX ғасыр ішінде татар молдалары бала оқытқанда, тек діни сабақтарды жүргізіп, құран-кәрім мен шариғат шарттарын ғана үйретсе, аталмыш білім ұясында арнаулы бағдарламаға сәйкес ғылыми негіздегі пән сабақтары мен орыс тілі қоса оқытылады. Мұның өзі мектеп-мешіт шәкірттерінің жан-жақты білім алуына, дүниетанымдарының кеңеюіне жол ашады. Орыс тілі, араб тілі, есеп, жағырапия, таза жазу сияқты пәндердің оқытылуы бұған айқын дәлел. Жыл сайын мектеп-мешітке 30 бен 60-тың аралығында шәкірттер қабылданып тұрған. Әлеуметтік-экономикалық жағдайға орай сабақ қыс айларында Сүйіндіктегі мектеп-мешітте, халық жайлауда болған көктем, жаз, күз айларында Саралжын жайлауында оқытылады [527, б. 39-44 ].

Бекмұхамбет қалпе мектеп-мешіт ашып ғана қоймай, шәкірттерге білім беруде тек діни бағытта емес, дүниәуи пәндерді оқытып, қазақ балаларына жаңашыл бағытты көрсетуге тырысқан. Мектеп-мешіттің салынуы арнайы үлгіде болса, ондағы оқу жүйесі жаңа бағдарлама жүйесінде іске асқанын көреміз. Уфадан, Қазаннан, Санкт-Петербургтан, Ыстамбұлдан кітаптар алдырып отырған. Бұған себеп Бекмұқамбет қалпенің Ыстамбұл Мекке, Уфа, Қазан, Стерлибас қалаларында білімін тереңдетуі, өзге елдердегі ғылым мен білімді елде дәріптеуіне ықпал етсе керек [492, б.184-185].

Қалпенің немересі Файыз ақсақалдың айтуынша: «Атамыз қазақ балаларына орыс тілін үйретпек болып Астрахань генерал-губернаторына өтініш жасады. Оның қай жылы екенін білмеймін. Мен 1914 жылы туғанмын. Мектеп-мешіт салынып, жұмыс жасағаны тым әріректе. Оқуды жазда ел жайлауға шыққанда, Саралжында үлкен салқыншақтың астында оқытады екен. Бір күні Астрахань әкімінің өзі ел аралап жүріп, Бекмұхамбет атамыздың ісін көзімен көреді. Артынша орыс тілі пәндерінен сабақ беретін Н. Қарасаев пен М. Усков дегендерді ұстаздық қызметке жібереді. Олардың мұнда көп жылдар бойы бала оқытқанын көрген адамдар күні кешеге дейін болғанын білеміз» [528]. Қалпенің бейіті Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сүйіндік (Шарбақ) ауылының шығысында орналасқан [495, б.184-185].

1985 жылы Бекмұхамбет әулиенің мектеп-мешітінің дәл қасында өзінің шөберелері Идеят пен Бақыттың бас болып, ағайын-туманы ұйымдастырып тұрғызған силикат кірпіштен қаланған биіктігі 6 метрлік күмбез кесенесі тұр. Азғырлық тұрғындар әулие басына кеп түнейді. Ресейдің Басқұншақ, Сасыққкөл, Қарабайлы селоларынан да келушілер аз болмайды. Желігіп ауырғандар, жүйкесі тозғандар, ішкі құрылыстары түрлі дертке шалдыққандар әулиенің ерекше қасиеті арқасында ауруынан жазылып жататынын аңыз ғып айтады [529, б. 149-159].

Бекмұхамбет қалпе салдырған мектеп-мешіт 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс кезеңінде жабылып қалған. 1919 жылы Азғыр өңірінде азамат соғысы жүріп жатқан ауыр күндерде қалпені белгілі ақын, революционер Бисен Жәнекешев сақтық шараларын жасап, қазіргі Орда ауданы жеріне көшіріп әкеткен. Сол жақта жүріп Б. Айтбаев өз науқасынан қыс айында қайтыс болады. Сонда аманат етіп қойылады да, жаз шыға Б. Жәнекешев оның сүйегін өзінің ата кіндігі Сүйіндікке әкеліп, сол мектеп-мешіттің іргесіндегі жерге жерлейді. Мешіт үйі 1926 жылға дейін бүтін тұрған. Тек 1930-жылдардағы дүрбелеңде, дәлірек айтсақ, 1934 жылы мектеп-мешіттің төбесін, еден тақтайларын «Алғабас» колхозы бұздырып алған [XVII]. Бекмұхамбет қалпе салдырған мектеп-мешіттің халық арасында қазақ шәкірттерінің білім алуына үлкен септігі тигенін байқаймыз. Бекмұхамбет қалпенің мектеп-мешітінде тек сол өңірдің адамдары ғана емес, тіпті Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Астрахань облыстарынан да келіп, білім алған шәкірттер көп болыпты. Кейіннен олар кеңес шаруашылық басшылары, қоғам қайраткерлері, ағартушылар болып жұмыс істеген. Мәселен, жалынды ақын, қызыл комиссар Б. Жәнекешев, белгілі ағартушы, әдебиет зерттеушісі, әрі ақын Ғұмар Қарашев, кеңес үкіметі тұсында халыққа білім беру ісімен шұғылданған, кейін «халық жауы» деген желеумен репрессия құрбаны болған Қасым Мұстажапов және т.б. азаматтар Қошалақ өңірінен шыққан [530].

Бекмұхамбет Айтбайұлы да өз заманының хат танып, білімін медреседе сусындатқан қалпе, хазірет, діни қайраткер,ағартушы-ұстаз. Сондай-ақ, еліне ем-шипа жасаған, әулиенің емші ретіндегі ісі бүгінде жерлестері арасында жалғасын тауып отыр. Қазіргі таңда да жергілікті тұрғындар бейітіне барып, басына құран оқып, ал әртүрлі ауруға шалдыққан адамдар басына түнеген соң жазылып кетіп жүр. Сонымен, «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының мақсаты – ел арасында білім мен ағарту саласында аянбай қызмет еткен діни қайраткерлердің тұлғасын жас ұрпаққа үлгі ретінде дәріптеу, сол кездің ақтаңдақ тұстарын таныту болып табылады.

Бөлімді қорытындылай келе қазақ тарихының әулиелік культ тақырыбы мен өңір бойынша мазарлық мекендердің қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады. Кезінде дін жолында жүріп, отанына қызмет еткен дін басылары мен ишандар, молдалар және өзге сатыдағы дін қайраткерлері қазақтың ұлттық-діни болмысын қорғауға, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге тырысқанының арқасында бүгінде Қазақстанның батыс өңірі анау айтқан орыстандыру саясатына тап түспеген. Ресеймен шекаралас болуына

қарамастан, бұл өңірдің қазақи болмысы, сонау ата-бабамыздың салып кеткен сара жолының арқасы деуге толық негіз бар. Бастапқы кезде патшалық биліктің құрсауына түскен әулиелік жерлер мен дін тұлғалары, кейінгі жылдары 70-жыл ішінде дінсіз қоғамда құрамдас бөлік ретінде дамыды. Осыған қарамастан аймақтың алда келген дін қайраткерлері мен ұлт-зиялылары қазақтың дәстүрлі мұсылмандық дінін сақтай білді, оны болашақ ұрпаққа жеткізудің тәсілдерін жетілдірді.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Алпауыт «қызыл империя» құлағаннан кейін қазақ тарихы ұлттық ұстаным негізінде жазыла бастады. Зерттеуге ашылған рефолюцияға дейінгі және кейінгі мұрағат қорлары ел тарихын қайта ой елігінен өткізуге және ұлттық тарихты қазақ тілінде жазуға жол ашты. Қазақстан Республикасы ұлттық тарихты жаңғырту бағытында көптеген бағдарламаларды жүзеге асыруда, жыл сайын ғылыми-зерттеу гранттық жобаларды қаржыландырудың арқасында жақын және алыс шетелдің мұрағаттық материалдары ғылыми айналымға еңгізілуде. Осы тұрғыда ұлт тарихының аса маңызды, әрі зерттеуді қажет ететін тақырыптардың қатарында кезінде керттартпа байлардың және «ортағасырлық» дәуірде қалып қойған діни тұлғалардың ұлттық болмысты қорғаудағы қозғалыстары болып табылады. Ұлттық нақышқа боянған ұлт көсемдері мен зиялылардың азаттық қозғалыстары мен дін жолындағы күресі патшалық билік, сонан соң кеңестік идеология тарапынан бұрмаланып келді. Енді мемлекеттік «Рухани жаңғыру» іспетті бағдарламалар зерттеушілерді ұлттық болмыс пен дін және діл арасындағы байланысты ашып көрсетуге мүмкіндік берді.

Қазақтан жері мыңжылдардан бері алпауыт елдердің қызығушылығын арттырып отырған және оған қарсы қазақ халқы барынша төтеп берген. Еліміздің қилы таңбалардың қатарына жұырда өткен «қаңтар оқығасы» енді. Осы жағдай тәуелсіздік пен ұлт тұтастығының қаншалықты маңызды екінін аңғартып, діни экстремистік және террористік әрекеттердің түп тамырын зерттеуді қажет етіп, XIX ғасырдың екінші жартысында мәдени күрес ретінде пайда болған жәдидтік әректін, сондай-ақ оған арқау болған әр аймақтың діни тұлғалардың қызметін саралаудың маңыздылығын ашып берді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы қазақ тарихының ішіндегі дін тақырыбы, бүгінде тиянақты зерттелгенімен ұқыптылықты қажет ететіндігін көрсетті. Себебі сол жылдардағы жәдидтік қозғалысқа қосылған ұлт зиялы дін қайраткерлерінің саны көп болды. Батыс Қазақстанның өзінде бұл зиялылар отарлық езгіге қарсы ислам діні арқылы қалай күресу қажет екендігін айқындады. Сондықтан, қазақ көшпелі қоғамындағы діни қайраткерлер тарихын зерделеу арқылы жалпыұлттық қоғамдық санаға және мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастарды оңтайландыруға қатысты жанама түрде ықпал ете аламыз.

Отан тарихы «ақтаңдақтарына» кезінде жойқын саяси қуғын-сүргін құрбаны болған дәстүрлі ислам өкілдерінің тағдырларын жатқызылды. Олар ел аузында молда-ишан, хазірет, қалпе, ахун деген атақпен ерекшеленіп, мектеп-мешіт салып, шәкірттерге білім берді, қазақ халқының рухани-ағарту саласында қызмет атқарды және халықты тәуелсіз зайырлы қоғамға жетеледі. Сондай-ақ олардың ішінде емші-бақсылық, сынықшылық қасиет дарып, халықты емдеп, тура жолдың торабын көрсете білген атақты әулиелер болды. Бүгінде ел арасында сондай әулиелердің мазарына барып Құран бағыштау, басына барып түнеу, ем-шипа алып, ауруынан жазылған адамдардың саны көп.

Диссертациялық жұмыс дәстүрлі ислам өкілдері XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақ даласында рухани-ағарту саласына едәуір ықпал жасаған белсенді, қозғаушы күш болғанын көрсетеді. Діни қайраткерлердің молда, ишан, хазірет, ахун, мүдәрріс, имам-хатиб, азаншы, қалпе, т.б. категориялары шариғат пен сопылық-ишанизм құндылықтарын таратты. Олар агрессияға және діни бөлушілікке қарсы тұрып, ұлт бостандығы мен діни бірегейлікті қос қанат ретінде дәріптеді. Патшалық Ресейдің діни тұлғалар мен дінге қатысты жүргізген екілі діни саясатына қарамастан, дәстүрлі ханафи шариғаты өкілдерінің исламның сақталып, терең таралуына әсер етті. Дегенмен, Ресей империясы исламды «мемлекеттендірудің» басталуынан кейін жүзжылдық өткеннен соң империяның шеттерінде екі мәдени әлем: ресми – православиелік-славяндық және жергілікті халықтың ерекше рухани дәстүрлерін қамтитын мұсылман қоғамы қатар өмір сүрді.

Қазақ даласында Орынбор мүфтиятына қараған ресми лауазымға ие, басым бөлігі татар ұлтынан болған және «указной емес» молдалар ынтымақта өмір сүрді. Патшалық Ресейдің діни саясатынан тыс өмір сүрген бейтарап молдалар Қазақстанда жыл арта көбейіп, ислам дінін насихаттады. Сонымен қатар, кезінде Бөкей Ордасында атақты Жәңгір ханның діни-ағартушылық саясаты өз ерекшелігімен белгіленіп, оны іске асыру барысында діни тұлғалардың ұлттық болмысты сақтау мәселесі нәтижелі аяқталды. Ал мемлекет аясында қызмет еткен ОМДМ-сы молдаларының арасынды тыңшылық етіп, ел ішіндегі құпия мәліметтерді жеткізіп тұрған рсми молдаларда болды. Бұл молдалардың әр ауылдағы мешітке діни қызметке тағайындалуы бір тәртіп бойынша жүзеге асты.

Діни атақ алу үшін молдалар Уфадағы ОМДМ-не барып, мұсылман ілімінен сынақ тапсыру арқылы тағайындалды. Ресми діни атақ алған дінбасыларды губернатор бекітті. Ресей империясы мұсылмандарының өмірін бақылауды қатаң жүргізіп саланың орталықтандыру мен бюрократиялануына жол ашты. Орынбор мүфтиятына мұсылмандарды еркін басқаруға құқығы берілмей, шектеулер қойылды.

Зерттеудің барысында ғылыми жаңалық болып саналатын діни тұлғаларға қатысты Қазақстанның Орталық Мемлекеттік мұрағаты мен облыстық мұрағаттарда, Ресей Федерациясы, Башқұртстан мұрағат қорлардағы діни тұлғалар мен қажылыққа қатысты жинақталған істер жан-жақты қаралып тың деректік материалдар ғылыми айналымға тартылды. Деректердің басым бөлігі патшалық биліктің есептері іспетті субъективті мәліметтерді жеткізу үшін әзірленгені аңғартты. Дегенмен, бұл деректердегі жазылған ақпатараттар сол дәуірдің жергілікті орыс әкімшілігінің қазақтың мәдениетіне деген пиғылын ашып берді.

Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорларындағы орыс тілді жазбалар, төте жазумен шығатын газет-журналдар беттеріндегі тақырыпқа қатысты мәліметтермен бірге қоса Қазақстанның батыс облыстарында өмір сүрген діни қайраткерлердің ұрпақтары мен шежіреші-өлкетанушылардан диссертант

тарапынан ауызша тарих айту дәстүрі бойынша сұхбат алынды. Нәтижесінде дәйекті фактілер тарихи айналымға енгізілді.

Ауызша тарих деректері ішінде дінбасылардың дүниетанымы, рухани-мәдени сабақтастығы, батыс аймағы бойынша территориялық жақындығы, туыстық белгілерді анықтайтын шежірелік-рулық деректер, рухани-ағарту саладағы жұмысы мен шығармалары, олардың қызмет еткен орындары, яғни мешіт, медресе, мазарлары басты назарға алынды.

Біз айналымға енгізген патшалық мұрағаттық құжаттар мен басқа да дереккөздерде сақталған неке-отбасы қатынастарына қатысты молдалардың іс-құжаттары, түрлі шағым-арыздар, сұраныстар, өтініштердің өзі әр ауылға сайланған молдалардың әлеуметтік-діни өмірде орны зор болғанын көрсетеді.

Қазақстанның батыс өңірі бойынша ОМДМ-ға барып түрлі діни атақ алған дінбасылардың санын анықтап, статистикалық мәлімет жасауға мұрағат деректері мүмкіндік берді. Қазақстанның батыс өңіріндегі діни өзгешелігімен ерекше көзге түскен Бөкей Ордасында беделі жоғары ахундар, дінбасылар болғанын көруге болады.

Өңірдегі көшбасшы діни тұлғалар Орынбор, Уфа, Қазан, Хиуа, Бұхара, Самарқанд және Каир, Ыстамбұлдың атақты медреселерінде білім алып, елге келіп шәкірт тәрбиелеп өз аймақтарында діни сауаттылықты арттырған. XX ғ. бас кезінде олар алыс жақын шетелдегі мұсылман зиялыларымен танысып, олардың жаңашыл бағыттағы реформаларын қабылдайбілді және елдегі қадымшылдық бағыттың жаңа жәдитшілдікке көшуіне ықпал жасады.

Қазақстанның батыс өңіріндеУфадағы «Ғалия» сынды модернистік бағыттағы оқу орындарының түлектері белсенділік танытқаны байқалады. Халықаралық деңгейге көтерілген, бүкіл Қазақ еліне танымал болған ахун Ғұмар Қараш, ғұлама-шығыстанушы Ғабдолғазиз Мұсағалиевтан басқа Жұмағали ахун, Бекмұхаммед Ғайтбайұлы, т.б. тұлғаларды айта аламыз. Айта кету керек, реформаторлық бағыттың әдістемелік тұстарын Уфадағы соңғы татар мүфтилері де қолдай бастады.

Алайда, сан жағынан,әсіресе ауылдық жерлердегі мешіт, медресе, мазарлартөңірегіндегі қалыптасқан діни өмірде рухани басымдылық дәстүрлі ханафи шариғатын ұстанатын молда, ишандарда қала берді. Мешіттер діни ошақтар ретінде діни зиялылардың өздері оқыған елдегі алған білімдерімен қатар, шығыстың атақты ойшылдарының әдеби мұраларымен, түрлі қолжазбаларымен шәкірттерді таныстырып келді.

Мұсылман мәдениеті арқылы араб, парсы, шағатай-түркі, түрік, татар тілдерін меңгеру көзделді. Қалалардағы жаңа баспалар мен кітапханалармен тығыз байланыс орнату халықтың діни сауаттылығының артып, рухани ағарту және жәдидизм бағытындағы идеологиялық қызметжандана түсті.

Сол кезеңдегі қазақтың діни тұлғаларының мешіттер мен нақты діни салада ғана емес, сондай-ақ қоғамдық-саяси өмірде де орындары зор болды. Бұл құбылыстың түп-тамыры бір жағынан ислам дінінің әмбебаптығы мен интегралдығында жатса әрі жаңа зияткерлік элиталардың жәдитшілдік, түрікшілдік ағымдары осы интеграцияға серпін берсе, екінші жағынан қазақ

көшпелі қоғамының ежелден мәдени тұтастық, синкреттік формада болғандығы да діни тұлғаның қоғамдық қайраткер ретінде көрінуіне ықпал етпей қоймады. «Алаш» қозғалысы мен ұлт қайраткерлерін қолдап, олармен тығыз қарым-қатынаста болған көптеген хазіреттер мен ишандар болған. Мәселен, «Алаш» қайраткерлерімен етене жақын болған діни тұлғалар Қуанай хазірет пен Хасан хазіретті айтуға болады.

Диссертация діни тұлғалардың діни қызметтері мен категориялары арасында белгілі айырмашылықтар мен иерархия болғанын, олардың ортасында белгілі қайшылықтар (указной-указной емес, қадімшыл-жаңашыл) туындап және Ресей орта-азиялық діни дәстүр мен еділдік-татар діншілдерін қарсы қою әрекетіне қарамастан Қазақстандағы дәстүрлі исламның іргелі құндылықтары негізінде дінбасылар топтары ортақ ұстанымдармен қызмет қылғаны, сөйтіп зерттелген тарихи кезеңде айтарлықтай қақтығыстар орын ала қоймағанын айта аламыз.

Қорытындылай келе айтарымыз, диссертациялық жұмыстың алға қойған мақсат-міндеттері зерттеу барысында толық орындалды деуге негіз бар. Қазақстанның батыс өңіріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани-ағарту саласындағы қызметін анықтауда бізге дейінгі ғылыми қауымдастыққа ұсынылмаған тұжырымдар мен гипотезалар жаңаша тұрғыдан негізделіп іске асты. Жаңа әдістемелік принциптер мен пәнаралық, т.б. тәсілдер қолданылды. Діни тұлғаларды тарих субъектілері ретінде бағалауға нақты қадам жасалды. Ғылыми жұмысты дінтанушыларға, теологтарға, ҚМДМ қызметкерлеріне пайдалы тарихи мәліметтер бере алатын практикалық маңызы бар зерттеу жұмысы деп сипаттай аламыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» // Egemen Qazaqstan. – 2020. – 1 қыркүйек.

2 Григорьев В.В. Русская политика в отношении Средней Азии: исторический очерк // Сборник государственных знаний. – СПб., 1874. – Т. 1. – С. 233-261.

3 Мейер Л.Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. – Т. 10. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб.: Главное управление Генерального штаба, 1865. – 382 с.

4 Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар. –Алматы: Қазақстан, 1993. – 80 б.

5 Уәлиханов Ш. Даладағы мұсылмандық туралы // Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-басылым. – Т. 4. – Алматы: «Толағай групп», 2010. – Б. 76-81.

6 Devin DeWeese. Islamization and natïve religion in the Golden Horde. Baba Turkles and conversion to Islam in historical and epic tradition. University Park Pennsylvania State Univ. Press. – 1994. – 638 p.

7 Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. – Казань: Тип. ун-та, 1883. – 47 с.

8 Остроумов Н.П. К истории народного образования в Туркестанском крае. Личные воспоминания. – Ташкент: Тип. «Ф. и Г. бр. Каменские», 1895. – 118 с.

9 Граменицкий С.М. Очерк развития народного образования в Туркестанском крае. – Ташкент: типо-лит. торг. Дом «Ф. и Г. бр. Каменские», 1896. – 89 с.

10 Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия. Составил И. Алтынсарин. – Оренбург: Типография И.И. Евфимовского-Мировицкого, 1879. – Кн. 1. – 112 с.

11 Qurban Ali Khalidi. An Islamic Biographical Dictionary of the Eastern Kazakh Steppe (1770-1912) / ed., translation and commentary A.J. Frank, M.I. Usmanov. – Brill-Leiden-Boston, 2005. – 332 p

12 Алекторов А.Е. Очерки народного образования в Тургайской области, етопись, 1744-1898 гг. – Оренбург: Типо-литография Ф.Б. Сачкова, 1900. – Вып. 1, 2, 3.

13 Гейер И.И. Туркестан. Изд. 2-е, испр. и доп. автором. – Ташкент, 1909. – 346 с.

14 Добромыслов А.И. Заботы императрицы Екатерины II о просвещении киргизов // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. – 1915. – Вып. 32. – С. 170-173.

15 Фахретдин Р. Асар. – 1 том – Казан: Рухият, 2006. – 360 б.

16 Коблов Я.Д. О магометанских муллах: религиозно-бытовой очерк. – Казань: Центр. тип., 1907. – 17 с.

17 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана // В.В. Бартольд. Сочинения в 9-ти томах. – Том II. – Часть 1. – М.: Наука, 1966. – С. 169-433.

18 Климович Л.М. Ислам в царской Росии. Очерки. – М.: Гос. Антирелиг. изд-во, 1936. – 225 с.

19 Вяткин М.П. Сырым Батыр. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1951. – 396 с.

20 Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. – Алма-Ата: АН КазССР, 1958. – 293 с.

21 Ланда Р.Г. Ислам в истории России. – М.: Восточная литература, 1995. – 312 с.

22 Худайкулов А.М. Просветительская деятельность джадидов Туркестана (конец XIX – начало XX в.): автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Ташкент, 1995. – 24 с.

23 Фахрутдинов Р.Р. Татарское либерально-демократическое движение в конце XIX – начале XX вв.: идеология и политическая программа: автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Казань, 1996. – 23 с.

24 Азаматов Д.Д. Оренбургское магометанское духовное собрание в конце XVIII – XIX в. – Уфа: Гилем, 1999. – 194 с.

25 Хабутдинов А.Ю. Миллет Оренбургского Духовного собрания в конце XVIII-XIX вв. – Казань: Иман, 2000. – 129 с.

26 Ермаков И.А. Ислам в культуре России в очерках и образах. – М.: Издательский сервис, 2001. – 512 с.

27 Абдулатипов Р.Г. Судьбы ислама в России: история и перспектива. – М.: Мысль, 2002. – 317 с.

28 Карпенкова Т.В. Политика самодержавия в отношении мусульманского населения России (Вторая половина XIX в. – февраль 1917 г.): автореф. дисс. ... докт. ист. наук. – М., 2004. – 55 с.

29 Батыркаев Т.О. Коран и религиозно-политическая борьба среди российских мусульман в конце XVIII – начале XX вв. (Поволжье, Урал): автореф. дисс. ... канд. филос. наук. – СПб., 2004. – 24 с.

30 Курмакаев Р.Ф. Становление и развитие системыначального и среднего образования мусульман Южного Урала (1888-1917 гг.): автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Челябинск, 2004. – 26 с.

31 Савицкий Г.В. Начальное народное образование на Южном Урале и Северо-Западном Казахстане в 1851-1917 годах: автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Оренбург, 2004. – 30 с.

32 Арапов Д.Ю. Система государственного регулирования ислама в Российской империи (последняя треть XVIII – начало XX в.). – М.: МПГУ, 2004. – 288 с.

33 Голубкина Т.М. Самодержавие и мусульмане Среднего Поволжья в конце XIX в. – 1917 г. (по материалам Казанской, Самарской, Симбирской губерний): автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Владимир, 2005. – 22 с.

34 Тихонов А.К. Система организации выборов мусульманского духовенства в Российской империи во второй половине XVIII – начале XX вв. //

Свеча-2005. Истоки: Религия и личность в прошлом и настоящем. Материалы международных конференций. – Том 13. – Владимир-Москва, 2005. – С. 311-318.

35 ТихоновА.К. Политика Российской империи по отношению к католикам, мусульманам, иудеям в последней четверти XVIII – начале XX вв.:автореф.дисс. ... докт. истор. наук. – СПб., 2007. – 56 с.

36 Ремнев А.В. Российская империя и ислам в казахской степи (60-80-е годы XIX в.) // Расы и народы: современные этнические и расовые проблемы / Отв. ред. С.Н. Абашин, В.И. Бушков. – Вып. 32. – М., 2006. – С. 238-277.

37 Абзалетдинова А.М. Религиозно-политические аспекты управления и взаимодействия мусульманского духовенства в Российской империи конца XIX – начала XX вв. // Мечети в духовной культуре татарского народа (XVIII в. – 1917 г.). Материалы Всерос. научно-практический конференции (25 апреля 2006 г., г. Казань). – Казань, 2006. – С. 253-266.

38 Нуреев Р.Р. Национальные школы Нижнего Поволжья в последней трети XIX – начале XX вв.: автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Казань, 2006. – 26 с.

39 Сенюткина О.Н. Российский политический тюркизм: истоки и закономерности развития (1905-1916 гг.): автореф. дисс. ... докт. ист. наук. – Нижний Новгород, 2007. – 48 с.

40 Загидуллин И.К. Публичные сборы пожертвований для строительства мечетей в городах Европейской части России и Сибири (XIX – начало XX вв.) // Источники существования мусульманских институтов в Российской империи. Сборник статей. – Казань, 2009. – С. 70-104.

41 Фомичев М.Н. Мусульмане Урало-Поволжья в условиях изменения общественно-политического строя России в начале XX в. (историко-правовое исследование):автореф. дисс. ... канд. юрид. наук. – Мытыщи, 2009. – 24 с.

42 Шакирова А.М. Мусульманское сообщество Среднего Поволжья в этноконфессиональнодискурсе имперской политики России во второй половине XIX – начале XX в.: историко-политический анализ: автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Казань, 2009. – 22 с.

43 Денисов Д.Н. Биография муфтия Габдессаляма Габдрахимова в свете новых исторических источников // Фаизхановские чтения. Материалы пятой ежегодной науч.-практ. конференции. – Нижний Новгород, 2009. – С. 75-79.

44 Денисов Д.Н. Мусульманские молитвенные дома в промышленных поселках Южного Урала (конец XIX – начало XX в.) // Вестник ЧелГУ. История. – Вып. 36. – 2009. – № 37. – С. 137-141.

45 Денисов Д.Н. Очерки по истории мусульманских общин Челябинского края (XVIII – начало XX в.). – М.: Марджани, 2011. – 256 с.

46 Таиров Н.И. Татарские предприниматели Поволжья и Приуралья в социокультурной жизни России (вторая половина XIX – начало XX вв.): автореф. дисс. ... докт. ист. наук. – Казань, 2011. – 51 с.

47 Семенов Н.В. Исламский фактор в общественно-политических процессах Поволжья: автореф. дисс. ... канд. полит. наук. – Саратов, 2011. – 24 с.

48 Мухаметзарипов И.А. Функционирование шариата в округе Оренбургского Магометанского Духовного Собрания в конце XVIII – начале XX вв. – Казань: Издательство «Яз» АН РТ, 2012. – 292 с.

49 Кулбахтина А.З. Реформирование традиционной школы мусульман в Башкирии на рубеже XIX-XX веков:автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Уфа, 2010. – 28 с.

50 Лысенко Ю.А. Миссионерская деятельность русской православной церкви в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX вв.): автореф. дисс. ... докт. ист. наук. – Барнаул, 2011. – 51 с.

51 Сулейменова Ю.Ф. Государственно-исламские отношения на территории Оренбургской губернии (1744-1905 гг.): автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Екатеринбург, 2013. – 27 с.

52 Усманова Д.М. Мусульманские метрические книги в Российской империи: между законом, государством и общиной (вторая половина XIX – первая четверть XX вв.) //Ab imperio. – 2015. – №2. – С. 106-153.

53 Усманова Д.М. Трансформация исламских институтов в революционной России: Оренбургское магометанское духовное собрания и мусульманское духовенство Волго-Уральского региона в 1917 – начале 1918 гг. // Государство, религия и церковь в России и за рубежом. – 2019. – №1-2 (№37). – С. 434-462.

54 Bennigsen A., Lemercier-Quelquejay Ch. La presse et le mouvement national ches les Musulmans de Russie avant 1920. – Paris: Mouton, 1964. – 386 p.

55 Mustafa Üzgür Tuna. Imperial Russias Muslims: Islam, Empire and European Modernity, 1788-1914 (Critical Perspectives on Empire). – Cambridge, United Kingdom: Cambridge University Press, 1976. – 290 p.

56 Rorlich Azade-Ayşe. The Volga Tatars: A Profile in National Resilience. – Stanford: Hoover Institution Press, 1986. – 288 p.

57 Frank Allen J. Islamic historiography and «Bulghar» identity among the Tatars and Bashkirs of Russia. – Leiden-Boston-Koln: Brill, 1998. – 232 p.

58 Frank Allen J. Muslim Religion Institutions in Imperial Russia: The Islam World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910. – Leiden-Boston-Koln: Brill, 2001. – P. 287-288.

59 Каппелер А. Две традиции в отношениях России к мусульманским народам Российской империи // Отечественная история. – 2003. – №2. – С. 129-135.

60 Dudoignon Stephane A. Status, strategies and discourses of a Muslim «cleargy» under a Christian law: polemics about the collection of the zakat in late Imperial Russia // Islam in politics in Russia and Central Asia, early 18-th – late 20-th centuries / ed. Stephane A. Dudoignon and Hisao Komatsu. – London-New York: Routledge, 2001. – P. 51-68.

61 Campbell E.The Muslim question and Russian imperial governance. – Bloomington: Indiana univ.press, 2015. – XI. – 298 p.

62 Werth Paul W. At the Margins of Orthodoxy: Mission, Governance and Confessional Politics in Russia's Volgakama Region, 1827-1905. – Ithaca-London: Cornell University Press, 2002. – 304 p.

63 Верт П. От «сопротивления» к «подрывной деятельности»: власть империи, противостояние местного населения и их взаимозависимость // Российская империя в зарубежной историографий. Работы последних лет: Антология. – М.: Новое изд-во, 2005. – С. 48-82.

64 Верт П. Православие, инославие, иноверие: очерки поистории религиозного разнообразия Российской империи. – М.: Новое литературное обозрение, 2012. – 280 с.

65 Мараш И. Религиозное обновление в тюркском мире (1850-1917) / Перевод с турецкого. – Казань: Иман, 2005. – 199 с.

66 Crews Robert D. For Prophet and Tsar: Islam and empire in Russia and Central Asia. – Cambridge, Massachusetts, London: Harvard University Press, 2006. – 463 p.

67 Steinwedel Charles. How Bashkiria became part of European Russia, 1762-1881 / Jane Burbank, Mark von Hagen, and Anatolyi Remnev, eds. Russian Empire: Space, People, Power, 1700-1930. – Bloomington: Indiana University Press, 2007. – 560 p.

68 Кемпер М. Суфии и ученые Татарстана и Башкорстана, 1789-1889 гг.: Исламскийдискурсподрусским господством / Пер. с нем. И.А. Гилязова. – Казань: Российский исламский университет, 2008. – 675 с.

69 Уяма Т. Была ли исламская альтернатива? Место ислама в национальном движении казахов начала XX века // Shygys. – 2008. – №2. – С. 143-148.

70 Уяма Т. Взгляды казахской интеллигенции на суд биев, русский суд и шариат (конец XIX – начало XX вв.) // Древний мир права казахов: материалы, документы и исследования в десяти томах. – Т. 10. – Алматы: Жеті жарғы, 2009. – С. 296-301.

71 Uyama T. The Alash Orda’s Relations with Siberia, the Urals and Turkestan: The Kazakh National Movement and the Russian Imperial Legacy // Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts. – London: Routledge, 2012. – Pp. 271-287.

72 Жақыпбек С.Қ. Қазақ қалай шоқындырылды? // Ақиқат. – Алматы, 1997. – №3. – Б. 46-49.

73 Жақыпбек С.Қ. Хазіреттер қарсылығы // Ақиқат. – Алматы, 1997. – №11. – Б. 22-24.

74 Нуртазина Н.Д. Казахстан и Средняя Азия: тенденции развития духовной общности на рубеже XIX-XX вв: автореф. дис. … канд. ист. наук. – Алматы, 1993. – 27 с.

75 Нуртазина Н.Д. Народы Туркестана: Проблемы Ислама, интеграции модернизации и деколонизации (на рубеже XIX-XX веков). – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 166 с.

76 Нуртазина Н.Д. Ишаны Туркестанского края // Вестник КазНУ. Серия историческая. – Алматы, 2012. – №1. – С.77-81.

77 Нуртазина Н.Д. Проблемы изучения религиозных персоналий в истории Казахстана//Актуальные проблемы изучения отечественной истории в рамках программы «Народ в потоке истории». Материалы республиканской научной конференции в КазНУ им. аль-Фараби. 3-4 апреля 2014 г. Алматы, 2014. – С. 26-28.

78 Нуртазина Н.Д. Распространение ислама и формирование казахской мусульманской традиции (VIII – начало XIX вв.). – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 358 с.

79 Рүстемов С.К. XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс: тар. ғыл. канд. дис. ... автореф. – Алматы, 1997. – 24 б.

80 Мұхтарова Г.Р. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ислам дінінің ықпалы (XIX ғасырдың 2-ші жартысы): тар ғылым. канд. дисс. ... автореф. – Алматы, 1994. – 25 б.

